екенін мойындауымыз қажет», – деген болатын (Базарбеу, 2005: 143). Осы пікірге сүйенетін болсақ, бүгінде біз жаңалық деп отырған дүниелердің ел өмірімен тікелей байланысы бар екенін көреміз. Тәуелсіздікпен бірге келген жаңалық деп отырған мінәжат жырларымыз бүгін дәстүрге айналуға. С.Қосан «Бисмиллаһи рахмани-р рахим деп» басталатын «Тілек» өлеңінде сырт көзге иманды болып көрінгісі келетіндердің өзін алдағанмен, Құдайды алдай алмайтындығын ескерте отырып, оларды қатты сынайды. Түні бойы қызойнақ салып, күнәсін жуу үшін таңертең Алла үйіне дәретсіз келетіндерден безінген лирикалық кейіпкер Жаратқан иемнен дүние, асыл бұйым сұрамай халық игілігіне жарайтын жыр сұрайды. Мұндай қасиет тек өнерді шын құрметтеген жандарға ғана тән. «Құран сөзі» өлеңін:

Құдай – жалғыз,
Тұмайды,
Туылмайды,
Жаратқаннан жақсылық туындайды.
«Құран сөз – Құдайдың әмірі» деп,
Періштелер тәу етіп дуылдайды (Қосан, 2013: 8],

– деп бастаған ақын кешегі атеистерді Құдайдың бар екендігіне иландырып, оған құлшылық жасауға шақырады. Бұл қатарды «Құдай», «Құран сөзі», «Мұхаммед пайғамбар», «Иасауи хикметтерін оқығанда», «Үмбетке», «Жыр-сүннет», «Рухыма», «Жыр-Дұға» жырларымен толықтырды.

Жаңа дәуір поэзиясынан үлкен орын алатын – махаббат жырлары. Жастық шақтың жырлары болып табылатын махаббат туралы өлеңдер Д.Берікқажыұлы шығармаларында молынан кездеседі. «Сен түсіме кірген күн» өлеңінде:

Сен түсіме кірген күн
Түс емес-ау, нұр көрдім!
Көкірегім мөлдіреп
Мәжнүн болып үлгердім, – деп шарқ ұрады (Берікқажыұлы, 2014: 63).

Ару қыздарға жыр арнау Шығыс шайырлары мен Батыс ақындарында көптеп кездеседі. Мағжанның махаббат жырларынан нәр алған ақынның сүйген сұлуына жыр арнауы да осы үрдістің заңды жалғасы. Махаббат тек қуаныштан емес, бір өкініш, бір ләззаттан тұратын ұлы құдірет екенін ақын «Қаламаймын әйтеуір тоң сақтауды», «Сені іздеймін, аяулым, сені іздеймін», «Аңдымаймын бұл күнде есіңді», «Ей, пері қыз», «Махаббат монолога», «Тектілік сүйер тамыры», «Адасып көк түтін ішінде», «Оқу залында», «Сізді сүйю», «Сен де, мен де мынау үйге сыя алмай», «Сен түсіме кірген күн», «Телефонды көтермесең, көтерме!», «Көздеріңнің бір ойланып, бір күлген», «Симуляция», «Ару жайлы – құс төресі есімі», «Тоғжанға», «Саған неге қарай бергім келеді», «Қайта-қайта қарасам да тоя алмай», «Мені биге шақырасың ба» сияқты жырларында бейнелей білген. Ғашықтар бойындағы түрлі сезім күйлер шынайылығымен, сезімталдығымен баурайды.

Ақындардың көпшілігінің жастық шақтағы жырларының дені махаббат туралы болып келетіні белгілі. Сол сияқты Ж.Немеребайдың «Ең алғаш ынтызары ауған жандай», «Таранып сәнді қанатын қомдап», «Сенің көркемдігіңмен», «Алау мүсін», «Бұлт ішінен күн көзі нұр төккенде», «Жүрегімде жүргеннен соң күнде сен», «Бұлбұлдай тамылжитқан бақта әдемі», «Арада жылдар өтіп қанша міне», «Күрең кештерде, құла таңдарда», «Айкөркем», «Алғашқы махаббатқа», «Сен келгелі», т.б. туындыларда махаббаттың күйініші мен сүйінішін «Есімнен тандырған, сүйдірген, Жүректі жандырған, күйдірген» деп шынайы жырлады.

Қазақ поэзиясынан үлкен орын алған тарихи оқиғаның бірі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Қазақ жастарына күйе жағылған аумалы-төкпелі кездегі қазақ тарихы поэзиялық, прозалық, драмалық шығармаларға арқау болды. Бұл тақырып кез келген ақынның шығармасынан орын алғанын Г.Орда өз мақаласында жазған болатын (Orda, 2019: 177-194). Аталған көтеріліс туралы Қ.Мырза-Әлидің «Заман-ай», А.Егеубаевтың «Желтоқсан», Н.Айтұлының «Мұқағали-Желтоқсан», М.Бектемірованың «Тәуелсіздік – тірегім» Ә.Қайырбековтің «Желтоқсан жаңғырығы» поэмасы мен Ж.Кенебайдың «Зобалаң» дастанынан көруге болады. Сонымен бірге лирикалық жырлардан Ж.Бөдешұлының «1986. Желтоқсан», М.Айтхожинаның «Желтоқсанның желі гулеп», К.Ахметованың «Ұмытуға бола ма сол дауысты», Ш.Сариевтің «Желтоқсан», Е.Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ, қайда ұштың пыр-пырлап?», Қ.Аманжолдың «Желтоқсаным!», Т.Тәшеновтің «Алаң», «Желтоқсан, 1986», Б.Шарахымбайдың «1986 жыл. Желтоқсан», «Желтоқсан», А.Кәріпжанәулетінің «Желтоқсанның төлі едік түнекте өнген», «Ердің бірі», «Қайрат кім?», «Толассыз бодандық», «Алаңдағы жарық», «Ортақ сырқат», «Шеңгелдер», А.Пішенбайқызының «Боралдайдың сайына бармағандар», Қ.Маратұлының «Бірлігіңді арттыра бер, қазағым!», М.Дәлейұлының «Мәңгілік ұмытпауға», Е.Қуатбекұлының «Қазақтың рухы және Желтоқсан» тәрізді әр буын өкілдерінен көптеген мысал келтіруге болады. Аталған ақындардың ішінен Қ.Аманжолдың «Желтоқсаным» өлеңін С.Қирабаев: «Қорғанбек Аманжол «Желтоқсаным» өлеңінде желтоқсан көтерілісін тәуелсіздік үшін күрестің алғышарты деп түсінетінін айтапды. Желтоқсанда жүректе қалған мұз бен қар, жібімеген ызғар сол ерімеген қалпында тәуелсіздік күніне жетіп, жеңіп шығады», – деп бағалаған болатын (Қирабаев, 2014: 27).

Ақын Т.Тәшенов «Желтоқсан, 1986» өлеңінде сол бір қасіретті күнге наза жырын арнап, өскелең ұрпаққа Желтоқсан қырандарының ерлігін мақтан етті:

...Білгін, балақай!
Желтоқсанда аяз салған алақай,
Алатауды бүлдірген бір ала тай...
Темір телпек, жебір жендет
Ел тағдырын еткен шақта талапай,
Ер намысын қорғап қалған –

Түбіт бөкебай,
Қоян малақай.
Білгін, балақай! (Тәшенов, 2023: 200).

Келтірілген үзіндідегі буын, бунақтардың әркелкі болып келуінен қазіргі поэзиядағы тармақ, буын, бунақ еркіндігін байқасақ, «темір телпек, жебір жендет, түбіт бөкебай, қоян малақай» сөздерінде астарлау жатыр.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі бүкіл әлемді алаңдатқаны белгілі. Бейбіт халықты қарулы күшпен басып-жаншу адамзат баласына ой салды. Ол жөнінде М.Адамс пен С.Дремс «Дала армандары: Қазақстандағы уақыт, медиация және пост-социалистік мерекелер» (Адамс, 2020), С.Хельсинки «Кеңес Одағындағы қактығыс: Қазақстандағы қактығыстардың айтылмаған тарихы» (Хельсинки, 1990) атты еңбектерінде осы мәселені жан-жақты сөз етті. Қазақстандықтар бұл жағдайды түсіне алмай отырғанда, алыс-жақын елдердің саясаттанушылары, тарихшылары дабыл қакты. Г.Майкл, Стефанидің «Көтеріліс жолында: Кеңестік ұлттар мәселесі, қазақтар және Қазақстандағы Желтоқсан», Г.Морейра, Л.Меллоның «Көтерілістің нюанстары: Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстанның әлеуметтік жұмылдырулары және тәртіпті қамтамасыз ету», Н.Шелекпаевтың «1959-1989 жж. Қазақстандағы билік ауысуын және қоғамдық наразылықты қайта қарастыру», У.Бахретдиновтің «Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңындағы қазақ ұлтшылдықтың қалыптасу процесіндегі 1986 жылғы 16 Желтоқсан көтерілісінің маңызы және оның тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихындағы орны», Р.Руссоның «1986 жылғы желтоқсандағы Алма-ата шерулеріндегі саяси «жағымсыз құбылыстарды» кеңестік баспасөзде жариялау» атты мақалаларында Қазақстанның астанасы Алматы қаласындағы Желтоқсан көтерілісі әлем ғалымдарының көзімен бағаланды.

Бүгінгі таңда ұлттық поэзияның арғы-бергі тарихынан үлкен алатын азаматтық лирика да өз жалғасын табуда. Еліміздің егемендік алуы, бүгінгі өркендеп өскен қазақ елі мен Сарыарқаның төсіндегі замануи үлгідегі Астана қаласы ақындардың барлығына шабыт сыйлады. Ж.Немеребай «Жаңғырған ел...» өлеңінде бүгінгі күнімізді шабыттана жырлаған ақын «Тәуелсіз ел көк туын желбіретіп, Еркін елім рухтанып, жаңғыруда» десе, «Бабамның үнін естідім», «Астана жәйлі баламмен әңгіме», «Ел жүрегі – Астана» өлеңдерінде Елорданы «Екі рет ғашық болсам өмірімде, Бірі – алғашқы махаббат, бірі – сенсің» деп асқақта жырға қосты. «Ел жүрегі – Астана» өлеңде отанға, елге, жерге деген патриоттық үн басым.

Астана соғып тұрған ел жүрегі,
Ел жүрегі ертеңге сендіреді.
Бәйтеректің басына шыға қалсаң,
Қан ойнап, тамырында сел жүреді (Немеребай, 16: 81).

Қазіргі поэзиядағы дүстір сабақтастығының бір қыры эпикалық кең құлашты поэмалардан көрінеді. Қазақ поэзиясын лирикалық, эпикалық шығармалармен

байытып жүрген Б.Бабажанұлының «Ниетқабыл», «Жаумытбай» поэмаларының өзіндік айтары бар. «Ниетқабыл» поэмасына ақынның өзі куә болған оқиға арқау болған. «Атомнан әлдеқайда күрделірек, Адамның ішіндегі жарылыстар» деп ақын айтқандай, қай дәуірде де «Ақынның жүрегіне малып алған, Қаламнан өр заманнан із қалады». Ақын поэмаларына өзі куә болған оқиғаларды негіз етіп алған. Жаумытбай ақсақал – сөзімен де, ісімен де ауыл-елдің ұйытқысы болса, Түгел – дүние жинамай Алланың бергенін қанағат тұтқан, ақ, адал еңбегімен бала-шағасын асырап жүрген қарапайым шаруа адамы. Ақынның «Ниетқабыл» жинағы туралы ақын Т.Медетбек: «Бауыржанның мына жинағы туралы да негізгі айтарым – мұны тек түйсіну, сезіну керек. Оған қоса, осындағы өлеңдердің қазақы жүректерге – адаса жаздап, қазығына қайта оралғандай кейіпте отырған қазақы халықтың жүрегіне көбірек сіңіргенін тілер едім», – деген екен (Медетбек, 7: 4). Ақын жырлары болмысынан айырыла жаздаған замандастарына қаратыла айтылғандықтан, мұнда ұлттық құндылықтарға басымдық берілген. «Мен де сені сүйем, Елім, жаныммен, Бірақ, бірақ сақауымын...» дейтін ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы жайттарды ашық айта алмай тілі күрмелгенмен, поэзиясында замандастарын хақ жолына шақыру арқылы имандылыққа, адамгершілікке көңіл бөлу басым.

Д.Кәпұлының «Маябоздақ» поэмасына кеңес үкіметін орнату жылдарындағы Маңғыстау өлкесінің тарихы арқау болған. Маңғыстаудан қанша қазақтың Түрікпен көшіп, Иран асқаны туралы поэманың әр тарауына жекелеген оқиғалар негіз болған. «Табынай Жарылғас ақсақалдың әңгімесіне» құрылған бөлімде үстірттегі Мәлібектің құдығынан үдере көшкен көштің Түрікпеннің Сүлмен, Сүйлі жеріне бет түзеген тарихынан сыр шертеді. Бұл көштің ішінде қазақтан тұңғыш шыққан геолог, ағартушы Оразмағамбет, Қашағаннан бата алған Баубек Назар, он жеті жасында балуан атанған құнанорыс Төле, елгі әйгілі құдықшы Бейнеубай да бар еді. Қызылдардың ауқатты және орта шаруаларды жаппай тәркілеуінен қашып, туған жерден баз кешкен отыздай атқа мінген адамы бар, елу шақты түйемен шыққан көштің жол-жөнекей көрген құқайы аз болмағанын ақын шынайы суреттейді.

Өмірі Иранда өкен Жұмабай шал жайылмай, боздап терістікке қарап тұратын «Қара нардың» тұқымының майөкшесіне мыс шеге қағып тұзақтағанмен «Жайылмай тұрады екен мая жалғыз, Қосылмай түрікпеннің түйесіне». Туған жерге деген маяның боздаған үнін ақын былай суреттейді:

Қозғаған зарлы дауыс жүрек қылын,
Маяны, адамды да жүдетті кім?!
Туған жер сағынышы өзектегі,
Сағынған Маңғыстауды, Түбек түбін! (Кәпұлы, 14: 43)

Туған жерін «Өзге елге сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп бағалайтын қазақ үшін кіндік кескен жер қандай қымбат болса, оны сыртта жүрген ағайын бізден жақсы түсінеді. Адам түгіл ойсыл қараның өзі туған жерін сағынып боздағанда адамзат баласы көзіне жас алады, маямен бірге қосыла боздайды.

Осы қатарды толықтыратын Б.Беделханұлының «Рух жыры» лирикалық поэмасы «Тиек», «Қос шек», «Бұрау», «Перне», «Зар», «Сағақ», «Ширату», «Тілек», «Түйін» деген тараулардан тұрады. Тараулардың аттары айтып тұрғандай, домбыраның тиегін салып, қос шегінің бұрауын кетіріп, пернесін басып отырғандай күй шертіп, Адам ата мен Хауа ана жаралғаннан бүгінге дейінгі уақытқа түйін жасап, адамзат баласына деген ақ тілегін білдіреді. Қабылдың Әбілді өлтіруінен бастап адамзаттың құтты өлтіріп келе жатқанына жаны күйзелген ақын былай дейді:

Адамзаттың абзал еді есімі,

Құтпен ғана құралатын қосыны.

Қордың – құтты, құттың бақты іздейтін

Аңызымның-қобызымның, міне, осындай жосығы!.. (Беделханұлы, 2018: 8-9).

Қазақ халқының басынан кешірген зұматтарын «Хан Кенедей қапы кеткен басымды Іздеп келем иығымнан, кеудемнен» деген жолдарға сыйғызып, адамзат баласының қолымен жасалған жауыздықтарды еске салады. «Сол зұлмат-зұлмат заманда Қаны ауызын сүрткен кім!» деген жолдардан қазақтың басынан өткен зұлмат жылдарды байқасақ, «Бетке ұстаған қаймағымды, Кәсіп қылған бар малымды сыпырып» деген жолдардың астарында XX ғасыр басындағы күштеп колхоздастыру, мал-мүлікті ортақ қазынаға салу, жеке басқа табыну жылдарындағы жаппай құдалаудың жатқаны анық. «Бодандықтың... өзіне көр қаздырдым, Тәуменді елді тәубе деп төрге оздырдым» жеген жолдар қазақ елінің тәуелсіздік алғанын еске салып тұр.

Ақшаның буымен буыны бекіп,

басқаның тілімен бұғанасы қатқан.

сорлы ұрпақтың ертеңі – қорқынышты ертегі...

Балаң түгіл, бабаң шошып оянар!... (Беделханұлы, 2018: 13),

– деген шумақта бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған егемен елдің болмысы мен мұндалайды. Қазіргі таңда рухани құндылықтар екінші орынға ысырылып, алдыңғы кезекке материалдық байлықтың шыққанын көріп жүрміз. Тәуелсіздік тұсында туғандардың өмір туралы, құндылықтар туралы түсінігі мүлде бөлек. Ақынның «Балаң түгіл, бабаң шошып оянар!» дегеніне таңдануға болмайды, шын мәнісінде адамзат өмір сүру дағдысынан айырылып барады. Ұлттық құндылықтарымыз өскелең ұрпаққа керек болмай қалғанын көрген көзі қарақтылардың болашағымызға қорқынышпен қарайтыны қазіргі заманның шындығы. Осы ой ақын шығрмаларының лейтмотиві деп айтуға болады. «Ұлым, саған айтам...» интеллектуалды поэтикалық драмасы М.О.Әуезов атындағы драма театрда аншлаппен қойылып жүр. Драмадағы әке мен бала арасындағы диалогқа екі заман ұрпағының көзқарасы негіз болған. Әкесінің ер-тұрманын телефонның соңғы шыққан версиясына айырбастаған Мағжан мен әкесінің диалогынан олардың бар болмысын көруге болады.

Б.Бабажанұлы замандастардың қилы тағдыры арқылы біз өмір сүріп отырған қоғам шындығын шынайы бейнелесе, Д.Кәпұлы мағыстау өлкесіндегі тарихқа жан

бітіріп, қазақ әдебиетін жаңа тарихи кейіпкерлермен толықтырды. Б.Беделханұлы XX ғасырдағы қазақтың басынан өткен қасіретке толы тарихты лирикалық поэмасына арқау ету арқылы лирикалық поэма түрінің дәстүрлі жалғасын көрсетті.

4. Зерттеу нәтижесі

XXI ғасырдағы қазақ ақындарының көркемдік, стильдік ізденістеріне қарап отырып, ұлттық поэзиядағы мынадай ерекшеліктерді атауға болады:

Біріншіден, заман талабына сай әдебиеттің цифрлануынан интернет-әдебиеттің онығуы, жаңа туған өлеңдердің ақындардың әлеуметтік желідегі жеке парақшалары, әдеби сайттар арқылы тез таралуынан медиа поэзия таралымының шапшаңдығы танылады.

Екіншіден, ұлттық әдебиетте қалыптасқан классикалық үлгіні дамытудағы дәстүр сабақтастығы (баллада, арнау, сонет, ода, жарлау, жоқтау, элегия, т.б.) байқалады.

Үшіншіден, қазіргі поэзиядан мазмұны мен түрі жағынан қалыптасқан классикалық норманың бұзылуы, яғни өлең жолдарында қалыптасқан, шумақ, тармақ, ырғақ, буын, бунақ, ұйқас түрлерінің сақталмауынан туған өлшемсіз және рифмасыз (верлибр) еркін эксперименттер жасалуда.

Төртіншіден, кеңестік дәуірде қалыптасқан дәстүрінен қол үзіп қалған мінәжат өлеңдер, яғни Аллаға құлшылық, пайғамбарларға мадақ жырлары, діни тақырыптағы өлеңдер арқылы шығыстық діни философия дамуда.

Бесіншіден, ақ өлең, ерікті өлең, прозалық өлең секілді ырғақ пен әуезділік (силлабикалық) өлшеміне бағынбайтын, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік ізденістерден шығыс поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы көрінуде.

Алтыншыдан, ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан эпикалық жанрдың бүгінгі жалғасы ретінде танылған поэмаларда оның түрі мен мазмұнының толығы байқалады.

5. Қорытынды

Қорыта айтқанда, келтірілген мысалдардан көргеніміздей поэзия қоғам өміріндегі кез келген оқиғаларды назардын тыс қалдырмайды. Өткен жылдардағы Семей, Қостанай ормандарының өртке орануынан қазақ даласындағы оқиғаларды көрсек, Түркиядағы алапат жер сілікінісі туралы жырлар поэзияның ұлт талғамайтынын, адамзатқа ортақ мәселелерді көтеретінін көрсетеді. Әлеуметтік желілерден келтірілген мысалдар әдебиеттің цифрлануын, интернет-әдебиеттегі медиа поэзияның жиі әрі жылдам жариялануынан, оқырманға дер шағында жеткізетін шапшаңдығы байқалады. Осы ойымызды тоқсаныншы жылдардағы ел өміріндегі ауыр кезең, бүкіл әлемді алаңдатқан Арал тағдыры, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі, 2022 жылғы Қаңтар қырғыны – қазақ тарихынан орын алатын ірілі-ұсақты оқиғалардың поэзиядағы көрінісі. Осыған қарап қоғам өміріндегі айтулы оқиғалар мен тарихи тұлғалардың ұлт тарихынан алатын орнын бағамдауға болады. Сонымен бірге ақындар халықтың мұң-шері мен қуаныш-шаттығын жеткізуде белсенді қызмет атқарып келеді.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік үрдістер ұлттық поэзиядағы дәстүр сабақтастығы аясында анықталды. Бұл дәуір поэзиясынан көзге түсетін негіз-

гі еркшелік – тамыры арыда жатқан дәстүр сабақтастығын жалғастыра отырып, мазмұн мен түр жағынан көркемдік ізденістерге баруы. Дәстүр сабақтастығын көңіл күй сезімдерін білдіретін шағын лирикалар мен эпикалық поэмалардан көрсек, жаңашылдықты бар ғаламды жаратқан Алла тағала мен Мұхаммед пайғамбарға арнаған мінажат өлеңдерден, адами құндылықтарды іздеген замандастарын ислам дініне шақырған үгіттік үлгідегі жырлардан көруге болады. Сонымен бірге ақындардың қоршаған орта мен былыққа батқан замандастарының арасынан орын таппай, қоғам өмірінен жатсынуы байқалады. Жоғарыда шығармалары сөз болған ақындар бірде тәуілсіздігімізді мақтан етсе, енді бірде қоғам өмірі иықтарына бар жүкті артып қойғанына налиды, күйзеледі, жұмыссыздықтан, тығырықтан шығар жол іздеп шарқ ұрады. Сондықтан элегиялық жырларда мұң-шер, құлазу, күйзелу басым.

Әдебиеттер:

1. Ахметов З. Арнау. Кіт.: Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.
2. Бабажанұлы Б. Ниетқабыл. – Алматы: «Хан Тәңірі», 2014. – 286 б.
3. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. – 512 б.
4. Беделханұлы Б. Ауадағы жазу. – Астана: «Фолиант», 2018. – 240 б.
5. Берікқажыұлы Д. Сізге жазған хаттардан. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 108 б.
6. Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol, Nassikhat Mursalimova. The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature. – Opción, Año 35, No.89 (2019): 177-194 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Recibido: 10-11-2018 Aceptado: 10-03-2019;EID: 2-s2.0-85072153777; Part of ISBN: 10121587; Процентиль – 99,855; sjr 0,152; Q 3;URL: <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85072153777&partnerID=MN8TOARS> (eng).
7. Дәлейұлы Ұ. Күз жауған соқпақ. – Алматы: «Хан Тәңірі», 2014. – 238 б.
8. Кәпұлы Д., Наурызбаева З., Жаңбырбай А. Отпан таудың басында ұран оты. – Алматы: «Әдебиет» баспа үйі, 2020. – 424 б.
9. Кенесбай Ж. Айкөркемдер қанын қазақ кешпейді! Кіт.: Жаңармаған Отаным / Құрастырушы Ғ.Х. Әженова. – Алматы: LEM, 2024. – 108 б.
10. Қирабаев С. Қазақ поэзиясындағы ұлттық рух пен жалпыадамдық құндылықтар. Кіт.: Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 708 б.
11. Қосан С. Жүрегімде жүз өлең. – Алматы: «Үш қиян», 2013. – 128 б.
12. Margarethe Adams, Steppe Dreams: Time, Mediation, and Postsocialist Celebrations in Kazakhstan. Lune 16, 2020 // <https://www.amazon.com/Steppe-Dreams-Postsocialist-Celebrations-Kazakhstan>
13. Майтанов Б. Тәуелсіздік күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Құс жолы» баспасы, 2012. – 490 б.
14. Немеребай Ж. Ай туған сәт. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2021. – 144 б.
15. Тәшенов Т. Сырлы сия. (Таңдамалы өлеңдер мен баллада, поэма). – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2023. – 248 б.
16. Хамраев А., Калиаскарова А. Казахская тема в творчестве русской поэтессы Н.М. Черновой // Керуен. – №2, 83-том, 2024. – С.59-72. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-04>
17. Helsinki Watch. Conflict in the Soviet Union: The Untold Story of the Clashes in Kazakhstan. – New York, 1990. – p. 63. – NY – 10017-6104 (212) 972-8400. Fax (212) 972-0905 // <https://www.hrw.org/reports/KAZAK900.pdf>
18. Шегебай Ә. Ақ жауын: Өлеңдер. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2018. – 160 б.

References:

1. Akhmetov Z. (1996). Dedication. Book: Dictionary of literary terms. – Almaty: “Ana tili”. – 240 p. (in Kaz)
2. Babazhanuly B. (2014). Niyetkabyly. – Almaty: “Khan Tengri”. – 286 p. (in Kaz)
3. Bazarbayev M. (2005). Literature created by the times. – Almaty: “Zhibek Zholy” publishing house. – 512 p. (in Kaz)
4. Bedelkhanuly B. (2018). Writing in the air. – Astana: “Foliant”. – 240 p. (in Kaz)
5. Berikkazhyuly D. (). From letters to you. – Almaty: Khan Tengri, 2014. – 108 p. (in Kaz)
6. Gulzhakhan Orda, Nurbol Khudaibergenov, Zhansulu Sarsenbayeva, Saltanat Amanzhol, Nassikhat Mursalimova. (2019). The December Revolt Statement (Description) in Kazakh Literature. – Opción, Año 35, No.89: 177-194 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385 Recibido: 10-11-2018 Aceptado: 10-03-2019;EID: 2-s2.0-85072153777; Part of ISBN: 10121587; Процентиль – 99,855; sjr 0,152; Q 3;URL: <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85072153777&partnerID=MN8TOARS> (in Eng)
7. Daleiyuly U. (2014). Autumn rain trail. – Almaty: “Khan Tengri”. – 238 p. (in Kaz)
8. Kapuly D., Nauryzbayeva Z., Zhanbyrbay A. (2020). The fire of the slogan at the top of the mountain. – Almaty: “Adebiat” publishing house. – 424 p. (in Kaz)
9. Keneybay Zh. (2024). The Kazakhs will not spare the blood of the artists! Book: My Unrestored Homeland / Compiled by G.Kh. Azhenova. – Almaty: LEM. – 108 p. (in Kaz)
10. Kirabayev S. (2014). National spirit and universal values in Kazakh poetry. Book: Universal values in modern literature. – Almaty: “Evo Press”. – 708 p. (in Kaz)
11. Kosan S. (2013). A hundred poems in my heart. – Almaty: “Uch kiyan”. – 128 p. (in Kaz)
12. Margarethe Adams, Steppe Dreams (2020). Time, Mediation, and Postsocialist Celebrations in Kazakhstan. Lune 16, // <https://www.amazon.com/Steppe-Dreams-Postsocialist-Celebrations-Kazakhstan> (in Eng)
13. Maitanov B. (2012). The legacy of the struggle for independence: research and articles. – Almaty: “Kus zholy” publishing house. – 490 p. (in Kaz)
14. Nemerebai Zh. (2021). The moment the moon was born. – Almaty: “Bayanzhurek” publishing house. – 144 p. (in Kaz)
15. Tashenov T. (2023). Syrly siya. (Selected poems and ballads, poem). – Almaty: “Merekening baspalar uy” LLP, Mereke baspasy. – 248 p. (in Kaz)
16. Khamraev A., Kaliaskarova A. (2024). Kazakh theme in the work of the Russian poet N.M. Chernovoy // Caravan. – No. 2, Volume 83. – P. 59-72. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-04> (in Russ)
17. Helsinki Watch. (1990). Conflict in the Soviet Union: The Untold Story of the Clashes in Kazakhstan. – New York. – p. 63. – NY – 10017-6104 (212) 972-8400. Fax (212) 972-0905 // <https://www.hrw.org/reports/KAZAK900.pdf> (in Eng)
18. Shegabay A. (2018). White enemy: Poems. – Almaty: «Zhazushi» publishing house. – 160 p. (in Kaz)

Н.Е. Усенова^{1*}, И.А. Жеменей², Ю. Пилтан³

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹usenova_nur@bk.ru ²jemeneyislam@yahoo.com, ³yousefpiltan@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2349-8166, ²0000-0002-6622-0757, ³0009-0004-0572-3926

«БАБЫРНАМАДАҒЫ» ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. «Бабырнама» – тарихи және әдеби құндылықтарға толы мемуарлық шығарма. Автор өзінің өмірі мен әскери жорықтарын баяндап қана қоймай, тарихи дерек ретінде көптеген құнды мәліметтер ұсынады. Яғни еңбекте XV-XVI ғасырлар арасындағы басты-басты оқиғалар қамтылған. Еңбектің авторы Зәһиреддин Бабыр жан-жақты білімпаз адам ғана емес, көз алдында өткен сан қилы оқиғаларға бақылау жүргізіп, оны ой елегінен өткізген зерттеуші деуге болады. Бабыр өз еңбегінде Әлішер Науаи, әйгілі ғалым, астроном Ұлықбек, тарихшы-ғалым Мұхаммед Хайдар Дулат сияқты әдебиет пен өнер қайраткерлерінің деректерге негізделген портреттерін жасаған. Сонымен қатар «Бабырнамада» қазақтың ханы Қасым мен Әдік сұлтан жайында тарихи деректер берілген. «Бабырнамада» Бабырдың жеке өмірі, соғыстары мен саяси қызметі ғана емес, сонымен қатар оның айналасындағы батырлардың бейнесі де үлкен мәнге ие. «Бабырнамадағы» батырлар портреті нақты тарихи тұлғалар болғандықтан, олардың бейнелері тарихи шындыққа негізделген. Бабыр батырларды суреттегенде олардың әскери жетістіктері мен ерліктерін ғана емес, сонымен бірге олардың жеке қасиеттерін де атап көрсетеді. Бабырдың оларды мінездегенде ерекше назар аударатын қасиеттері – олардың батылдықтары, әскери қабілеттері, қайсарлықтары мен адалдығы. Осы мақалада «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар мен батырлар портреті сарапталып, олардың тарихи және әдеби маңызы талданады.

Кілт сөздер. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр, Бабырнама, көркемдегіш құралдар, тарихи тұлғалар, батырлар портреті.

Н.Е. Усенова^{1*}, И.А. Жеменей², Ю. Пилтан³

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹usenova_nur@bk.ru ²jemeneyislam@yahoo.com, ³yousefpiltan@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2349-8166, ²0000-0002-6622-0757, ³0009-0004-0572-3926

Портрет исторических лиц в «Бабырнаме»

Аннотация. «Бабырнама» – это мемуарное произведение, наполненное историческими и литературными ценностями. Автор, помимо описания своей жизни и военных походов, предоставляет множество ценных сведений в качестве исторического источника. То есть, в труде охвачены основные события XV-XVI веков. Автором произведения является Захиреддин Бабура, который не только является всесторонне образованным человеком, но и может быть назван исследователем, который наблюдал за множеством событий, происходивших на его глазах, и осмысливал их. В своем труде Бабура создает портреты таких деятелей литературы и искусства, как Алишер Навои, знаменитый ученый-астроном Улугбек и историк-ученый Мухаммед Хайдар Дулати, основываясь на фактических данных. Кроме того, в «Бабырнаме» содержатся исторические сведения о казахском хане Касыме и султани Адики. В «Бабырнаме» большое значение имеет не только личная жизнь Бабуры, его войны и политическая деятельность, но и образы его окружения – богатырей. Портреты богатырей в «Бабырнаме» основаны

на реальных исторических личностях, поэтому их образы имеют под собой историческую правду. Когда Бабур описывает богатырей, он акцентирует внимание не только на их военных достижениях и подвигах, но и на их личных качествах. Характеризуя их, Бабур особенно подчеркивает их мужество, воинскую доблесть, стойкость и преданность. В статье рассматриваются портреты исторических деятелей и героев в «Бабурнаме», анализируется их историческое и литературное значение.

Ключевые слова: Захиреддин Мухаммад Бабур, Бабурнама, художественные средства, исторические личности, портрет героев.

N.E. Usenova^{1*}, I.Zhemenev², Y.Piltan³

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹usenova_nur@bk.ru ²jemeneyislam@yahoo.com, ³yousefpiltan@gmail.com

ORCID: ¹0000-0003-2349-8166, ²0000-0002-6622-0757, ³0009-0004-0572-3926

Portrait of Historical Persons in «Baburnama»

Abstract. «Baburnama» is a memoir filled with historical and literary values. The author not only recounts his life and military campaigns but also provides many valuable insights as a historical source. The work encompasses the main events that took place between the 15th and 16th centuries. The author of the work, Zahireddin Babur, can be described as a well-educated person who not only observed the various events that unfolded before his eyes but also reflected on them as a researcher. In his work, Babur created portraits based on the information of figures from literature and art, such as Alisher Navoi, the famous scholar and astronomer Ulugh Beg, and the historian-scientist Muhammad Haidar Dulati. Additionally, «Baburnama» contains historical information about the Kazakh Khan Qasim and Sultan Adik. In «Baburnama», not only Babur's personal life, wars, and political activities are highlighted, but also the image of the heroes surrounding him holds great significance. The portraits of the heroes in «Baburnama» are based on real historical figures, making their depictions grounded in historical reality. When describing the heroes, Babur emphasizes not only their military achievements and bravery but also their personal qualities. Characterizing them, Babur especially emphasizes their courage, military valor, fortitude and devotion. The article examines the portraits of historical figures and heroes in «Baburnama», analyzes their historical and literary significance.

Key words: Zahireddin Muhammad Babur, Baburnama, artistic means, historical figures, portraits of heroes.

1. Кіріспе

Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегі Бабырдың мемуарларынан тұратын XV-XVI ғасырлардағы Орта Азияның саяси, мәдени және әскери жағдайын суреттейді. Проза жанрында және түркі тілінде жазылған бұл еңбек Бабырдың естеліктері мен пікірлері болып табылады. Бабырдың көрнекті тұлғасы бұл шығармада жан-жақты көрініс тауып, әртүрлі мәселелерге қатысты өз пікірлері мен ойлары ашық түрде жазылған. «Бабарнаманың» құндылығы әртүрлі тарихи, географиялық, антропологиялық және әдеби аспектілермен маңызды. Сол себепті Орта Азияның тарихи және мәдени мұрасы ішінде «Бабырнама» ерекше орын алады. Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегі «Ферғана», «Кабул», «Үндістан» атты үлкен үш тараудан тұрады және ондағы қалалар, ауылдардың бейнесі, оқиғалардың егжей-тегжейлері, соғыс кезіндегі шайқастарды жай баяндап қоймай, көркем бейнелеу құралдары арқылы өрнектейді. Ал бұл шығарманың оқырманға түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Сол кезеңдегі мемлекеттік басқару

жүйесінің өкілдері – хан мен сұлтандар, билер, жазушылар, әдебиеттанушылар, күйшілер, шабандоздар, суретшілер және басқа да тарихи тұлғаларды сипаттау мен портретін беруде көркемдегіш құралдарды тиімді пайдаланады. Соның нәтижесінде олардың мінез-құлық ерекшеліктері оқырманның көз алдында жанды образдарша елестей алады.

Ағылшынның белгілі шығыстанушы ғалымы Аннет Беверидж «Бабырнаманы» ұзақ жылдар бойы жан-жақты зерттеп, оны 1905 жылы ағылшын тіліне қайта аударма жасап шықты. А. Беверидж «Бабырнаманың» ғылыми тұрғыдан аса құнды зерттеу екенін дәлелдей келіп, Бабырдың бұл шығармасы ағылшынның атақты тарихшысы Э. Гиббон (1737-1794 ж.) мен ұлы физик И. Ньютон (1643-1727 ж.) мемуарларынан кем түспейтін, солармен терезесі тең тұрған еңбек деп бағалайды (Кәрімхан, 2024: 76). «Бабырнама» еңбегі әлемнің жетекші тілдеріне аударылғаны жайында айтар болсақ: «Бабырнама» естеліктері дүние жүзіндегі оқырмандар тарапынан жоғары бағаға ие болды, бұл парсы, орыс және ағылшын тілдерін қоса алғанда, 31 тілге жасалған аудармалармен расталады. Еңбек өзбек және ұйғыр тілдеріне ең жақын ескі түркі тілінде жазылған (Негуі, 2020). Мойындайтын бір дүние көбінесе ақпараттық дискурста «Бабырнама» жөніндегі жазбалар өзбекше беріледі. Алайда бұл шығарманың авторын еске алу, еңбегін аудару бүкіл түркітілдес кеңістікте ерекше құрметтеледі. Сонымен қатар «Бабырнамаға» Үндістанда үлкен құрметпен және қызығушылықпен қарайтынын атап өткен жөн, өйткені кітаптың бүкіл үшінші бөлімі үнді қоғамы мен өмір салтын сипаттауға арналған (Irwansyah, 2010).

Ендеше Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы» – тек тарихи құжат емес, сонымен қатар терең көркемдік шеберлікпен жазылған әдеби шығарма. Еңбекті әдеби туынды ретінде қарастырған Б. Тоекина: «Бабырнаманы» мемуарлық-ғұмырнама жанрының талаптарына жауап бере алатын көркем туынды ретінде қарастыруға негіз бар. Өйткені «Бабырнамадағы» басты кейіпкер – автор, яғни Бабырдың өзі. Ол өз образын өзінің қимыл-әрекеті үстінде ашып, бейнелеп отырады. ...Оқиғаларды жүйелі баяндау барысында лирикалық шегініске жол беріп, авторлық «менін» үнемі аңғартып отырады» (Тоекина, 2009: 16). Сонымен қатар ғалым: «Бабырнама» туындысы оқырманды рухани-эстетикалық ләззатқа бөлеп, таным-түсінігін кеңейтетін және дүрбелең кезеңді тарихи аяда көркем бейнелеумен қатар адамгершілік құндылықтар мен ізгілікті өнеге етіп, имандылыққа шақыратын тағылымды туынды», – деп баға береді. (Тоекина, 2009: 19).

Бабырдың өзі де үлкен қолбасшы әрі саясаткер болғандықтан, оның шығармасында соғыс және әскери қолбасшылардың мінез-құлқы кеңінен сипатталады. Осыған орай бұл мақалада тарихи тұлғалардан бөлек, Бабырдың өзі көрген және бірге соғысқан батырлардың бейнесі, олардың ерліктері мен қаһармандықтары көркемдік тұрғыдан бейнеленеді.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысымыздың нысаны – «Бабырнамада» жазылған тарихи тұлғалар мен батырлар портретін анықтау. Аталған нысанға жету үшін тарихи-салыстырмалы әдіс, жинақтау, баяндау, анализдік талдау әдісі қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақаламыздың тақырыбы мен мәнін ашу мақсатында отандық және шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстары мен ғылыми-теориялық еңбектеріне сүйене отырып тұжырымдама жасалды. Зерттеу материалы ретінде Байұзақ Қожабекұлының «Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама», Ислам Жеменейдің «Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама» еңбектері алынды.

3. Талқылау

«Бабырнама» – тарихи, ғылыми, философиялық, географиялық, мемуарлық, өмірбаяндық ерекшеліктері бар өте көлемді және көркем шығарма дедік. Осы тұрғыдан алғанда портрет – кез келген көркем шығармада бейнеленген көркем бейненің ерекшелігін беретін маңызды құралдардың бірі. Бейнелеу өнері мен көркем әдебиетте портреттің міндеті – шындық пен көркем бейнені үйлесімді көрсету. Демек, олардың барлығы бір логикаға, белгілі бір заңға бағынады. Портрет – сөзбен суреттелетін кейіпкердің сыртқы түрін (денесі, киімі, ым-ишарасы, дене қалпы мен қимылы, іс-әрекеті) сипаттайды. Сонымен қатар портрет көп эпикалық шығармаларда белсенді қолданушы, композицияның маңызды элементтерінің бірі ғана емес, кейіпкердің бейнесі мен сипаттамасына қызмет етеді. Осы орайда Бабыр өз еңбегінде әкесі мен өзіне етене жақын туыскандарының, қолбасшы батырлардың портреттерінен бөлек тарихта алтынмен аты жазылған тарихи тұлғаларға да тоқталады. Соның бірі қазақ хандары Қасым хан мен Әдік сұлтан жайында былай дейді: «Шайбани хан Ташкент пен Шаһрұхты басып алғанда, Сұлтан Нигар ханым моғолдың он екі нөкерімен Әдік сұлтанға қашып кетті. Әдік сұлтаннан екі қыз көтерді, бірі – Шайбани ханның тұқымындағы сұлтанға, екіншісі – Саид ханның баласы Рашид сұлтанға ұзатылды. Әдік сұлтаннан кейін Сұлтан Нигар ханымды қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды. Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек» (Қожабекұлы, 1993: 32). Кітаптағы осы үзіндіге қарап, Бабырдың қазақ хандығы жайынан жақсы хабардар болғандығын және Қасым ханның өте қарулы, дипломатты, мықты тұлға болғанын көре аламыз. Осы тұста бабыртанушы Ислам Жеменей мынадай ой түйіндейді: «Бабыр Қазақ хандығын жақсы білген. Оған Қасым ханға берген бағасы дәлел. Бабырдың Қасым ханға ондай баға беруі – аса маңызды һәм шындықтың тарихи мәйегі. Өйткені, біріншіден, Бабыр патша – Қасым ханның замандасы, екіншіден, Бабыр негізін қалаған тарихта теңдесі жоқ ұлы империясы жүздеген жылға жалғасып, адамзат мәдениеті мен руханиятына баға жетпес жәдігерлер қалдырған тұлға ретінде Қасым ханға берген бағасының айрықша мәні бар» (Жеменей, 2020: 21).

Билеуші әулеттен шыққан және әкесі Тимурид билеушілерінің бірі саналатын Әлішер Науаи жайында Бабыр былай дейді: «Сұлтан Үсейін мырзаның енді бір әмірі – Әлішер Науаи. Ол бегі емес, бәлки кеңесшісі, сырлас-сұхбаттасы еді. Кішкентайынан бірге сыныптас болған. Сұлтан Әбусайд мырзаның дұшпандық сезімі аса жоғары болды, мен оның не себептен екенін білмеймін. Білетінім Әлішерді жазалау үшін

Гераттан қуып жіберді. Әлішер Самарқандқа барып, неше жыл сонда болды. Онда Аһмет Қажы бек оның тәрбиешісі әрі қамқоршысы болған еді. Әлішер бектің мінезі нәзіктікпен танылған. Ел оның әдептілігін дәулетті болғаны үшін тәкаппарлығынан деп ойлайтын еді. Бірақ олай емес-тұғын. Бұл сипат оның табиғатынан туған қасиет еді. Ол Самарқандта да сондай нәзік мінезді еді. ...Әлішер бек теңдесі жоқ кісі болды. Түркі тілінде өлең жазатын, ешкім сонша көп және жақсы өлең айтқан емес, алты мәснәуи жинақ кітабы бар» (Жеменей, 2023: 189). Тапқыр саясаткер, жазушы, талантты өнерпаз, сайып келгенде ғылым мен өнердің шын жанашыры болған Әлішер Науаи мен Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың жасы мен кезеңі бірдей емес, бірақ автор Әлішер Науаидің көркем мінезі мен қабілеттері жайында кеңінен айтып кетеді. Оған дәлел автордың өзі былай дейді: «Ғылым мен өнер адамдарына Әлішер бектей жетекші, жанашыр бұрын-соңды болғаны не болмағаны белгісіз. Мәселен, ұстаз Құл Мұхаммед, Шейхи Сани, Үсейін Уди музыка саласының бас мамандары болып, бектің тәрбиесі мен қолдауының арқасында соншама өркендеп, танымал болды» (Жеменей, 2023: 189).

Бабыртанушы ғалым Саидбек Хасанов: «Тарихи тұлғалардың бет-бейнесін, қасиеттерін ерітуде автор оларға әділдік танытуға, олардың өмір сүру салты мен жағдайына сүйене отырып, олардың мінезінің маңызды тұстарын мейлінше анық әрі қысқа сөз тіркестерімен жеткізуге тырысады», – дейді (Хасанов, 2007: 142). Сөзімізге дәлел Бабыр Темір әулетінің ұрпағы, белгілі астроном, математик Ұлықбек жайында да былай дейді: «Ұлықбек мырзаның Самарқанд қамалында салдырған ғимараттарының ішінде медресе мен дәруішхана тұрғызған. Дәруішхананың күмбезі өте биік болғаны сонша, әлемде ондай биік күмбездің нышаны кемде-кем. Енді бірі – осы медресе мен дәруішханаға жақын бір тамаша монша салыныпты. Ол «Мырза моншасы» деген атпен танымал, түрлі тастардан төселген. Хорасан мен Самарқандта ондай монша бар-жоғы белгілі емес. ... Ұлықбек мырзаның тағы бір зәулім ғимараты – Куһәк төбесінің етегінде салынған обсерватория» (Жеменей, 2023: 72). Ұлықбектің медресесі мен обсерваториясына толықтай анықтама бере өтіп, Ұлықбектің тағы бір қырын оқырманға таныстырады: «Ұлықбек мырза тағы да Куһәк төбесінің етегінің батыс бағытында бақ салыпты. «Майдан бағы» деп аталған бұл бақтың ортасында бір көркем ғимарат тұрғызған, оған «Қырық бағана» атын берген» (Жеменей, 2023: 73). Аталған мағлұматтарға қарап оқырман ғалымның сыр-сипатынан хабардар бола алады.

Автор өз шығармасындағы кейіпкерлерді кез келген тарихи оқиға, тұлғалық қарым-қатынас, шежірелік байланыс тұрғысынан суреттейді, сол жолда оның портретін салады. Кажет деп санайды. Мұндай образ кейін дамып, динамикалық сипатқа ие болмаса да, психологиялық ерекшеліктерден ада емес. Бұл тұрғыда кейіпкер «рухани дүниенің» толық ыдырауына ықпал етеді. Мәселен, әйгілі тарихшы, әдебиетші, Мұхаммед Хайдар Дулат Бабырдың туған бөлесі болған. Яғни екеуінің аналары Жүніс ханның қыздары және үлкен қызы Құтлық Нигар ханым Бабырдың әкесі Омар Шейх мырзаға тұрмысқа шықса, үшінші қызы Хуб Нигар ханым Мырза

Қайдардың әкесі Мұхаммед Үсейіннің жары болған. Сонымен қатар Мұхаммед Хайдардың Үндістан еліндегі қуғындағы өмірі Бабырдың үлкен ұлы Құмаюн патшамен тікелей байланысты болған және «Тарих-и-Рашиди» атты тарихи еңбегін жазуына да Бабырдың «Бабырнама» шығармасы түрткі болған. Автордың өзі: «Оның ұлы Қайдар мырза еді. Оның әкесін өзбек өлтіргеннен соң, менің жанымға келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап Кашғарға Саид ханның қасына барды.

Барлық нәрсе өз тегіне қайтады,

Таза алтын, күміс пен қорғасында.

Қазіргі кезде байсалды болып, жақсы жолға түсіпті. Ол жазу, сурет салу, оқ жону, найза мен садақ жасаудың, тіпті әр нәрсеге икемі бар, ақындық дарыны да бар екен. Маған жағдайын баяндаған хат келген еді, жазу мәнері де жаман емес», – дейді (Жеменей, 2023: 31). Көріп отырғаныңыздай Мұхаммед Хайдардың он бойындағы бүкіл қасиеттерін Бабыр қысқа да нұсқа жазады. «Барлық нәрсе өз тегіне қайтады» деген теңеуге қарап-ақ, оқырман аталған кейіпкердің қабілет пен қасиетінен хабардар бола алады.

Жалпы «Бабырнамадағы» автор бейнесінен басқа көптеген тарихи тұлғалар – Тимурид билеушілері, әскери ақсүйектер, ғылым мен өнер адамдары, батырлар мен қолбасшылардың портреттерін көре аламыз және олардың сыртқы және ішкі портреттері шебер сызылған. Яғни саптық іс-әрекеттері аясында мінез-құлық қасиеттері ашылған. Тарихи тұлғалардың портреттері мен тарихи ерекшеліктерін ерітуде автор олардың өмір сүру салты мен жағдайына сүйене отырып, оларға объективті қарауға, портрет пен кейіпкерді ең маңызды да қысқаша түйіндеуге тырысқан. Енді автордың шығармадағы батырлар бейнесіне тоқталатын болсақ, «Бабырнамадағы» батырлар портреті – тарихи шындық пен әдеби шеберліктің синтезі. Бабыр батырлардың бейнесін суреттегенде олардың ерлігі мен әскери шеберлігін ғана емес, сонымен бірге олардың ішкі дүниесін, рухани күшін көрсетеді. Яғни батырлар тек соғыс алаңындағы жауынгерлер емес, өз заманының күрделі тұлғалары ретінде де бейнеленгенін көреміз. Бабыр олардың әрекеттерін нақты тарихи деректерге сүйене отырып, көркемдік тұрғыдан бейнелейді, бұл «Бабырнаманы» тек тарихи құжат ретінде ғана емес, әдеби ескерткіш ретінде де ерекше орынға қояды. «Бабырнамадағы» батырлар портреті арқылы біз сол кезеңдегі Орта Азияның саяси-әлеуметтік құрылымын, әскери дәстүрлерін және батырлық идеалдарын түсіне аламыз. Бабырдың шеберлігі мен көрегендігі арқылы жасалған бұл бейнелер оқырманға тарихи және мәдени тұрғыдан құнды ақпарат береді.

Автор «Бабырнамада» бес өзіне жақын және қолбасшылығымен ерекшеленген батырларға жан-жақты толықтай ақпарат береді. Олар:

1. Омар Шейх (Бабырдың әкесі)
2. Сұлтан Ахмет (әкесінің ағасы)
3. Сұлтан Махмұт (әкесінің ағасы)
4. Байсұңқар (әкесінің ағасы Сұлтан Махмұттың ұлы)
5. Сұлтан Құсайын (әкесінің ағасы Сұлтан Махмұттың ұлы, Байсұңқардың інісі)

Омар Шейхтің портреті – классикалық әдебиетіміздің тарихи прозасында тамаша суреттелген әмір мен әке портреті десек қателеспейміз. Автор бұл портретте кейіпкердің ішкі әлемі мен сыртқы келбетін, психологиялық күйін ерекше сипаттайды. Бұл жағы «Бабырнама» мәтінінде былайша көрсетілген: «Омар Шейх аса бойшаң емес, толықша, дөңгелек сақалды, ақ құба адам еді. Ол қынамалы шапан киіп, жіңішке белдігімен ішін тарта байлап жүретін; егер белін белбеумен қысып буып шіреніп қалса, шешіліп кететін. Киім, тамақ таңдамайтын; шалманы арнаулы қызметшілері орайтын; ол кезде бәрі де шалманы төрт қайыра орап, оның қырын сындырмай ұшын салбыратып бос қоятын. Жаз айларында диуанға қатысқан кезде болмаса, көбінесе моғол бөрік киіп жүретін еді» (Қожабеков, 1993: 26). «Бойшаң емес» деген сөз тіркесі арқылы оқырман Омар Шейх аса биік емес, орта бойлы екенін аңғарады. Кескіндеме кезінде түскен киім бейнелерінен Омар Шейхтің аласа, кең иықты, жігерлі адам болғанын аңғаруға болады. «Шалманың» егжей-тегжейі және шалманың қырын сындырмауы туралы сөйлем бұл ойды толығымен растайды. Бет-әлпеті үшін қолданылған екі қасиет оның түрік антропологиясына тән қалың сақалды жамылған кең жүзді адам екенін көрсетеді. «Төрт қайыра оралған шалма, моғол бөрік» демекші, батырдың бөрік киіп жүруі, ол ер азаматтардың қоғамдық істерде, қоғамдық жұмыстардан тыс жерде де әдеті. Омар Шейхтің тамақ пен киімді таңдамағаны оның мінезінің қарапайымдылығы мен кеңдігін көрсетеді. Өйткені ой-өрісі тар, елең-алаң адамдар бұл дүниелерге үзік-үзік қарайды. Сонымен қатар Омар Шейхтің кісілік, мінез-құлық, келбет және ым-ишара мен әдет-ғұрып тұрғысынан оның даралығын көрсетуге қызмет етеді. Сонымен қатар Бабыр әкесінің жағымсыз тұстарын да бүкпесіз айтады: «Кейінгі кездерде есірткі кәйіпке құмартып, қатты еліретін болды. Ол жасынан көрсеқызарлыққа салынып, махаббат қасіретін көп шекті. Соған қоса үнемі нард, кейде тобық та ойнайтын» (Қожабеков, 1993: 27). Осыған қарап Бабыр туған әкесінің портретін толық жаңғыртып, портрет жасауда өзінің талантын, көркемдік тәжірибесін, шеберлігін және шыншылдығын көрсете білді деп айта аламыз.

Бабыр шығармадағы кейіпкерлерге портреттік сурет бергенде, оқырман оның қандай адам екенін анық аңғарады. Осы орайда тарихи айғақтардың көркемдік элементтермен, көркем портрет элементтерімен тамаша жүйеленгені сонша, образды ойша көз алдында елестету қиын емес. Мәселен, әкесінің ағасы Сұлтан Ахметтің портретін жасағанда: «Ол ұзын бойлы, шоқша жирен сақалды, самайына қылпық бітпеген қызыл шырайлы, етжеңді, әңгімешіл адам болатын. Сол кездегі әдет бойынша сәлдесін төрт орап алдыңғы ұшын маңдайына түсіріп қоятын» (Қожабеков, 1993: 39). Мәтінде «жирен сақалды, қызыл шырайлы» адамның бет құрылымы сипатталады. Автордың портрет жасаудағы шеберлігі кейіпкердің портретін байыппен бейнелеу болса, оның сыртқы келбетін көркемдікпен жылтырату бейнелеу құралының қызметі. Сонымен қатар Бабыр Сұлтан Ахмет портретінде Омар Шейх мырзаны суреттегендей такия деталіне ерекше мән береді. Бұдан оқырман сол кезеңдегі аксүйектердің киім кию мәдениетіне тән маңызды білім алады. Сонымен қатар Омар Шейх мырзадағы

такия детальдарын салыстыра отырып, сол кезеңдегі мәдени-тарихи детальдың жалпы сипатын түсінеді. Сондай-ақ автор оның аңшылық, әскери шеберлігі, жауынгерлік қасиеті туралы: «Ол садақты жақсы тартатын, құсты жиі түсіріп, үйрек біткенді қалт жібермейтін Қарауыл орнына өрелеп тартылған асқабақты шетінен түгел атып түсіретін. Өмірінің ақырында қырғауыл мен бөденені сақпанмен атып, жұлындай түсіретін» (Қожабеков, 1993: 44). Бұл сурет Сұлтан Ахмет Мырзаның садақ ату қабілеті туралы болып тұр. Жалпы мұндағы «садақ», «сақпан», детальдары тарихи лексиканың сипаттау құралы болып табылады, олардың әрқайсысы кейіпкер тұлғасының белгілі бір қырын көрсетуге қызмет етеді. Тарихи тұлға Сұлтан Ахмет мырзаға тән мұндай аңшылық шеберлік Науаидың «Сабаи Сайяр» (Жеті әлем) дастанындағы Иран патшасы Баһрамның бейнесін көз алдыңызға елестетеді. Иран патшасы туралы аңыз оқырманды оқиғаның өмірлік негізі бар екеніне сендіреді. Осы тұста ғалым Р.Бердібай «Сәбғай Сайер» («Жеті жолаушы») поэмасында шайыр адам мінезіндегі қайшылық диалектикасын ашады. Дастан қаһармандарының бірі – Баһрам шаһ бойына түрлі сипаттар қатар дарығанын көрсету, мінездің іші-тысын қабат суреттеу тамаша поэтикалық табыс еді» – дейді (Бердібай, 2007: 480).

Сұлтан Ахметтің мергендігін сипаттауда автор «асқабақты шетінен түгел атып түсіретін» дейді. Осы жердегі асқабақ әскери жаттығудың құралы болғанын байқауға болады. Тіпті «Науаи шығармаларының сөздігінде» де асқабақ әскери жаттығу құрылғысы ретінде сипатталған: «1. Асқабақ – жаттығуға арналған нысана, ұзын сырықтың ұшына орнатылған садақпен нысананы дәлдеген (асқабақ ойынында); Асқабақ әдісі – оқ ату ойынындағы безеулер; Асқабақ теруші – қақпағы бар, бағаналы ағаш. Бұл сөз таза түрік лексикалық қабатына жатады, мұнда әскерлер, әскер бастықтары, тіпті билеушілер де нысана арқылы әскери дағдыларын жетілдірді (Шамсиев, Иброхимов, 1972: 293). Яғни «Бабырнаманың» жалпы мәтінінде кездесетін бейнелеу құралдарының негізгі бөлігі, әсіресе, әскери лексикаға қатысты сөздер жүйесі негізінен өзіндік қабат екенін аңғаруға болады. Осы тұста өзбек ғалымы, бабыртанушы Холманова: «Бабырнамадағы» түркі этносының тарихи тұлғаларының портреттерін бейнелеуде қолданылған сөздердің тарихи лексикалық, көркемдік-семантикалық жүйедегі өзіндік қабаты бар деп айта аламыз. Шығарманың бұл тілдік ерекшелігі төрт жағынан маңызды: 1) «Бабырнама» арқылы тарихи түркі тілінің ерекшеліктерін тереңірек түсінеміз; 2) Ұлттық тіл негізінде көркем бейнелеу құралдарын қалыптастырудың жолдары мен тәсілдерін тереңірек түсіну; 3) Шығармадағы тарихи тұлғалардың бейнесін неғұрлым нақты, кеңірек жасау; 4) Түркі стиліндегі көркем портреттердің дамуының тарихи-поэтикалық мүмкіндіктерінен хабардар боламыз (Холманова, 2007: 17). Бұдан шығатын қорытынды, Бабыр батырлардың шайқастағы әрекеттерін сипаттағанда олардың әскери өнерге деген шеберліктерін ғана емес, сонымен қатар рухани қасиеттерін де көрсетеді. Бұл батырлар тек физикалық күш пен шеберліктің ғана емес, сонымен бірге адамгершілік пен өз ісіне деген адалдықтың бейнесі ретінде көрінеді. Батырлардың бейнесі арқылы Бабыр сол кезеңдегі Орта Азияның әскери мәдениетінің ерекшеліктерін де ашып көрсетеді.

Бабыр ағасы (әкесі Омар Шейхтің бауыры) Сұлтан Махмұт мырзаның портретін былай сипаттайды: «Ол орта бойлы, ұзын селдір сақалды, тұйық мінезді, етжеңді адам болатын» (Қожабекұлы, 1993: 47). Бір ғана сөйлемде автор Сұлтан Махмұттың сыртқы келбетінің маңызды қырын көрсетеді. «Селдір сақал» деген тіркес оның антропологиялық тұрғыдан моғолдарға жақын екенін білдіреді. Бүгінгі әдеби тілде «селдір сақал» түрінде айтылатын бұл тіркес бетіндегі шашы аз өсетін адамды білдіреді. Сұлтан Махмұттың «орта бойлы» және «етжеңділігі» оның Омар Шейх сияқты күшті болғанын көрсетеді. Ал «тұйық мінезді» деген бір ауыз сөз арқылы оның мінез-болмысынан хабардар бола аламыз. Бабырдың шыншылдығы сол, ол өз әкесінен бөлек, ағасының да пенделік істерін ашып жазады: «...ұятсыздау адамды, төңірегіндегі думаншыл дос-жарандары, ұяттан безген қылжақбастары әжуа айтыстарда жұрт көзінше не маскара жасамад! Сұлтан Махмұт мырза быдықтап сөйлейтін, оның сөзін бірден ұға алмайтынсыз», – дейді (Қожабекұлы, 1993: 48). Шеберлікпен салынған портрет кейіпкердің толық бейнесін ашып, оның рухани дүниесін, адамгершілік қасиетін көркемдік зерттеу құралына айналдырып тұр.

Сонымен қатар Бабыр Сұлтан Махмұттың қоғамдық және мемлекеттік басқару қызметіне де қысқаша сипаттама береді. Осылайша кейіпкердің портреті неғұрлым жарқын және толық болуын қамтамасыз етеді. Мысалы, «Адамгершілігі, іс-әрекеті жосықты еді, намазды құр жібермейтін, ал ел басқаруы, тәртіп орнатуы жоғары дәрежеде болатын», – дейді (Қожабекұлы, 1993: 47). Байқасаңыз автор өз кейіпкерінің портретіне жағымды реңк беріп, бұл реңк оқырманның бойынан кейіпкерге деген сыйластық пен мейірімділікті оятуға сеп болып тұрғандай.

Бабыр өз еңбегінде сипаттаған тұлғалардың портретін еркін бейнелеуде қысқалық, ықшамдық, көркемдік, таза түрік сөздерін тиімді пайдалану сияқты поэтикалық, тарихи, тілдік, интернационалдық құралдарды пайдаланған. Осының бәрі Бабыр прозасына тән жоғары шеберлікті айғақтайды. Себебі Бабырға арналған барлық байыпты зерттеулерде оның басқаларға деген көзқарасында реалист болғаны баса айтылады. Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес. Расында, Бабыр туыстарының жағымсыз қасиеттерін айтудан ұялмайтын, қарсыластарының қасиеттерін айтудан қорықпаған. Ол ешқашан қарсыласына әділетсіз позицияда болған емес. Меніңше, мұндай объективтілік, біріншіден, Бабырдың исламдық этика негізінде тәрбиеленген иманды-мұсылман болғандығынан, екіншіден, оның жаратылысына тән кең пейілділік пен шыншылдықтан туындағандай. Сөзімізге дәлел болу үшін «Бабырнаманы» қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабеков: «Бабыр ешбір бүкпесіз, қарапайым тілмен баяндайды. Өз тумаларының іс-әрекетін жасырмай жазады. Әрине, пенде болған соң жеке басында да бүгінгі тұрғыдан қарағанда, кемшілік жетерлік», – дейді (Қожабекұлы, 1993: 5). Енді Бабырдың өз сөзіне жүгінейік: «Ұшпу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол

Abstract. The article explores the ideological and thematic features of Qadyr Myrza Ali's poetry during the period from 1960 to 1990, including his perspective on national values, works dedicated to his homeland, and reflections on national consciousness. The analysis also focuses on the poet's creativity in the context of the Soviet era, marked by the dominance of socialist ideology, the Communist Party's interference in the literary process, strict censorship, and limitations on freedom of thought—all of which significantly hindered the development of Kazakh poetry. As sources for the analysis, the poet's collections such as "Dala didary", "Kümis qoñyrau", "Dombra", "Qoramsaq", "Kókpar", and others are considered. They reveal the richness and depth of his poetry, which embraces national cultural values and serves as a source of inspiration for his readers. The transition from a nomadic to a sedentary lifestyle, along with the resettlement of other nationalities in Kazakh lands, led to significant cultural transformations—clearly reflected in the poet's works. His contributions to children's literature, poetic craftsmanship, individual artistic style, and celebration of national customs and traditions all played a role in renewing Kazakh poetry. The research results showed, that Qadyr Myrza Ali placed great emphasis on ethnocultural values in his poetry, revealed the vital importance of these values in the life of nation, and that the poet's worldview, formed within the constraints of socialism, enabled him to elevate Kazakh poetry to a new level through artistic mastery and expressive language. Since the core focus of Qadyr Myrza Ali's poetry lies in the ethnocultural values of the Kazakh people, his work serves as a vital tool for preserving national identity, guiding the nation on its path to becoming an enduring state, and instilling a spirit of patriotism in the younger generation.

Key words: Kadyr Myrza Ali, humanist, ethno-cultural, value, occasionalism, poetry, traditions, people, culture

1. Кіріспе

Жалпыадамзаттың дұрыс өмір сүре алу дағдысын қалыптастыра алатын этномәдени құндылықтар түрлі қажеттіліктерге орай сансыз өлшемдерге түсіп отырады. Өмір сүру көріністері оңды шешімін тауып жатса, оның құндылық реттілігінің де өміршен болары анық. Ғалым М.Арынның «Бес анығын» автор сөзімен «этномәдениетіміздің тірегі» деп алсақ, этномәдени құндылықтарға көпшілікті бейімдей отырып, болашақ ұлт ұрпағының тектілігі сақталған бейнесін қалыптастыру әрбір азаматтың борышы

екендігін түсінеміз. Этномәдениет тақырыбын зерттеушілердің бірі профессор Ж.Наурызбай «Этнос мәдениеті – ассимиляциядан, араласып кетушіліктен сақтайтын механизм, күштердің өрісі...» деп анықтама берді. Сондықтан, жоғарыда аталған этномәдени механизм сақталмаса, ерікті және мәжбүрлі түрде ұлттың жойылуына немесе басым ұлтқа жұтылуына әкеледі (Қоңырбаева, 2016: 9-46).

Қазақ әдебиетінде отаршылдыққа жұтылмау, ұлттық болмысымызды сақтап қалу жолындағы күрес Алаш дәуірінен бастау алады (Osken, Qamzabekuly and Nuriman 2024: 33-66). Ішкі сезім мен ақыл-ойдың үйлесуін және сол арқылы адамның әрбір әрекетін белгілейтін этномәдени құндылықтардың көрінісі 1960-1990 жылдардағы қазақ поэзиясында да орын алды. Солардың бірі Қадыр Мырза Әли өз шығармашылығында өзінің ұстаным ұстыны етіп «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – Домбыра!» деп айшықтай отырып, этномәдени құндылықтарымызды, көне түркіден бастау алған ұлттық бірегейлігімізді, ғасырлар ырғағымен қалпына келген рухани сана еркіндігін айқындап, қазақ халқының ұлттық кодын ұсынады. Жазушы Мұхтар Әуезов «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» мақаласында Қадыр Мырза Әлидің ақындық шеберлігі туралы сөз қозғап, «Жалпы лирика туралы, қорытып айтқанда, біздің әдебиетке мәдениетті ақындар, оқыған ақындар келе бастаған» деп сипаттама берген (Әуезов, 1985: 448). Жиырмасыншы ғасырдың ортасы қазақ халқының санасындағы өзгеріске толы шағы болғанымен, кеңестік идеологияның шырмауынан толық арыла алмағанын жақсы білеміз. Тіпті қазақ әдебиетшілерін цензураға түсіріп, тұсауласа да, қазақ ақын-жазушылары түрлі құйтырқы кедергілерге қарамастан өз ұлтының мәдени құндылықтарын астарлы түрде іске асырып, өз қажетіне жарата білсе, Қадыр Мырза Әли де өз шығармаларында қазақ халқының өмір салтын, олардың үлгі боларлық дүние танымын, бай тілін, жалпы психологиясын бейнелей алды. Сонымен қоса, бүгінгі таңда қолданыста жоқ этнографиялық бұйымдарды да өлеңіне арқау етіп, оны адамдарға жақын, бірге жаралғандай біртұтас дүниеге айналдырады. Ақынның осылайша қазақ поэзиясына кең тыныс әкелгендігі, қазақ ұлтының менталитетін айқара ашып көрсетуі әсіресе ұлттық құндылықтарға баса назар аударғанымен, өлеңдері өміршең. «Кеңестік дәуірдегі әрбір ақынның бойында белгілі бір өсу процесі болды. Ол мінез жағынан, ойдың, таным жүйесінің кеңдігі тұрғысынан өлең өлкесінде өріліп, өрбіп жатты. Ұрпақтың бойындағы ұлттық мінез халықтың салт-санасы, ұлттық дәстүрін сақтауы арқылы танылады» (Карбозов, 2023: 197). «Әр халықтың қаламгерлері өз ұлтының тағдырын, өмірін жазуға тырысты. Әдебиет ұлттық категория боп қалды. Бұл жағдайлар партияны әрқашан сескендіріп келді. Сондықтан да олар әдебиеттің бетін бүгінгі заманды мадақтауға бұрып, тарих тақырыбынан алыс ұстауға тырысты» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 12).

Жоғарыда көрсетілген тақырыптың өзектілігі мен түрлі мәселелер бойынша жазылған мақаламыздың зерттеу нысаны ретінде Қадыр Мырза Әлидің 1960-1990 жылдары жарық көрген өлеңдері алынып отыр. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде әлем әдебиетінде танымал зерттеуші ғалымдар А.Э.Измайлов, Л.И.Гриценко, Ж.Зидан, Н.Смелзер, С.И.Гессен, Э.Кассирерлер мен қазақ әдебиетіндегі етене таныс ғалымдар М.Арын, С.Қоңырбаева, М.Бұлұтай,

Ж.Наурызбай, С.Қасқабасов, А.Сейдімбеков, С.Нұрмұратов, С.Нұрахметов, Ж.Сұлтанғалиева, Л.Еспекова С.Нұрмұратовтардың ғылыми зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Қадыр Мырза Әлидің қазақ поэзиясындағы тіл, дін, дәстүр, әдет-ғұрып, мораль, тарих, атамекен, жер-су мәселелерін сипаттау, суреттеу тақырыптарын терең игеріп, шеберлікпен жырлағанын анықтау мақсатында алдымызға мына міндеттерді қойдық:

- шығармаларының тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерін айқындау;
- ақын жырларынан ұлтты ассимиляциядан сақтайтын механизмдерді көрсету;
- ақын поэзиясында көрініс тапқан өмір сүру тәсілдерін саралау.

Ұлттық құндылық мәселесі ғасырлар өтсе де, тамырын тереңге жайғандығымен айқындалып, бүгінгі күнге дейін халқымыздың қажеттілігінен түспей келе жатқан әрі мәңгілікке бағыт алған өміршең тақырып болғандықтан, Қадыр Мырза Әли өлеңдерінің ұлттық мінезге толы, қарқынды қайнарға айналғандығымен құнды болып отыр (Ғабитов, 2005: 22-300).

2. Зерттеу материалдары мен әдістері

Ақын өлеңдерінен қазақ ұлтының жойылып кетпеуіне, болмысынан ажырап қалмауына бағытталған кеңістіктегі белгіленген қозғалысы байқалады. Ұлтты ассимиляциядан сақтайтын күштердің өрісінен құралған құндылықтарымыздың көріністері Қ.Мырзалиевтің «Данышпан», «Ой орман» (1965), «Дала дидары» (1966), «Ақ отау» (1968), «Күміс қоңырау» (1970), «Домбыра» (1971, 1974, 1979), «Жерұйық» (1976), «Қорамсақ», «Көкпар» (1981) жыр жинақтарында кездеседі. Қазақ поэзиясындағы Қадыр Мырза Әли шығармашылығында өз ұлтының мәдени құндылықтарын ұғындыруы – негізгі ұстанымы. Сондықтан да ақын өз ұлтының түп тамырына бойлап-ақ діттегенін айта алды. Мұндай бағытты ұстануы кеңестік дәуіріндегі идеялогияға қарсы шығумен бірдей екендігімен белгілі. Дегенмен Қадыр Мырза Әлидің қиыннан қиыстырған әрбір өлең жолдарын өз ұлтының дәстүрлі салты арқылы сезіксіз символ ретінде астарлы ой өрбіткен. Социалистік реализм шеңберінде жүрген болып, ұлт болмысын қалыптастыра алған. Мұнысы ақын лабораториясының жан-жақтылығы мен көне заманға бойлай алғандығын көрсетеді. Күлтегін, Тоныкөк ежелгі түркі руна жазбаларының табылуы ақын шығармашылығына арқау болғандығын және ақынның түркі руна жазбаларының әдеби нұсқасын жасау істерін тәуелсіздік жылдардан кейінгі еңбектерінен толық көре аламыз.

Қадыр Мырза Әлидің шығармаларында ұлттық идея, туған жер, ұлттық сана-сезім, ұлт тарихы туралы туындылары сарапталып, халықтық болмысқа құрылған танымдық ойлар мен өршіл рух, ұлттық тәрбие мәселелері талданады. Қалтарыста қалған ұлттық құндылықтардың Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы көрінісін зерттеу бүгінгі тәуелсіздік талаптары туғызып отырған жаңаша жол тұрғысында сараланады. Теориялық зерттеу барысында ұлттық құндылықтардың көркемдік жүйесін жасап, ой-тұжырымдар жасау үшін салыстырмалы-салғастырмалы, тарихи-функционалдық, көркемдік талдау, жүйелілік-құрылымдық әдіс-тәсілдер қолданылды.

3. Әдебиеттерге шолу

Этномәдени құндылықтар мен мәдениет, құндылық тақырыбына қатысты мәселелер ғалымдар тарапынан әлі де зерттеуді талап етеді. Қазақ ғалымдарынан М.Арын, Ә.Сайран, С.Қоңырбаева, Н.Сайлауова, М.Бұлұтай, Ж.Наурызбай, С.Қасқабасов, А.Сейдімбековтердің бүгінгі таңға дейін елеулі еңбектерді жарыққа шығарғандығын ескерген де орынды.

Қазақ поэзиясы мәселелері Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Т.Әбдірахманова, М.Базарбаев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев және өзге ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Ал біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған Қ.Мырза Әли шығармашылығына қатысты З.Ахметов, Ә.Нарымбетов, Х.Әдібаев, Ә.Кекілбаев, З.Қабдолов, Т.Ибрагимов, З.Серікқалиев, С.Сейітов, А.Егеубаев, Х.Ерғалиев, Б.Ыбырайым С.Ержанова, т.б. белгілі қаламгерлердің зерттеулерін және ақын шығармашылығына арналған диссертациялық еңбектерін кездестіреміз. Алғаш рет 1994 жылы қорғалған С.Нұрахметовтың «Қадыр Мырзалиевтің ақындық шеберлігі» тақырыбындағы диссертацияда ақын шығармашылығы қазақ поэзиясының даму деңгейімен салыстырыла зерттелінсе, «Қазіргі қазақ лирикасындағы мінез мәселелері (Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, Қ.Мырзалиев творчестволары бойынша)» (1998) тақырыбындағы Ж.Сұлтанғалиеваның еңбегінде Қ.Мырзалиевтің дәстүрі мен жаңашылдығын, шығармашылық ізденістерін, ұлттық ерекшеліктерін ғылыми теориялық тұрғыдан зерттеп, «лирикалық мен», «лирикалық қаһарман» ұғымдары, олардың эстетикалық шекаралары туралы қорытындылар жасалған. Қадыр Мырза Әли поэзиясын зерттеген Қ.Тілеубердиев «Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы табиғат және экология мәселелерінің көркемдік шешімі» диссертациясында өз кезеңіне дейін қазақ поэзиясы туралы жазылған зерттеу еңбектерде сұлу табиғаттың экологиялық апат алдындағы жай-күйі сирек сөз етілгенін алға тарта отырып, экология тақырыбына тереңдеп бару себептері мен оны көркем бейнелеуінің негіздерін анықтап берген. Ал Ш.Жанаеваның «1960-1980 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ.Мырза Әли шығармашылығы» (2007) тақырыбындағы диссертациясында кеңестік дәуірдегі балаларға арналған шығармалар кеңестік идеологияның талаптары бойынша ғана жазылғандықтан, шығармаларды бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарауды қарастырған.

Қадыр Мырза Әлидің өлеңдері бүгінгі күнге дейін зерттеліп, арнайы диссертациялық еңбектер мен ғылыми мақалалар жазылғанмен, поэзиясындағы этномәдени құндылықтар туралы мәселе толық қаралмаған.

4. Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазақ халқының уақыт ырғағымен ғасыр көшінің керуенінде өзгеріп қайта түлеген рухани болмысына тән этномәдени құндылықтары даму сатысында. Өйткені заман талабының тартыс-талапайына түскен, бір жағы көшпелі, бір жағы отырықшылыққа ауысуы, сондай-ақ өзге ұлттардың қазақ еліне келіп қоныстануы әсер етіп, мәдениеттің біршама өзгеруіне алып келді. Бір ұлттан екінші ұлттың үйренуі, «жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» қағидасы қалыптасып, мәдениеттің

өркендеу процесі жүрді. Алайда қазақ елі өзінің қалыптасқан, қанына сіңген салт-дәстүрі мен ғұрпынан, құндылықтарынан айырылған жоқ. Қайта бұл этномәдени құндылықтарының өміршен, уақыт өткен сайын айшықтала, анықтала түскенін байқаймыз. Әр ұлттың этномәдени үрдістері мен құндылықтарын сақтаушылар, қорғаушылар, өзінен шыққан гуманистері болған (Amankulova, 2024: 211-219). Айтарлықтай үлесі бар, «жар құлағы жастыққа тимей» ел аңсарын алдыға қоятын көп жағдайда ақындар болмақ. Адам адамгершіліктің ең жоғары құндылықтары – ар-ұят, адалдық, еселі еңбек, махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген қажеттіліктер арқылы руханилыққа жетуге ұмтылады. Руханилықтың көмегімен адам мәдениет әлеміне еніп, өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, дамыған үлгіні ұсына алады. Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзіктігімен қоршап, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік қабілетімен дараландырады. «Байқағанымыздай, этномәдени бірліктер өз бастауын көне түркілік танымнан (наным-сенім, тотемдік, тәңіршілдік түсініктерден) алады. Содан өрбіген қазақы дүниетанымнан материалды және рухани мәдениет өзге ұлтта кездеспейтін этникалық дүниенің бейнесін қалыптастырады. Осылайша қазақтың құндылықтары тілдік жүйенің астарында, мәдени атаулардың символдық, магиялық, мифтік мазмұнымен сақталады» (Назарбекова, 2022: 45).

Ұлттық әдебиетімізде дәстүрді жаңа мазмұн, философиялық терең ой, тың бейнелермен байытқандардың бірегейі – ақын Қадыр Мырза Әли (Мырза Әли, 2006: 5-6). «Шығармашылығына зер салғанда, аңғарылар айтулы, анық сипат – ақынның үнемі ой айтуды, ойландыруды мақсат етуі» (Ыбырайым, 2022: 280). Ақынның өлеңдері әмбебап әрі көп мағыналы және мәдени құндылықтарды жасаушы, оны өз оқырмандарына тұтындырушы ретінде байқаймыз. Ақын туындылары соншалықты айқын, рухани азық етушілерге кейде афоризм күйінде қабылданып, көкейінде жатталып қалады. Мәдени болмыстың тірегі қарым-қатынас екені белгілі. Ал ақын өз оқырмандарымен қарым-қатынасты орнатуды өз шығармаларына жүктеген. Бұл ақынның өзінен гөрі халық арасында өлеңі көп айтылады.

Поэзия – көркемдігі шексіз жұмбақ дүние. Ал сол жұмбақты шешу, оны әмбеге өлең арқылы таңырқатып, тамсандырып жеткізу ақынның міндеті. XX ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінің поэзия жанры үшін жаңа бетбұрыстар мен ізденістерге толы және тың тақырыптарға ойысу беталысы басталды. Себебі қоғамдағы өзгерістер мен дамудың ықпалынан туған заңдылық болса керек-ті. «Жас таланттар қазақ әдебиетінің ауыр жүгін арқалап келген аға буын өкілдерімен ынтымақтаса, бірлесе әдебиеттің жаңа міндеттерін шешуге қатысты. Саяси-әлеуметтік жағдайдағы өзгеріс, қаламгерлер ортасының ынта-ықыласы жаңа шығармашылық еңбекке жол ашты, тың ізденістерге бастады. Әдебиетшілер ортасында бұл дәуір «жылымық» (И.Эренбургтің осы аттас повесінің атымен) деп аталды» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 10-11).

Қоғамдағы аласапыран арпалыстан соңғы күйреулерді қалпына келтіруге арналған жылдар әдебиетті де сілкініс жасатып серпілтпей қоймады. Бұл, әрине, Кеңес

елінде ғана емес, күллі өзге елдерде де әсіресе Еуропа, Азия елдері әдебиеттерінде мүмкіндігінше толымды тақырыптарға айналды. Қазақ поэзиясы осы кезеңдерден қалыс қалмай, әлемдік әдебиеттегі үлкен ауқымды ізденіс заңдылықтарына үндес шығармаларымен көлемін кеңейтті. Ұлттық лириканың адамзаттың қайғы-мұң ауқымындағы ерекше тебіреністерін суреттейтін шығармалар жазылды. Өмірдегі зұлымдық пен адамшылық арпалысқан алмағайып күндерінің шындығы қазақ поэзиясында адамдардың күйзелісін, ауытқу құбылысын нақты да терең шынайы жырлаған туындыларды әкелді. Қазақ өлеңдері тақырып жағынан да, көркемдік келбеті жағынан да жаңғырып жанданды. Жаңа сарындар әсіресе шетел өмірі, әлемдік толғаныстардағы тақырыптар ұлттық поэзия тынысын аша түсіп, жаңа бір леп аңғартқан еді (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 29-30).

Алпысыншы жылдардың соңы мен жетпісінші жылдардың кезеңінде поэзия туындылары өзінің көркемдік деңгейінің өсуі мен өткір де ұшқырлығымен халық ішіне кең таралып, ел арасында аса зор ықпалға ие бола бастады. Бұны поэзияны әдебиеттің бекем бітімді, зерлі сөз ретіндегі ұтымды сипатынан туындады дегенімізбен, қазақ жұртының ежелден-ақ өлең сөзге деген құштарлығының арқасында демеске лажымыз жоқ. Сол жылдар легіне ілесіп жас ақындар шығармалары да жүйелі түрде көптеп жарық көре бастады. Ал олардың туындыларын оқып, бағалау, қолдау дәстүрі де жалғасын тапты. Жаңа есім, жас ақындар болып келген қалам иелеренің бірсыпырасы кейіннен ірі тұлғалы қалам қайраткерлеріне айналды. Атап айтар болсақ, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, С.Жиенбаев, Е.Ибрагим, Ш.Мухамеджанов, М.Мақатаев, Қ.Сарыбаев, Ә.Абайділданов, І.Мәмбетовтер болып тізбектеле береді.

Марксизм мен ленинизм идеологияларымен қаныққан Кеңестік социалистік мемлекет өз мүддесін ғана алдыға қойып, партияны жырлау, билеуші жеке басқа табынушылықты үдету, индустрияны дамыту мақсатында табиғатқа тағылық жасауды жоспарлап іс жүзіне асырды. Этномәдени құндылықтарын біртіндеп жоюға немесе әлсіретуге әрекеттенді. Тоталитарлық жүйе ұлттық мәдениетті тоқырауға ұшыратып, әдебиет әлеміне сауықтық, ұраншыл мәдениетті тықпалады. Адамдар бұрынғы адамгершілік және интеллектуалдық қасиеттерінен айырыла жаздап, ұлттық құндылықтарынан жұрдай бола бастады. Кеңестік кезеңде 60-жылдары «жылымық» атауымен енген еркіндік біршама ақын жазушылардың бауырын жазғанымен әйгіленді дейміз. Осы жылдары басталған лирикалар ерекше тың тебіреніспен жаңарып, жетіліп, өлең мәдениеті өркендеді. Дәуірдің осы бетбұрыстарын аңғарып, халық және қоғам алдындағы азаматтық болмысын шабытпен атқаруда ақындар алдыға шықты. Олар өздерінің жадында жатталған тарихы мен ұлттық құндылықтары қамтылған өз кезеңіндегі өмір тәжірибесін қолданып, шындықпен сабақтастыра жаңаша жырлады. Мұндай сипатта белсенді көрініп, оқшауланған ақын Қадыр Мырза Әли болды. «Туған жер туралы толғанысты оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойлармен ұштастыруда Қ.Мырзалиевтің ізденістері өте бағалы» (Қирабаев, 1998: 129).

«Қ.Мырза Әли – ең алғаш өзінің шығармашылық жолын балаларға арнап өлеңдер жазудан бастаған ақын. Ал, балаларға арнап шығарма жазудың өзіндік ерекшелігі, көптеген қиындықтары бар» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 664). Қадыр Мырза Әлидің өз шығармашылығында балалар әдебиетіне келуі кездейсоқтық емес. Кемшінге айналып, қазақ ұлтының қасіретіне бой алдыра бастаған ананың ақ сүтімен бірге келген ана тіліміздің және салт-дәстүріміздің, ең маңызды құндылықтарымыздың жойыла бастауын тоқтату үшін ең біріншіден балалар әдебиетінен бастау қажеттілігі туындаған. Әдебиеттің бұл саласында ақын көп еңбектеніп, балаларға арналған өлеңдерімен және оны оқыған балалардың қоршаған ортаны қабылдаудың әрі патриоттық сезімдердің қалыптасуының өткірлігіне әсер ететін жеке қабілеттерінің, эмоционалдық және моральдық қасиеттерінің одан әрі жетілуіне ықпал жасады. Балалардың ғылыми дүниетанымдарының негіздері мен мінез-құлық, алуан түрлі көріністегі әлемге деген көзқарастың, танымал тәсілдерінің негіздерінің қалануына қолайлылық тудырды. Балалардың туған үйіне, туған жеріне деген борышын өтеуді, жауапкершілік, жақындық сезімін, өз Отанын қорғауын, ұлттық дәстүрді сақтауын үлгілеп үйретті.

Қадыр Мырза Әлидің балаларға арналған өлеңдеріне талдау жасауды мақсат тұтпадық. Кез келген өнер иесінің шығармашылық жолда қайта оралып, соғар алтын қазығы оның бала кезден санасында сақталған құбылыстар екендігін көп зерттеушілер айтқан. Қадыр Мырза Әли балаларға арналған өлеңдерінде фольклорлық көне ырғақ желілерін ұтымды пайдаланғаны – мұнда ол балалардың санасында көне мақамның ұялауын қалаған.

Әлемдік мәдениеттанушы танымал кейбір ғалымдардың тарихи-мәдени типтерді санамалағанда немесе көрсеткенде, түрік халықтары көрінбей қалады. Оларға келгенде варварлар, түземдіктер, көшпенділер деп біржақты қарап сыңаржақтанады. Осы бір қынжылысқа қарымта қайтарғандай құрық пен семсерді герб етіп, «Асанқайғының зарын», «Домбыра», «Асау», «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Көш» т.б. өлеңдерімен өршеленеді. Технология қаншама дамыса да, әлі өзгермеген екі сала бар. Оның бірі поэзия да, екіншісі кескіндеме өнері. Кескіндеме өнері әу бастағы кенеп, майлы бояу, қылқалам бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз жетіп отыр. Осы сияқты қазақ халқының атам заманғы домбырасы мен бесігі әлі де қолданыста. Қадыр Мырза Әли де осыны нақтылап айтады. Дәстүр сабақтастығының селкеу түсірмес пайдалы екенін, әрі өскелең ұрпаққа кешегісін бүгін де қолдануға «код» ретінде ескертіп өтеді. «Домбыра» кітабындағы жалпы құрылымдық тұтастық көп көңілін бірден аударды. «Домбыра» болған соң, оның ішек, пернелері болуға тиіс. Міне, шартты түрде, сол екі ішекті – екі бөлім; пернелерін – табиғат-жаратылыс; адам-адамзат; арман-үміт; бейнет-зейнет; той-тамаша; уақыт-мезгіл деп, тараулар ретінде алған. Бәрі де алдынала жобаланған, кесімді» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 43). «Қадыр – негізінен ұлттық ақын. Ұлттық ақын болғанда қазақ халқының ақыны. Оның туған халқының арғы-бергі өмірі, тіршілігі туралы (бүге-шігесіне дейін) жазған өлеңдері өте көп. Сол өлеңдердің барлығын жинақтап айтсақ, қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі,

әдебиеттегі образды тарихы деуге де болады» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 670).
Ақын ұлттық құндылықты алтын тақтан да биік қояды.

Атамыздың асынан
Үлкен емес тақ биік,
Жыланның да басына

Шығарған ол ақ құйып, (Мырзалиев Т.2, 1989: 137) – деп, дұшпаны
болса да қаскөйге қастық қылмайтын қазақтың болмысын бейнелейді.

Қадыр Мырза Әли қазақтың ұлттық тілі өлең, өлеңсіз сөздің де қуатты
болмайтынын ұғындырып, әр қазақтың өлеңмен өсіп-өнгенін меңзейді.

Жігіттен түзде түлеген
Қалайша бір жыр шықпайды?!
Қазақтың ұлттық тілі – өлең
Өлеңсіз сені ол ұқпайды (Мырзалиев Т.2, 1989: 142).

Ақын шығармашылығындағы көркем дүниенің құндылығы сүрінгенге сүйеніш,
адасқанға айқын жол, табансызға таяныш, жігерсіздің жанын жандандыру болуында.
Бұл жағдайда ақын да өз мәресіне жетіп, өмір мен өнерді жымдастырып жылылық
таныта алады. Ақын өз позициясын ашық түрде, арман түрінде жариялайды.

Қамын қойып кәдімгі қара бастың
Жыр майданға мен қашан араластым!
Шіркін сөзім
Елдерде адам асқан
Қиып түссе арқанын дар ағаштың (Мырзалиев Т.3, 1989: 135)

Ақын жыр майданға араласып кеткенін «жыр майданға мен қашан араластым» деп
өзіне өзі сұрақ қою арқылы және де өз сөзінің адамзатқа қиянат келтірушілерді қиып
түссе екен деген арман райындағы жолдармен «аңдушы биліктің» күмәнін сейілтп
отырады. Бірақ анығында ақын жырдан майдан ашып, қиянатшыларды қиып түсер
қылыш сөздерімен оңды-солды сезілмейтін серпінмен түйрегені белгілі. Табиғат,
халық ақынмен бірге.

Мекенімсіз, жұртымсыз
Қайда қалам?!
Ақын болып бірдеме жазарымда
Халық болып алдымен ойлап алам! (Мырзалиев, 1991: 20)

Ақын өлеңдерінен көңілі жабыңқы, зар-шерлі қайғы басқан шумақтарды
кездестірмедік. Бірінен соң бірі кездескен өршіл рухқа құрылған сөздер.

Адасқандар тапса екен деп бір-бірін,

Әр өлеңге бір-бір алау ұстатам (Мырзалиев Т.1, 1989: 141)

Ақын ұлтты ұлықтаудан әсте жалықпайды.

Енді міне
Тетіктерін нық бұрап
Трактор боп гүрілдейді құт қырат.
Ата-баба мықты еді ғой
Мықты еді
Ұрпағы одан болу керек мықтырақ! (Мырзалиев Т.3, 1989: 139).

Қазақ болмысының тектілігін, қазақтың кім екенін, құндылық қағидаттарын ескере отырып, бұрыннан бар ата-бабаларымыздың өсиеттерін қайта жаңғыртады.

От ішінде
Өрт ішінде күйгенде
Басыңды име
Тізе бүкпе
Именбе!
Ұл еңкейсе еңкейеді
жалғыз-ақ
Туған жердің топырағын сүйгенде (Мырзалиев Т.2, 1989: 33).

Ендеше бізге байқалғандай ақын Қадыр Мырза Әли өнерінің бес тереңдігі бар. Олар: ұлттық үрдіс, салт-дәстүр, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық ұғым. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, дағды, ғұрып – адам мінезі мен тіршілігі. Демек, ұлттық дәстүрдің өзгеруі мен жоғалуы мүмкін емес. Уақыт өтіп, қоғамдар ауысса да, қалпы мен тұрақтылығын сақтайды. Қайта адам мінезіне байланысты түрленіп, түзіліп отыратыны даусыз нәрсе.

Кеңес мемлекетінің қазаққа жасаған нәубеттері, қыастықтары, бұра тартқан бұрмалаулары, ұлттық нақыштарды айғыздаулары, айтқыштарды ауыздықтаулары бір сәтке болса да тоқтаған емес. Қайта дамытылған, елеусіз кейіп танытатын салқын саясаттар халық арасында оның ішінде ақындардың алдын орап отырды. Сынық ойлы сыншылар ұлттық шығармаларды ұясында тұншықтыратын цензура пәрмені ақындардың немесе жазушылардың еркін түрде жазуына кедергі келтірді. Мұндайдан амалдап шығу, қалай болғанда да өз ойын халыққа жеткізу мақсатында да ақын Қадыр Мырза Әли өнердегі өз тәсілін, өз шеберлігін тапқан. Ақынның өз сөзімен алсақ «шындығымды өткізу үшін аздап өтірік қостым» дегені бар.

Жоғарыда айтылған кедергілерден өту үшін ақын өз өлеңінің бірін «жақсысы мен жаманы» деп алады (Мырзалиев, 1989: 253). «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» атты ел аузында жатталып кеткен атақты өлеңінде ол қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған ұлттық әдет-ғұрпын, мінез-құлқын, психологиясын,

экономикалық, әлеуметтік, саяси бейнесін тарихи шындыққа сай үлкен көркемдік шеберлікпен суреттеп берді», - дейді зерттеуші Ә.Нарымбетов (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 670). Осы тұста ғалым Б.Ыбырайымның мына пікірін келтірсек: «Мысалға алынған өлеңдегі бабамыздың, яғни халқымыздың қонақ-жайлығы, батырлығы, еркіндік сүйгіштігі секілді қасиеттері де, сол сияқты кемшіліктері де – баршаға аян шындықтар. Сол қалпында тамсана айтып, толғап шықса, өлеңнің эстетикалық қуаты көп әлсірер еді. Алайда ақынның тапқырлығы – ұнамды және ұнамсыз ерекшеліктерді бір-біріне қарама-қарсы қойып, бірін ардақтап, екіншісін сынға алуында». Ғалым ақын өлеңінен өз кемшілігін көрген оқырманды ойландырады, арадағы қайшылықтарды аңғартады дей келе, «Міне, осы арада Қадыр Мырза Әли шығармашылығына тән көркемдік сипаттар тағы да айқын нышан танытады. Бірі – ақынның тапқырлығы, екіншісі – ойын өткір, айқын да шоқтықты жеткізу үшін қарама-қарсы қою, яғни контраст тәсілін шебер қолдануы» деп ақын шеберлігін сөз етеді (Ыбырайым Б, 2022: 286). Ал біздің пайымдауымызша бұл жерде ақынның жаман деп отырғанының өзі жақсы. Байтақ далада ғасырлар бойы ғұмыр кешкен бүтін бір халықтың мінез-құлқын суреттейді. Біз бұл жерде ақынның жаманына ғана тоқталсақ. «Бір жаманы – тынымсыз көше берген», иә сонау сақ, ғұн дәуірлерінен бастау алып, мал жайымен көшпелі болғаны – ақиқат. Мұны жаман дей алмайсың. «Бір жаманы – жел сөзге ерген екен», бұл да шындық. Қазақтың құйма құлақ болғаны рас. «Бір жаманы – кетпенге орашолақ», қазақ жартылай көшпелі, жартылай отырықшы болғаны тарихтан мәлім. Егін шаруашылығы аз болған соң, екінші бірін диқан дей алмайсың, жаман деуге келмейді. «Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан», мұнда кириллицаны айтып отыр. Ал қазақтың түп тамыры түркіге тірелер Күлтегін әліппесіне мұрагерлігі бар. «Бір жаманы – қыздарын малға сатып», қызға қалың мал төлеу барлық халықта кездеседі. Бұл қыздың құнының бар екенін көрсетеді. Қазақтағы «қалың мал» төлеу әдет-ғұрпы әлі де бар, құнын жоймаған ұлттық құндылықтың бірі. «Бір жаманы – шаруасын мандытпаған», иә, Кеңес мемлекеті кезеңінде жүйесіз жоспарлармен шаруаны мандытпағаны, іштей қарсылық болғанын байқаймыз. «Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне», бұл, әрине, салт-дәстүрде бар, әмеңгерлік жолы. Бұл ғұрып маңыздылыққа ие. Қазіргі таңда күшін жойған. Бұл дәстүрдің жойылғаны, жалғыз бастылық, жесірлік, жетімдік проблемаларын өршітіп тұр. Бұл әдет-ғұрыпты да жаман деп бағалай алмаймыз. «Бір жаманы – сонда да үй салмаған», қазақ ұлтының дүниеге қызықпайтынын, еркіндік сүйгіштігін меңзеген. Мұны да жаман деуге келмейді. Ақын біршама зерттеушілердің айтқанындай «қарапайым сөздер» емес, ұлт ұғымына үйреншікті сөздерді іріктеп алады. Ақынның жырларына тән ерекшелік – антонимиялық құбылыстарды салыстыра, жарыстыра қолдануы. Ал біздің көп жағдайда бағдар етіп ұстанар орыс әдебиетін тану ғылымында антонимдердің өлеңдегі қолданысына зерттеушілер аса тоқтала қоймаған. Салыстыра бағамдасақ, орыс ақындарына қарағанда қазақ ақыны Қадыр Мырза Әлидің антонимдерді құлпырта қолданғанын аңғарамыз. «Қадыр көптеген өлеңдерінде арасы кереғар құбылыс, ұғымдарды жақындастыру, шендестіру арқылы

қуатты поэтикалық әсер тудырады. Поэтикалық астар жасайды да, оны ұтымды шеберлікпен шешеді» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 445).

Ақынның тағы бір айрықша қабілеттілігінің бірі – өз өлеңдеріне окказионализмді сөздерді де қолдана алуы. Окказионализм – автордың тілдік нормадан өзгеше оқырманға эстетикалық әсері жоғары сөз қолдану тәсілі. Қадыр өлеңдерінде окказионализм сөздерге көп жол ашылған. Олар: қозы-сезім, дәуір-қайғы, ескерткіш-жыр, тұлпар-қиял, тағдыр-дауыл, жұлдыз-ой, қария-күн, үкілі-ой, қылыш-Ай тағы басқа болып жалғаса береді. Бұл сөздер қазақ әдебиеті қорындағы сөздерді кемелдендіре түскені, тілдегі ұлттық құндылығымызды арттыра түскенін айтқымыз келеді (Кішібеков, 1999: 13-1586).

Еншімізге берілген ұлан-ғайыр жеріміз бен шетсіз, шексіз даламыз бар. Бұл байлықтан айырылу қасірет әрі қазақтың жойылуымен тең. Осыны аңғарған ақын.

Уа, Туған жер, көңілдің сенсің терең төрінде,
Сені ғана жоғалтқан – жоғалтады бәрін де! (Мырзалиев Т.1, 1989: 84).

Қадыр Мырза Әли лирикаларынан ұлтының бітім-болмысы, қанға сіңген қасиеті, қала берді салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары біртіндеп алма кезек еске салып отырады. Мұнысы өз ұлтының ұлылығын, түп төркінінің тіл жетпес ғажайыптығын болашақ ұрпақ ұмытпаса екен деген аманаты екенін ұғынасың.

Ол өз қазағын және өзін:

Омырауы өртенген от деміне

Өкінсем де елімнің өткеніне

Мен халқыма тартқанмын

Құдайға емес,

Шаршағанда сүйенген кетпеніне (Мырзалиев, 1979: 126) - деп, әр сөзін нық, шешімді түрде, батыл, күмәнсіз айту арқылы, қазақ ұлтының ғасырларды артқа тастаған тарихына бойлай енеді. Өз халқының от деміне өртенген сүйген елінің еңбекқорлығын, құдай да қаперіне кірмей, шаршағанда кетпеніне сүйенетіндігін әдемі колоритпен кең тыныста ашық айта алады.

«Құдайға емес» сөзі оқырманды селт еткізіп, бұл ақын атеист екен-ау деген ой туындатуы мүмкін. Алайда ақын құдайға жақындағың келсе, бірінші еңбегіңмен таныл дегенді меңзейді. Өзбек халқының символы – кетпен. Босағасына кетпенді сүйеп қояды. Ал қазақ халқының да кетпенді қасиетті құрал-сайман ретінде қабылдағанын, өз өмірінің сүйеніші болғандығын аңғарамыз. «Оның шығармаларының тақырыптары да әр алуан. Алайда, өлеңін қай тақырыпқа арнаса да, Қадыр ақын негізгі нысанасы адамды, оның еңбегін, дәстүрін, тұтастай тұлғасын танытуға ұмтылады. Бұл – бүкіл әдебиеттің тақырыбы екені де рас. Алайда, ақын біткеннің негізгі тақырыбы ортақ болғанмен, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі де болатыны даусыз» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 665).

Қылышпенен кіндігін кескен қазақ

Кескен кейін тұсауын кетпенменен (Мырзалиев, 1979: 129), - дегені де сөзімізді дәлелдей түседі. Қазақ халқының «кіндік кесу», «тұсау кесу» сынды қолданыстан шыға бастаған салт-дәстүрлері де ақын өлеңдерінде бірінен соң бірі тізбектеледі. Кіндігін қылышпен кессе, онда ол халықтың батырлары көп болғаны, ал тұсауын кетпенмен кессе, еңбекті ұлық санаған диқаншыларының көп болғаны. «Еңбек – адамдарды, халықты өсіретін, алдына қойған арман-мұратына жеткізетін күдірет күш екенін Қадыр ақын шығармаларында жеткізе айтқан» (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2005: 665). Ақын ұзағынан толғамай-ақ аз сөзімен тұрақты сөзге айналдырып тұжырымдайды.

Ақын өзін айтуы арқылы халқының шаттығы мен қуанышын, мұңы мен мұқтажын айтады.

Мен – Еңбектің кәдімгі бел баласы

Адам-ата асырап алған кейін (Мырзалиев, 1979: 132) – деп еңбек тақырыбындағы өз ұлтының мәдени құндылықтарына назарын аударды.

Бағзы заманнан қалыптасқан отбасылық қарым-қатынасты, ондағы шуақты шақтардың ыдырай бастағанын ақын ерте аңғарады. Жылдам уақыттың да келе-келе адамзаттың өміріне селкеу түсіретінін, әр ұлттың мәдени құндылықтарын кейінге ысыратынын анық айтады.

Енесі келіннің де – өзің, уақыт,

Әйелді біздер алып,

Сен жұмсайсың! (Мырзалиев, 1979: 160).

Міне, ене мен келін арасындағы шынайы сүйіспеншіліктегі қарым-қатынастың да уақыт ырғағымен өзгере бастағанын, айтар ақылың мен берер тәрбиеңнің немесе сырласар, ақылдасар кезеңнің де көзден бұл-бұл ұша бастағанын ақын аңдаған.

Әжесі сәбидің де – өзің, уақыт,

Оны да біздер тауып,

Сен бағасың! (Мырзалиев, 1979: 160).

Ертегі айтар әжелердің бүгінгі таңда азайып кеткені өкінішті. Бұл құндылықтардың жойыла бастағанын ақын «уақыт» деу арқылы сол уақыттың ішіндегі өзімізді кінәлап отыр.

Қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелер, адамдардың қарым-қатынасындағы елеулі құбылыстарды, қауым алдындағы терең жауапкершілік сезінгендігі ақын шығармаларының мазмұны болып саналады. Ақын өлеңінің қуаттылығы, өмірден алған құбылыстар әсерін бейнелеп беруі, адамдардың жан-сезімін, көңіл-күйін сыршылықпен жеткізудегі ұтымдылығы, табиғатты сезімталдықпен қабылдауы кез келген оқырманды қызықтырады. Қадыр Мырза Әлидің әр кезеңдерде жазған

шығармаларының лирикалық кейіпкері, негізінен алғанда, ой-қиялы жетілген жаңаша жан-сезімінен пайда болған жаңа адам. Қасаң қағидада қатып қалмай, бірде тарих, бірде халық бейнесінде, бірде қазақтың кең сахарасын кезіп кетіп, тұтасқан дала кейпінде көрінеді.

1969-1990 жылдар аралығында Кеңес ғалымдары мен Моңғолия ғалымдарының бірлесіп жүргізген экспедициясының (жетекшісі С.Кляшторный мен Қ.Сартқожаұлы) нәтижесінде түркі руна жазулары табылып оның ғылым айналымына қосу ісі басталды (Василев, 1976: 86-101). Қазан төңкерісіне дейін қазақта жазу-сызу болмаған деген тектес ой-тұжырымдарды көне түркі жазбаларының табылуы сейілткен еді. Қадыр Мырза Әли кемелденген шағында аталып өтілген көне түркі руна жазуларымен турасында публицистикалық жанрда жазылған жазбалармен танысып, оларды әдеби нұсқаға айналдыру мүмкіндігіне ие болды. Ақын келтірген әдеби нұсқадағы «Күлтегін» және «Тоныкөк» жыр жолдары ашық та айқындылығымен, нақтылығымен ерекшелене отырып, оқырманын беймәлімге толы түркі дүниесі сәлеміне жетелейді.

Соңу бастан, о бастан
Бір-біріне жарасқан
Жаралғалы Қара Жер,
Естеби мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышын дүниенің
Соларменен санасқан (Күлтегін Тоныкөк, 2001: 11).

Міне өлең «жаралғалы қара жер, жаралғалы көк аспан» деп қазақияның түп тұқиянына сүңгітіп, түркі қағандығының құрылғанына қарайлатады. Бұл жөнінде тарихшы ғалым Х.Әбжанов та былайша тұжырым айтады: «Тарихи сананың биік деңгейге көтерілгені Күлтегін ескерткіші мәтінінде оқиғалар барысы мен нәтижесін айна қатесіз баяндаудан байқалады. Түркі мемлекетінің іргесін қалаған Бумын мен оның інісі Естеми қағандардан тартып (VI ғасырдың ортасы), 732 жылға дейінгі аралықта орын алған саяси үрдістерді, халықаралық ахуалды, этникалық-территориялық өзгерістерді, ел тағдырына тікелей әсер еткен басқа да факторларды хронологиялық тәртіппен тізуі осыған дәлел» (Әбжанов, 2001: 135). Қ.Мырза Әлидің «Күлтегін Тоныкөк: ежелгі түркі рун жазбалары» еңбегінің әдеби нұсқасын жасауы қазақ әдебиетіндегі жаңа жанрға ұқсас жаңалық, бұл ұлы ұлттың, халқын ойлаған ақынның қолынан келетін ерлікке толы әрекет. Зерттеуші Б.Жәнібекованың мақаласында қазақ әдебиетінде көрініс тапқан ұлттық құндылықтарымыздың түрлі шеберліктермен бейнеленуі, жол тауып насихатталуы шетелдіктер үшін аса маңызға ие болғандығы сөз етіледі (Zhanibekova and Beisenova, 2021: 204-210). Қай ғасыр, қай заманда болсын ақындар халқының қадірлісі, даңқты азаматы туған елінің ақ бетінің ары саналған. Нағыз ақындар өзінен бұрын халқының қамын ойлаған, жұртының жоғын жоқтаған, қашанда әділдікке араша тұрып, ел мүддесін қорғаған.

Ақындардың ақындығын ғана әйгілеп қоймай, олардың қандай адам, қандай азамат екенін танытатын таразысы азаматтық негізде жазылған жалынды жырлары.

5. Қорытынды

Этномәдени құндылықтар – тұрақты, берік орныққан атамзаманнан мұраға қалған, ел ішінде қолдау тапқан, адамдардың мінез-құлқы мен қарым-қатынасынан жалпы адамға ұялаған мәдени қағидат. Дәстүр мен әдет ғұрыптардың маңыздылығы қоғамдық жүйеге ене отырып, қоғамдық реттеуіш функциялар әрекетін де орындай алуымен қатар, танымдық және тәрбиелік функциялар қызметін де атқара алады. Өміршең дәстүрлерді ұстану қалыптасқан әдеттерді ғана емес сонымен бірге адамзаттың ішкі дүние иірімдерінде де өрбитін патриоттық сезімдерін де нығайтады.

Қадыр Мырза Әли қазақ әдебиетіндегі поэзияға аса жоғары білімділікпен, шыңырауда шындалған шеберлікпен, ана сүтімен суарылған сұлулықпен, таразыланған тарихымен, ұлық ұлыс – ұлт қамымен, қырағы халық көзімен, дараланған салт-дәстүрімен, қазақ құндылығымен келді. Ақын бұрын елдікті, халықтықты, тәуелсіздікті аңсау сарынында жазған болса, ал тәуелсіздік алған соң ақын жылдар бойғы өз позициясын ашық, жария түрде айтты. Оны тәуелсіздік жылдары жарыққа шыққан өлең жолдарынан аңғарамыз. Өлеңдеріндегі батыл айтылған ақын сөздері – кезек күтіп тұрған зерттеу жұмысы.

Әдебиеттер:

1. Amankulova L.A., Kospagarova A.K., Eker G.Ö. Ethnocultural values in contemporary kazakh poetry (based on the work by poet A. Shegebay) // «Керуен» ғылыми журналы. – 82(1). – 2024. – 211-219 б. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-17>
2. Әбжанов Х.М. Күлтегін жазуы: тарихи сана мен таным. – Алматы: Ғылым, 2001. – 135 б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т 20. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
4. Василев Д.Д. Памятники тюркской рунической письменности Азиатского ареала // Советская археология. – №1. – 1976. – с. 82-101
5. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттану: Оқулық. – Алматы: Паритет, 2005. – 416 б.
6. Zhanibekova, B. and Beisenova, Z. (2021). Anuar Alimzhanov's Aesthetic Position and its Artistic Realization. International Journal of Society, Culture & Language, 9(2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), – P. 203-211. https://www.ijscsl.com/article_245959_22fa569e4809ed48ffa3f70c98d3bb77.pdf
7. Жанаева Ш.А. «1960-80 жылдардағы қазақ балалар поэзиясы және Қ.Мырза Әли шығармашылығы» фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2007. – 136 б.
8. Карбозов Е.К., Мамежанова Ә.Е. 1960-1980 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №4. 2023. – Б. 190-202. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.13>.
9. Күлтегін Тонкөк: ежелгі түркі рун жазбалары / Әдеби нұсқасын жасаған Қадыр Мырза Әли. – Алматы: Өлке, 2001. – 144 б.
10. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. Кеңес дәуірі (1956-1990). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 992 б.
12. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. - Алматы, 1998. – 198 б.
13. Қоңырбаева С. Этномәдени құндылықтар негізінде отбасылық өмірге даярлау. Монография. – Алматы: Отан, 2016. – 180 б.
14. Мырза Әли Қ. Таңдамады жинақтар: Т.1. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2006. – 364 б.
15. Мырзалиев Қ. Домбыра: өлеңдер кітабы. – Алматы: Жазушы, 1979. –352 б.

16. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы, Т.1: Өлеңдер мен поэма. - Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
17. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы, Т.2: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1989. – 432 б.
18. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы, Т.3: Өлеңдер мен поэма. - Алматы: Жазушы, 1989. – 432 б.
19. Мырзалиев Қ. Қылыш пен қанжар. Өлеңдер кітабы. – Алматы: Жалын, 1991. – 288 б.
20. Oskan, Assem; Qamzabekuly, Dikhan; and Nuriman, Bekarys (2024) «Alikhan Bokeikhan's Literary Preservation of Kazakh Identity Against Colonial Ideology,” *Kritika Kultura*:– No. 45, Article 2. DOI: <https://doi.org/10.13185/1656-152x.1030> Available at: <https://archium.ateneo.edu/kk/vol1/iss45/2>
21. Рахметова Р., Назарбекова А. Этномәдени бірліктерді оқытудағы этнопсихолінгвистикалық тәсілдердің тиімділігі. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы. №1(75), 2021. – Б. 41-46. <https://bulletin-philology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/551>
22. Тілеубердиев Қ.М. «Қадыр Мырзалиев шығармаларындағы табиғат және экология мәселелерінің көркемдік шешімі» фил. ғыл. канд. дисс. – Түркістан, 2004. – 170 б
23. Ыбырайым Б. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Дәуір, 2022. – 384 б.

References:

1. Amankulova L.A., Kospagarova A.K., Eker G.Ö. (2024). Ethnocultural values in contemporary kazakh poetry (based on the work by poet A. Shegebay) // *The Scientific Journal «Keruen»*, Vol 82(1), pp. 211-219. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-17> (in Eng).
2. Abjanov H.M. (2001). Kultegin's writing: historical consciousness and cognition. – *Almaty: Gylym*. – 335 p. (in Kaz).
3. Auezov M. (1985). A collection of twenty volumes. T 20. – *Almaty: Zhazushy*. – 496 p. (in Kaz).
4. Vasilev D.D. (1976). Monuments of the Turkic runic script of the Asian area // *Soviet archeology*. №1. – P. 82-101. (in Russ).
5. Gabitov T. H. (2005). Cultural science: Textbook. – *Almaty: Raritet*. – 416 p. (in Kaz).
6. Zhanibekova, B. and Beisenova, Z. (2021). Anuar Alimzhanov's Aesthetic Position and its Artistic Realization. *International Journal of Society, Culture & Language*, 9(2 (Themed Issue on Modern Realities of National Languages of CIS Countries), – P. 203-211. https://www.ijscel.com/article_245959_22fa569e4809ed48ffa3f70c98d3bb77.pdf
7. Zhanaeva Sh. A. (2007). “Kazakh children's poetry of the 1960s and 80s and the work of K. Mirza Ali” Cand. of philological Sciences diss.- *Almaty*. - 136 p. (in Kaz)
8. Karbozov E.K., Mamezhanova A.E. (2023). National worldview and traditions in Kazakh poetry in the 1960-1980. *Bulletin of the Eurasian Humanities Institute*. №4. – P. 190-202. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.13>
9. Kultegin Tonykok: Ancient turkic runic inscriptions. (2001). / Literary version by Kadyr Mirza Ali. – *Almaty: Olke* – 144 p. (in Kaz)
10. Kishibekov D. (1999). Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow. – *Almaty: Gylym*. – 200 p. (in Kaz).
11. Kirabaev S. (1988). Kazakh literature in the Soviet era. – *Almaty*, – 198 p. (in Kaz)
12. Konyrbaeva S. (2016). Preparing for family life on the basis of ethno-cultural values. Monograph. - *Almaty: Otan*, – 180 p. (in Kaz)
13. Qazaq adabietinin tarihy [History of Kazakh literature]. (2005). Ten volumes. Volume 9. Soviet era (1960-1990). – *Almaty: QAZAqparat*, – 992 p. (in Kaz)
14. Myrza Ali K. (2006). Selected collections: Vol.1. *Almaty: Balalar adabieti* – 364 p. (in Kaz)
15. Myrzaliyev K. (1979). Dombra: a book of poems. - *Almaty: Zhazushy*. - 352 p. (in Kaz)
16. Myrzaliev K. (1989). Collection of works in three volumes, T.1: Poems and poems. – *Almaty: Zhazushy*. – 448 p. (in Kaz).
17. Myrzaliev K. (1989). Collection of works in three volumes, T.2: Poems. – *Almaty: Zhazushy*. – 432 p. (in Kaz).
18. Myrzaliev K. (1989). Collection of works in three volumes, T.3: Poems and poems. – *Almaty: Zhazushy*.

– 432 p. (in Kaz).

19. Myrzaliev K. (1991). Sword and dagger. A book of poems. - Almaty: Zhaly. – 288 p. (in Kaz).

20. Oskan, Assem; Qamzabekuly, Dikhan; and Nuriman, Bekarys (2024) «Alikhan Bokeikhan's Literary Preservation of Kazakh Identity Against Colonial Ideology,” *Kritika Kultura*:– No. 45, Article 2. DOI: <https://doi.org/10.13185/1656-152x.1030> Available at: <https://archium.ateneo.edu/kk/vol1/iss45/2>

21. Rahmetova R., Nazarbekova A. (2021). Efficiency of ethnopsycholinguistic approaches in teaching ethno-cultural units. *Kazakh National Pedagogical University after Abai, Philology series. No1(75)*, – P. 41-46. <https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.06> (in Kaz).

22. Tleuberdiev K. M. (2004). “Artistic solution of problems of nature and ecology in the works of Kadyr Myrzaliyev” Cand. of philological Sciences diss. - Turkestan, – 170 p. (in Kaz)

23. Ybyraiym B. (2022). *Kazakh poetry in the 20th century*. – Almaty: Daur – 384 p. (in Kaz)

Р.З. Мұқышева*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті Өскемен, Қазақстан**E-mail: raushangulmukusheva@mail.ru**ORCID: 0000-0003-2597-0946***ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ МАЖАР ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ**

Аңдатпа. Мақалада 19 ғасырда мажар ғалымдарының қазақ әдебиетіне қатысты зерттеулері талданады. Қазақ әдебиеттануында қазақ әдебиетінің шетелдерде танылуына ерекше мән беріледі, себебі ұлт әдебиеті әлемдік үдерістерге үн қоса алатын жоғары деңгейде болуы тиіс. Қазақ ауыз әдебиетінің мұралары өткен ғасырларда Еуропадан қазақ жеріне саяхаттаған ғалымдардың еңбектері арқылы еуропалық, одан әрі әлемдік қауымдастыққа таныла бастады. Кейбір ғалымдар өздері тікелей қазақ жеріне сапар шекпесе де, сол ғасырдағы саяхатшылардың еңбектерін еуропа тілдеріне аударып басумен айналысты. Қазақ-мажар әдеби байланыстары осындай жазбалардан басталады. Мақалада бірінші рет трансильваниялық мажар полигисторы Шамуэль Брашшандің «Қырғыз-қазақтар» (1835) атты этнографиялық очеркіндегі қазақ халқының ақындық таланты, көркемдік қиялының күші, суырып салмалық өнері туралы пікірлеріне қоса, «Ер Тарғын» жырынан келтірілген үзіндісіне талдау жасалды. Сонымен қатар 19 ғасырдағы атақты мажар түркітанушысы Армин Вамберидің «Орта Азияға саяхат» (1865), «Түркі нәсілі: этнологиялық және этнографиялық көзқарас» (1885) және тағы басқа еңбектеріндегі қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік сипаты, жанрлық ерекшелігі туралы пікірлері мажар тілінен тікелей аударылып, салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы талданып, әдебиеттанушы ғалымдардың назарына ұсынылып отыр. Мажар ғалымы Йозеф Туридің Орта Азия халықтары туралы «Орта Азия түркі әдебиеті» (1904) зерттеуі ортазиялық түркі әдебиетіне қоса алғанда қазақ әдебиетіне де ортақ әдеби құбылыстар мен ерекшеліктер туралы баяндайды. Мажар ғалымы бұл еңбегінде Орта Азиядағы жазба әдебиетінің дамуын сипаттайды. Бұл ғалымдардың жазып қалдырған еңбектеріндегі қазақ әдебиеті туралы құнды пікірлердің қазақ-мажар, қазақ-еуропалық әдеби байланыстар үшін өте маңыз зор деп ойлаймыз.

Кілт сөздер: қазақ фольклоры, орта азия әдебиеті, әдеби байланыстар, түркітану, мажар түркітануы, әлем әдебиеті, еуропалық қауымдастық, еуропа тілдері, әдеби мұра

Р.З. Мукушева*Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,**Усть-Каменогорск, Казахстан**E-mail: raushangulmukusheva@mail.ru**ORCID: 0000-0003-2597-0946***Взгляд венгерских ученых на казахскую литературу**

Аннотация. В статье анализируются исследования ученых 19 века, касающиеся казахской литературы. В казахском литературоведении особое внимание уделяется признанию казахской литературы за рубежом, поскольку высоко развитая национальная литература должна быть активно подключена на мировые процессы. Наследие казахской устной литературы стало узнаваться в европейском, а затем и в мировом сообществе благодаря трудам ученых, путешествовавших из Европы в казахскую землю в прошлые века. Некоторые ученые, хотя и сами не ездили непосредственно в казахскую землю, но переводили труды тех ученых -этнографов, тюркологов, путешествовавших в Среднюю Азию и Казахстан, на европейские языки. Казахско-венгерские литературные связи начинаются с таких записей. Впервые в статье был проанализирован отрывок из поэмы «Ер Таргын» в этнографическом эссе венгерского полигистора из Трансильвании Шамуэля Брашшан «Киргиз-казахи»

(1835), а также его рассуждения о поэтическом таланте казахского народа, о силе художественного воображения, об ипроавизаторском таланте казахов. Кроме того, впервые переводятся непосредственно с венгерского языка на казахский язык рассуждения известного венгерского тюрколога 19 века Армина Вамбери о своеобразии и жанровой специфике казахской устной литературы из его научных трудов, как «Путешествие в Среднюю Азию» (1865), «Тюркская раса: этнологический и этнографический взгляд» (1885) и анализируются с помощью метода сравнительного анализа и предлагается вниманию казахстанских ученых-литературоведов. Исследование венгерского ученого Йожефа Тури о народах Средней Азии «Тюркская литература Средней Азии» (1904) рассказывает о литературных явлениях и характеристиках литературы Средней Азии 19 века, общих и для казахской литературы. В этом труде венгерский ученый описывает развитие письменной литературы в этом регионе. Мы считаем, что ценные мнения о казахской устной литературе в произведениях этих ученых очень важны для казахско-венгерских, казахско-европейских литературных связей.

Ключевые слова: казахская литература, казахский фольклор, среднеазиатская литература, литературные связи, тюркология, венгерская тюркология, мировая литература, европейское сообщество, европейские языки, литературное наследие

R.Z. Mukusheva

Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University

E-mail: raushangulmukusheva@mail.ru

ORCID: 0000-0003-2597-0946

Hungarian Scholars' Perspectives on Kazakh Literature

Abstract. The study of Kazakh literature by 19th-century Hungarian scientists is examined in this article. Since a well developed national literature need to be actively involved in international literary processes, Kazakh literary studies places particular emphasis on the acknowledgment of Kazakh literature abroad. The legacy of Kazakh oral literature began to be recognized in Europe and then in the world community thanks to the works of scientists who traveled from Europe to the Kazakh land in the past centuries. Some scientists, although they did not travel directly to Kazakhstan, translated the works of those ethnographers and Turkologists who traveled to Central Asia and Kazakhstan into European languages. Kazakh-Hungarian literary relations begin with such records. For the first time, the article analyzed an excerpt from the poem «Er Targyn» in the ethnographic essay of the Hungarian polyhistor from Transylvania Sámuel Brassai «*Kazakhs*» (*Kirgiz kozákok*, 1835), as well as his reflections on the poetic talent of the Kazakh people, the power of artistic and the imaginative talents of the Kazakhs. In addition, for the first time, the arguments of the famous Hungarian Turkologist of the 19th century, Ármin Vámbéry, about the originality and genre specifics of Kazakh oral literature from his scientific works, such as *Travels in Central (Közép-Ázsiai utazás, 1865)* and *The Turkic People in its Ethnological and Ethnographic Connexions (Török faj: Ethnologiai és ethnographiai tekintetben, 1885)*, are translated directly from Hungarian into Kazakh and analyzed using the method of comparative analysis and proposed to the attention of literary scholars. The study of the Hungarian scientist Thury, József on the Literature of Central Asian turks: *Turkic Literature of Central Asia (A közép-ázsiai török irodalom, 1904)* tells about the literary phenomena and characteristics of the literature of Central Asia of the 19th century, common to Kazakh literature. In this work, the Hungarian scientist describes the development of written literature in this region. We believe that valuable opinions about Kazakh literature in the works of the mentioned Hungarian scholars are very important for Kazakh-Hungarian and Kazakh-European literary relations.

Keywords: Kazakh Literature, Kazakh Folklore, Central Asian Literature, Literary relations, Turkology, Hungarian Turkology, World Literature, European Community, European Languages, Literary heritage

1. Кіріспе

Қазақ әдебиетінің шетелдерде танылуы және насихатталуы әдебиетіміздің шетелдегі әдеби үдерістерге араласуы деңгейін, әлемдік әдеби қауымдастықтағы орнын айқындайды. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің танылуы тәуелсіздік алғаннан

кейінгі кезеңде өзектілікке ие болды. Қазақ әдебиеттену ғылымында әдеби байланыстырдың зерттелу тарихы Шоқан Уәлихановтың еңбектеріне айырықша мән берген (Сатпаева 2012: 288) Шамшиябану Сатпаеваның зерттеулерінде кең өріс алды. «Қазақ әдебиетінің алыс шетел әдебиеттерімен өзара байланысын зерделеу тұрғысынан М. Әуезовтің тікелей басшылығымен және компаративті зерттеулерге басқалардан бұрын кіріскен Ш.Қ. Сәтбаеваның еңбектерін атап өту қажет, ол қазақ-еуропалық және қазақ-шығыс әдеби байланыстарын «XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еуропалық әдеби байланыстары» және «Қазақ әдебиеті және Шығыс» деген монографияларында қарастырды. Бұл екі бағыт оның аспиранттарының, сондай-ақ басқа зерттеушілердің жұмыстарында жалғасты. Атап айтқанда, 80-90 жылдары Ө.Т. Күмісбаев, Ә. Тәжібаев, А. Түсіпова, М. Маданованың қазақ-парсы, араб, неміс, ағылшын, француз әдеби байланыстары бойынша монографиялық зерттеулері жарық көрді.» (Маданова 1999: 162)

Қазақ өлеңсөзінің теориясын жазған академик Зәки Ахметов қазақ әдебиетін үнемі басқа халық әдебиеттерімен салыстыра зерттейтін. Ғалымның «Лермонтов және Абай» атты еңбегі (Ахметов, 1954) салыстырмалы әдебиеттанудың маңызды саласы көркем аударма жөніндегі алғашқы іргелі зерттеулердің бірі болды.

Соңғы зерттеулерден А. Машакованың «Қазіргі кезеңдегі қазақ-еуропалық әдеби байланыстар» атты қазақ-чехословак, қазақ-румын, қазақ-болгар, қазақ-поляк әдеби байланыстары туралы зерттеу мақаласын атап айтуға болады. Ғалым негізінен 20 ғасырдағы көркем аударма арқылы жүзеге асқан қазақ-еуропа әдеби байланыстарын сөз еткенмен, қазақ-поляк әдеби байланыстарының 19 ғасырдан-ақ басталғанына тоқталады. (Машакова 2022: 43)

19 ғасырда қазақ-еуропалық әдеби байланыстардың негізгі сипатын әдебиет тарихына және әдеби сынға байланысты зерттеулер құрады. Бұл ғасырда Еуропа мәдениетінде ориентализм ағымы жүріп өтті. Ол сәулет өнерінде, сурет өнерінде, архитектурада және әдебиетте ерекше көрініс тапты. Мажар әдебиетінде ориентализм басқа еуропалық елдерге қарағанда басқаша сипатта болды. Мажарлардың Шығыстан өздерінің тектерін, Еуропаға қоныстанбай тұрғандағы тарихы мен мәдениетінің ескерткіштерін, іздерін табу мақсатындағы талпыныстары көптеген шығыс тақырыбындағы зерттеулерді тудырды.

Мажар ғалымдары қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы мажар тілінде жазылғандықтан, қазақ әдеби қауымына түгелдей танылып болмады. Қазақ тіліне бұл зерттеулер мүлде аударылмаған десе де болады. Сондықтан да қазақ әдебиеттануында белгілі қазақ-мажар әдеби байланыстары тек кеңестік дәуірді қамтиды. Ол кезеңде қазақ әдебиеті мажар тіліне орыс тілі арқылы аударылып, кеңестік дискурста танылған болатын. Ал біздің осы мақаламыз 19 ғасырдағы мажар шығыстанушылары мен түркітанушыларының еңбектерінде қазақ ауыз әдебиеті жөнінде жазылған пікірлер туралы болмақ. Яғни қазақ-мажар әдеби байланыстарының негізі 19 ғасырда қалана бастады деуге негіз бар.

Қазақ-мажар әдеби байланыстары туралы зерттеулер көп емес. Солардың арасынан С. Ананьева мен Валентина «Вегваридің Қазақ-мажар әдеби байланыстары.

Салыстырмалы аспект» атта зерттеу мақаласын атап көрсетуге болады. (Ананьева, Вегвари 2022: 51-73) Алайда бұл мақала 20 ғасырдың және соңғы кезеңнің әдеби байланыстарын қарастырады.

Біздің зерттеуіміздің жаңалығы қазақ әдебиеттануы ғылымында бұған дейін кеңінен зерттелмеген мажар ғалымдарының еңбектерін алғаш рет ғылыми айналымға енгізу.

Зерттеудің пәні 19 ғасырдағы еуропалық қауымдастықта өзіндік орны бар атақты мажар ғалымдарының қазақ ауыз әдебиеті туралы айтқан пікірлері мен қазақ ауыз әдебиетіне берген бағалары.

Зерттеуіміздің мақсаты 19 ғасырдағы мажар ғалымдарының қазақ әдебиетіне арналған еңбектеріне талдау жасау және оның қазақ-мажар әдеби байланыстарын қалыптасуына қосқан үлесін айқындау.

2. Зерттеу әдістері мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу үшін жалпы ғылыми әдістер қолданылды: жалпылау, талдау, синтез, жүйелеу және т. б. материалмен жұмыс жасау барысында зерттеудің жеке әдістері қолданылды: өмірбаяндық материалға жүгіну кезінде қолданылатын өмірбаяндық әдіс (Брашшаи Шамуэль туралы өмірбаяндық деректер); зерттеу үшін алынған еңбектерді сипаттау барысында – сипаттамалық әдіс; тарихи-салыстырмалы әдіс; талданатын көркем мәтіндер арасындағы өзара әрекеттесуді зерттеуде - интермәтіндік талдау әдісі («Ер Тарғын» жырынан үзінді және мақал-мәтелдер); талданатын ғылыми мәтіндердің тұжырымдамалық және дереккөздік құндылығына мән берілді. Мажар ғалымдарының еңбектері қазақ ғалымдарының еңбектерімен салыстырыла қарастырылады. Қазақ ауыз әдебиетіне басқа ел ғалымдарының көзқарасының объективтілігі және ерекшелігі айқындалады.

2.2 Материалға сипаттама

Қазақ-мажар әдеби байланыстары 19 ғасырдан басталады. Мажар ғалымдарының Орта Азия, соның ішінде қазақ әдебиетіне деген ықыласы ерекше. Қазақ әдебиеті туралы әзірге белгілі ең алғашқы мажар ғалымының пікірі XIX ғасырдың бірінші жартысында 1835 жылы “Vasarnapi Ujsag” (Вашарнапи Уйшаг- Жексенбілік газет) газетінде басылған.

Брашшаиден кейін қазақтар, қазақ әдебиеті туралы мәліметтерді мажар түркітанушысы Армин Вамберидің (1832-1913) еңбектерінен табамыз. 1862-1864 (Мажар түркітанушылары 2022: 240-241) жылдары «Рашид әпенді» дәруіш кейпінде Орта Азияға жасаған саяхаттарының нәтижесінде «Орта Азияға саяхат» (1865) атты кітап жазады. Ғалымның бұдан басқа мынадай еңбектері белгілі: 1. «Бұхара тарихы. Көне дәуірден бүгінге дейінгі таныс және бейтаныс шығыс жазбаларында» (1873), 3. «Мажарлардың шығу тегі және фин-угор тіл білімі» (1884), 4. «Түркі нәсілі. Этнологиялық және этнографиялық көзқарас» (1885), «Менің күресімнің тарихы» (1905). «Батыс мәдениеті Шығыста» (1906). «Мажар бесігінде. Мажар-түрік туыстығының басталуы және дамуы» (1914). Орта Азияда дәруіш киіммен (1966).

Еңбектерінің біршамасы ғалым дүниеден өткен соң жарыққа шыққан. Ғалым Британ Ғылым академиясына қызмет еткен соң, Орта Азия халықтары мен елдері туралы мәліметтердің ағылшын тілінде британдықтарға және бүкіл Еуропа жұртшылығына таныстырған. Бірақ оның Орта Азияға сапарларының басты мақсаты мажарлардың ата жұрты мен шыққан тегін іздеп табу еді. (Вамбери 1905:42).

«Түркі нәсілі» еңбегінің 40 беті қазақтарға арналған. Бұл еңбегінде қазақ-қырғыздар деп сөйлейді. «Қазақ» этнонимі, қазақтардың рулық-тайпалық құрылысы, қазақ тілі, қазақ халқының этнографиясы, қазақтардың орысқа бодан болуы туралы жазғандары бөлек бір зерттеу мақалаға негіз боларлық.

Қазақ-мажар әдеби байланыстарының басқа қазақ-еуропалық әдеби байланыстардан ерекшелігі бар. Себебі мажар зерттеушілері қазақ әдебиетінен типологиялық ұқсастықтарды емес, рухани бірлік, тарихи байланыстардың түп-тамырын іздеді. Мажар этнографиясы мен фольклорлық зерттеулерінде шығыстық мотивтерге үңілген еңбектер мол. Мажар мәдениетіндегі ориентализм тақырыбы 19 ғасырда ерекше өрбіді. Мажар саяхатшылары Шығысқа саяхаттады. Батыс Еуропа саяхатшылары экзотика іздесе, мажар саяхатшы-ғалымдары өздерінің көне тарихына қатысты жаңа деректер табылып қала ма деген үмітпен барды. Осы саяхаттардың нәтижесінде қазақ этнографиясы мен фольклоры туралы салмақты зерттеулер жарық көрді.

Қазақ әдебиеті – түркі халықтары әдебиетінің ажырамас бөлігі. Әсіресе, оның өткеніне үңілгенде, күллі түркі халықтарының әдеби ортақ мұрасы туралы сөз қозғамай болмайды. Түркі халықтарының әдебиеті мажар ғалымдарын ертеден қызықтырды. 19 ғасырда жазылып, 1903 жылы Мажар Ғылым академиясында Йозеф Туридің «Орта Азия түркі әдебиеті» атты еңбегі жарық көреді. Шынтуайтына келгенде, бұл Орта Азия халықтарының әдебиетіне арналған алғашқы әдебиеттанулық зерттеу болады. Оның алдындағы мажар ғалымдары, негізінен тарихшы-этнографтар, табиғаттанушылар Орта Азия түркілері туралы айтқанда әдебиетті де еске алып отырған. Йозеф Тури аталмыш еңбегінде: «Орта Азия түркілерінің мың жылдық тарихымен мақтана алатын әдебиеті ғылым алдында әлі терро инкогнито болып қалуда деуімізге болады, оның зерттелуі мен жүйелі танытылуын не бізде, не басқа шет елде қолға алған ешкім жоқ. Қандай да бір зерттеуді қойып, қысқа болса да тегіс шолу да жасалмаған, оған талпыныстың өзін әрең табамыз. Бұл әдебиеттің танылуына Европада ең көп еңбек сіңірген біз – мажарлармыз», - деп орынды айтып кеткен.

3. Талқылау

Шамуэль Брашшаи (1797 -1897) - филолог, философ, жаратылыстанушы, Мажарстан Ғылым Академиясының мүшесі. Жағрапия, ботаника, математика, тіл білімі, тарих, статистика, экономикамен, музыканың теориялық мәселелерімен, эстетикамен, өнертанумен, педагогикамен айналысқан. Трансильвания полигисторларының соңғы өкілі. Білім беру саласында көптеген реформаларды бастап, жүзеге асырған. Ағылшын, неміс, француз және басқа Еуропа тілдерімен қатар, орысша,

санскритше, түрікше, ивритше білген. 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы. «Қырғыз-қазақтар» атты этнографиялық сипаттағы мақаласы 1835 жылы 15 қарашада «Жексенбілік газет» (Коложвар қаласы- бұрынғы Мажарстан, қазіргі Клуж Напоко-Румыния) деген басылымда жарияланған. Бұл мақала Будапештегі Иштван Сечени атындағы Мажарстан Ұлттық кітапханасында сақтаулы. Ескі газеттің қағазының сапасы нашарлап, диафильмге жазылып алынған.

Шамуель Брашшаи «Қырғыз-қазақтар» атты этнографиялық очеркінде қазақтардың ақындық дарындылығы туралы былай дейді: «Қырғыздардың сан ғасырлық мәдениетінің бір көрінісі – ой тірілігі, қиялының күштілігі. Өлең-жыр және музыка – олардың сүйікті кәсібі. Бұған бір мысал мына өлең:

„Látod ama’ havat?
Szerettem teste, fejerebb.
Látod a’ vert, mely ama’ leölt bárányból foly?
Arczai pirosbak.
Látod ezen elüszkölt fa törzsökét?
Haja feketébb.
Tudod-é mivel írnak khánunk mulláji?
Szemöldökei feketébbek mint az ő tentájok.
Látod eme’ tüzes szemet?
Szemei elevenebb fénnyel ragyognak».

Қарды көрдің бе?
Сүйіктім еті одан ақ,
Қарға тамған қойдың қанын көрдің бе?
Сүйіктімнің беті одан қызыл.
Өртенген терек шоқтарын көрдің бе?
Шашы одан да қара.
Хандардың немен жазатынын көрдің бе?
Қастары олардың қадарынан да қара.
Отты көрдің бе?
Көздері одан да зор нұрмен жарқырайды.

Біз Брашшаидің аудармасын қазақшаға сөзбе-сөз аударып отырмыз. Брашшаи бұл үзіндіні қайдан алғандығы туралы ештеңе жазбаған. Образдарына қарағанда бұл шендестіру «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің сипатын еске салады:

Молда барсаң, қасында
Қиюлы жатқан қалам бар.
Қалам көр де қасым көр.
....
Әр шаһарға қарасаң,
Құрулы тұрған күзгі бар,

Күзгіні көр де, көзім көр!
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр.

Бұл жыр үзіндісіндегі өлең құрылысының көркемдігін, ырғағы мен ұйқасын әдебиет теоретигі Зәки Ахметов жоғары бағалап, бірұйқасты тираданың үздік мысалы ретінде көрсеткен еді. (Ахметов 1964: 275-276)

Бұдан әрі Брашшаи: «Қырғыздар дайындықсыз, суырып салып айтқанды, бір-бірімен екі-үштен немесе төрттен жарысып айтысқанды ұнатады. Музыкалық аспаптары: қобыз (скрипка тәрізді, бірақ шанағы ашық, ішегі аттың үш қылынан тартылған); сыбызғы (ұзын қамыс сырнай); балалайка {домбыра – Р.З.}. Жалпы музыка тыңдағанды ұнатады, бірақ негізінен емдеуге қолданады, себебі аурудан емдеу көбінде дұға оқудан тұрады. Адасқан малшылары жұлдыздарды таниды, алайда бұл білімдері ырымдарға шырмалған. Жеті қарақшы, мәселен, оларша — ақ боз ат пен көк боз атты айдаған жеті қасқыр. Қасқырлар оларды қуып жетіп, жеп қоятын болса, оларша ақырзаман болады. Қазақтардың қиял әлеміне берілгендігі сонша, оларда шын дүние мен қиял дүниесінің арасындағы шекара жойылып кеткен,»-дейді. Жеті қарақшы туралы аңызға деген қазақтың аңғал сенімі ғалымды қайран қалдырады. Ғалымның бұл зерттеуі этнографиялық сипатта. Негізінен қазақтардың шаруашылығы, кәсібі, қолөнері, салт-дәстүрі, наным-сенімдері туралы. Бұл — мажар тарихында қазақ ауыз әдебиеті жайлы айтылған алғашқы пікір, бізді мажарлар бірінші рет осылай таныған.

XIX ғасырда Орта Азияға сапар шеккен мажар саяхатшыларының арасынан Армин Вамбери есімін бөле-жара атаған жөн. Орта Азияға жасаған саяхаттарының нәтижесінде «Орта Азияға сапар» (1892) деген кітап жазады. Онда Бұхара, Қоқан (Ферғана), Хиуа хандықтары, олардың құрылысы, сауда, жол қатынасы, салт-дәстүрлері туралы көп мағлұмат береді. Бұхара мен Қоқан хандықтары арасындағы соғыстарға да тоқталады. Бізге қызықтысы ғалымның қазақтар турасында айтқандары. Кітаптың «Хиуа» тарауында «Бұлардың көбі орыс билігінде» (Вамбери 1865:317) - десе, «Бұхара» тарауында: «Қырғыздар немесе қасақтар (өздерін осылай атайды) Бұхара хандығында аз. Орта Азия халықтарының арасында саны жағынан ең үлкен, көшпенділігі жөнінен ерекше орын алатын бұл халық туралы қағазға түсіргеніміз мардымсыз. Саяхатым барысында шоғыр-шоғыр орналасқан қырғыз киіз үйлерінде болып, халық санын сұрағанымда олар: «Алдымен даладағы құм түйіршіктерін санап ал, сонда біздің санымызға да жетерсің», - деп сақылдап күлді. Шекаралары туралы білетініміз де осының төңірегінде. Сібір, Түркістан және Каспи теңізінің аралығындағы кең даланы жайлап жатқан халық. Қоғамдық қатынастарына келсек, қырғыздар орыс пен қытайдың малшысы деген пікір жаңсақ. Ресей, Қытай, Қоқан, Бұхара және Хиуаның бар үстемдігі қырғыздар арасына салық жинауға адам

жібергенде ғана білінеді. Қырғыздар салық жинауды озбыр тонаушылық деп ұғады, әйтсе де бүкіл табыстарының он пайызын ғана және салықты басқалай да төлей алатындарына риза. Ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бұрын болған дүниежүзілік төңкерістердің қырғыздар өміріне еткен әсері шамалы. Салт-дәстүрлері, ғұрыптары өзгеріссіз, тұран халықтарына тән табиғи қалпында қалған. Олардың арасында музыка және поэзияға құштарлықпен қатар, асылтектілік мақтаныш қайран қалдырады. Егер екі қырғыз кездесе қалса, бірден сұрайтындары: “Жеті атаң кім еді?” – деген сұрақ. Бұл сұраққа сегіз жасар бала да нақ жауап қата алады, жауап бере аламаса, көргенсіз, жетесіз саналады. Әскерилігі жөнінен қырғыздар өзбектермен, әсіресе түркімендермен жарыса алмайды. (Вамбери бұл жерде батырлық емес, әскери жарактану, қарулану жөнінде айтып тұрған болса керек. “Түрік нәсілі” еңбегінде қазақтарды батыр халық деп жазады - Р.З.). Ислам да аналарға қарағанда әлсіз. Әдетте байлар ғана қаладан бір-бір молда алдырып, ақысын түйе, қой, жылқы түрінде төлеп, әрі мұғалім, әрі молда, әрі хатшы ретінде ұстайды. Европалықтармен салыстарғанда қырғыздар қанша етене аралассақ та, ғажайып құбылыс болып қала береді. Жанған ыстықта да, қалың қарда да жүктерімен біраз аялдап, одан соң қайта көшіп жүре береді. Нанның бар екендігінен де хабарсыз, негізгі азықтары сүт пен ет. Қырғыз қала тұрғындарын немесе басқа отырықшыны ауру немесе ақымақ санайды, сықпыты монғол еместің бәріне аяп қарайды. Қырғыз эстетикасы бойынша сұлулық кемелдігі монғол нәсілінде жинақталған, себебі Тәңірі оларды жылқы текті етіп жаратқан, ал қырғыздардың түсінігінде жылқы тұқымы – жердегі барлық жандының патшасы» (Вамбери 1865: 334-335).

«Түрік нәсілі» еңбегінің «Қазақ-қырғыздар» тарауында қазақ ауыз әдебиеті, оның ұшан-теңіз байлығы, қазақтардың таңғажайып ақындық таланты туралы жазады: «Қазақтың еске сақтау қабілетінің кереметтігін Хиуада да мақтайды. Рухының осындай тірілігі қиял туындысы халықтық поэзияда шарықтап биікке көтерілген. Қазақтікіне тең келетін туындыларды Орта Азия көшпенділері түгіл, күллі Азия халықтарынан таппаймыз. Тек саны емес, сапасы жөнінен де қазақ халық поэзиясы оқшау тұр. Радлов «Оңтүстік Сібір түркі тайпаларының халық ауыз әдебиетінен ізденістер» (“Proben der Volksliteratur der türkischen Stämme Südsibiriens”) атты еңбегінің III томында иран және мұсылман мәдениетінің ықпалына аз іліккен түркі халықтарының таза, шыншыл көне поэзиясының қайнар көздерінің молдығына дәлелдерді анық көрсетіп және оған деген біздің сенімімізді нығайта түседі. Қазақтар өздері рухани туындыларын екіге жіктейді: халық сөзі (яғни, қара сөз), екіншісі – кітап өлең. Бірінші топқа халықтық поэзияның қағазға түспеген, халық арасында ауыздан-ауызға тараған түрлері жатады. Екінші топқа хат танитын қырғыздардың туындылары енгенмен, оларда да халықтық рухтың табы бар, арқаулары ислам тарихы және имандылық.» (Вамбери 1885: 355)

Вамбери мынадай қазақ мақалдарын келтіріп оның мағынасын мажаршаға аударып түсіндіреді:

Алтын басты қатыннан бақыр басты ер артық.
Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада.
Анасын көріп қызын ал,
Қарысын көріп бөзін ал.
Ақылсызға төре жоқ.
Барымтадан қорыққан мал жаймас.
Екі аяқ бір етікке сыймас.
Екі қатынның басы қосылса базар болар.
Жасаған білмес, қыдырған білер.
Жеті атасын білмеген жетесіз.
Қазақ жаманы сарт болар,
Сарт жаманы қазақ болар.
Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырлайсың
Қойшы көп болса қой арам өлер.
Не ексең, соны орасың.
Сабыр түбі – сары алтын.
Сарт байыса там салар,
Қазақ байыса қатын алар.
Темірді қызғанда соқ.
Төсегіңе қарап, аяғыңды ұзат.
Ақылды ой ойлағанша,
Тентек ісін бітірер.
Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар,
Жарлының қатыны өлсе, басы қаңғырар.

Ғалым бұл мақалдарды «Қырғыз хрестоматиясы» (Ташкент, 1883) және Терентьевтің хрестоматиясынан (Санкт.-Петербург, 1876) алғанын айтады. (Вамбери, 1885: 356).

Вамбери “халық сөзінің” ерекше жанры айтыс өлеңдердің екі топқа жіктелетінін айтады: “Бұлардың қазақша аты қайым өлең, яғни, достық өлең және *жұмбақ өлең*, яғни *жұмбақ ойын*. Мұнда құрдастар, қыздар мен жігіттер бірге жиналып немесе мейрамдарда жүздесіп, төрт тармақты суырып салма өлеңдермен тілдеседі. Екі жыршы мысқылдап, жұмбақ жасырып, кейде тұспал сөздермен бір-бірін жеңуге тырысады. Тұспалды түсінбесе, немесе лайықты жауап бере алмаса, жеңілген саналады. Көпшілік қыран-топан күлкіге кенеліп, жеңген адамға сыйлық береді. Сәтті өлең-жырлар халықтың есінде берік сақталып, ауыздан-ауызға тарап, даланың бір қиырынан екінші қиырына жетеді. Мысал ретінде Радлов жариялаған „*Мөнөк пен Опан қыз айтысының*” (III том, 48) басын келтіреміз. Жылқы ұрлағаны үшін қамауға түскен Мөнөк пен Опан қыздың сөйлескені мынадай” (Вамбери 1885: 358-359), - деп айтыстан үзінді келтіреді.

Қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары туралы ойларын «Ертегілер мен әңгімелер» (аңыз-әңгімелер дегені) деген тараушада жалғастырады: “Шынтуайтында қазақ

халық поэзиясының ең қомақты бөлігін құрайтын бұл туындылар біріншіден соғыстар мен барымталарда көзге түскен ертедегі батырлардың істерін жырласа, екіншіден ғажайып ерлікке толы бұл асау қиял туындылары тыңдаушыларды елітіп, көңілін көтеруге бағышталған. Ертегілер де, әңгімелер де таза ұлттық қайнардан пайда болған, бірақ өзбектер, қарақалпақтар және түркімендер арасында аз. Олардың ертегілерінде білімсіздік пен шикілік басым. Ал қазақтар ұзақ ертеп пен әңгімені керісінше мәнді және сұлу сұхбаттың құралы деп біледі. Егер жыршы немесе бақсы тыңдаушыларға поэзиялық туындыны қобыздың сүйемелдеуімен шабыттана орындап берсе, оларға бұдан артық ләззат жоқ. Жырланатын нәрсе – біреу, негізінен көпшілік сүйіп тыңдайтын бөліктердің бір-бірінен мейлінше өзгеше нұсқалары. Мәселен, Радлов варианты мен Березин хрестоматиясын алсақ, өлең өлшемі, композициясы, эпизодтары бір-бірінен мүлде бөлек. Березиндегі вариантта жыр бастан-аяқ өлеңмен берілген, Радловта қара сөз аралас және қысқарақ. Осы әңгімелердің поэтикалық құндылығына келсек, метафоралық сұлулығы және поэтикалық суретінің құбылуы жөнінен мысыр, араб және парсы меддах, мысалдарына жақын. Бірақ құштарлық оларға қарағанда табиғи және тартымды суреттелген. Баян атты қыздың сүйгені Қозының өлігінің қасында жылап айтқаны сияқты өлеңдер қазіргі меддах композицияларында сирек кездеседі». (Вамбери 1885: 360-361)

Вамбери *кітап өлеңдер* туралы Радловтың олардың мақсаты ислам ілімін тарату және халықтық рухты күші білінбей тарайтын у тәрізді қуатты әсермен баяу жаншу деген пікіріне толық қосылатынын білдіреді. Алайда қазақ арасында *айтылатын Сейфул Мәлікті* (Радлов, III.521) Әлішер Науаидың *Сейф-ул-Мәлік* атты дастанымен салыстырып қазақ жырларының көбі тілі мен ой жүйесіне қарағанда қазақ халық рухын танытатынын анық байқап, қазақ ақынының бейімдегіш шеберлігіне таң қалады. Мұндай кітап өлеңдердің көпке дейін жат рухтың туындылары болып, көпшіліктің жүрегіне ешқашан жол таппайтынын, қазақтардың тілі мен дүниетанымына ұзақ уақыт салып барып, оның өзінде шамалы ғана әсер тигізе алатынын ескертеді.

Қазақ әдебиеті – түркі халықтары әдебиетінің ажырамас бөлігі. Әсіресе, оның өткеніне үңілгенде, күллі түркі халықтарының әдеби ортақ мұрасы туралы сөз қозғамай болмайды. Түркі халықтарының әдебиеті мажар ғалымдарын ертеден қызықтырды. Жоғарыда аталған XIX ғасырдағы мажар түркітанушыларының ішінде бірыңғай филологиялық зерттеулермен айналысқан ғалым Тури Йोजеф – түркітанушы Армин Вамберидің шәкірті еді (Мажар түркітанушылары 2022: 234-235). Будапештегі Өтвөш Лоранд Ғылыми университетінде Орта Азия түркі халықтарының тілі мен әдебиетін оқытқан. XX ғасырдың басында 1904 жылы Мажар Ғылым академиясында Йोजеф Туридің «Орта Азия түркі әдебиеті» атты еңбегі жарық көреді. Шынтауайтына келгенде бұл еңбек Орта Азия халықтарының әдебиетіне арналған мажар тіліндегі алғашқы әдебиеттанулық зерттеу болады. Йोजеф Тури аталмыш еңбегінде: «Орта Азия түркілерінің мың жылдық тарихымен мақтана алатын әдебиеті ғылым алдында әлі *терро инкогнито* болып қалуда деуімізге болады, оның зерттелуі мен жүйелі танытылуын не бізде, не басқа шет елде қолға алған ешкім жоқ. Қандай да

бір зерттеуді қойып, қысқа болса да тегіс шолу да жасалмаған, оған талпыныстың өзін әрең табамыз. Бұл әдебиеттің танылуына Европада ең көп еңбек сіңірген біз – мажарлармыз», - деп орынды мақтанады. (Тури 1904:1)

Мажар ғалымының пікірімен толық келісеміз. Автордың ортаазиялық түркілердің өміріндегі поэзияның орны туралы ойлары да назар аударарлық: «Үштен екісі поэзиядан тұратын Орта Азия түркі әдебиетінің туындыларын өлең және қара сөз жанрларындағы халық поэзиясы мен көркем әдебиет құрайды. Өлең түріндегі поэтикалық туындылардың саны прозалық туындылардан анағұрлым басым. Орта Азия түркі әдебиетіндегі поэзияның үлес салмағы басымдылығын негізгі екі себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, әр түрлі сипаттағы, озық ғылыми әдебиет о бастан парсы және екінші кезекте араб тілінде болды, себебі парсы тілі Орта Азияда және түркі ұлттарында бізде, Европада, латын тілі қандай роль атқарса, сондай роль атқарды, яғни, мәдениет пен ғылымның, поэзияның тілі, соларды жеткізуші тіл болды. Түркілер де осы салалардағы еңбектерін парсы тілінде жазды, сондықтан ғылыми әдебиет туындыларының қомақты бөлігі бізге осы тілде жетті. Екіншіден - ақындық таланттың маңызы, шығыс халықтарында, солардың ішінде түркілерде, ақындық қабілеттің құдіреті зор және ол көпшілікке тән қасиет. Мәдениеті жас халықтарда рух қабілеттерінің ішінде зерттеу, ақиқатты іздеуге тырысушылық емес, сезім мен тірі қиял басты рөл атқаратынын жақсы білеміз, соның салдарынан рухтары көркем түрде, ән, саз, поэзия арқылы көрініс тапқан. Әр адамы ақын, ең құрығанда өлеңші; бірі – шығармашылық қуаты бар ақын, екіншісі – орындаушы ақын; жасына және дәрежесіне, кәсібіне қарамастан барлығы бірдей поэзияға қызмет ететін, әркімі өлең жазатын немесе әпсана, ертегі өретін, аңыз тудыратын, оған қабілеті болмаса, жаны әсем тыңдаушы болып, басқалардың рухани өнімдерін ары қарай жалғайтын; ең ақыры – ақындық қабілет пен өлеңшілік дарын ұлы құрметке, сүйіспеншілікке ие болғандығы сондай, тіпті махаббатта да шешуші рөл атқарып, қыздары көп ішінен ақын жігітті таңдайтын шалғай Шығыста, Орта Азия түркілерінде, осылай болған және болып келеді» (Тури 1903: 5-6).

Мажар тарихында йокулаторлар, игрицшілер, жыршылар, скрипкашылар мен лантшылар секілді ордендер болған. Йозеф Тури Орта Азия түркілерінің ішінен соларға ұқсас қызметі және нан табуы поэзияның әр түрлі жанрлары арқылы жүзеге асатын өзгеше орденді, қоғамдық тапты байқайды. Бұл ордендердің мүшелерін оларды кімдер асырайтынына – кобыз, дутарға сүйенетін, не жайлы, қалай айтылмағы көпшіліктің талғамына бейімделетін шығармаларын кімдер тыңдайтынына – байланысты үш топқа бөледі: «Бірінші – даланың көшпенді рулары арасында бір жерден екінші жерге көшіп, нағыз халық өлендерімен, ұлттық мазмұнды батырлық әнгімелермен, тарихи жырлармен, діни және моральдық мазмұндағы оқиғалармен және ерте замандардан жеткен аңыздармен көпшілік көңілін көтеретін *бақсылар*; бұл уақытта қаланың және ауылдың отырықшы халқы, қолөнерші және саудагер топ көшеде, алаңдар мен базарларда көркем әдебиет туындыларын, бұрынғы ақындардың өлендерін немесе өз туындыларын жырлайтын *ашықтардың* шығармаларын

сүйіп тындап жатады. Ең соңғылары – жыршы орденнің ең мәдениетті тобын құрайтындар. Мадақ жырлар, әскери жорық жырлары, батырлық дастандар, тағы басқа да керемет поэзиялық туындыларымен билеушілердің көңілдерін көтерушілер, той-думандарының сәнін келтірушілер. Оларды (*сарай ақындарын* – Р.З.) билік басындағылар мен асыл тектілер сарай маңдарында ұстаған». (Тури 1903: 7).

4. Зерттеу нәтижелері

Мажар ғылымында қазақ әдебиеті туралы алғаш рет пікір білдірген – Шамуэль Брашшаи. Ғалымның Орта Азияда, Қазақстанда болғаны туралы деректер жоқ. Мақалада қазіргі мажар тілінде қолданылмайтын ескі мажар сөздері мен тіркестері молынан кездеседі. Жазғандарына қарағанда ғалым қазақтар туралы деректерді бір емес, бірнеше орыс ғалымдарының зерттеулерінен алып, ой түйіндегенге ұқсайды, бірақ кімдердің еңбектеріне сүйенгеніне сілтеме жасамаған. Мажарстан Ғылым Академиясының мүшесі әрі сол кездің ғылыми ортасы мойындаған, заманының озық ойлы ғалымының қазақтарды әбден танып-білмей, бұл деректерді келтіруі тіпті де мүмкін емес. Қалай дегенмен де, бұл – мажар ғылымындағы қазақтар туралы әзірге белгілі алғашқы пікір. Бізді алғаш рет мажар жұрты осылай таныпты. Зерттеу мақаламызда қазақ әдебиеті туралы Брашшаидің жазғандары қазақ тіліне бірінші рет аударылып, басылып отыр. Өткеніміз бен бүгінгімізге үңілу, өзімізді тануымыз үшін бұл жазбаның мәні зор. Шоқан туған жылы, Абайдың дүниеге келуіне он жыл қалғанда жазылған бұл зерттеуде қазақтың 19 ғасырдағы бейнесі тұр. Брашшаи қазақтардың поэзияға құштарлығын айта келе, қазақ ауыз әдебиетіне тән бірнеше қасиетті атап көрсетеді: «Ер Тарғын» жырынан келтірілген көркем образдар арқылы қазақтардың сөз өнеріндегі шеберлігі; бұған қоса қазақ ақындарының суырып салып айтатын қасиеті; оны емшілікке пайдалануы; қазақтардағы қиялдың күштілігі; қиял әлемі мен шындық әлеміндегі шекараның болмауы. Мажар ғалымы байқаған бұл ерекшеліктер шынымен де қазақтарға тән қасиеттер, қазақ ауыз әдебиетінің айырықша белгілері.

Армин Вамбери қазақ поэзиясындай фольклорлық мұра тек қана Орта Азия емес, бүкіл Азияда басқа ешбір халықта жоқ деп бағалайды. Ғалым “халық сөзінің” *үлгілі сөз, бата сөз, ұзатқан қыздың өлеңі, шер өлендері (жоқтаған сөз), айтыс өлең (қайым өлең)* сияқты жанрларын, олардың ерекше сипатын байқайды. Бұлардың оңтүстік және батыс отырықшы түркілерде өте қысқа және өте өшкін нұсқаларда қалғанын айтады. Қазақ халық поэзиясының табиғи сұлулығын шығыстың жалтырақ поэзиясымен салыстыра келіп, мынадай әділ тұжырым жасайды: «Суреттерінің таңғажайып қарапайымдылығы, көбінесе элегиялық көңіл-күй, өткір метафорлар бай және жанды қиял шығыс поэзиясын баяғыда-ақ артта қалдырып кеткен, соңғысының көз қарықтырар жарқылы мен тым бай салтанаты, жалтырағы жасанды, табиғи емес ой жүйесін танытады. Қазақ халық поэзиясының таңғажайып туындылары аңғалдығымен, және ережеге бағынбайтындығымен бізді ынтықтыра түседі». (Вамбери 1885: 356)

Вамбери Радловтың «Мөнөк пен Опан қыз айтысын» (Радлов 2013: 191-195) тұтас алмай тек алты шумағын мажар тіліне аударған. Мажар ғалымы бұл айтыстан

„қыз бен жігіт айтысының” басты сипаттарын байқайды: “Танысу, бір-бірін қақпайлау, қалжыңдау және мысқалдау ұзаққа созылып, сөз бен орамға шеберлігі аз адам жеңілген саналады. Мұндай сәттерде қазақ сұлу жынысқа қатысты сыпайылық танытуды білмейді. Ал қыздардың жеңілісі сирек, әлбетте олар қарсыласы бақсы немесе нағыз ұйқасшы я трубардур болғанда ғана сөзден ұтылады”, -деп қазақ әйелдерінің сөз өнеріндегі талантын атап көрсетеді. (Вамбери 1885: 355) Зерттеуші салт жырларының ішінен «Той бастар», «Ұзатқан қыздың жыры», «Беташар», «Жоқтаған жыр» (жоқтау) сияқты жанрларды атап көрсетіп: “Қазір бұл сипатты өлеңдер тек осы көшпенділерде (қазақтарда) ғана табиғи, ескі қалпында сақталған, ал Орта Азияның жартылай отырықшы түркі халықтарының дәстүрінен шығып қалған немесе исламның әсерімен өзгерілген, батыс түркілерде тіпті қалмаған да», - дейді. (Вамбери 1885: 360)

Брашшаи негізінен этнографиялық зерттеулер жүргізді, Вамбери шығыс әлемін зерттеуші, түркітанушы ретінде қазақ және бүкіл түркі мәдениеті мен әдебиетін зерттеуші болса, Йозеф Тури таза әдеби зерттеулермен айналысты. Орта Азия әдебиеті туралы айтқан пайымдаулары жеке бір халықтың мұрасы емес, бүкіл түркі әлемін тұтастай қамтуымен, бір мәдени кеңістікте, ортақ көркем мұра қалдырған біртұтас өркениет туралы сөз қозғады.

Ғалым орта азиялық түркілердің көне замандардан мұра, қомақты бөлігін көркем поэзия мен халықтық поэзия құрайтын рухани шығармаларына таң қалмаса да болатынын айтады. Бұған себеп - орта азия билеушілерінің әрқашан поэзияның жанкүйерлері болулары, әсіресе Тимурид, Шайбанид, Астраханид билеушілерінің кейбірінің ақындарды жақсы қаржыландырып, кейбірінің заманының небір мықты ақындарын сарайларында ұстаулары дейді.

Әдебиеттанушы ғалым орта азия түркілерінің әдебиетін төмендегідей дәуірлейді:

1. *Ең көне дәуір*, көне замандардан басталып монғол шапқыншылығына дейін, яғни 1220 жылға дейін созылады.
2. *Шағатай дәуірі*, монғол шапқыншылығынан Тимуридтер билігінің құлауына дейін, яғни 1220 дан 1500 жылға дейін
3. *Өзбек дәуірі*, өзбек түркілердің билікке келуінен, 1500 жылдан бүгінге дейін (Тури 1904: 11).

Йозеф Туридің бұл жазғандарының маңызы зор деп білеміз. Бұл – Мажарстанда Орта Азия түркілерінің әдебиеті туралы айтылған алғашқы жүйелі ғылыми пікір.

5. Қорытынды

19 ғасырдағы мажар ғалымдары негізінен халық ауыз әдебиеті жөнінде пікір білдірген. Себебі ол уақытта қазақ жазба әдебиеті де қалыптасу дәуірін басынан кешіріп жатқан болатын. Мажарларды қазақ фольклорының жанрлық байлығы, эпостары қайран қалдырған. Олар қазақ халқының түркі халықтарының арасында сөз өнерінде озық тұрғанын баса айтады. Орта Азия түркі әдебиетінің туындыларын өлең және қара сөз жанрларындағы халық поэзиясы мен жазба әдебиетін зерттеген мажар ғалымдары өлең түріндегі поэтикалық туындылардың саны прозалық туындылардан анағұрлым басымдығына ерекше назар аударған.

Мажар зерттеушілері қазақ поэзиясындағы суреттердің қарапайымдылығын, элегиялық көңіл-күйді, өткір метафорларды, бай және жанды қиялды атай келіп, қазақ поэзиясы шығыс поэзиясынан көркемдігі мен мазмұны жағынан озып кеткендігін, табиғи ой жүйесін танытатын қасиетін жоғары бағалайды. Қазақ халық ауыз әдебиетінің жанрлық жіктелуі туралы баяндағанда да қазақ әдебиетінің табиғаты мен сан ғасырлық әдеби дәстүрін ескере отырып жүйелі пікірлерін білдірген.

Жоғарыда келтірілген зерттеулер алғаш рет мажар тілінен тікелей аударылып, қазақ әдебиеттану ғылымының қорына қосылып отыр. Мажар зерттеушілері пікірлерінің қазақ әдебиетінің Европа жұртшылығына танылуына зор үлес қосқаны анық. Оның үстіне бұл зерттеулерден мажар ғалымдарының өз рухани қазыналарының қайнар көздерін табуға деген талпыныстары да байқалмай қалмайды. Басқа еуропалық әдебиетпен салыстырғандағы қазақ-мажар әдеби байланыстарының ерекшелігі де – осы рухани тамырластықта, туыстықта.

Әдебиеттер:

1. Ананьева С. В., Вегвари В. Казахско-венгерское литературное сотрудничество: сравнительный аспект // Казахстан и мировое литературное пространство: компаративные исследования. Отв. редактор С.В. Ананьева. – Алматы: Sylver Press, 2022. – 51-73
2. Ахметов, З. А. Лермонтов и Абай: о переводах Абая Кунанбаева из произведений М.Ю. Лермонтова / З.А. Ахметов. – Алма-Ата: Изд-во АН Казахской ССР, 1954. – 64.
3. Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 466 стр.
4. Брашшаи, Шамуэль. Қырғыз-қазақтар. – Вашарнапи Уйшаг. 85 сан, 1835, 15 қараша.
5. Вамбери, Армин. Менің күресімнің тарихы. – Будапешт: Франклин қоғамы. Мажар Әдебиет институты және кітап баспасы. 1905. – 200 б.
6. Вамбери, Армин. Орта Азияға саяхат. – Пешт. 1865. – 399 б.
7. Вамбери, Армин. Түрік нәсілі. III тарау Қазақ-қырғыздар. – Будапешт: MFA. – 769 б.
8. Маданова М.Х. Актуальные вопросы литературной компаративистики. – Алматы: Ғылым, 1999. – 266 стр.
9. Мажар түркітанушылары // Қысқаша биографиялық энциклопедия. – Анкара. 2022. – 254 б.
10. Машакова А. Казахско-европейские литературные связи на современном этапе // Казахстан и мировое литературное пространство: компаративные исследования. Отв. редактор С.В. Ананьева. – Алматы: Sylver Press, 2022. – стр.30-50.
11. Радлов В.В. Из Сибири // Классические исследования: Многотомник. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т. 12: Ч.Ч.Валиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин. Труды по фольклору. – 392 с.
12. Сатпаева Ш.К. Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины века. – Алмат-Ата: Наука, 1970 – 280 б.
13. Сәтбаева Ш.Қ. «Веяние времени» Статьи. IV том // Бес томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2012. – 408 с.
14. Тури Йозеф. Орта Азия түрік әдебиеті. Мажарстан Ғылым академиясы. – Будапешт. 1904. – 77 б.

References

1. Akhmetov Z. (1964) Kazakh versification. – Alma Ata: Science. – 466 pages.
2. Akhmetov, Z.A. (1954) Lermontov and Abai: on the translations of Abai Kunanbaev from the works of M. Y. Lermontov / Z.A. Akhmetov. Alma Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. – 64.
3. Ananyeva S.V. (2022) Valentina Vegvari. Kazakh-Hungarian literary cooperation: a comparative aspect.// Kazakhstan and the world literary space: Comparative Studies. Editor-in-chief S.V. Ananyeva. – Almaty: Silver Press. – 51-73

4. Madanova M. H. (1999) Actual issues of literary comparativistics. – Almaty: Gylym. – 266 p.
5. Mashakova A. (2022) Kazakh-European literary relations at the present stage.// Kazakhstan and the world literary space: comparative studies. Editor-in-chief S.V. Ananyeva. – Almaty. Silver Press. – 30-50.
6. Radlov V.V. (2013) From Siberia. /Classical Studies: A multi-volume work. – Almaty: “Adebiyet alemi”.
7. T.12 Ch. Valikhanov, V.V.Radlov, G.N.Potanin. Works on folklore. – 392 p.
8. Sámuel Brassai (1835) «Kazakhs» Vasárnapi újság. N 85. november 15. (In Hungarian: Sámuel Brassai. Kirgiz-Kozákók. Vasárnapi újság. №85 1835. november 15.
9. Satbaeva Sh. K. (2012) “The Journey of time”. Volume IV.// Collection of works in five volumes. – Astana: Elorda, – 408 p.
10. Satpayeva Sh.K. (1970) Kazakh-European literary relations on XIX and on the first half of the century. – Alma-Ata: Nauka. – 280 p.
11. Small Biographical Encyclopedia of Hungarian Turkologists (2022) Ankara: Türksoy. 254 p. (in Turkish: Macar Türkologlar Küçük Biyografik Ansiklopedi. – Ankara: Türksoy. – 254 p).
12. Thúry József. (1904) Turkic literature of Central Asia. Budapest. Hungarian Academy Of Sciences. – Budapest – 77 p.
13. Vámbéry Ármin (1865) Travels in Central. Pest. – 396 p. (in Hungarian: Vámbéry Ármin. Közép-Ázsiai utazás. Pest, 1865. 396 old).
14. Vámbéry Ármin (1885) The Turkic People in its Ethnological and Ethnographic Connexions. Budapest. HAoS. – 399 p. (in Hungarian Vámbéry Ármin. A Török faj: Ethnologiai és ethnographiai tekintetben. III-Kazak-kirgizek. Budapest. MTA. 1885 – 769 6.).
15. Vámbéry Ármin The story of my struggles. Budapest, Franklin Company. Hungarian Institute of Literary and Book printing. 1905. –200 p. (in Hungarian: Vámbéry Ármin Küzdelmeim. Budapest. Franklin-Társulat. Magyar irod. intézet és könyvnyomda. 1905. 200 old).

Қ.С. Досанова^{1*}, Е.М. Солтанаева²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹serikzhanqyzy.kz@gmail.com, ²gulkataim@gmail.com

ORCID: ¹0009-0000-0309-1401, ²0000-0001-8273-3571

М.ӘУЕЗОВТІҢ «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ» ПОВЕСІНІҢ ЭКРАНИЗАЦИЯСЫ

Аңдатпа. «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі – өз заманының озық туындыларының бірі. Онда адамның моральды арпалыс жағдайы, қоғам қыспағы тақырыбы тарихи тұлғалық образ есебінде шебер жеткізілген. Сол себептен болар, кино туындысы да түсірілді. Мақалада қазақтың ұлы жазушысы – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі кино фильмімен салыстыра талданатын болады. Шығарманың ішкі психологизмі мен көркемдік шешімдерінің экранизациялану барысындағы интерпретациясына зерттеу жүргізіледі. Жазушы өз туындысын сол дәуірдің қоғамдық өзгешеліктерінен тудырады десек те, жиырмасыншы жылдары негізінен ақын-жазушылардың шығармалары Еуропадағы модернизммен сарындас символизм және романтизм, сыншылдық реализм түрлерінде көрініс берді. Ал сыншыл реализм тұрғысында көрінген туындыларда бұрынғы ескі өмірдің жойылып бітпеген қалдықтары, ұғым-наным, тіршілігінің келеңсіз жақтары шенелді. Мақаланың негізгі бөлімінде шығарманың экранизациялануы қарастырылады.

М.Әуезов шығармаларының сюжеттік желісі көркем фильмдерге сұранып тұратынын ескерсек, жазушы идеясының режиссерлік шешімдермен көрерменге ойдағыдай жеткізілуі де маңызды шаруа. Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің негізінде Болотбек Шамшиевтің 1968 жылы жарық көрген «Выстрел на перевале Караш» көркем фильмі – көркемдік тұрғыдан өз бағасын алған туынды. Осыны негізге ала отыра, біз шығарма мен көркем фильмінің арасындағы байланысты қарастырамыз. Кейіпкерлердің ішкі психологизмінің берілу жолдары, рецепциясы мен интерпретациясы мақаламыздың негізгі бөліміне арқау болады. Мақаланың қорытынды бөлімінде повестің екі нұсқасында қатар салыстыра отыра, көркем фильмдегі көрінісін айқындаймыз.

Жазушының әдеби мұрасы жөнінде қалам тартпаған, пікір айтпаған қазақ жазушысы, әдебиет сыншысы кемде-кем. М.Әуезов шығармаларына жүйелі түрде зерттеулер жасалған ұлттық әдебиеттану ғылымының әр буын өкілдері жазған ол еңбектер өз уақытына жауап берген, алдағы уақытта да белгілі дәрежеде басқа қырынан қызмет ететін игілікті іс деп қарауға болады. Мақалада осы зерттеулерге сүйене отырып, қаралып отырған шығарма табиғатын саясат әсерінен ада, жаңа тәуелсіз сана тұрғысынан қарастырдық. Повестің екі нұсқасының пайда болуының бұрын айтылмай келген саяси-әлеуметтік астарын ашуға тырыстық, жазушы лабораториясының соны қырларына барлау жасадық.

Кілт сөздер: Қараш-Қараш, Әуезов, Рысқұлов, экранизация, рецепция, тарихи тұлға, фильм, көркем мәтін.

K.S. Dossanova^{1*}, Y.M. Soltanayeva²

^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹serikzhanqyzy.kz@gmail.com, ²gulkataim@gmail.com

ORCID: ¹0009-0000-0309-1401, ²0000-0001-8273-3571

Film Adaptation of M. Auezov's Novel «Shot at the Pass»

Abstract. The article will analyze in detail the story of the great Kazakh writer, famous teacher – Mukhtar Omarkhanovich Auezov «Shot at the pass». The study of internal psychologism and interpretation of artistic

solutions of the work in the process of screening is carried out. The story «Shot at the Pass» is one of the best works of its time. The theme of the moral state of a person, the oppression of society is skillfully conveyed in the story about the historical image of the individual. If we talk about the fact that the writer gives birth to his work from the social differences of that era, then in the twenties, mostly the works of poets and writers were expressed in the forms of symbolism and romanticism, critical realism, overshadowed by modernism in Europe. And in the works expressed in the context of critical realism, immeasurable remnants of the former life, the evils of its existence are traced. The main part of the article discusses the film adaptation of the work.

Considering that the storyline of M. Auezov's works is in demand in feature films, we can observe how real and high-quality the director's decisions are, in addition to the writer. Based on the novel by Mukhtar Auezov «Shot at the Pass», Bolotbek Shamshiev's feature film «Shot at the Karash Pass», released in 1968, received an artistic evaluation. Based on this, we will consider the relationship between the work and the feature film. The ways of transmission, prescriptions and interpretations of the inner psychology of the characters will be the basis of our article. In the final part of the article, comparing the two versions of the story, we determine their appearance in the feature film.

There are very few Kazakh writers and literary critics who have not commented on or written about the literary legacy of the writer. The works of M. Auezov, written by representatives of different generations of the national literary science, corresponded to their time, and in the future can be considered as a noble cause, serving to one degree or another. In the article, based on these studies, we examined the nature of the work in question from the point of view of a new independent consciousness, free from the influence of politics. We tried to reveal the previously unspoken political and social background of the emergence of two versions of the story, conducted a study of these aspects of the writer's laboratory.

Keywords: Karash-Karash, Auezov, Ryskulov, film adaptation, reception, historical personality, film, artistic text.

К.С. Досанова^{1*}, Е.М. Солтанаева²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹serikzhanqzy.kz@gmail.com, ²gulkataim@gmail.com

ORCID: ¹0009-0000-0309-1401, ²0000-0001-8273-3571

Экранизация повести М. Ауэзова «Выстрел на перевале»

Аннотация. Повесть «Выстрел на перевале» – одно из лучших произведений своего времени. Если говорить о том, что писатель рождает свое творчество из общественных различий той эпохи, то в двадцатые годы в основном произведения поэтов и писателей выражались в формах символизма и романтизма, критического реализма, омраченного модернизмом в Европе. Может по этой причине решили снять кино фильм по линии данного произведения. В статье будет проанализирована повесть великого казахского писателя – Мухтара Омархановича Ауэзова «Выстрел на перевале». Проводится исследование внутреннего психологизма и интерпретации художественных решений произведения в процессе экранизации. Тема нравственного состояния человека, угнетения общества умело передана в рассказе об историческом образе личности. А в произведениях, выраженных в контексте критического реализма, прослеживаются неизмеримые остатки прежней жизни, пороки ее существования. В основной части статьи рассматривается экранизация произведения.

Учитывая, что сюжетная линия произведений М. Ауэзова востребована в художественных фильмах, мы можем наблюдать, насколько реальны и качественны режиссерские решения, помимо писателя. По мотивам повести Мухтара Ауэзова «Выстрел на перевале» художественный фильм Болотбека Шамшиева «Выстрел на перевале Караш», вышедший в 1968 году, получил художественную оценку. Исходя из этого, мы рассмотрим взаимосвязь между произведением и художественным фильмом. Пути передачи, предписания и интерпретации внутреннего психологизма персонажей станут основой нашей статьи. В заключительной части статьи, сопоставляя два варианта повести, определяем их появление в художественном фильме.

Мало кто из казахских писателей и литературных критиков не высказал своего мнения о литературном наследии писателя. Произведения М. Ауэзова, написанные представителями разных

поколений национальной литературоведческой науки, отвечали своему времени, и в дальнейшем можно рассматривать как благородное дело, служащее в той или иной степени. В статье, основываясь на этих исследованиях, мы рассмотрели природу рассматриваемого произведения с точки зрения нового независимого сознания, свободного от влияния политики. Мы постарались раскрыть ранее невысказанную политико-социальную подоплеку возникновения двух версий повести, провели исследование этих аспектов лаборатории писателя.

Ключевые слова: Караш-Караш, Ауэзов, Рыскулов, экранизация, рецепция, интерпретация, историческая личность, фильм, художественный текст.

1. Кіріспе

Кеңес одағы кезінде қоғамның рухани өмірінде басталған бетбұрыс, ең алдымен, қоғамға адамгершілік сипат беру деген концептуалды идеядан тараған. Одан барып барлық гуманитарлық ілім, көркем ой, мәдениет, өнер салаларында тарихқа қайта қарау, рухани байлықты жалпы азаматтық тұрғыдан қайта бағалау процестері өріс алды.

Ұлт өзінің тарихи мұраларына қызығушылық танытып, қазақ әдебиетіне тарихи тұлғалардың үлкен бір легі келе бастады. Уақыт өте келе қазақтың алтын ғасыры есептелетін 20 ғасыр ортасында заманның озық ойлы қайраткерлері феномен болып, қазақ әдебиетіндегі жаңа кейіпкерлердің қатарын толықтырды.

Дәуір оқиғаларын шынайы болмыс-бітімімен, көркемдік аяда бейнелеу үшін үлкен жауапкершілік, терең білім, шығармашылық шеберлік, талант, тәжірибе керек. Тарихи тұлғалар туралы роман шебері В. Шишков сөзімен сабақтастырсақ: «...Для верного описания эпохи необходимо знать ее во всей подробности, чтоб не впасть в грубую ошибку против исторической правдивости» (Бахметов, 1960: 101). Ұрпақтың отаншылдық, патриоттық сезімін шыңдау, өткен арқылы таным-түсінігін тәрбиелеу, ұлттық мақтанышын қалыптастырып, тарихи санасын дамыту – көркем туындылардың басты тәрбиелік-тағылымдық ерекшеліктері. Оқырман суреткер шығармасындағы сол дәуірдегі халықтың болмыс-бітімінен, тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан мағлұмат алады. Тарихи қайраткердің өмір жолынан, ерлік өнегесінен, даналық қағидаларынан, асыл қасиеттері мен істерінен тағылым түйеді. Дегенмен, «Қараш-Қараш оқиғасы» тарихи туынды санатына жатпайды. Рас, бұл туындыда белгілі аймақтағы ел арасында есте қалған оқиға желісімен, өмірде бар болған тұлғалар әрекеті арқылы дүниеге келген шығарма. Әйтсе де, қаламгердің жазушылық қиялы мен ойдан қосылған көркемдік детальдар негізінде жасалған туынды. Бұл жөнінде ғалым Р.Нұрғалиев: «Өткен уақиғалар әлі де елдің санасынан кете қоймағандықтан, тартысқа қатысқан адамдар, олардың ұрпақтары тірі болғандықтан, ең бастысы, деректі дүниелердің шырмауында қалып қоймай, суреткерлік қиялға еркіндік беру үшін көркем образдарды сомдап шығару, эстетикалық әсерді молайту мақсатымен Әуезов көп нәрселерді саналы түрде өзгерткен ғой, содан барып Рысқұл – Бақтығұл, Саймасай – Жарасбай делініп, Түрген болысы – Бүрген болысы делініп алынған» (Нұрғалиев, 1917: 299), – дейді.

Жазушы мұраларына әр дәуірдің талғам-таразысы мен өлшем биігі тұрғысынан ой өрбітіп отыру – әдебиеттану ғылымының борышы. Оның үстіне тәуелсіздік алып,

мәдениет, әдебиет тарихына тәуелсіз сана тұрғысынан қарап жатқан бүгінгі жаңа уақытта М. Әуезов сынды күрделі тұлғаның шығармашылығын қайта бір саралау қажеттігі арта түседі.

Шығармашылық жолының алғашқы кезеңінен-ақ М. Әуезов жазушылық шеберлігімен танылды. Ол бұл тұста, әсіресе, көркем прозаның шебері болып қалыптасты. Өмір оқиғаларын қаһарман мінезімен ұштастырып, оқырман жадында сақталар әдеби кейіпкерлер жасау дәстүрін тереңдетті, қазақ прозасының әңгіме, повесть түрлерінің дамуына елеулі үлес қосты, тарихи тақырыпты да, заман шындығын да өзіне ғана тән өрнекпен жырлайтын кең арнаға түсірген суреткер болды.

Ұлы жазушының сол дәуірде жазылған бірқатар туындылары төңірегінде әлі күнге дейін пікірталастар бар. Алғашқы жазған туындылары бір кездері жоққа шығарылып, саяси айып тағылды, кейінгі кезде зерттеу арнасы дұрыс бағытқа бет алғанмен, әлі де жазушы шығармашылығының тылсымы түгел ашылып, ғылыми тұрғыдан тиянақ таба қойған жоқ.

Бұл ретте жазушының «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі туралы айтылар сөз бен ойдың көп болмағы әбден заңды болса керек. Бұл шығарма жарық көрген күннен бастап-ақ оқырмандарды ғана емес, әдебиеттанушылар мен тарихшылардың назарын өзіне аударды. Аталған повесть жөнінде жазылған сыни мақалалар мен зерттеу еңбектер санының қомақты болуы да сондықтан. Жазушы, драматург Әкім Таразидің пікірі бойынша: «М. Әуезовтің жиырмамыншы жылдарда жазылған аса ғажап, аса көркем әңгімелерінен басқа, көлемді екі туындысы бар: соның біріншісі – осы «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі де, екіншісі – «Қилы заман» (бұны кейде роман, кейде повесть деп те атап жүр). Осы шығармалардың оқиғасы туындаған жерде М. Әуезов 1927 жылдың шілде-тамыз айларында болған Ағарту комиссариатының ғылыми командировкасымен сапарға шыққан ол Алматыда Біләл Сүлеевтің үйіне тоқтайды, өйткені өзіне қажетті материалдар (он алтыншы жылдағы Албан көтерілісі туралы) осы үйде екенін досы Смағұл Сәдуақасовтан естіген», – дей келе: «...Қараш-Қараш әңгімелерін сұрастырып уақыт өткізіп жатпауының себебі, ол деректерді бұған дейін Тұрар Рысқұловтың өзінен естіп, қолындағы архивтік құжаттармен де мұқият танысып алған болатын», – дейді (Әуезов, 2001: 333). Ал Тұрсын Жұртбай бұл туынды жайында: «Қараш-Қараш оқиғасы повесінің негізіне өмірде болған оқиға желі етіп алынған», – деген пікірін айтады (Әуезов, 2001: 342). Жалпы, жазушы әрі ғалым Тұрсын Жұртбаев Әуезовтің өмірі мен шығармашылығындағы тарихи шындықты зерттеген. Ол өзінің «Бейуақ» атты кітабының бір бөлімін «Қараш-Қараш оқиғасының» бас кейіпкері Бақтығұлдың прототипі Рысқұл Жылқыайдаровқа арнаған. Бұл жерде автор шығармаға арқау болған прототиптің әдеби образы мен өмірлік тұлғасы өзара қабыса ма, жазушы тарапынан әсірелеу жоқ па деген сауалға жауап іздейді. Сосын: «Рысқұл Жылқыайдаровтың азаматтық ірілігі Бақтығұлдың бейнесіндегі көркемдік парасатқа толық татиды. Рысқұл да – тұлға! ...Кесек қимылды, өжет мінезді, намысшыл Рысқұл – әдеби кейіпкер болуға лайық адам.

Ондай мүмкіндікті Әуезов те қалт жібермей, тап басып таныған. Егер де, «Қараш-Қараш оқиғасы» жазылмаса да, күндердің күнінде оның есімі бәрібір аталар еді» – дегені бар (Жұртбаев, 1990: 4). Осы сөзінің бір дәлелі ретінде Рысқұл туралы өмірден белгілі деректерді келтіреді. Соның бірі қазіргі Алматы облысындағы Талғар шыңы алқымындағы жазықтың қалай «Рысқұл алқабы» аталғанын баяндайды. 1903 жылы географ ғалым Дмитриев осы мекенді зерттеуге келгенінде Рысқұл оған жолбастаушы болған екен. Дмитриев сол сапары жайлы: «Рысқұл мені бұрын ешбір картаға түсірілмеген қиямет қиын жолдармен алып жүріп, Талғардың ту сыртынан шығарып, Есік өзенінің басталатын көзінен әрі алып барды. Соның нәтижесінде менің 1903 жылғы саяхатым елеулі ғылыми нәтижелерге жетті. Бұл табыстарым үшін мен өзімнің жол бастаушым Рысқұлға қарыздармын. Оның небір қиын құздардан, жып-жылтыр мұздардан жол тауып, асқан қажырлылықпен, айла-ептілікпен алып жүргенін көрсеңіз. Талғар шыңдарын бірінші зерттеуші ғалым ретінде мен мұзарт етегіндегі Есік өзенінің сағасы басталатын алқапты Рысқұл алқабы деп атап, оның есімін мәңгі қалдыруға өзімнің құқымды пайдалана отырып, шешім қабылдадым. Өйткені, ғылым алдындағы оның еңбегі зор» (Жұртбаев, 1990: 4), – деген алғысын жеткізген. Фильмдегі Бақтығұлдың өзін қуушы топтан қашу барысында адам нанғысыз қимыл-әрекеттерге барғаны жазушының да, режиссердің де әсірелеуі емес екеніне осы сипаттаулардан кейін көз жеткіземіз. Дәл осы тұста Бақтығұлдың қашып бара жатқан кездегі эпизодтағы бір ерекшелікті айта кетпесек болмас: биікте орналасқан тау өзенінен келесі бетке өтердегі бар қимыл-әрекеті сол асау өзеннің өзінде түсірілген. Көрермен бар күш-жігерімен судан шығуға тырысқан актердің жанкешті характерін көреді.

Осы повесть жарық көргеннен кейін қазақ пен қырғыздың мәдени қарым-қатынасы жаңа бір деңгейге көтерілді. Қазақ әдебиетінің алтын ғасырындағы көркем шығармаларды қырғыз мәдени кеңістігі де көркем фильмге айналдыруда үлес қосты. Олардың қатарында «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі де бар. Кеңестік кезеңнің кино өндірісі жаңа бір қарқын алып келе жатқан тұста бұл фильм өз заманының жарқын көрінісі болды. Шығарманың ішкі психологиясын кейіпкерлерінің бойына дарыта білген білікті режиссер – Болотбек Шамшиев «Выстрел на перевале Караш» атты көркем туындысын көрерменнің назарына ұсынды. Осы тұста «Қараш-Қараш оқиғасын» неге қырғыздар түсірді деген заңды сұрақ туындағаны рас. Бұл сұраққа жауапты фильмнің сценарийін жазған жазушы, драматург Әкім Тарази былай деп жауап береді: «Бұған дейін «Манасшы» және «Шоқан» деген деректі фильмдерімен белгілі болған қырғыздың жас режиссері Болотбек Шамшиев 1965 жылдың жазында «Қараш-Қараш оқиғасы» туралы фильм жасағысы келетінін айтып, ұсыныс жасады. «Сен сценарийін жазасың ба?» – деді. Мен бірден келісім бердім. Көп ұзамай, сценарий де дайын болды» (Шамшиев, Тарази, 2008: 6). Иә, бұл туындының экранизациясын түсірген қырғыз режиссері, басты рөлдердің денін қырғыз актерлары сомдаса да, фильм «Қазақфильмнің» өнімі ретінде жарық көрді. Әрине, сол уақыттағы Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалиндей қазақ

режиссерлары бұл туындыны «түсіру қолымыздан келмейді» дегендіктен емес, ұсынысты бірінші болып қырғыз режиссері тарапынан айтқаны себеп болған.

Фильмнің жарыққа шыққанына 25 жыл толуына орай өткізілген шарада режиссер Болотбек Шамшиев те арнайы келіп, бұл фильмнен бөлек басқа да кино қойылымдар қойғанын, соның ішінде «Қараш-қараш оқиғасы» сынды шығарманың шоқтығы биік екендігін, халық жүрегінде ұзақ жасайтындығын айта келіп, «Бұл өзі жалпы Тұрарға қатысты фильм ғой... Тұрарға қатысты тойлар болып жатса, осы фильмді көрсетсе, көптік етпес еді» (Тұрғынбекұлы, 1994: 2), – деген пікірін айтты.

Көркем фильм рецепциялық тұрғыда өз аудиториясын таба білді. Алғаш жарыққа шыққан күннен бастап ел аузында айтылып, қалың халық арасында талқыланар көрнекті фильмнің біріне айналды. Шығарманың бойындағы құндылықтар мен негізгі идея интерпретацияланып, кинода көрініс тапты. Мәселен, шығарманың басты идеясының бірі ретінде бауырмалдықты көрсетеді.

Жалпы алғанда, қазақ шығармаларының экранизациялану барысындағы интерпретациясына тоқталып, бұл туындыдағы кейіпкерлерге психоанализ жасау барысында мынандай мақсаттар қоямыз:

- «Қараш-Қараш оқиғасы» шығармасындағы Тұрар Рысқұлов пен әкесі Рысқұл тұлғасының көркемдік-тарихи негізде сомдалу ерекшелігін көрсету;

- Кеңес кезеңіндегі кино өнерінің саяси сипаттағы шығармалар кейіпкерлеріндегі психоанализге талдау жасау;

- кинокартинадағы кейіпкерлердің психологиялық жағдайына, рухани әлеміне интерпретация арқылы талдау жасау.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Негізгі зерттеу әдістері

Мақалада тарихи прозалық шығармаларды зерттеу барысында тарихи-генетикалық әдістемелік негізге алынды, объективті-аналитикалық талдау, жүйелі-кешенді саралау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Бейнеленіп отырған дәуір рухына сай Тұрар Рысқұлов тұлғасын сомдаудағы авторлық шығармашылық тәсілдер, тарихи кейіпкер жасаудағы дәстүр сабақтастығы, көркемдік жинақтау, тарихи шындық пен көркемдік шындық бірлігі, баяндау, бейнелеу элементтерінің құрылымдық жүйесі тұжырымдалып қорытындыланды.

Кеңес кино өндірісінің көрінісін, поэтикалық элементтерінің қолдану ерекшеліктерін зерттеу және саяси сипаттағы кинокартиналардың образдық сипатын ашу барысында тарихи-салыстырмалық әдісі, интертекстуалдық, құрылымдық, семиотикалық, герменевтикалық талдау әдістері ғылыми басшылыққа алынды.

Тарихи-салыстырмалық әдістің ең негізгі міндеті – кинокартинаны өзіне дейінгі бір шығармамен не оқиғамен қатар алып суреттеу. Бұл ретте «Выстрел на перевале Караш» фильмі мен «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі жақсы мысал болады. Бұл туралы «Қазақ өнерінің тарихы» кітабында былай келтірген: «Дегенмен олардың бәрі бірдей кеңестік тарихи-революциялық киноның идеялық, көркемдік-эстетикалық, тақырыптық ұстанымдарына жауап береді деуге болмайды» (Нөгербек, 2009: 474).

Интертекстуалдық әдісте диалогтардың кейіпкерлердің образына қаншалықты үйлесетінін қарастырамыз. «Выстрел на перевале Караш» фильміндегі кейіпкерлердің философиялық диалогтары шығарманың негізгі идеясына жетелейді.

Мақаламыздың тақырыбына қатысты зерттеу еңбектер талданып, зерттеушілердің ғылыми көзқарастары қамтылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақаламыз туындының шығармашылық тарихы және экранизациясына қатысты болғандықтан, интерпретация теориясы мен тарихына, кейінгі кезде қарастырыла бастаған шығарманың тарихы жайлы ғылыми еңбектер негізге алынды. Атап айтсақ, Т.Жұртбаев, Б.Майтанов, А.Ісімақова, Б.Әзібаева, М.Мырзахметов, Қ.Мұхамедханов, К.Рахымжанова, А.Болсынбаева, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, зерттеу тақырыбына қатысты ой-пікірлерді, теориялық тұжырымдарды басшылыққа алдық. Бұдан өзге де қазақ әдебиеттану ғылымындағы, орыс ғалымдарының еңбектеріндегі қалыптасқан қағидалар мен тұжырымдарды қарастырып, ғылыми мақаламызға пайдаландық. Мақаланы жазу барысында сонымен бірге әр жылдары жарияланған мерзімді баспасөз беттеріндегі мақалалар да қарастырылды. Ал экранизацияның теориялық әдістемесі мен ішкі құрылымын Б.Р.Нөгербек, Г.Қ.Наурызбекова, Н.Р.Мұқышев сынды ғалымдар жазған «Қазақ киносының тарихы» атты оқулық кітабынан таба аламыз. Мақала жазу барысында аталған ғалымдардың еңбектері сараланып, жүйелі түрде қолданылып отырады.

3. Талқылау

Белгілі орыс ғалымы, әдебиеттанушы С.Ф.Долгов өзінің «Типология художественного конфликта в советском историческом романе» еңбегінде тарихи романдар мен тарихи тұлғалар туралы мынандай анықтама беріп кеткен: *«Автор современного исторического романа отличается комплексным подходом и к исторической действительности, стремиться решить вопрос об ответственности нации, народа и личности за судьбу родины»* (Долгов, 1990: 105).

Бір дәуірдегі ұлт тарихындағы маңызды оқиғалардың аясында тарихи тұлғалардың рөлін айқындау – үлкен жауапкершілік. Тарихи романдарымызда беделді билігімен, қайраткерлік белсенділігімен ел игілігі жолында батыл күрескерлік әрекет, шешім жасаған тұлғалар аз бейнеленбеген. Өткен дәуірде өмір сүрген қайраткерлерге баға берудегі кезінде үстемдік еткен коммунистік идеологияның сынаржақ көзқарас салдарынан, оларды бір-біріне қарама-қайшы қою фактілері қалыптасты.

Болотбек Шамшиевтің 1968 жылы жарық көрген «Выстрел на перевале Караш» фильмі – сөзсіз өз заманының саяси көзқарасына ашық түрде қарсы шыққан кинокартина. Өз даласында өзі жалғыздық сезінген Бақтығұлдың типтік образы сол кездегі бай-болыстардан қорықпастан, ойын еркін айта білген тұлға есебінде көрініс табады. Таптаурын санаға шектеу қояды. Қазақтың рухани таным-түсінігіне қарсы шыққан кинокартина жаңа мифологиялық сипаттан да қашық емес. Кеңес билігін ұлық деп ұғынған халықтың танымына жаңаша ой әкелді. Бақтығұл бойындағы қайсарлық пен дала боздақтары бойындағы қайсарлықтың ассоциациясы. Екеуі де өз

бостандығы үшін күресіп жүрген тән иелері. Бірақ та, қабылдап отырған көрерменге нейтралды көзқарас таныту қиынға соғары анық. Киноның жүгін көтеріп тұрған осындай ауыр тақырыпқа Болотбек Шамшиев батылдықыпен барған. Көпшілік психологиясы туралы Зигмунд Фрейдтің еңбегі осы орайда мысалға келтірсек: «Бірегейлену – психоанализде басқа адамға эмоциялық тұрғыдан байланудың ең алғашқы көрінісі» (Ривкин, 2019: 232).

Қазақтың өнер тарихына кино саласы кешеуілдеп қосылғаны белгілі. Кинофикация немесе ұлттық кино өнері біздің мәдениетімізге XX ғасырда келе бастады. Отырықшы өмірге орныға бастаған қазақтың қалалық мәдениетіне өзгеше үн қосты. Қазақ киносының дамуы тарихи, саяси, экономикалық сипатқа ие болды. Күнделікті өмірде болып жатқан құбылыстардың экранизациялануы қалың жұртшылыққа ерекше әсер қалдырып, рухани өрістерін кеңейтті. Енді сол кино өндірісі тәуелсіздік жылдарына қарай түрлі типке ауысып отырды. Тарихи кинолармен сусындаған халықтың сұранысын адамның жеке басындағы сезімдерге байланысты кинокартиналар алмастырды. Қоғамдағы адами құндылықтар негізгі идеяға айналып, кейіпкер болып теледидардан көрсетіліп жатты. Ол туралы Б.Р.Нөгербек, Г.Қ.Наурызбекова, Н.Р.Мұқышев сынды ғалымдардың «Қазақ киносының тарихы» еңбегінде тереңірек жазылған. Оқулықтан үзінді келтірсек: «Әлемдік кино өнері тарихымен салыстырғанда қазақ жерінде кино өндірісі кешеуілдеп дамыды. 20-жылдар тұсына дейін Қазақстан өңірінде кино өндірісі әлі қалыптаса қоймаған еді және кино саласында ұлттық мамандар да болмады» (Нөгербек, 2005: 5).

Бұл фильмнің негізгі идеясы – адамзат пен табиғаттың арасындағы кереғар қатынастар, адам психологиясы. Қоғамның шынайы көрінісі кинокартинада анық көрсетіледі. Халықтың шымбайына бататын саяси шешімдерге көрсеткен қарсылық ретінде көрерменге жеткізуге тырысады. М.Әуезов шығармашылығындағы табиғатты қалай кейіпкер қылып санасак, бұл кинокартинадағы дала да – сондай кейіпкер. Бақтығұл өжеттілікке сүйенсе де, саяси шешімдермен қанша соғысса да, оның ішкі жан дүниесі халыққа қарсы емес. Бұл жерде дала философиясының өзіндік өрнегі бар.

Фильмде шығарма арқылы интерпретацияланған үлкен бір мәселе – тұлға проблемасы. Шындап келгенде, Бақтығұл – ой өрісі азат тұлға. Сейіт соның бәрін көріп өседі. Сейіттің (Тұрардың) алдағы өміріне де әсер ететін әкесінің осындай тәлімі.

Тұлға проблемасы, одан кеңірек қарасак, адам проблемасы көркем шығарманың өзегі саналады және шығарманың бүкіл идеялық, эстетикалық және көркемдік компоненттерімен тікелей байланысты, тіпті көп жағдайда солардың мазмұны мен бағытын, өзара байланысын анықтай алады деуге болады.

«Концепция человека составляет основу, движущее начало искусства, внутреннюю сущность художественного образа. Вокруг этой основной проблемы концентрируются все другие компоненты искусства. Для казахской литературы

периода Независимости характерно сочетание двух принципов – традиционного и персонального» (Gabidullina, 2015: 128).

Тұлғаның, одан да кеңірек – адамның мәнін түсіну – көркемдік жүйенің құндылықтарын – шығармашылық әдіс, стиль тағы басқаларды анықтап, жазушы дүниетанымының негізін құрайды.

Сонымен бұл проблеманың екі жағы бар, демек адам, тұлға концепциясына арналған жұмыстарда екі аспектіні қарастыруға болады. Бірінші аспект аталған проблеманың мазмұндық жағымен байланысты және әдеби құбылыстарды философиялық тұрғыдан қарастыру керек дегенді білдіреді. Бұл жазушының көркемдік жетістігін зерттеуді, оның дүниетанымдық ізденісін талдаумен бір қосып, тұтастай іске асыруға мүмкіндік береді.

Екінші аспект поэтика мен әдісті зерттеуге байланысты, мұнда образ жүйесінің талдауына, мінездерді бейнелеудің принциптеріне қатты көңіл бөлінеді. Профессор В.П.Белопольский жазғандай: *«Негізгі мәселе қалай және қандай көркемдік амалдардың көмегімен жазушы адамды бейнелейді?»* (Темірболат, 2020: 308).

Тұлға проблемасын, кеңірек алғанда адам проблемасын, жеке нысан етіп алып, арнайы зерттеу орыс әдебиеттану ғылымында 60-шы жылдардың екінші жартысынан бастап етек ала бастады. Қазақ әдебиеттану ғылымында тұлға проблемасы арнайы қойылмаса да, адам образы, характер мен жағдай, кейіпкерлердің рухани әлемі т.б. проблемаларын зерттеуге арналған еңбектерде әрдайым қарастырылып келді.

Философиялық әдебиеттерде «адам» және «тұлға» деген ұғымдардың әртүрлі екені белгілі, алайда философтардың бұл терминологияны қолдануында бірізділік байқалмайды.

«Если исследование личности нередко претендует на значение теории человека, то наоборот, философские исследования человека часто сбиваются в конечном счете на рассмотрение проблемы личности» (Гинзбург, 1977: 34).

Жоғарыда аталған философиялық және эстетикалық пландағы еңбектердің бәрінде де методологиялық негіз, кезінде Гегельдің ілімі көп алған, материалистік диалектика өкілдерінің «адам» және «тұлға» жайындағы ұғымдарының концепциясы болып саналады.

«Адам», «тұлға», «мінез» секілді ұғымдарының ара қатынасына әдебиеттанушылар да баса назар бөлуде.

Бақтығұл образы кинокартинада жағымды кейіпте бейнеленгенімен, «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің екі түрлі нұсқа болғанын ескеруіміз қажет. Мысалы, кинокартинадағы Жарасбаймен болған үзіндіде (фильмде 70-минутта) Бақтығұл – ұрлыққа амалсыздан барған кейіпкер. Саяси шешімдерден қажыған ұлтты құтқару мақсатында барып, өзін құрбан еткен тұлға. Десе де, шығарма тілі бізге басқа мәлімет береді. Салыстыра отыра оқиық.

Екі нұсқаны салыстыра, зерделей оқыған адамға М.Әуезовтің алғашқы қалам тартысына жатпайтын, заманның ығы мен саясаттың салқыны сезіліп тұратын суреттеулерді көптеп кезіктіруге болады. Мына пікірді келтірейік: *«...өзінің*

жазушылық ұстанымынан тайғысы келмеді ме, әйтеуір повестің 1936 жылғы жеке басылымына жазушы көп өзгеріс енгізбеген. Дегенмен, ...шығарманы қайта қарап, ұштай түскен тұстары жоқ емес. Тіпті, Кеңес өкіметіне ұнай бермейтін тұстарды саналы түрде түзеген де тәрізді. Осы (1927, 1936) нұсқаларды салыстырғандағы ең үлкен айырмашылықтың бірі бала Құрал Сейіт болып өзгертілген. Құрал мен Тұрардың ұқсап тұруынан белгілі қоғам қайраткері Тұрар бітімі елестейтін» (Болсынбаева, 2004: 187). Кеңестік идеология ықпалымен бұл шығарма да «Қилы заманның» күйін кешіп, бірталай уақыт тыйым салынған шығармалар қатарына еніп кетуі мүмкін еді. Міне, сол себептен де жазушы 1950-жылдардан кейін қайта түзетуге кіріседі. «Алғашқы нұсқадағы авторлық нысана – адамның жан дүниесіне қопарылысы мен психологиялық шиеленісі арқылы тағдыр талқысына түскен адамның өзін-өзі іздеуін, дүниені өзгертуге тырысқан мінезін, ішкі рухани бұлқынысын көрсету. Екінші нұсқада бұл мақсат өзгертіліп, оқиға желісі кедей мен байдың арасындағы қайшылыққа құрылған», – деп талдау жүргізген А.Болсынбаева өзінің мақаласында. «Тектігүлдың өлімі» деген тарау 1927 мен 1936 жылғы нұсқаларда болмаған. Бұл кейіпкер жөнінде жазушы Т.Жұртбаев: «Тектігүл – жазушының ойынан қосылған әдеби көркем бейне» (Әуезов. Елу томдық, 2001: 344) десе, «М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасының» шығармашылық тарихы» атты кандидаттық диссертациясында жазушы Тектігүлді қолдан өлтіргенін, Тектігүл – өмірдегі Молдабек Жылқыайдарұлы есімді азамат, яки Рысқұлдың туған інісі екенін анықтап өтеді. Дегенмен, бұл прототип турасында көптеген қайшы пікірлер кездеседі. Тарихшы ғалым Ә.Оспанов «Қараш-Қараш» қаһарманы» атты мақаласында Тектігүлдың прототипі Рысқұлдың туыстары Бердікүл мен Молдабектің бойынан алынған жиынтық образ дегенге келтіреді.

Жалпы «Тектігүлдың өлімі» тарауының қосылуы арқылы шығарма көлемін ұлғайтып, кейіпкерлер саны да көбейе түскен. Осы шешімі арқылы жазушы оқырманын тарта түсуді мақсат еткен де болар.

Алғашқы нұсқасы жеті бөлімнен және 23373 сөзден тұрса, екінші нұсқасы сегіз бөлім және 21918 сөзден тұрады.

Шығарманың алғашқы басылымы: «Тау ішінің жаңбырлы қараңғы түні Бақтыгүлдың көңілінде шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде он-оңай жазып жібергендей» деген жолдармен басталады (Әуезов, 1936: 3). Бұл сөйлемдер соңғы (1959) нұсқаның екінші бөліміне ауысқан. Соңғы басылым: «Қайран Тектім-ай!... Алпамсадай арысым едің... Қаңбақтай жеп-жеңіл боп, қаусап қалғаның-ай! Қолыма салмағың білінсеші» деген сөйлемдермен басталады (Әуезов, 1960: 344). Бақтыгүлдың осы сөздерінен-ақ олардың басына төнген ауыр қайғы, қас-қабақ бірден білініп, кектің бар сыры мен шындығын сыйғызып жіберген. Осылай басталатын бөлім түгелдей жаңадан қосылған.

Алғашқы нұсқада Бақтыгүл бала-шағасын асырап, жан сақтау үшін түн мезгілінде жылқы ұрлауға яғни ізін жасыру мақсатымен алысқа құрық салушы нағыз ұры болып суреттеледі. Сондықтан оның алғашқы сөйлемінің өзі осы бір ізбен оқырманды жетелеп жүре береді.

Екі нұсқадағы авторлық тұғырнаманың әр тектілігі мәтіндегі өзгешеліктерге әкелген. Бірінші нұсқада күздің қара суығында, жауынды, суық лайсаң түнде Торыайғыр мен Меркені нысаналап шыққан ұрының санасын тек олжалы болсам деген күй ғана мазалайды. Неше күнгі аштық және қолына қарап отырған бала-шағасының жайы еш нәрсе ойлатпай, іштей бекінген ұрлыққа жетелейді. Мұнда ешқандай кек қайтару туралы ой жоқ.

Ол – ешкімге бағынбайтын, тәуелсіз, өз күнін өзі көрген жортуылшы. Бұл нұсқада Бақтығұл бай есігін торыған кедей емес. Жылқы алуды кәсіпке айналдырған – барымташы. Әрбір сөз, сөйлем құрылысы соны сездіруге құрылған.

Жаңа нұсқада Бақтығұл Сәлменнің қанша жыл қолында қызметшісі болса да, інісіне қалжа да ала алмаған, бұл жерде байдан бойын алшақтаған кедейдің үй-жайының жүдеу болуы заңды да. Әбден тарыққан бала-шағасына құныкерінің семіз бір жылқысын союы әділдік еді. Осы үзіндіден-ақ екінші нұсқада қаншалықты өзгеріс жасалғаны көрінеді.

Жазушы бірінші нұсқасы арқылы патшалық бодандық пен феодалдық билік режиміне жасалған қарсылықты көрсетуді мақсат еткен болу керек. Әйткенмен, сол кезеңнің саяси идеологиялық қысымынан өте алмаған шығарманы оқырманға жариялау құқығынан айырмау жолында қайта өзгертулер енгізуге мәжбүр болды деп санаймыз. Солайша, жаңа нұсқасында жаңа идеялар мен жаңа кейіпкерлер желісін қосып, шығарманы жаңаша тәсілмен қайта жазып шығады.

Соңғы нұсқаның тыңнан қосылған бөлігінде тұжырымды түрде әңгіменің бар түйіні толығымен берілген. Бұнда қоғамның әлеуметтік астары толық ашыла түскен. Алғашқы нұсқада аты да аталмайтын Тектіғұл бауыры екеуі нағашы жұртына пана іздеп келіп, бірі жылқы, бірі қой соңында жүріп, Сәлмен байдан көрген қорлығы мен зорлығы, ақыры інісі соққыға жығылып, соның салдарынан қаза болуы суреттеледі. Енді бұрынғы нұсқада тұрмыс тауқыметі мен тағдыр тәлкегіне шыдамай қарсы әрекетке баратын Бақтығұл саналы түрде үстем тапқа қарсы шыққан кедей тап өкілі болып шығады.

«Бақтығұл мен Тектіғұл Сәлменнің қолына барғалы бай малы жыл санап төлдей өсудің үстіне, барымта-қоспадан үстей өсу де мол болған. Ағасы болыс, інісі сотқар қорқау болса, Қозыбақ байымай, кім байысын! Сондай қосылған сырт малының талай да талайы Бақтығұлдың құрығы, бұғалығы, ноқтасы да бастарына тиген, барымтамен алғызған әлдекімдердің ақ-адал малдары болатын» – деп келетін жолдарда бірі болыстығымен, бірі озбырлығымен «барымташы», өздерінің үстемдігін жүргізіп, Бақтығұлды «жортуылшы» етіп, малының санын көбейтті. Бұл жерде Бақтығұлдың көндіккен, амалсыз әрекеті байқалады (Әуезов, 1960: 255). Қос кедей қанша жыл адал қызмет етсе де, өздеріне тиесілі ақыларын да ала алмайды.

«Выстрел на перевале Караш» кинокартинасы екінші нұсқа бойынша түсірілген. Бұл жердегі Бақтығұл образы – халық жанашыры.

Бақтығұлдық ішкі психологиясы фильмде шынайы суреттеледі. Оны фильмдегі 58-63 минуттар арасында байқауға болады. Көз жанарынан төгілген ашу мен кектің суреті көрінеді. Шығармада ол тұс былай сипатталады:

«Желдің арты қай жақтан екенін білген шығарсың!», «Неден болса да ақпын. Менде айып жоқ», «Қара болсам, өзге қараласын. Нақ сендер қараласаңдар, көріп алармын, құдай-ақ та! Мен не болсам, сен де солсың» деген тізбекті ойлар – Бақтығұл психологиясының интерпретациясы.

Бұл эпизодтар көрерменнің ішкі қабылдауына үлкен фокус қояды. Өйткені, рецепция – ұсылған мәтінге не сюжетке тікелей қатысты. «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің негізгі идеясының бірі – халықтың ішкі азаттыққа ұмтылуы. М.Әуезов бұл тұрғыда осындай кулық әрекеттерге барған. Бірақ, оқиғаны көрсету үшін бір дүниені құрбандыққа шалады.

«Қысы-жазы ағайынды екі жігіттің еңбегі, ер қайраты кіргізетін кіріс айта қаларлық болса да, Сәлмен осы екі жігітті талай жылдар, өзге малайлары тәріздендіріп, ақы бермей жұмсап жүрді. Бұлар көшпелі ел малайы алатын кесікті, дағдылы «пәлен қой, пәлен киімнен» есеп жасап, есесін алуды білген емес».

Осы тұста Бақтығұл – алғашқы нұсқадағы еркіндік, тәуелсіздіктен арылған, байдың есігінде жүрген жалшы. Тәуелді болғандықтан, шектен шыға алмайды.

«Тектігұлдың басына біткен, берекелі мал дейтін мардымды түк те болмаған. Жиырма жылғы Бақтығұл еңбегінің, он жылғы әйелінің сауын сауып, күндік еткен қызметінің орайы да ойдағыдай болған емес. Барлығы: Бақтығұл, Тектігұл – екеуінің ортасында осы бүгінгі жыртық қоңыр үй, төрт-бес қара, он шақты ешкі-лақ. Жиырма жыл бойында жаттың малын жан сала бағып-қағып жүрген, тепсе темір үзетін ағайынды екі жігіт пен қара шаруаға мығым қаражон Қатшаның «құрағансымағы» осы ғана» – дегендегі Бақтығұл қанша жыл адал еңбек етсе де, алғаны жыртық үй, төрт-бес қара. Бірінші нұсқада Бақтығұлдың күйі анағұрлым жақсырақ. Өзінің жері, біраз малы бар. Бірақ соңғы нұсқада оны бұндай бейшаралық күйде суреттеу арқылы әлеуметтік астарын көрсетуді көздеген. «Тепсе темір үзетін» деп Бақтығұл мен Тектігұлды сипаттауында осындай батырға бергісіз жігіттердің жаттың малын бағып тәуелді болып жүруіндегі әділетсіздікті, күш көрсете алмаған әлсіздікті, қарсы шығуға жалғыздығы мен көпке әлі келмейтіндігі оны іштей көнуге, тұншығып бағынуға еріксіздігін астарлау арқылы беріп отырғандай. Сәлмен бұлардың еңбегін жегені мен өмірін де өз қолымен алып отыр. Жазушы осы тұста жоғарғы таптың қанаушылығын, кедей мен байдың ара-жігін ашуы арқылы сол тұстағы уақыт талабынан шығып отыр.

Әділетсіздіктің тағы бір орайын Сәлмен дауылда ығып кеткен қойды қайырмадың деп Тектігұлды соққыға жығуынан да көруге болады:

«Тектігұл «азынай тұрған қара суық дауыл мынау! Берген киімің жалғыз ескі шекпен болса, оның қолтығы, жоны жыртық. Жауын мен дауылға не кием? Тым құрыса бір өң киім бер!» – деп сұрағанға жазықты бопты. Сәлмен ақырып: «Қой күзеті – сенікі, қойдың жарымы ығып кетсе, сен ақы-пұлыңды тілеп, әбігер саласың!» – дейді де, боқтықтың астына алады. Тек қана жылы киім сұраған жайын ұғындырып айтам деген Тектігұлды сабап боқтай береді. Тектігұл соған ызаланып: «Он жылғы еңбегім бір жылы киімге татымаса, малыңның құлағын... Мені қырып

ал, өлер жайым жоқ!» – дейді. Бақтығұлдың ұшып өлгелі жатқан жерінен тауып алып, артына мінгестіріп әкелгенін білген Сәлмен Бақтығұлды және де әке-бабадан боқтап, қамшының астына алған. Бақтығұл Сәлменнен тілін тартпай, Тектіғұлды ақтап: *«Жанымнан садаға кетсін сенің арамнан жиган малың! Құлағын ұрайын. Мен де айтамын соны», – деген, тілін тартпаған-ды»* (Әуезов, 1960: 91-92).

Осы сөйлемдер арқылы және осы алғашқы бөлімде жазушы кедей таптың қарсылығын, ашынғандығын, революцияға дейінгі байлардың кедейлерге тізесін батырғандығын көрсету арқылы жаңа заман тақырыбына орай бүлікшіл бейнесінен таптық көзқарасты жақтаушы бейнесін сомдағаны анық көрінеді. Сондай-ақ, повесте көтерілген әлеуметтік күрестер сипатталуы жағынан яғни Тектіғұлдың басынан өткен жайт – боранда адасып қалып, ауруға шалдығады.

Негізінен, Тектіғұлды өлтіру – Әуезовтің ұтқыр шешімі. Жазушының әлеуметтік теңсіздікті көрсетуі, заманның сұранысына орай жығылуы еді.

Кинокартина Тектіғұл бейітінің басында отырған Бақтығұлдың ішкі монологынан басталады. Бауырының өлімін бай-манаптардан көріп, енді солардан кек алғысы келіп отырған тұлғалық образ.

Б.Г. Реизов тарихи проза жазатын қаламгерлердің назарын мынадай мәселелерге аударады: *«...Он должен изучать то значение, какое имели для общего развития цивилизаций законы, изданные в интересах государей и классов, и психологию народа... Роль королей и политических деятелей историк и особенно исторический романист должен изучать сквозь оценку народа, а потребности и желания народа нужно изучать в его «великих людях», которые являются его представителями. И все это должно быть окрашено местным колоритом, выражающимся не в сухом перечне фактов в живописном изображении всех деталей эпохи»* (Реизов, 1958: 292).

Бұрын идеологиялық саясаттың қатал талабы мен шартына негізделіп, өткеннің бәріне күл шашылып, орыс тілінен аударылып келген тарихымыз жаңа тарихи деректермен, халықтық асыл қазыналармен толыққан кезде жазылған «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі – тарихи туындыларымыздың қатарына тыңнан қосылған болмыс-бітімі бөлек, кесек те күрделі шығарма. Рысқұл мен Тұрардай атақты тарихи тұлғаларымыздың тәуелсіздігіміздің ұлы күрескерлерімен бірге ұлттық қаһарман ұғымында халық санасында қайта жаңғыртқан танымдық, тағылымдық тарихи туынды.

Туындыдағы Жарасбай болыс прототипі – Саймасай Үшкөмпіров. Ол Шығыс Талғардың болысы болған. Болыс өзінің жеке кегі жолында Бақтығұлды пайдаланып, барымтаға жұмсайды. Ары қарай шығармадан оқып, фильмде де көрсетілгеніндей, өзінің қылмыстарын жасыру мақсатында Рысқұлдың өмірін құрбандыққа шалады. Арнайы алқа билер жиынын ұйымдастырып, Рысқұлды (Бақтығұлды) абақтыға жабуға шешім шығартады. Қолға түсіп қорлық көргенше кашуды ұйғарған Бақтығұл біраз теперішті бастан өткеріп, Қараш-Қараш асуында оқ атады.

«Қилы заман» мен «Қараш-Қараш оқиғасы» тарихи прозаның үлгісі деуге болады. Олай деуіміздің бір себебі, бұл шығармаларды жазушы 20-ғасырдың жиырмасыншы

жылдарының соңына қарай жазған. Бұл кезең қазақ қоғамында ұлт-азаттық қозғалыс сынды тарихи оқиғаларымен де есте.

Тарихи дерек көздері, тарихи құжаттар тарихи шығармада дәуір тынысын, қайраткер бейнесін шынайы да нақтылы сомдауда айрықша маңызды. Ол тарихи шындықты көркемдік шындыққа үйлестіруімен де құнды. Тарихи кейіпкерлері бар туындыдағы дәуірдің кең тынысы әдетте фактілердің барынша дәлдігімен, оқиғалардың шынайылығымен ұтымды. Қаламгер үшін тарихи құжаттарды, фактілерді жинаудан бөлек, оны шығармаға дәл, ұқыпты пайдалана білу, көркем тілмен кескіндеу асқан жауапкершілікті қажет етеді.

Тарихи материалды, яғни тарихи деректер көзін, құжаттарды, жазбаларды, фольклорлық мұраларды, хаттарды жинап, сұрыптап, саралап, қайта ой сүзгісінен өткізіп екшейді, ондағы шындық негізін, көркемдік құндылықты алады да, оған эстетикалық сапа дарытады. Өйткені, тарихи құжаттар белгілі бір мемлекеттің саяси көзқарасына, мұрат-мүддесіне сай жазылуы да мүмкін. Тарихи деректен нақты шындық өзегін екшеп алу – су түбінен сүзілген қиыршық тастардан алтынды ажыратып алғанмен бірдей. Жазушыға байқампаздық, ізденімпаздық, табандылық пен ыждаһаттылық тарихи деректер көзімен жұмыс істеуге аса қажет.

4. Нәтижелер

Шығармадағы суреттелген образдар жүйесінен экранизацияға сай интерпретациялық белгілерді тауып, мақаламызға пайдаландық.

Сонымен, мақаланың нысаны болған «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің шығармашылық тарихы мен экранизациялық көрінісін саралай келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Аталған туындының шығармашылық тарихын және де нұсқаларына салыстыру жұмысын жүргізу арқылы авторлық идеяның өзгеру себебінің саяси-әлеуметтік табиғатын ашу көзделді.

М.Әуезов – жиырмамыншы жылдары жазушылығымен қоса, қоғамдық қызметін қатар алып жүрген қайраткер. Бастапқы қадамынан-ақ, сол кездегі қоғамдық тіршіліктің қай саласына болса да белсене араласып, қазақ қауымының ең күрделі, түбегейлі мәселелеріне тереңірек үңілді. Сондай-ақ, «Алқа» әдеби шығармашылық ұйымын құруға атсалысты. Жазушының өзі атап өткендей, бұл ұйымның көздегені әдебиет жайы болатын. Жалпы бұл кезеңдегі әдебиетке қойылған талап – Еуропа үлгісін бағдар тұта отырып, қазақ халқының ұлттық сипатын, мүддесін көтеру. Әуезовтің осы ұстанымды ұстанғандығына алғашқы жазылған еңбектері толық айғақ болады. Оның шындықты бұлтасыз, күрделі бейнелей алумен бірге шығармаларында халықтық негіз берік қаланды. Алдыңғы нұсқада қазақ халқына тән өзіндік ерекшелік, ұлттық сипат, мінез көрініс тауып отырады.

Жалпы, М.Әуезов алғашқы жазған шығармаларында көбінесе жеке адамның немесе адамдардың тағдырын, олардың жан толқынысын суреттей отырып, қоғамдық, әлеуметтік қайшылықтарды ашуды, әшкерлеуді басты нысана етіп келген.

5. Қорытынды

Экранизация – күрделі өнер. Бүтін бір дәуірдің айнасы іспеттес. Осы өнерде еркіндікті сезінгендер және нокталағандар бар болатыны заң. Қай қоғамда да,

қай дәуірде де бұл – болған құбылыс және бола беретін құбылыс. Көрерменнің талғамын көтеріп, өнерді азрандатпауға, құнын түсірмеуге жанашыр жандардың бірі – киногерлер. «Суреткер үшін ең үлкен бақыт – халық ұмытпайтындай, халықтың жадында сақталып қалатындай шығарма тудыру» (Мағауин, 1994: 12).

Суреткерліктің танымдық қуаты мол. Оның дағдылы шекарасы немесе ақырғы нүктесі болмайды. Яғни, ешбір көрермен қандай да бір классикті, оның қандай да бір туындысын аяғына дейін көріп, таныдым дей алмайды. Әрбір көркем кинокартина қайта көрген сайын жаңа бір қырынан ашылып, адамға тың ой, жаңа сезім береді. Көркемдік таным адамның көзқарас, ойымен сабақтас болады. Көркем шығарма арқылы адамның көркемдік танымы ұшталып, эстетикалық сезімі тереңдейді.

Әрбір суреткер белгілі ортада қоғамдық жағдайда өсіп жетіледі. Оның дүниетанымы, көзқарасы мен талап болмысы неғұрлым жетілген сайын, оның шығармашылық мұрасының да көкжиегі кең, мән маңызы да терең болады. Кез келген өнер адамы – өз заманының перзенті. Оның қалдырған мұралары өткен күндердің ізін айқындап, болашақтың соқпағын салады. Ал ол туындылардың бағасын беру – ұрпақ еншісінде.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 5-т. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 376 б.
2. Әуезов М.О. Қараш-Қараш оқиғасы. – Алматы, 1936. – 132 б.
3. Әуезов М.О. Қараш-Қараш оқиғасы. – Алматы, 1960. – 472 б.
4. Бахметов В. Вячеслав Яковлевич Шишков. Шығарм.жинағы.: 8 т. – М.: Гослитиздат, 1960. Т. 1. – 575 б.
5. Болсынбаева А. «Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің нұсқалары // М.О.Әуезов шығармашылығындағы этномәдени дәстүрлер / Құраст.: К. Рахымжанов, А. Болсынбаева. – 185-207 б. – ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. Алматы, 2004.
6. Gabidullina F.I., Sattarova G.G. Reflects the traditions in contemporary prose // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015, Vol. 6, No 5 S2. – P. 201-203 DOI:10.5901/mjss.2015.v6n5s2p201
7. Гинзбург Л. Психологиялық проза туралы. – Ленинград, 1977. – 443 б.
8. Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. Әдебиет теориясы: Антология. 2-том. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 372 бет.
9. Долгов С.Ф. Кеңестік тарихи романдағы көркемдік тартыстың типологиясы. – Ташкент: Фан, 1990. – 108 б.
10. Жұртбаев Т., «Қараш-Қараш оқиғасы» // «Алматы ақшамы», 1990. – 24-28 қыркүйек.
11. Қазақ өнерінің тарих. 3 томдық. (XX ғасырдың екінші жартысы, III том, 2-кітап). – Алматы: «Өнер», 2009. – 480 бет.
12. Мағауин М. Ұлттың күре тамыры. // Жұлдыз, 1994, № 10-12.
13. Нөгербек Б.Р., Наурызбекова Г.Қ., Мұқышева Н.Р. Қазақ киносының тарихы: оқулық. – Алматы: Издатмаркет, 2005. – 289 бет.
14. Нұрғалиев Р., Арқау. 2-том. – Алматы, Жазушы. 1991. – 570 б.
15. Ребеккини Д. XIX ғасырдың 30-жылдарындағы орыс тарихи романдары // Литературное новое обозрение, 1998, № 34 (6)
16. Реизов Б.Г. Романтизм дәуіріндегі француз тарихи романы. – Л.: Гослитиздат, 1958. – 567 б.
17. Темірболат А.Б. Жаһандану жағдайындағы заманауи әдебиеттің даму ерекшеліктері // Е.А. Бөкетов атындағы ҚМУ хабаршысы. Филология сериясы. – Қарағанды, 2020, No 3. – 301-310 б. DOI: 10.53871/2078-8134.2023.1-02

18. Тұрғынбекұлы С. Қырғыз бен қазаққа ортақ туынды // Қазақ әдебиеті, – 1994. – 28 қазан (№43).
19. Шамшиев Б., Тарази Ә. «Қараш-Қараш оқиғасын» неге қырғыздар түсірді? // Қазақстан-Заман, 2008, 7-тамыз (№32).

Reference:

1. Auezov M.O. (1936) Karash-Karash okigasy [Shot at the Pass]. Almaty. – 132 p. (in Kaz)
2. Auezov M.O. (1960) Karash-Karash okigasy [Shot at the Pass]. Almaty. – 472 p. (in Kaz)
3. Bakhmetov V. Vyacheslav Yakovlevich Shishkov. (1960) Collected works: In 8 volumes. – M.: Goslitizdat,. Volume 1. – 575 p. (in Rus)
4. Bolsynbayeva A. (2004) Versions of the story «Shot at the Pass» // Ethnocultural traditions in M.O.Auezov's creativity / Compiled by K. Rakhymzhanov, A. Bolsynbayeva. – On pages 185-207. – News of the RK NAS. Language, literature series. Almaty. (in Kaz)
5. Dolgov S.F. (1990) Typology of artistic conflict in the Soviet historical novel. – Tashkent – Fan,. – 108 p. (in Rus)
6. Fifty-volume collection of M.Auezov's works. (2001) Volume 5. Almaty: Scientific publishing center «Gylym». – 376 p. (in Kaz)
7. Gabidullina F.I., Sattarova G.G. (2015) Reflects the traditions in contemporary prose // Mediterranean Journal of Social Sciences. Vol. 6, No 5 S2. – P. 201-203 DOI:10.5901/mjss.2015.v6n5s2p201 (in Eng)
8. Ginzburg L. O. (1977) Psychological prose. Leningrad,. – 443 p. (in Rus)
9. Julie Rivkin, Michael Ryan (editors). (2019) Theoretical literature: An anthology. Volume 2 – Almaty: Public Fund «National Translation Bureau». – 372 p. (in Kaz)
10. Magauin M. roots of the nation. (1994). Zhuldyz, No. 10-12. (in Kaz)
11. Nogerbek B.R. Nauryzbekova G.K. Mukusheva N.R. (2005) History of Kazakh cinema: textbook. – Almaty: Izdmarket. – 289 p. (in Kaz)
12. Nurgalyev R. (1991) Arkau. Volume 2. Almaty, Zhazushy. – 570 p. (in Kaz)
13. Rebecchini D. (1998) Russian historical novels of the 30s of the 19th century // Literary New Review, № 34 (6)
14. Reizov B.G. (1958) French historical novel in the era of romanticism. – L.: State Publishing House of Fiction. – 567 p. (in Rus)
15. Shamshiyev B., Tarazi A. (2008) [Why did the Kyrgyz film “Shot at the Karash pass?”] // Kazakhstan-Zaman, August 7. (in Kaz)
16. Temirbolat A. B. (2020) Features of the development of modern literature of Kazakhstan in the context of globalization // Bulletin of the KSU named after E.A. Buketov. The series is philological. – Karagandy. No. 3. – 301-310 pp. DOI:10.53871/2078-8134.2023.1-02 (in Rus)
17. The history of Kazakh art. In 3 volumes. (The second half of the XX century, volume III, book 2). (2009) – Almaty: «Art». – 480 p. (in Kaz)
18. Turgynbekuly S. (1994) [A joint work of Kyrgyz and Kazakh] // The newspaper «Kazakh adebiyeti». (in Kaz)
19. Zhurtbayev T. (1990) Karash-Karash okigasy [Shot at the Pass] // Almaty akshamy. – 24-28 september. (in Kaz)

К.М. Мырзағалиева¹, А.Е. Алимбаев^{2*}

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай университеті, Қостанай, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹kmkz55@mail.ru, ²aslan_alimbaev@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-4998-5368, ²0000-0003-1717-7374

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Аңдатпа. Мақалада ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы ұлттық болмыс, ұлттық ерекшеліктер қарастырылған. «Мені тудырған – заман, патша заманының зұлым саясаты, зорлығы, зомбылығы, қорлығы» деп өзі айтқандай, отаршыл саясат, ел ішіндегі алауыздық, талас-тартыс Ахметті мысал жазуға итермеледі. Сонымен бірге ұлттық мүддені қорғауды мұрат тұтқан, сол жолда қуғын-сүргінге ұшыраған Ахмет үшін ойын астарлап жеткізудің жаңа бір тәсілі керек еді. Ол тәсіл – мысал арқылы қоғамды сынау. Ол осы жанр арқылы іштегі шерін тарқатып, айтайын дегенін айтып, ел рухын көтеріп, ақыл-кеңес, халқына ғибратты сөз арнады. Бірақ онысы құрғақ ақыл, құрғақ дидактика, жалаң пәлсапа емес, терең зерделілікпен жазылған биік поэзия болып шықты. Ол бұрын жазылған Эзоптың, Лафонтеннің, Федірдің мысалдарын жетілдіріп, қазақыландырып, яғни ұлттық рең беріп, өзіндік форма, стильмен төл туындыларға айналдыра жазғандығы туралы зерделенген. Сондай-ақ, Ш.Құдайбердіұлының, Н.Ахметбековтің, Т.Ізтілеуовтің аудармаларының ерекшеліктері талданған. Поэзияның бейнелеу үлгілерін алғаш көрсеткен А. Байтұрсынұлы теориялық тұжырымдары төңірегінде талданып, сараланған. Мақалада көркем аударма туындыларындағы ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық бірегейлікті танытуда Ахмет Байтұрсынұлы басшылыққа алған ұстанымдар пайымдалған.

Алғыс: Мақала «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортаққұндылықтар» (AP19679312) гранттық жоба аясында жазылды.

Кілт сөздер: заман, форма, төлтума, аударма, өлең, адамдық диханшысы

К.М. Мырзағалиева¹, А.Е. Алимбаев^{2*}

¹Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынұлы, Қостанай, Казахстан,

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: ¹kmkz55@mail.ru, ²aslan_alimbaev@mail.ru

ORCID: ¹0000-0003-4998-5368, ²0000-0003-1717-7374

Национальное мировоззрение в переводах Ахмета Байтурсынова

Аннотация. В статье рассматриваются национальная идентичность и особенности национальной культуры в переводах лидера нации Ахмета Байтурсынова. Согласно его собственному утверждению: «Меня породила эпоха, злая политика царских времен, насилие, коварство, унижение», колониальная политика, внутренние разногласия и конфликты в стране побудили Ахмета писать басни. В то же время для Ахмета, идеализировавшего защиту национальных интересов, который на этом пути был репрессирован, был необходим новый способ выражения своих мыслей. Этот способ – критика общества через басни. С помощью этого жанра он изливал свои переживания, доносил свои мысли, поднимал дух народа, давал советы и наставления своему народу. Но эти советы были не пустыми нравоучениями, не сухой дидактикой или простым философствованием, а высокими произведениями поэзии, написанными

с глубокой вдумчивостью. Он усовершенствовал басни, написанные ранее Эзопом, Лафонтеном и Федром, адаптировал их к казахской культуре, придал им национальный оттенок, создав собственную форму и стиль, превращая их в оригинальные произведения. Проанализированы особенности переводов Ш. Кудайбердыулы, Н. Ахметбекова, Т. Изтлеуова. Были рассмотрены теоретические положения А. Байтұрсынулы, которые впервые были использованы в описании художественных средств выразительности. В статье показаны принципы, которыми руководствовался А. Байтұрсынулы в области художественного перевода для отображения национального бытия, национального восприятия и национальной идентичности.

Благодарность: Статья написана в рамках грантового проекта (AP19679312) «Общечеловеческие ценности в переводческих трудах деятелей Алаш».

Ключевые слова: эпоха, форма, значение, перевод, стихотворение, человекознатец.

K.M. Myrzagalieva¹, A.E. Alimbayev^{2*}

¹A. Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanai, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹kmkz55@mail.ru, ²aslan_alimbaev@mail.ru

ORCID: ¹10000-0003-4998-5368, ²20000-0003-1717-7374

National Worldview in the Translations of Akhmet Baitursynov

Abstract. The article deals with national identity and features of national culture in the translations of the leader of the nation Akhmet Baitursynov. According to his own statement, "I was spawned by the era, the evil policies of the tsarist times, violence, perfidy, humiliation", colonial policies, internal divisions and conflicts in the country prompted Ahmet to write fables. At the same time, a new way of expressing his thoughts was necessary for Ahmet, who idealized the defense of national interests and was repressed along the way. This method is criticism of society through fables. With the help of this genre, he poured out his experiences, conveyed his thoughts, raised the spirit of the people, and gave advice and instruction to his people. However, this advice was not empty moralizing, dry didacticism or mere philosophizing, but high works of poetry written with deep thoughtfulness. He improved the fables written earlier by Aesop, La Fontaine and Phaedrus, adapted them to Kazakh culture, gave them a national connotation, creating his own form and style, turning them into original works. The peculiarities of translations by Sh. Kudaiberdyuly, N. Akhmetbekov, T. Iztleuov were analyzed. The theoretical provisions of A. Baitursynuly, which were first used in the description of artistic means of expression, were considered. The article shows the principles that guided A. Baitursynuly in the field of artistic translation to reflect the national existence, national perception and national identity.

Gratitude: The paper was written within the framework of grant project (AP19679312) "Human values in the translated works of Alash leaders".

Keywords: epoch, form, meaning, translation, poem, humankind

1. Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» тұңғыш рет 1909 жылы Петерборда жарық көрсе, 1913 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда қайта басылып шықты. Өйткені, сол тұстағы қоғамдағы келеңсіз көріністер мен жағымсыз мінездерді сынға алатын Ахмет мысалдарының әлеуметтік-психологиялық мазмұны терең, көркемдік шоқтығы биік. Әрі бұл уақыт қазақ халқының ұйқысынан ояна бастаған, рухани өсіп-жетіліп келе жатқан шағы еді. Сондықтан да рухани серпіліс мысал жанрының дамуына, оған деген сұранысқа әсерін тигізбей қоймады.

Шындығында да осы «Қырық мысал» – «қалың қазақ жұртшылығының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» (Әуезов, 1991: 18) аударма ма, төл

туынды ма? Әрине, төлтума! Өйткені, көптеген қазақ ақындары «Мың бір түн ертегілерінен», құран хикаяларынан, Шығыс халық ақындарының жырларынан алып дастандар жазды. Мәселен, Абай Құнанбайұлы әзірбайжанның атақты классигі Низамидің «Ескендірнамасының» бір бөлігінің ғана желісін өзгертіп «Ескендір», «Мың бір түн ертегілерінің» бірінің сюжетін пайдаланып «Өзім» поэмаларын, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығыс классигі Физули алғаш жырлаған «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының өзіндік вариантын, Тұрмағамбет Ізтелеуов туысқан тәжік әдебиетінің классигі Әбілқасым Фирдаусидің «Шахнамасының» оқиғаларын пайдаланып «Рүстем-дастан», халық ақыны Нұрхан Ахметбеков «Мың бір түн» оқиғаларын пайдаланып халық сүйіп оқитын тамаша дастандар тудырды. Осындай үрдіс жайында Мұхтар Әуезов ҚССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты дайындап, қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1961 жылы жарыққа шығарған «Рүстем-дастан» поэмасына алғы сөзінде: «Рүстем-дастан» жыры Фирдаусидің «Шахнамасынан» жасалған аударма емес. Ол арғы-бергі (соның қатарында Фирдаусидің де еңбегінен ауысқан) ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше тарап кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры, – деп жазды. – Өлеңмен жыр етуші Тұрмағамбет ақын бұл жөнінде ХІХ ғасырда қазақ ортасында көп жайылған Шығыс аңыздарының өлеңге айналатын дәстүрін қолданған. Қазақтың кейбір ақындары «Мың бір түн» ертегілерінен алып жыр-дастан жазған. Мына тұста да Тұрмағамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдаусидің «Шахнамасындай» болғанмен, мынау еңбекті Фирдаусидің «Шахнамасынан» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз» (Әуезов, 1985: 456).

Осы сияқты Шәкәрімнің дастаны жайында Мұқтар Мағауин, Шәкәрім Құдайбердиевтің «Шәкәрім» деп аталатын кітабына жазған алғысөзінде: «Шығыстың сөз зергерлерінің жыр жарысы – нәзира дәстүрі бойынша, ақынның ең басты мұраты жаңа тақырып табу емес, жаңа жол табу, белгілі сарынды өзгеше түрге бөлеу, өзіндік бояумен бейнелеу десек, Шәкәрім қалдырған «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны мың жылдық тарихы бар ежелгі сюжеттің ең соңғы көрінісі, шын мәнісіндегі төлтума болып табылады», – деген пікір айтады.

Нұрхан Ахметбековтің дастандары да «Мың бір түн» оқиғаларының өлеңге айналдырған түрі. Сондықтан да филология ғылымдарының кандидаты, белгілі журналист Сапабек Әсіпов те «Топжарған» деп аталатын еңбегінде: «Нұрхан өзінің ақындық өнерінде «Есім сері», «Жасауыл қырғыны», «Қарға», «Албан-Жұпар ханым», «Амангелді дастаны», «Күландам», «Қамарыл заман» атты жеті дастан жазды» (Әсіпов, 1992: 53), – деп көрсетеді. «Албан-Жұпар ханым», «Қамарыл заман» аударма демейді.

Ахмет Байтұрсынұлының И.А. Крыловтан аударды деп жүрген мысалдары да түпнұсқасынан алшақ, өзінше ой-байлам түйетін, қазақыланған нұсқалары.

И.А. Крыловтың өзі мысалдарын біздің дәуірімізге дейін V ғасырда өмір сүрген грек мысалшысы Эоптан, сондай-ақ біздің дәуірімізге дейін XV ғасырда өмір сүрген француз мысалшысы Лафонтеннен алғаны мәлім. Бірақ оны орыс әдебиетшілері, әдебиет зерттеушілері аударма демейді.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларының ерекшеліктері, сонымен қатар басқа қаламгерлердің аудармаларымен салыстырыла қарастырылды. Зерттеуде жинақтау, салыстыру, талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы Рымғали Нұрғали Ахмет Байтұрсынұлы «Ақ жол» кітабына жазған алғысөзінде: «Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған, – деп түсіндіреді. – Ал Ахмет Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанмен, өзіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Крыловтың он жолдық «Шымшық пен көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынұлы аудармасында 32 жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, «Арыстан, Киік һәм Түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол, «Ағаш» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді» (Байтұрсынұлы, 2013: 10).

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы Жұмағали Ысмағұлов та Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарын төл туынды ретінде қарастырады. Ғалым Крыловтың айтушы, Ахметтің жеткізуші екенін айта келіп: «Қырық мысал» қыр еліне қыдыр боп дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің дәруіндей сінді» (Ысмағұлов, 1990: 6), – деп жазады. Крыловтың данышпандығын, орыс әдебиетінің ұлы тұлғаларының бірі екенін, орыстың ұлттық мысал жанрын қалыптастырып, ұлттық рухын жеткізе алғандығын дәлелдеп, жеткізеді.

Сонымен бірге Крылов мысалдарындағы сол бұқарашылдықты Ахмет Байтұрсынұлының төңкерісшілдік идея дәрежесіне көтере жеткізгенін, Ахаң жазған мысалдар қызметі мен дәрежесі жағынан Крыловтың жазғандарынан да асып түскенін айтады. Сатира сарбаздарының бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев Абайдың мысалдары жайында айта келіп: «Сөйтіп өлең емес түпнұсқа Абай аудармасында өлең боп шығады. Қимылды көрініс, ауыз екі диалог, қара сөз, әңгіме, жаңа түр, жаңа сипат табады. Өзіміздің төл шығармаға айналады», – дейді. И.А. Крылов мысалдарының Абай аудармасын төл туындымыз деуге екінші негіз – олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестіріліп

аударылған. Қазақ тұрмысына сай емес образдар, есімдер халқымызға тән бейнелермен ауыстырылған» (Қожекеев, 1996: 270).

3. Талқылау

Ахмет Байтұрсынұлы мысалдары туралы да осыны айтуға болады. Оның үстіне Ахаң еркін аударып отырып, Крылов мысалдарында жоқ ой-тұжырымдар жасайды, қазақы ұғымғы түсінікті етіп өз жанынан қосады. Қазақтың халық мақал-мәтелдерін де өлеңіне жымдастырып, әдемі қолданады: «Халық айтса, қалып айтпайды» («Қарға мен түлкі»), «Жазмыштан озмыш болмас», «Адамның басы – Алланың добы» («Шымшық пен көгершін»), «Әлін білмес әлек» («Өгіз бен бақа»), «Сыйға сый» дегенменен, Бастан құлақ садаға» («Қасқыр мен тырна»), «Бөрі жоқ десең – шығар бөрік астынан» («Қасқыр мен қозы»), «Көз кетсе – көзілдірік емі» («Маймыл мен көзілдірік»), «Алды жөн адасқанның» деген сөз ғой» («Айна мен маймыл»), «Нашарды талай адам талап жеп жүр» («Қасқыр мен қозы»), «Мақал бар: «Жақсылықты басыңа қыл, Басыңнан асса, – деген, – досқа істеңіз» («Қара бұлт»), «Не ексең, соны орасың» («Қасқыр мен мысық»), «Ұялған тек тұрмайды» («Сары шымшық»).

Ақын мысал мазмұнын байытып, мағынасын тереңдетіп, айтпақ ойын жеткізу жолында өлеңнің поэтикалық қуаты мен айшығын да ұмытпаған. «Жалпы орыс мысалшыларының және оны зерттеушілер орыс мысалдарының атасы В. Традиковскийдің өзі 1752 жылы «Шығармалар мен аудармалар» жинағында елуден астам мысалының Эзоптан еркін аударылғанын жазады. Бірақ орыс оқырмандары да, зерттеуші, сыншылары да аталған мысалшылар бірінен-бірі көшіріп алды немесе аударды демейді, әр автордың өзінің төл туындысы деп бағалайды. Олай болса, Ахаңның мысалдарын біз «Ахаңның өзінің төл туындысы» деп неге айта алмай келеміз» (Бектемісов, 1999: 8), – дейді сатирик ақын Сейіт Кенжеахметов.

Қазақ халқының ұлы ағартушылары орыс халқының шығармаларын аударып отырып, олардан сабақ алуды, үлгі алуды, осылайша өз халқына көркем сөзбен қызмет етуді мақсат еткен. Ол аударма арқылы өз халқының санасын оятып, орыс мәдениеті арқылы әлем әдебиетінің, ғылымының есігін ашқан (Дауренбекова, Қартаева, Жуматаева, Бекенова, Нұрланова, 2024: 10). Десекте, кейбір аудармаларды төл туынды ретінде тануымызға болады.

А. Байтұрсынұлының «Қырық мысалы төл тума. Онда сын, әжуамен бірге үгіт-насихат та бар. Бұл публицистикаға тән белгілер...

Сонымен А. Байтұрсынұлы өлеңдеріндегі публицистикалық нышандар мыналар: біріншіден, өлеңдерінде деректілік, өз заманының үні, өз заманының қоғамдық-саяси көрінісі бар, екіншіден, өмірде болған өз замандастары – тарихқа белгілі адамдар аты аталады, үшіншіден, өлеңдерінде публицистика элементтері кейіпкер монологы ретінде де көрініс табады, төртіншіден, жер, су, қала аттары, атаулары аталады, бесіншіден, өлеңдерінде, мысалдарында, үгіт-насихат, тәлім-тәрбиелік мән бар.

From this text, we get a little bit of information even before we get into the work. It is natural for our hero, who lives in an unknown, dark world, to have such ambiguous thoughts. Considering that in postmodernist works, there are many situations in the innermost parts of the hero that he cannot find a solution to, we can say that this phenomenon has its manifestation at the beginning of the work. After that, the author decides to follow the story. He talks about how the above-mentioned unknown hero and the owner of the idea met, and begins to unravel the mystery of the incomprehensible story. The author's meeting of the characters in the theater seems to indicate that they are both highly cultured. In addition, upon entering the theater, the author skillfully narrates the game that the group has created through the monologue of the female character. We can see this in this short episode of the work: - "... *būlardyñ jas kezindegidei qaptağan halyq körinbeidi. Köp oryn bos. Jäne kelgen jūrtyñ köbi egde, egde bolmasa da, toqtalğan adamdar bāri. Jastar mūnda atymen joq*" (Magauin, 2016: 216) (lit. ... the crowds are nowhere to be seen like they were when they were young. Many places are empty. And most of the people who come are older, and even if they are not, they are all people who have stopped. There are no young people here by name). We cannot deny that on the one hand, this was the reality of the society of the time. In the work we also see a depiction of an intimate relationship between two people. We can neither morally justify nor condemn the two characters when it comes to how they become close, how this relationship lasts for seven years and how they look forward to seeing each other despite the ambiguity of their relationship. After all, we know that the depiction of intimate relationships between men and women in a work of art is one of the main features of postmodern literature. The principle to be followed here is this: half-truths are not truths. The whole truth must be written openly and clearly. Both our characters are educated people. For example, the author describes the woman's occupation through the character's thoughts. "*Bırınshı aktiden son ketsem ba eken, ketpesem be eken dep otyrgan, endi qaitkende de ketudi oilastyrdy. Koldenen bireu korse tıptı uiat. Aulaqtap, bırer oryn jyljyñqyrıp baryp otyru tagy yngaisyz. Onyn ustıne, oqushylardıñ toqsandyq baqylau zhumysy. Tezirek qarap, qorytyndysyn da tezirek шығару kerek*" (Magauin, 2016: 217). (lit. After the first act, I was contemplating whether to leave or not, but now I'm thinking of leaving anyway. It's even embarrassing if anyone sees him horizontal. Sitting on his back and moving around is not so comfortable anymore. There is also a quarterly test paper for the students.: "You have to look quickly and draw conclusions quickly") from

her monologues we immediately understand that this woman is a teacher. The writer also conveyed this through subtext in the text above, without immediately mentioning that he was a teacher.

4. Results

In Kazakh prose, the works of M. Magauin are recognized sometimes as representatives of modernist and sometimes postmodernist trends. Probably, this is the originality of the phenomenon of postmodernism in Kazakh literature. It is interesting that the experience of using intertext in the works of M. Magauin, and other writers who are distinguished by their novelty in Kazakh literature, and the application of postmodernism methods in general are not similar to each other.

In M. Magauin's short stories "Zhazdykuni shilde bolganda" ("The Heat of July") and "Yekeu" ("Two") the features of postmodernism are clearly visible. Especially, in the story "Yekeu" ("Two") the mystery of the characters, the uncertainty of their (male) profession, the absence of a single plot, not instructive as in traditional works of fiction, the continuity of dialogues within the text, the prevalence of allusions, polyphony, gloominess and a lot of ironic elements, the ambiguity of the work's denouement give reason to believe that the work is written in postmodernist style.

5. Conclusion

Such concepts as illusion, intertext, hallucination, sensitization, death of the author, chaos, uncertainty (unidentified), discontinuous moment (fragmentary), decanonisation, rhizome, pastiche and parody, etc., inherent to postmodernist works in world literature, express their character in their use in Kazakh prose. For M. Magauin, who gives free rein to the stream of consciousness, the external world is valuable as a possibility, an idea, an object. His tragedy is rooted in social hierarchy. The writer is a postmodernist writer; whose works often contain the main stylistic features of the world postmodernism. In the stories we have analyzed, "Zhazdykuni shilde bolganda" ("The Heat of July") and "Yekeu" ("Two"), the signs of postmodernism are clearly visible. In view of the enigmatic characters, the uncertainty of the hero's profession, the lack of full visibility of the entire narrative, the unbroken sequence of dialogues in the text, the prevalence of allusions, polyphony, gloom, the abundance of dialogues presented with irony, and the unclear denouement of the work, there is reason to believe that the story "Zhazdykuni shilde bolganda" ("The Heat of July") is written in a postmodernist context.

References

1. Abdullina A. B., Yildiz, N., Sarsenbaeva, Zh. B. (2024). The issue of modern kazakh postmodernism and neo-mythologism is in the aspect of national knowledge (based on the stories of A. Kemelbayeva). // *Keruen*. – T. 82. – №. 1. – p. 158-168. DOI: 10.53871/2078-8134.2024.1-13 (in Eng)
2. Caltová Mgr Ju. (2012) Allusion as a linguistic tool of postmodernism]// *Zborník príspevkov z konferencie Mladá rusistika – nové tendencie a trendy Bratislava, STIMUL*, – 128 p. (in Russ)
3. *Encyclopedia of postmodernism* (2001) / Edited by Victor E. Taylor and Charles E. Winquist, London and New York. – 481p. (in Eng)
4. Kaskabasov S.A. (2014) *Kazakh folklore prose. Selected studies*. ISBN 978-601-7568-91-7 / S. Kaskabasov. – Astana: Foliant, – 424 p. (in Russ)

5. Kaskabasov, S.A. (2002) Zhanazyk [Text]: annual research / S. Kaskabasov. – Astana: Audarma. – 584 p. (in Kaz)
6. Kunanbaiuly A. (2002). Complete collection of works in two volumes. The first volume: Poems and translations]. [Text]: / Abai Kunanbaiuly; Ed. B.S.Koshym-Nogai, L.Tetenko. – Almaty: Jazushy, – 296 p. (in Kaz)
7. Magauin M. (2002) Collection of works: Thirteen volumes]. [Text]. – Almaty: Kaganat – GMO baspasy, – 549 p. (in Kaz)
8. Magauin M. (2016) Unforgettable great heritage: Abai alemi / Muhtar Magauin // Juldyz. – № 5. – p. 3-32 (in Kaz)
9. Maitanov B. (2004). Modernistic and postmodernistic currents in contemporary Kazakh prose // «Kazak adebiyeti» gazetі. №43. – p.8-9. (in Kaz)
10. Postmodernism: Encyclopedia / edited by A.A. Gritsanov, M.A. Mozheiko. – Minsk: Interpressservice; Book House, 2001. – 1038 p. (in Russ)
11. Saulembek G., Kydyrbayev K., Kulakhmetova M., Kadyrova B., Karipzhanova A. (2023). J. Ponte. – Volume 73, - Issue 2. doi: 10.21506/j.ponte.2017.2.2 (in Eng)
12. Veselovski A.N. (2021). Historical poetics. Spb. M.: «BURGAM Pal'mira». – 383 p. (in Russ)
13. Zharylgapov, Zh., Syzdykova B., Kaiyrbekova A., Babashov A. & Shakirova, K. (2023). Myth and Mythological Discourse inLiterary Studies // Bakhtiniana. Revista De Estudos Do Discurso, 18(4).<http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e63680> (in Eng).

Әдебиеттер:

1. Caltová, Mgr Julia. «Аллюзия как языковое средство постмодернизма». Zborník príspevkov z konferencie Mladá rusistika – nové tendencie a trendy Bratislava, STIMUL, 2012 ISBN 978-80-8127-062-8. – 128.
2. Encyclopedia of postmodernism (2001) / Edited by Victor E. Taylor and Charles E. Winqvist, London and New York. – p. 481.
3. Zharylgapov, Zh., Syzdykova B., Kaiyrbekova A., Babashov A. & Shakirova, K. (2023). Myth and Mythological Discourse inLiterary Studies // Bakhtiniana. Revista De Estudos Do Discurso, 18(4).<http://dx.doi.org/10.1590/2176-4573e63680>
4. Saulembek G., Kydyrbayev K., Kulakhmetova M., Kadyrova B., Karipzhanova A. (2023). J. Ponte. – Volume 73, - Issue 2. doi: 10.21506/j.ponte.2017.2.2
5. Абдуллина, А. Б., Ыылдыз, Н., Сапсенбаева, Ж. Б. The issue of modern kazakh postmodernism and neo-mythologism is in the aspect of national knowledge (based on the stories of A. Kemelbayeva)//Keruen. – 2024. – Т. 82. – №. 1. – p. 158-168. DOI: 10.53871/2078-8134.2024.1-13
6. Веселовский, А.Н. Историческая поэтика. Спб. М.: «BURGAM Пальмира». 2021. – 383 с.
7. Каскабасов, С.А. Фольклорная проза казахов. Избранные исследования. – 424 с. ISBN 978-601-7568-91-7 / С. Каскабасов. – Астана: Фолиант, 2014. – 424 с.
8. Қаскабасов, С.А. Жаназық [Мәтін]: әр жылғы зерттеулер / С. Қаскабасов. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
9. Құнанбайұлы, А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том: Өлеңдер мен аудармалар. [Мәтін]: / Абай Құнанбайұлы; Редак. Б.С.Қошым-Ноғай Суретші Л.Тетенко. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
10. Мағауин, М. Ұмытылмас ұлы мұра: Абай әлемі / Мұхтар Мағауин // Жұлдыз. – 2016. – № 5. – 3-32 бб.
11. Мағауин, М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. 7-том. – Алматы: Қағанат – FMO баспасы, 2002. – 549 б.
12. Майтанов, Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар// «Қазақ әдебиеті» газеті, 2004. №43. – Б.8-9.
13. Постмодернизм: энциклопедия / сост. и науч. ред. А.А. Грицанов, М.А. Можейко. – Минск: Интерпрессервис; Книжный Дом, 2001. – 1038 с.

А. Оралбек^{*1}, Ұ. Сайдірахман²

¹М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы журналистика мәселелерін зерттеу институты, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²ushkyn 86@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-0600-7006, ²0000-0002-3637-8908

ЖАРАПАЗАН ЖАНРЫНЫҢ ПОСТФОЛЬКЛОРДАҒЫ БЕЙІМДЕЛУІ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Бұл мақалада фольклорлық шағын жанрлардың, оның ішінде жарапазанның интернет-тегі өзгерістері мен қазіргі қоғамдағы маңызы кеңінен қарастырылады. Жарапазанның тарихы мен эволюциясы, оның қазіргі заманға бейімделуі ерекше зерттеу нысаны болып табылады. Әуелде магиялық қызмет атқарған жарапазан қазақ қоғамында құт-ырыздық тілеу мен қырсықтан аластату мақсатында айтылған болатын. Бұл жанрдың мәтіндерінде алғыс пен қарғыс жиі кездеседі, мысалы, дәулет тілеу мен теріс энергиядан қорғану үшін айтылатын сөздер. Жарапазанның түрікмен және басқа түркі халықтарымен ортақ болуы да оның исламға дейінгі мәдениеттің бір бөлігі болғанын көрсетеді. Қазіргі уақытта, жарапазанның контексті интернет пен әлеуметтік желілерде кеңінен таралып, жаңаша форматта ұсынылуда. Заманауи технологиялармен үйлесім тауып, ол жаңа медиа, бейнемазмұн мен музыкалық өңдеулер арқылы жаңа аудиторияға жетуде. Постфольклорлық жарапазан жанрының элементтері қазіргі әлеуметтік мәселелерді көтеріп, поп-музыка мен электронды стильдермен бірігіп орындалады. Сонымен қатар, жарапазанның мәтіндері қазіргі қоғамның тілдік ерекшеліктеріне бейімделіп, жаңа платформа арқылы жаңғыртылуда. Қазіргі кезеңде жарапазанның жаңартылуы халықтық мәдениетті сақтап, оны заманауи қоғамның мәдени нормаларына сәйкестендіруді көрсетеді.

Ауыздан ауызға таралатын дәстүрлі фольклордың интернеттің дамуы арқылы жаңа формада таралуы, оның жаңаша мазмұнмен толықтырылуы туралы терең талдау жасалады. Фольклорлық шығармалар мен жанрлардың, оның ішінде жарапазанның, қоғам өміріндегі рөлі және ұлттық мәдениетке тигізер әсері зерттеледі. Жарапазанның тарихы мен мәні, оның қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде алатын орны ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар, бұл жанрдың интернет арқылы таралуы мен жаңару процесі, заманауи медиа мен цифрлық платформалар арқылы жарапазанның қайта жаңғыруы кеңінен қарастырылады. Мақалада жарапазандардың мәтіні мен орындау ережелерінің өзгеруі, жаңа медиа құралдары арқылы осы дәстүрдің қалай дамып жатқаны, сондай-ақ ұлттық мәдени мұраның цифрлық кеңістікте сақталуы мен насихатталуы мәселелері сарапталады. Жаңа ақпараттық технологиялар мен интернет ресурстарының фольклор жанрларын жаңғыртудағы рөлі, оның ұлттық мәдениеттің үздіксіз сақталуына және таралуына қосар үлесі сөз болады.

Алғыс: Мақала «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырым-дамалық эволюциясы аясында» (BR21882298) жобасы аясында дайындалып, қаржыландырылды.

Кілт сөздер: постфольклор, фольклор, интернет, жарапазан, трансформация, жанр.

А. Оралбек^{1*}, Ұ. Сайдырахман²

¹Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

²Научно-исследовательский институт журналистики Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²ushkyn 86@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-0600-7006, ²0000-0002-3637-8908

Адаптация жанра джарапазан в постфольклоре и роль в коммуникации

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются изменения в фольклорных жанрах, в том числе трансформация жанра жарапазан в интернете и его значение в современном обществе.

Объектом исследования являются история и эволюция жарапазана, а также адаптация данного жанра в современном обществе. Изначально жарапазан служил в качестве обряда, имеющего магическую функцию и исполнялся в казахском обществе для выражения добрых пожеланий и отведения несчастья от человека. В текстах этого жанра часто встречаются слова благодарности и проклятия, например, слова, произносимые для пожелания богатства и защиты от негативной энергии. Казахский жарапазан имеет общие черты с туркменским жарапазаном, имеет сходства с данным жанром других тюркских народов, что свидетельствует о его принадлежности к доисламской культуре. В настоящее время контекст жарапазана широко распространяется в интернете и социальных сетях и представлен в новом формате. В созвучии с современными технологиями, он охватывает новую аудиторию через современные медиа, видеоконтенты и музыкальные аранжировки. Элементы постфольклора жарапазан сочетаются с поп-музыкой и электронными стилями, поднимая современные социальные темы. Кроме того, тексты жарапазана адаптируются к языковым особенностям современного общества и обновляются через новую платформу. Модернизация жанра жарапазан в современный период отражает тенденцию сохранения этнической культуры и ее адаптацию к культурным нормам современного общества.

Данная статья посвящена углубленному анализу распространения традиционного фольклорного жанра жарапазан, передающегося из уст в уста в новой форме и с новым содержанием, в связи с развитием сети интернет. Изучается роль фольклорных произведений и жанров, в том числе джарапазан, в общественной жизни и их влияние на национальную культуру. Особо подчеркивается история и значение жарапазана как жанра, а также его место в традиционной культуре казахского народа. Кроме того, будет исследован процесс распространения и обновления данного жанра через интернет, а также феномен возрождения жанра посредством современных медиа и цифровых платформ. В статье исследуются изменения в тексте жарапазана и в правилах его исполнения. Статья анализирует каким образом традиция жарапазана развивается посредством новых медиа, а также рассматривает вопросы сохранения и популяризации национального культурного наследия в цифровом пространстве. Авторы статьи исследуют роль новых информационных технологий и интернет-ресурсов в возрождении фольклорных жанров, их вклад в непрерывное сохранение и распространение национальной культуры.

Благодарность: Статья подготовлена и профинансирована в рамках проекта «Литературоведение и искусствоведение Казахстана в контексте концептуальной эволюции мирового гуманитарного знания» (BR21882298).

Ключевые слова: постфольклор, фольклор, интернет, жарапазан, трансформация, жанр.

A. Oralbek^{1*}, U. Saidirakhman²

¹*M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty Kazakhstan*

²*Research institute of journalism at the Eurasian National University named after L.N. Gumilev, Astana, Kazakhstan*

E-mail: ¹ora-10@mail.ru, ²ushkyn 86@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-0600-7006, ²0000-0002-3637-8908

Adaptation of the Jarapazan Genre in Post-Folklore and its Role in Communication

Abstract. The article comprehensively examines changes in folklore genres, including the transformation of the zharapazan genre on the Internet and its significance in modern society. The object of the study is the history and evolution of zharapazan, as well as the adaptation of this genre in modern society. Initially, zharapazan served as a ritual with a magical function and was performed in Kazakh society to express good wishes and ward off misfortune from a person. The texts of this genre often contain words of gratitude and curses, for example, words pronounced to wish for wealth and protection from negative energy. Kazakh zharapazan has common features with Turkmen zharapazan, has similarities with this genre of other Turkic peoples, which indicates its belonging to the pre-Islamic culture. Currently, the context of zharapazan is widely distributed on the Internet and social networks and is presented in a new format. In tune with modern technology, it reaches new audiences through modern media, video content and musical arrangements. The elements of post-folklore

jarapazan are combined with pop music and electronic styles, raising contemporary social issues. In addition, the lyrics of jarapazan are adapted to the linguistic features of modern society and updated through a new platform. The modernization of the jarapazan genre in the modern period reflects the tendency to preserve ethnic culture and adapt it to the cultural norms of modern society

This article is devoted to an in-depth analysis of the spread of the traditional folklore genre jarapazan, passed from mouth to mouth in a new form and with new content, in connection with the development of the Internet. The role of folklore works and genres, including jarapazan, in public life and their influence on national culture are studied. Particular emphasis is placed on the history and significance of jarapazan as a genre, as well as its place in the traditional culture of the Kazakh people. In addition, the process of dissemination and renewal of this genre via the Internet, as well as the phenomenon of the revival of the genre through modern media and digital platforms will be studied. The article examines changes in the text of jarapazan and in the rules of its performance. The article analyzes how the tradition of jarapazan develops through new media, and also considers the issues of preserving and popularizing national cultural heritage in the digital space. The authors of the article explore the role of new information technologies and Internet resources in the revival of folklore genres, their contribution to the continuous preservation and dissemination of national culture.

Acknowledgements: The article was prepared and funded within the framework of the project "Literary and Art Criticism of Kazakhstan in the Context of the Conceptual Evolution of World Humanitarian Knowledge" (BR21882298).

Keywords: postfolklore, folklore, internet, zharapazan, transformation, genre.

1. Кіріспе

Фольклорлық шағын жанрлардың интернеттегі өзгерістері қазіргі кезде ерекше маңызға ие және қызықты құбылыс ретінде танылып отыр. Ауыздан ауызға таралатын дәстүрлі фольклор уақыт өте келе технология мен интернеттің дамуы нәтижесінде жаңа үлгілерге көшуде. Киберкеңістік фольклордың сақталуы мен таралуына жаңа жолдар ұсынып, жаңа жанрлар мен формалардың қалыптасуына жағдай жасады.

«Дәстүрлі мәдениет саласындағы өзгерістердің ауқымы әлеуметтік жүйеде орын алған өзгерістермен тікелей байланысты және оның жаңа формаларының пайда болуы әлеуметтік-мәдени жаңашылдықтан туындайды деген ой туындайды. Дегенмен, бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды дамуына қарамастан, дәстүрлі фольклор заманауи мәдениет саласында да белсенді түрде дамып келеді. Бұл арада зерттеушілер тұрмыстық, көше, студенттік, туристік, ішінара батырлық әндерді, ертегіге жатпайтын әртүрлі ауызша әңгімелерді, заманауи ертегілерді, қысқа ертегілерді, ауызша әңгімелерді, анекдоттарды, қауесеттерді, өсек-аяндарды, сондай-ақ, тұрақты сөз орамдары, афоризмдер, нақышты сөздер, жаргондар, қақпа сөздер сияқты күнделікті сөйлеу нормасының маңызды бөлігін атап көрсетіп отыр. Бұған сондай-ақ айтарлықтай өзгертілген «заманауи естеліктер мен эпсаналар (соның ішінде неомифологиялық), қауесет пен өсек сияқты жартылай құрылымды мәтіндер» де жатады» (Салтақова Ж., 2023: 151-158).

Жарапазан – қазақ даласында ислам діні орныққаннан кейін пайда болған тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Ол Рамазан айында, ораза кезінде айтылады. Кешкі уақытта ауызашар кезінде өлең айтуға бейім ауыл жастары әр үйдің алдына келіп Жарапазан жырын орындайды. Бұл дәстүр ерсі деп саналмай, керісінше, үй иелері өз мүмкіндіктеріне қарай сыйлық ұсынып, жарапазаншыларды разы етіп шығарып салатын болған. Жарапазан мәтіні уақыт өте жатталып, тұрақты шумақтарға

айналған. Мазмұны бойынша оны үш бөлікке бөлуге болады: ең алдымен үй мен үй иесін мадақтау, кейін ислам діні шарттарын насихаттап, имандылыққа үндеу және өсиет айту.

Жарапазан айту барлық мұсылман халықтарына ортақ дәстүр. Алайда ұлтымыз осы жарапазан айту дәстүрін ғасырлар бойы жалғастырып, жоғары деңгейге көтерді деуге негіз бар. Себебі, киберкеңістіктегі таралған жарапазандардың басым көп бөлігі біздің ұлтқа тән екендігі байқалады. Онда тек қана жарапазанды айтып қана қоймай, оның қалай, қашан айтылу ережелері де егжей-тегжейлі таныстырылады. Мысалы, 1980 жылы ҚХР, Іле обысында түсірілген бейне-баянда ел ақсақалының жарапазанды қалай, қашан айту керектігі жөнінде берген кеңестері көрсетілген. Аталған бейне ғаламтор бетінің ютуб желісінде 30 мыңға жуық қаралыммен кеңінен таралған (<https://www.youtube.com/watch?v=NssplQUam8c>). Жарапазан барлық мұсылман халықтарында ортақ дегенімізден олардың барлығы бір сарында, бір тәртіппен айтады деген қорытынды шықпайды. Біз көбінесе қазақ халқының жарапазан айту дәстүрінен ғана хабардармыз. Ал басқа мұсылман халықтардың жарапазан айту үлгісін біле бермейтініміз шындық. Мысалы, өзбек халқының жарапазан айту үлгісі өздерінің ұлттық аспабында, ұйқас пен әуенді бірдей меңгере айтады (<https://www.youtube.com/shorts/glYO8hSo8vI>).

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу тақырыбына сай, фольклортану ғылымына тән кешенді, жүйелі, салыстырмалы, тарихи тұрғыдан жүйелі талдау, жинақтау, қорыту сынды әдістері қолдана отырып, қарастырылатын мәселені жан-жақты жете зерттеп, қажетті материалдар мен тұжырымдау арқылы тиісті байламдар жасау үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Ғаламтор желісінің кең ете алуына байланысты дәстүрлі фольклордың заман талабына бейімделе отырып, постфольклор аясындағы рөлі, қызметі қалай өріс алуда? Әрине, ғалам үздіксіз даму жолында болғандықтан, желі қолданушылар дәстүрлі фольклордағы кейбір шағын жанрлардың мәтіндеріне өз ойынан сөздер қосып, өзгертіп, құбылтып халық арасына таратып жібереді. Нәтижесінде, бұл жаңа мәтіннің де авторы ұмытылып, постфольклордағы жаңа бір көрінісі пайда болады. Осылайша, жаңа мәтін постфольклорға бейімделе отырып, ел арасындағы өзінің рөлі мен қызметін жүзеге асырады.

3. Талқылау

Ғаламтор желісі дамыған бүгінгі қоғамда дәл осы жарапазан жанры өзінің алғашқы қалыптасқан, кең таралған мәтіндерінің негізін сақтай отырып, әр түрлі айтушылардың жеткізуімен айтарлықтай трансформацияға түсіті деуге болады. Бұның себебі, рамазан айы кезінде интернет желісінде таралған әр түрлі жарапазанның мәтіндерін кездесіреміз. Мысалы:

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен,
Саба көркі – бие екен,
Сандық көркі – түйе екен,
Әшекейлеп сырлаған,
Ақ сарайдай үйі бар.
Ақ бөкендей қойы бар,
Қара сақал кермиық,
Қандай байдың үйі екен?
Айтамын жарапазан үйіңізге,
Ұстаған үй айнала шиіңізге
Қой берсең, қозы берсең, көпсінбеймін.
Келіпсіз биылғы жыл күйіңізге,
Айтамыз жарапазан үйіңізге,
Туырлық үй айнала шиіңізге.
Осы үйдің шаңырағы шап-шақ екен,
Жеңгеміз осы үйдегі аппақ екен....
Айтамыз жарапазан есіңі,

Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе... – деген бұрыннан айтылып, әбден ел арасында кең таралып кеткен осы бір мәтіннің арасына жаңа сөздер қосып немесе алып айтып, жаңаша мәтін қалыптастырып, әлеуметтік желілердің көмегімен халыққа таралып жатыр (<https://abai.kz/post/10203>). Бұл осылай бірнеше рет қайталана келе, әбден тұрақтанған жаңа бір жарапазанның мәтіні болып қалыптасады. Міне, осындай құбылысты фольклор шағын жанрларының постфольклорда трансформациялануының айқын көрінісі деуге болады.

Еліміздің әр өңіріндегі жарапазан айту мәнері әр түрлі болып келеді. Жергілікті өңірлерде қалыптасқан әуендер мен мәтіндер өзара бір-біріне ұқсамайтын жарапазан айтады. Бұған ютуб желісінде кең таралған жарапазан бейне-баяндар дәлел. Әлеуметтік желілерде таралып, ел арасына таралған бұндай жарапазан мәтіндері уақыттың өтуімен жаңашаланып, басқа бір нұсқасымен таралып жатады.

4. Нәтижелер

Постфольклорлық ортада жарапазан тек ауызша мәдениетпен шектелмейді, ол заманауи медиа кеңістігіне енді. Әлеуметтік желілер мен видео платформаларда жарапазанның түрлі заманауи интерпретациялары тарала бастады. Кейбір блогерлер мен шығармашылық топтар жарапазанның заманауи нұсқаларын жасап, көрермендер арасында танымал етіп жүр. Бұл үдеріс оның аудиториясын кеңейтіп, жастар арасында жаңа қызығушылық тудырады.

Жарапазан тәулсіздік кезеңде қоғамда діни бостандықтың оралуына байланысты ел арасында қайтадан көрініс тауып отыр. Ауылдық жерлерде, жолаушылар арасында жарапазан айтушылар әредік-әредік кездесуде, сонымен бірге оны белгілі әншілер де сахнада орындап жүр. Тіпті ұялы байланысқа SMS арқылы жарапазан жолдап, бірлік

сұрайтын жарапазаншылар да кездесуі – осы жанрдың жаңа заманға бейімделуге мүмкіндігі бар екендігін танытады. Жарапазан атауын кейбір өңірде жарапазан, жарамазан, жәдит-жарапазан, тіпті «саһар» деп те атайтын болған. Мәселен, Көкшетау облысының шығыс аудандарында саһар айту дәстүрге айналған.

Саһар айтқан балалар,
Елден елді аралар.
Саһаршы бала жатпиды,
Тәтесі жүзік берсе егер,
Саһаршы бала тоқтайды. ...

Мұндай саһар деген сөз сәре (таң сәрі) деген мағынаны білдіреді. Мәселен, ҚХР Шынжан Тарбағатай өңірінің қазақтары «сәре ішу» дегенді «саһар ішу» деп қолданған. Бұл сөз жайында ғалым Н.Уәли: «Таң сөзімен тіркесе айтылатын сәрі («таң сәрі») – осы сахар сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі. Діни салтқа байланысты сахар, сәре сөзі «таң ертеңгі тамақ» дегенді білдіреді. Ораза тұтқан діндар адамдар сәресін (сахарын) құлқын сәріден ішеді», – деп жазады (Уәли, 2023: 227). Бұл жерде, ауыз бекіткендер саһар кезінде айтылатын жарапазанның түрін «саһар», ал оны айтушыны «саһаршы» деп атау дәстүрінің қалыптасқаны байқалады.

Жарапазаншының табысы туралы Ә.Қоңыратбаев «Ораза айында үлкен айтушылар жарапазан айтып, түйе алса, кішігірім айтушылар үй жағалап, әйелдерден ауыз ашарға құрт, май, ірімшік, сұраған», – деп жазады (Қоңыратбаев, 1991: 60).

Қырғыздар жарапазанды рамазан, түріктер рамазан манисі (жыры) деп атаған. Қазақ пен қырғыз өлеңінде бәлендей айырмашылық байқалмайды:

Рамазан айтып келдім есігіңе,
Құдайым бір ұл берсін бесігіңе.
Кел-кел, балдар, келгелі,
Байға бата бергелі.
Байдың көңілі ашылсын,
Жүзге келіп қарысын.

Түрікмен жарамазанын зерттеген ғалымдар В.М. Беляев, Х.Г. Короглы, Ш. Гуллыев секілді ғалымдар бірауыздан төмендегідей тұжырым жасаған: Әзірбайжан мен түрікмендер наурыз келгенде яремезан, тәжіктер «бойчечак» (бәйшешек) гүлі шыққанда «колядка» айтатын болған. Бұдан жарапазан жанрының көктемде күн мен түннің теңесуімен байланысты табиғаттың жаңару және түлеу мейрамымен бірге пайда болғанын көруге болады.

Жарапазанды ораза айында кейде ел сәресін ішкен елең-алаңда, кейде күндіз, көбінде ауызашардан соң кешкі алагеуімде ораза ұстаушылардың көңілін көтеру, бойын сергіту, уақытын өнегелі насихатпен өрнектеп өткізу мақсатында қыдырма

жарапазаншылар айтатын болған. Жарапазан белгілі дәрежеде өнерпаз жандарды табыс табуға ынталандыратын фольклорлық театрдың мәуелі бұтағына айналған кәсіби де өміршең жанр болған деуге толық негіз бар.

Жарапазан және басқа ғұрыптық өлеңдер сияқты жанрлар бүгінде ауылдық дәстүрден шығып, қалалық мәдениетте орын тауып, тіпті сахналық қойылымдарға айналууда. Сонымен қатар, заманауи діни және әлеуметтік іс-шараларда орын алып, жаңа мән-мағынаға ие болады.

Жаһандану үрдісі күшейген заманда ұлттық фольклорымыздың құндылығы мен тәрбиелік маңызын терең зерттеп, бүгінгі күнге жеткен рухани мұрамыздың асыл қазыналарын толықтырып, жүйелеп, саралап, арнайы жариялау – өте күрделі әрі қажетті міндетке айналды. Осы жобаның сәтті жүзеге асуы ұлттық фольклортану саласының бағыттарын нақтылап, қазақ халқының рухани болмысы мен мәдени байлығын эстетикалық тұрғыдан тереңірек тануға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Қазіргі заманғы тәсілдермен, мысалы, әлеуметтік желілер мен аудиовизуалдық форматтар арқылы қайта жанданған жарапазан жырлары жастардың қызығушылығын арттырады. Бұл үдеріс ұрпақ жадының рухани аспектілерін сақтап, ата-баба дәстүрлерін жаңа пішінде жалғастыруға жағдай жасайды.

Постфольклор ең алдымен, қазіргі заман фольклоры деп аталады. Оған әндер, анекдоттар, аңыздар, ауыздан-ауызға таралған өлеңдер (жарапазан, жар-жар, т.б.) жатады. Олардың арасында ежелгі фольклордың кіші жанрлары да жиі кездеседі. Фольклордың кіші жанрлары ұлттық дәстүрлермен тығыз байланыста болғандықтан, күнделікті өмірмен де тығыз ұштасып жатады. Солардың ішінде жарапазан – маусымдық-күнтізбелік ғұрып фольклорына жататын, түркі халықтары арасында кең таралған көне жанрлардың бірі. Постфольклордағы жарапазан көрінісі оның бастапқы мәнін сақтай отырып, заманауи музыкалық аспаптармен әртүрлі ырғақтар мен мәтіндерде өзгерген. Интернетте таралатын жарапазан туралы ақпараттардың ерекшелігі – олардың әртүрлі жастағы аудиторияға ықпал ете алатындығында. Мәтінмен үйлескен түрлі фотосуреттер, бейнебаяндар мен кескіндер оқырман мен тыңдарманды жалықтырмай, керісінше, өзіне тартып алатын қасиетке ие.

Бүгінгі дамыған ғылымның нәтижесі адамдарды интернет желісімен тығыз байланыстыруда. Интерактивті әлеуметтік кеңістікті қамтамасыз ететін интернет желісі адам өмірінің ажрымас бір бөлігіне айналды десек артық болмас. Әлемдік өріс алған бұл жаңа құралдың фольклор үшін де маңызы зор деп білеміз. Себебі, киберкеңістіктегі таралған фольклорлық шығармалар фольклор зерттеушілері үшін жаңа мүмкіндік пен қолайлылық ала келді деуге болады. Классикалық фольклор үлгісіне қарағанда бұл сандық фольклор өз ортасының динамикасында қызметі ерекше бір жаңа мәдени өріс.

Сандық фольклор фольклордың шағын жанрларының кез келгенін ғаламтор желісінен жылдам табуға мүмкіндік берді. Әсіресе, жаңылтпаш, жарапазан, санамақ сияқты балалардың тілін дұрыстап, ой-өрісін дамытуға арналған парақшалар көптеп ашылған. Оқырманның қызықты әрі жеңіл қабылдауы үшін киберкеңістікте таралған жарапазан мәтіндері қызықты видеолар және түрлі суреттермен берілген.

Постфольклордағы жарапазан халық арасындағы түсінік оның дәстүрлі формаларының қазіргі заманғы медиа және мәдени контексте қалай өзгергенін көрсетеді. Бұл түсінік дәстүрлі жарапазанның жаңа форматтарда қалай бейнеленетінін және халықтың оны қалай қабылдайтынын зерттеуге негізделеді.

Постфольклордағы жарапазан халық арасында дәстүрлі формаларының қазіргі заманғы контексте қалай өзгеріп жатқанын көрсетеді. Жаңа медиа платформалары мен мәдени өзгерістер арқылы жарапазанның жаңа форматтары мен интерпретациялары пайда болады, бұл оның дәстүрлі маңызын сақтай отырып, жаңа аудиторияларға қолжетімділігін арттырады. Халықтың жаңа медиа контексте жарапазанға деген түсінігі мен қабылдауы оның мәдениеттегі орны мен маңызын қалай өзгертіп жатқанын көрсетеді.

Киберкеңістіктегі таралаған жарапазан туралы ақпараттардың айрықшалығы оқырманның жасына қарамастан, түрлі деңгейде әсер ете алатыны. Онда айтылып жатқан мәтінге сәйкестендірілген түрлі фото-суреттер, бейне-баяндар, әр түрлі бояудағы кескіндер бәрі үйлесе келіп, тыңдарманын немесе оқырманын ешқашан жалықтырмайды, керісінше барынша өзіне баурап алатын ерекшелікке ие. Мысалы, ютуб желісіндегі «Жарапазан айту дәстүрі қайдан шыққан?» деген тақырыппен берілген бейне-баянда Жарапазанның шығу тарихын, қай мұсылман халықтарда кеңінен таралғанын жан-жақты түсіндіре келіп, соңын әдемі бір жарапазан әнімен аяқтайды. Осы барыста айтылып жатқан сөздермен берілген көріністер өте керемет үйлесім тауып отырған. Әрине, дәстүрлі түсіндіруден гөрі әсері молырақ болады деп ойлаймыз (<https://www.youtube.com/watch?v=grRB-KnNc6M>).

Ғаламтор желісіндегі түрлі әлеуметтік желілерде жарапазан туралы айтылған деректер, сонымен бірге жерлілікті ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан жарапазаның әр түрлі мәтіндері мен әуендер, сондай-ақ жарапазаның адамдар арасында қандай қызмет атқаратыны жайлы түсініктер молынан берілген. адамдар пейілінің әр қашанда кең болып, өзара қолғабыс тигізіп, ынтымақты, берекелі өмір сүрудің негіздерінің бірі екені жөнінде айтылады (<https://www.youtube.com/watch?v=hWRhZ1VDKlk>).

Сандық фольклордың қалыптасып, дамуының негізінде жарапазан жанры ер арасына кеңінен таралып, жас ұрпақтың санасына терең сіңіре түсуге таптырмас мүмкіндіктер туды деуге әбден болады.

Жалпы, жарапазаның әу бастағы қызметі мен мәні – шаңырақ иелеріне құт-ырыздықты әсерлі ақ тілек, әдемі алғыс-бата арқылы шақыру, олардан жұт-қырсықты қаһарлы сөз сиқырымен қуып аластау мақсатында жасалатын магиялық шаралар кешенінен туындағаны анық болып отыр. Сол себептен де оның мәтнінде алғыс пен қарғыс жиі кездеседі. Мәселен, «Кіріс дәулет, шықсын бейнет», «Бай үйіне берекет, қаша берсін бәлекет», «Кіріс дәулет есіктен, шықсын бейнет тесіктен», «Келгенде қайыр-зекет бере алмасаң, жібермес ақыретте менің назам», «Асырсын-ау, асырсын, жамандығын жасырсын, осы үйге қастық қылған адамды, қара таспен бастырсын!» т.с.с. Түрікмен үлгісінде де алғыс-қарғыс қатар қолданылады: Қараша күржең үй

болсын, Үйіңізде той болсын. Көп бергенге ұл тусын Аз бергенге қыз тусын. Арап-парсы елінде жарамазан жыры жоқ, ал оның түрік тектес көптеген халықтарда ортақ болуының бір сыры – осы ежелгі жанрдың исламға дейінгі мәдениетте ел өмірінде әбден белгілі болғандығының дәлелі секілді. Бұл жайында М.Әуезов «...қазақ жарамазандарының көбін алсақ ... күшті сопылық, өрескел тақуалықты айтып, өзге жұрттың дін өлеңі сияқты үнемі сәжде, үнемі дұға, ұдайы күнакер болуды айтып, көп тәубаменжалбарына беретін сөздер жоқ деуге болады. Бұл жағынан қарағанда қазақтың көп жарамазаны баяғы ақы сұрап айтатын мақтау өлеңдеріне жақын келеді» (Әуезов М., 1985: 27) деп жазады. Өткенмен қазіргі жарапазан исламның шартына толық бейімделген күйде дін салтының жыры болып өмір сүріп отыр деуге болады.

Жарапазанның жаңа медиа контексте қалай өзгеретіні дәстүрлі жанрдың қазіргі заманғы технологиялар мен мәдениеттермен қалай үйлесетінін көрсетеді. Визуалды жаңартулар, музыкалық өңдеулер, интерактивтілік пен әлеуметтік әсерлер арқылы жарапазан жаңа форматтарда ұсынылып, кең аудиторияға жетеді. Бұл процесстер дәстүрлі жарапазанның түпнұсқалық мәнін сақтай отырып, оның мәдени және әлеуметтік рөлін жаңартады. Қазіргі уақытта жарапазанның орындаулары мен мәтіндері интернет арқылы кеңінен таралуда. Әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларда жарапазанның бейнелері, аудиозаписітары және видеолары жиі кездеседі. Бұл жарапазанның халық арасында кеңінен танымал болуына, сондай-ақ оның жаңа аудиторияларға жетуіне ықпал етті.

Постфольклорлық жарапазан басқа халықтық дәстүрлермен, мәдениеттермен және музыкалық жанрлармен араласқан. Мысалы, жарапазанның элементтері заманауи поп-музыка немесе этно-музыкамен қосылып, жаңа формада орындалады. Заманауи қоғамның әлеуметтік және мәдени өзгерістеріне байланысты жарапазанның мазмұны мен тақырыптары да өзгеруі мүмкін. Бұл жанр қазіргі қоғамның мәселелерін, әлеуметтік қозғалыстарды және заманауи діни өмірді көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін. Жарапазанның постфольклорлық зерттеулері мен оның заманауи интерпретациялары туралы ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жүргізілуде. Бұл ғылыми зерттеулер жарапазанның мәдени мәнін түсінуге және оның қазіргі қоғамдағы рөлін бағалауға көмектеседі.

Постфольклор кезеңінде жарапазанның музыкалық құрылымы мен орындау тәсілдері өзгерске ұшырауы мүмкін. Мысалы, жарапазанның дәстүрлі орындалуында қолданылатын аспаптар мен орындау стильдері қазіргі заманғы музыкалық элементтермен, электронды музыкамен немесе басқа жанрлармен біріктірілуі ықтимал. Мәселен, «Алатау серілерінің» орындауындағы заманауи үлгідегі жарапазанды айтсақ болады (https://www.youtube.com/watch?v=nTX_bu7oUK0). Бұл өз кезегінде жаңа тыңдаушыларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда Denysiuk Zh. Z. «Постфольклор, дәстүрлі жасау және тарату принциптерін өзгерте отырып, классикалық фольклор зерттеулері тұрғысынан фольклордың мәдени мысалдарына толығымен жатпайды. Постфольклорлық шығармалар медиа-коммуникацияны пайдаланып коммуникациялық ортада жасалып, мәдениеттің мозаикалық әлеуметтік-

мәдени шындығын, соның ішінде нақты идеялар, құндылықтар және идеалдар – мәдениеттің аксиосферасын органикалық түрде көрсете алады. Олар әлеуметтік-мәдени фактілерді түсінуде тұрақтандырушы рөл атқарады» (Denysiuk Zh. 54-69) деген ой айтады. Жарапазанның постфольклорлық көрінісі оның әлеуметтік және мәдени контексте қалай бейнеленетініне байланысты. Дәстүрлі жарапазанның діни және мәдени мағынасы заманауи қоғамда қайта қарастырылып, оның жаңа мәні мен рөлі анықталуы мүмкін. Жаңа әлеуметтік мәселелер мен құндылықтарға байланысты жарапазан жаңартылып, жаңа формада ұсынылады.

Постфольклорлық зерттеулер жарапазанның тарихи дамуын, оның қоғамдағы рөлін және мәдени өзгерістермен байланысты қалай эволюцияға ұшырағанын қарастырады. Бұл зерттеулер жарапазанның дәстүрлі формалары мен жаңа формалары арасындағы байланысты, сондай-ақ мәдениеттегі өзгерістердің әсерін зерттейді.

Шетел ғалымдарының постфольклорды зерттеуге арналған еңбектері қазіргі мәдениетте фольклорлық элементтердің қалай жаңартылып, қайта интерпретацияланатынын қарастырады. Мәселен, Kaminskaya E.A.: «Интернет коммуникациясының кең ауқымды ықпалы, оның даму динамикасы мен тұрақты технологиялық жаңалықтарымен бірге, ұзақ уақыттан бері зерттеу тақырыбына айналды. Интернет ортасы ақпараттық-коммуникациялық және техникалық компоненттердің социомәдени құрамдас бөлігімен бірігуін білдіреді, ол ақпараттық қоғамның және оның дамуының символы болып табылады – әлемдік глобализация процесінің негізгі факторы мен сөйлеушісі. Пост-индустриалды қоғам ұғымымен қатар, «глобалдық ауыл», «сандық қоғам», «желілік қоғам» және басқа да желілік коммуникациямен анықталатын ұғымдар пайда болды» деген тұжырым жасайды (Kaminskaya E.A., 2015: 77.).

Дей тұрғанымен, қазіргі замандағы өнерпаздар мен орындаушылар жарапазанның классикалық формаларын жаңа және инновациялық тәсілдермен қайта өңдеуі мүмкін. Бұл дәстүрлі өнер түрінің жаңа эстетикаға, стильдерге немесе формаларға бейімделуіне мүмкіндік береді. Демек, жарапазанның постфольклорлық көрінісі оның дәстүрлі элементтерінің заманауи мәдениетпен үйлесуі, жаңа медиа мен музыкалық трендтермен бірігуі арқылы жаңа өмірге енуін көрсетеді. Мәселен, сөзіміздің дәлелі ретінде мына көрсетілген сілтеме арқылы жарапазанның музыкалық аспаптармен сүйемелдеген жаңа үлгісін көруге болады (https://www.youtube.com/watch?v=_Cj9_Neq-wE).

Ютуб әлеуметтік желісінде жарапазан жанрына арналған бейне-баяндар өте көп. Назар аударып тыңдасаңыз, барлық жарапазанның басы бірдей болып басталып келеді де, әрі қарай түрліше болып кетеді. Қазіргі таңда жарапазанның әуендері де әр түрлі болып келеді. Жарапазан айтушыларды арнайы шақыратын ауызашар отырыстарында, шақырылған өнерпаздарға сол отырыстағы кейбір маңызды адамдардың атын атап, арнайы өлеңге қосып кетуі тапсырылады. Бұндай жағдайда жаңа тіркестер, жаңа жолдар қосылып, ютуб желісіне жүктелген бұл мәтін сол қалпында барша көрерменге таралады. Міне, дәл сол таралған сәттен бастап,

жарапазанның жаңа мәтіні дүниеге келеді. Дәл осы осияқты жалғастырыла отырып, жарапазан жаңа түс алады.

Интернеттің таралуымен көптеген шағын жанрлар жаңа шындыққа бейімделді: құрамы өзгертеді немесе визуализацияланды. Бұрынғы жанрлардың негізінде жаңалары пайда болады. Мысалы, қазіргі ғаламторда айтылып жүрген жарапазандарды дені ежелден айтылып келе жатқан мәтіндердің негізінде қалыптасты. Оған жоғарыда мысалдар келтірілді.

Зерттеуші Yugai I.B. мұндай «болашақ мәдениеттің» ықтимал дамуын қарастыра отырып, У.Эко адамзат өркениетінің еркін шығармашылықтың және мәтіндердің еркін интерпретациясының бірге болатын қоғамға өтуі ықтимал екенін атап өтті (Yugai I.B., 2008: 117.).

Қазіргі заманда жарапазан постфольклорлық сипат алып, кейбір элементтері жаңа заманға сай түрленді. Бұрынғыдай ауыл аралау орнына, жарапазан қазір мәдени іс-шараларда немесе әлеуметтік желілерде орындалады. Жарапазан мәтіндерінде қазіргі қоғамның әлеуметтік және мәдени мәселелері көрініс табады. Сонымен қатар, оны орындаушылар өлеңдерді интернет немесе SMS арқылы да тарата алады. Мысалы, қолжазба нұсқадағы дәстүрлі жарапазанда:

Алып шық, алып шық,
Дәу табаққа салып шық.
Салатының болмаса,
Бес жүз теңге алып шық

SMS арқылы таралған нұсқада:

Алып шық, алып шық,
Каспий голдқа салып шық.
Каспий голдқа сыймаса,
Народный алып шық.
<https://www.facebook.com/100077208648328/posts/167817584689770/>

Өзінің ежелгі дәстүрін сақтай отырып, жарапазан бүгінгі заманның жаңа технологияларына бейімделген, және заманауи қоғамда да өзекті болып қала береді. Қалалық орта мен жаһанданудың әсерінде дәстүрлі фольклор көбінесе ауылдық ортада және этникалық қауымдастықтарда дамыған. Постфольклор, керісінше, қалалық ортада және мәдениеттердің араласуы нәтижесінде пайда болды. Қала өмірінің ритмі, ақпараттың жылдам таралуы және жаңа технологиялар мәдениеттің жедел өзгеруіне алып келді, осы өзгерістер фольклордың жаңа түрлерін қалыптастырды. Бұл құбылысты қазіргі заманғы қазақ қалаларында да байқауға болады.

Ғаламтордағы жарапазанның трансформациясы туралы зерттеулер дәстүрлі діни жырлардың заманауи мәдениет пен технологияға бейімделуін зерттейді.

Жарапазанның тарихи мәні мен құрылымы негізінен рамазан айында ораза ұстағандарды рухани қолдауға арналған, бірақ интернет пен әлеуметтік желілердің дамуы оның жаңа түрлерінің пайда болуына алып келді.

Мәселен, постфольклорға жататын интернет-мемдер көбінесе белгілі бір мәдени топтардың құндылықтарын немесе әлеуметтік сынын көрсету үшін қолданылады. Мысалы әлеуметтік желілерде әзілге құрылған жарапазандар да жиі кездеседі:

Айтамыз жарапазан сотқаңызға,
Бұрыңғы байлар өткен соткасызда!
Ораза қабыл болсын қасиетті,
500 бірлік салыңызшы соткамызға.
Айтамын жарапазан өңіріңе,
Өмір қаяу салмасын көңіліңе.
Жарапазан айтқанға сыйлық берген,
Баяғы бабалардың жолы міне.
Қолма-қол сыйлық алар мүмкіндік жоқ,
Единица сала сал нөмеріме! (https://vk.com/wall262295742_247)

Жаһандану үрдісіне ілесе отырып жаңаратын мәдениеттер легі өзінің әуелгі қалпынан ауытқып, өзгеріп, басқаша түс алып кетуі әбден мүмкін. Постфлордағы жанрлардың трансформациясы кейбір теріс нәтижелерімен өріс алып кетеді. Бұл түпкі қалырты сақтауда назар аударатын түйткілді мәселе деп қарастыру керек. Осы мәселе бойынша түрік ғалымы Nihangül Daştan: «Соңғы жылдары жаһандану ұғымына қатысты дискурстарда ерекше назар аударылған мәселелердің бірі – технологиялық салада үстемдік ететін мәдениеттер өздерінің құралдары арқылы үстем мәдениетке айналып, әлемдегі мәдени мозаиканы әрлендіретін басқа мәдениеттерді жойылу қаупіне тікелей апаратыны туралы ой. Бұл мәселеге алаңдаушылық білдіретін ұлттық және халықаралық ұйымдар мәдени әртүрлілікті қорғау және мәдени сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында кейбір бастамаларды қолға алып, осы мәселеге байланысты халық арасында түсінік қалыптастыруға тырысқаны байқалады. Халық мәдениетін зерттеу саласы ретінде анықтаған фольклор саласында мәдени элементтерді сақтау, қайта жандандыру, жеткізу және қайта жасау арқылы күнделікті өмірде тәжірибеге айналдыру тұрғысынан жаңа көзқарас пайда болды. Фольклорды қолданбалы фольклор ұғымы ретінде әдебиетке енгізген бұл әдіс оны тек мәтіндерді жинау, мұрағаттау және талдау әдісінен өзгеше бағытқа бұрып, тәжірибе өлшеміне жеткізді. Осылайша, фольклор жаһандануға қарсы мәдениеттерді қорғауды қолдаумен қатар, әлеуметтік өмірде кездесетін кейбір мәселелерді шешуде өзінің білімін тәжірибеге айналдыра алатын жаңа қолданбалы саланы құрайды. Бұл зерттеу қолданбалы фольклор ұстанымының пайда болуына жол ашқан дамуларға, оның пайда болу жағдайларына, оған атау берілгеннен кейінгі пікірталастарға, осы пікірталастар нәтижесінде алға қойылған қарама-қарсы ұғымдарға, терминді

анықтау әрекеттеріне, фольклорды қолдануға болатын салаларға және Түркиядағы қолданбалы фольклорға қатысты жұмыстарға назар аударады. Қысқаша айтқанда, бұл зерттеуде қолданбалы фольклордың пайда болуы, дамуы және қазіргі жағдайы түсіндірілмек» (Nihangül Daştan, 2022: 346-375), – дейді.

Әлеуметтік желілердегі жарапазандарды қазіргі заманның мәдени нормалары мен трендтеріне сәйкес бейімделіп, таралады. Оның постфольклордағы басты ерекшеліктерін төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

1. Динамикалық: Интернеттің, әсіресе әлеуметтік желілердің арқасында жарапазан тез таралып, әртүрлі формаларда қайта өңделеді.

2. Көпқырлы: Ол мультимедиялық (мәтін, бейне, сурет) формада бола алады, ал дәстүрлі фольклор әдетте ауызша түрде берілген.

3. Анонимдік: Жарапазан көп жағдайда авторсыз, яғни кімнің шығарғаны белгісіз, бірақ халық арасында тез тарап, өзгеріп отырады.

4. Күлкілілік пен ирония: Көп жағдайда юмор мен сатираға негізделген. Бұл элемент оны заманауи контексте танымал етеді.

Жарапазан жанры интернет пен медиа арқылы кеңінен таралып, жаңа формада таралуда. Бұл дәстүрлі фольклор элементтерінің цифрлық кеңістікте жаңаша дамуы мен өзгеруін көрсетеді. Бұл – постфольклордағы трансформация. Яғни, жарапазанның дәстүрлі элементтерінің қазіргі заман жағдайында жаңа формаға енуі, мазмұны мен мәнін өзгертіп, заманауи мәдениетпен үйлесуі. Бұл үдеріс фольклордың тірі екендігін және қоғамның дамуына қарай өзгеретінін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде жарапазан постфольклорда айтарлықтай өзгерді. Жаңа орындаушылар өз заманының мәселелерін қозғап, қазіргі қоғамдағы құбылыстарды жырлайды. Дәстүрлі жарапазан архаикалық тілмен, көне қазақ тілінің ерекшеліктерімен айтылған болса, постфольклорлық жарапазан қазіргі қазақ тілі мен оның қарапайым, күнделікті сөйлеу түріне бейімделеді. Осылайша, мәтіндер қазіргі заманның тілдік ерекшеліктеріне сәйкес өзгеріп отыр. Сонымен бірге постфольклорда дәстүрлі жарапазанның орындау тәсілдері заманауи музыкалық жанрлармен араласып, жаңа аранжировкаға ие болды. Жарапазанның әуендері қазіргі заманғы музыкалық аспаптармен орындалып, поп, рэп, электронды музыка стилінде өңделген. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің діни фольклор элементі болған жарапазанның цифрлық ортада кеңінен таралуымен бірге, жарапазан сияқты халықтық жанрлар да жаңа формаға бейімделіп, қазіргі заман талабына сай өзгерістерге ұшырады. Мысалы (көрсетілген сілтеме арқылы өтіңіз <https://www.youtube.com/watch?v=YerOJ7PiZpM>).

Жарапазан жанрының киберкеңістіктегі таралуы – бұл дәстүрлі қазақ фольклорының заманауи цифрлық ортада жаңғыруы мен бейімделуі болып табылады. Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы арқасында жарапазан жанры жаңа платформаларда кең таралу мүмкіндігіне ие болды. Жоғарыда келтірілген зерттеушілердің тұжырымдары мен мысалдарды негізге ала отырып, постфольклордағы жарапазанның негізгі аспектілерін қарастырамыз:

1. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер. Жарапазан мәтіндері мен діни әндер Рамазан айында әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, TikTok) және мессенджерлерде (WhatsApp, Telegram) жиі таратылады. Бұл қолданушылардың онлайн түрде тыңдауына мүмкіндік береді. Видеолар мен дыбыс жазбалары арқылы жарапазанның дәстүрлі нұсқалары да, олардың заманауи түрлері де интернет кеңістігінде танымал болады.

2. YouTube және бейнеқызметтер. YouTube секілді бейнеплатформаларда жарапазан жанрына арналған видеолар, қойылымдары жарияланып, көпшілікке қолжетімді болады. Көптеген орындаушылар мен топтар өздерінің жарапазандық қойылымдарын осы платформалар арқылы ұсынады, бұл жанрды жаңғыртып, кең аудиторияға жеткізеді.

3. Мемдер және интернет-контент. Цифрлық ортада жарапазан жанрының элементтері жеңіл әрі ойын-сауықтық түрде де көрініс табады. Діни мерекелер кезінде (рамазан айы) жарапазандық сарындарға негізделген интернет-мемдер мен әзілдер таратылады, бұл жастар арасында жанрды танымал етіп, мәдениет пен дінге деген қызығушылықты арттырады.

4. Қашықтан білім беру платформалары. Жарапазан жанрын қашықтан оқыту жүйелері арқылы тарату да маңызды рөл атқарады. Онлайн курстар, вебинарлар мен дәрістер арқылы фольклорлық мұра туралы білім беріледі, бұл жанрды жаңа форматта үйренуге мүмкіндік жасайды.

Жарапазанның киберкеңістікте таралуы оның тек сақтау ғана емес, сонымен қатар заманауи аудиторияға жаңаша жолмен жеткізілуіне жағдай жасайды. Бұл қазақ халқының мәдени және діни мұраларын сақтауға әрі насихаттауға мүмкіндік береді.

5. Қорытынды

Жарапазан – ежелден келе жатқан халықтық жанр, ол исламға дейінгі мәдениеттен тамыр алып, кейін дін салтымен үндесе отырып дамыған. Бастапқыда магиялық мақсатта – береке тілеу, жамандықтан қорғау үшін қолданылған бұл өлеңдерде алғыс пен қарғыс қатар жүріп отырған. Уақыт өте келе, бұл жанр өзінің бастапқы формасынан алшақтап, қазіргі технологиялар мен мәдени өзгерістер әсерінен постфольклорлық сипат алды. Жаһандану процесі мен технологияның ықпалымен жарапазан жаңа медиада – әлеуметтік желілерде, онлайн платформаларда кеңінен таралып, визуалды және музыкалық жаңартулармен толықты. Ол қазіргі аудиторияға бейімделіп, жаңа формада орындалып жүр. Бұл өзгерістер дәстүрлі мәдениеттің жоғалу қаупін туғызғанымен, жарапазанның кейбір түпкі мағынасын сақтай отырып, оны жаңаша өмірге бейімдеуге мүмкіндік беріп отыр. Фольклорды тәжірибеге негіздеген қолданбалы фольклор ұғымы жарапазанды тек мұра ретінде емес, қазіргі қоғамдағы мәдени әрі әлеуметтік мәселелерді көрсету құралы ретінде қарастыруға жол ашты. Осылайша, жарапазан тек дәстүрдің жалғасы емес, сонымен қатар қазіргі мәдениет пен қоғамның дамуына бейімделген жаңа бағыттағы жанрға айналууда.

Әдебиеттер:

1. Салтакова, Ж.. Постфольклор: аңыздық прозаның киберкеңістікте таралуы. – Keruen, 2023. – 80(3). – 6.151–159. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-13>
2. <https://www.youtube.com/watch?v=Nssp1QUam8c>
3. <https://www.youtube.com/shorts/gIYO8hSo8vI>
4. <https://abai.kz/post/10203>
5. Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. – «Таң-шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналы. – №6. – 2023. – 227 б.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 60 б.
7. <https://www.youtube.com/watch?v=grRB-KnNc6M>
8. <https://www.youtube.com/watch?v=hWRhZ1VDKlk>
9. Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1985. – 340 б.
10. https://www.youtube.com/watch?v=nTX_bu7oUK0
11. Denysiuk Zh. Z. (2020) Post-folklore as a phenomenon of communicative internet practices. –PP. 54-69 DOI <https://doi.org/10.36059/978-966-397-157-5/54-69>
12. Kaminskaya E.A. (2015). Cultural environment of the modern folklore culture existence. Etnosotsyum. 9, p. 77.
13. https://www.youtube.com/watch?v=_Cj9_Heq-wE
14. Yugai I.B. (2008). Specificity of communication in cyberspace. Aktualnye problemy socyokulturnyx issledovaniy: mezhhregionalnyj sbornyk nauchnyh statej. Kemerovo. 4, p.117.
15. <https://www.facebook.com/100077208648328/posts/167817584689770/>
16. https://vk.com/wall262295742_247
17. Nihangül Daştan. Applied Folklore from Past to Present. October 2022. Mavi Atlas. p. 346-375. DOI:10.18795/gumusmaviatlas.1095562.
18. <https://www.youtube.com/watch?v=YerOJ7PiZpM>

References:

1. Saltakova, J. (2023). POST-FOLKLORE: THE SPREAD OF LEGENDS IN CYBERSPACE. Keruen, 80(3), 151–159.
2. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3>
3. <https://www.youtube.com/watch?v=Nssp1QUam8c> (in kaz.)
4. <https://www.youtube.com/shorts/gIYO8hSo8vI> (in kaz.)
5. <https://abai.kz/post/10203> (in kaz.)
6. Uali N. (2023). Phraseology and language norm. «Tan-sholpan». No. 6., p 227. (in kaz.)
7. Konyratbayev A. (1991). history of Kazakh folklore. Almaty: native language. – p 60. (in kaz.)
8. <https://www.youtube.com/watch?v=grRB-KnNc6M>
9. <https://www.youtube.com/watch?v=hWRhZ1VDKlk>
10. Auezov M. (1985). Collection of works. Almaty. – p 27. (in kaz.)
11. https://www.youtube.com/watch?v=nTX_bu7oUK0
12. Denysiuk Zh.Z. (2020). Post-folklore as a phenomenon of communicative internet practices. DOI <https://doi.org/10.36059/978-966-397-157-5/54-69> (in Eng)
13. Kaminskaya E.A. (2015). Cultural environment of the modern folklore culture existence. Etnosotsyum. 9, – p 77.
14. https://www.youtube.com/watch?v=_Cj9_Heq-wE
15. Yugai I.B. (2008). Specificity of communication in cyberspace. Aktualnye problemy socyokulturnyx issledovaniy: mezhhregionalnyj sbornyk nauchnyh statej. Kemerovo. 4, – p 117 . (in Eng.)
16. <https://www.facebook.com/100077208648328/posts/167817584689770/>
17. https://vk.com/wall262295742_247
18. Nihangül Daştan. (2022). Applied Folklore from Past to Present. October. Mavi Atlas. DOI:10.18795/gumusmaviatlas.1095562. – pp 346-375. (in Eng)
19. <https://www.youtube.com/watch?v=YerOJ7PiZpM>

М.Е. Сарыбай^{1*}, А.С. Еркебай², З.У. Исламбаева³

^{1,2,3}Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹madiyar_sarybai@mail.ru, ²aerkebay@bk.ru, ³zetta1975@mail.ru

ORCID: ¹0009-0002-2102-8910, ²0000-0001-7454-7226, ³0000-0003-0438-899X

«МАКОНДО» СПЕКТАКЛІНІҢ СЕМИОТИКАСЫ ЖӘНЕ АДАМЗАТ ТАҒДЫРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕЛЕНУІ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада испан жазушысы Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романы негізінде сахналанған «Макондо» спектаклі жан-жақты талданады. Зерттеудің мақсаты – спектакльдің негізгі идеялары мен көркемдік тәсілдерін, режиссерлік интерпретацияларын және актерлердің шеберлігін талдау арқылы ұлттық сахна өнерінің заманауи дамуындағы жаңа қырларын айқындау. Зерттеу мәселесі ретінде қазақ театры сахнасында әлемдік әдеби мұраны ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу барысында туындайтын көркемдік және семиотикалық шешімдер қарастырылады. Зерттеу әдіснамасы – салыстырмалы талдау, мәтіндік және сахналық интерпретацияларды зерттеу, құрылымдық-семиотикалық әдіс. Жұмыс барысында спектакльдің сценографиясы, актерлік ойын мен музыкалық сүйемелдеу ерекшеліктері кезең-кезеңімен қарастырылды. Ұлытау облыстық С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық драма театрының «Макондо» спектаклі қазақ театры сахнасында алғаш рет қойылуымен ерекше мәдени құбылыс ретінде танылды. Режиссер Даниил Филипповичтің семиотикалық шешімдері Макондо қаласының символикалық мәнін тереңдетіп, адамзат трагедиясының жаңа интерпретациясын ашты. Театр актерлерінің бір әулеттің сезімдері мен психологиясын бейнелеу шеберлігі зерттелді, әсіресе қайталанатын қателіктер мен күнәлар тақырыбы ерекше әсерлі жеткізілгені анықталды. Қойылым финалындағы «Құбыжық» символы адамзаттың рухани құлдырауы мен моральдық деградациясын бейнелейтін маңызды элемент ретінде талданды. «Макондо» спектаклі көркемдік шешімдердің батылдығы мен жаңа тәсілдер арқылы қазақ ұлттық театрында ерекше орын алады. Ол көрермендер үшін мәдени құбылыс ретінде маңызды әрі адамзаттық мәселелерді сахнада көрсету мүмкіндіктерін кеңейткен туынды болып саналады. Бұл зерттеу театртанушыларға әлемдік әдебиет туындыларын сахналаудағы ұлттық ерекшеліктерді талдауға бағыт береді және заманауи театр өнерінің жаңа формаларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері режиссерлер мен актерлер үшін әдістемелік құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: Макондо, семиотика, символ, көркемдік шешімдер, режиссерлік интерпретация, ұлттық сахна өнері, моральдық деградация, әлемдік әдеби мұра.

М.Е. Сарыбай^{1*}, А.С. Еркебай², З.У. Исламбаева³

^{1,2,3}Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова

Алматы, Казахстан

E-mail: ¹madiyar_sarybai@mail.ru, ²aerkebay@bk.ru, ³zetta1975@mail.ru

ORCID: ¹0009-0002-2102-8910, ²0000-0001-7454-7226, ³0000-0003-0438-899X

Семиотика и художественное изображение судьбы человечества в спектакле «макондо»

Аннотация. В научной статье дается комплексный анализ пьесы «Макондо», поставленной по мотивам романа испанского писателя Габриэля Гарсиа Маркеса «Сто лет одиночества». Цель исследова-

ния – выявление новых аспектов современного развития национального исполнительского искусства путем анализа основных идей и художественных приемов спектакля, режиссерских интерпретаций, мастерства актеров. Проблема исследования рассматривает художественно-семиотические решения, возникающие в процессе адаптации мирового литературного наследия к национальным особенностям на сцене казахского театра. Методология исследования – сравнительный анализ, изучение текстовых и сценических интерпретаций, структурно-семиотический метод. В ходе работы поэтапно прорабатывались особенности сценографии, актерской игры, музыкального сопровождения спектакля. Спектакль «Макондо» Жезказганского казахского музыкально-драматического театра имени С. Кожамкулова Улытауской области признан уникальным культурным явлением, впервые поставленным на сцене казахского театра. Семиотические решения режиссера Даниила Филипповича углубили символическое значение города Макондо и открыли новую интерпретацию человеческой трагедии. Изучалось мастерство актеров театра в изображении чувств и психологии семьи, и было установлено, что особенно эффективно передана тема повторяющихся ошибок и грехов. Символ ребенка с поросычьим хвостиком в финале пьесы анализируется как важный элемент, олицетворяющий духовный упадок и нравственную деградацию человечества. Спектакль «Макондо» занимает особое место в казахском национальном театре благодаря смелости художественных решений и новым подходам. Для зрителей он стал значимым культурным явлением и произведением, которое расширило возможности представления человеческих проблем на сцене. Исследование дает театроведам ориентиры при анализе национальных особенностей в постановках произведений мировой литературы и способствует развитию новых форм современного театрального искусства. Результаты исследования могут быть использованы в качестве методического пособия для режиссеров и актеров.

Ключевые слова: Макондо, семиотика, символ, художественные решения, режиссерская интерпретация, национальное сценическое искусство, моральная деградация, мировое литературное наследие.

M.E. Sarybay^{1*}, A.S. Yerkebay², Z.U. Islambayeva³

^{1,2,3}Kazakh National Academy of Arts named after Temirbek Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹madiyar_sarybai@mail.ru, ²aerkebay@bk.ru, ³zetta1975@mail.ru

ORCID: ¹0009-0002-2102-8910, ²0000-0001-7454-7226, ³0000-0003-0438-899X

Semiotics and Artistic Depiction of the Fate of Mankind in the Play «Macondo»

Abstract. The article presents a comprehensive analysis of the play «Macondo» based on the novel by Gabriel Garcia Marquez «One hundred years of solitude». The aim of the research is to identify new directions of development of the national stage art through the study of ideological and artistic features of the production, director's interpretations and acting skills. The main problem is considered to be artistic and semiotic approaches that arise in the process of adapting works of world literary heritage to national cultural traditions on the stage of the kazakh theater. The research methodology includes a comparative analysis of textual and stage interpretations, as well as a structural and semiotic method. Particular attention is paid to the study of scenography, acting and musical accompaniment. The play «Makondo», staged by the Zhezkazgan kazakh music and drama theater named after S.Kozhamkulov of the Ulytau region is recognized as a unique phenomenon of national culture. The directorial semiotic decisions of Daniil Filippovich gave the symbolic image of the city of Macondo a new sound, deepening the interpretation of human tragedy. Analysis of the skill of the actors revealed a high degree of artistic embodiment of the emotional and psychological versatility of family history, especially in the context of the topic of cyclical mistakes and sins. The symbol of a child with a pig tail in the final scene of the play is interpreted as a key element reflecting the process of spiritual decay and moral degradation of mankind. The play «Makondo» occupies a special place in the kazakh national theater thanks to innovative artistic approaches and the courage of directorial decisions. For the audience, the production became a significant cultural event, expanding the boundaries of theatrical understanding of universal human problems. The results of the

study provide guidelines for theater experts in analyzing the national features of adaptation of works of world literature and contribute to the development of modern forms of stage art. The conclusions of the work can be used as a methodological guide for directors and actors.

Key words: Macondo, semiotics, symbol, artistic decisions, director's interpretation, national performing arts, moral degradation, world literary heritage.

1. Кіріспе

Қазақ жерінің барлық өңірінде шаңырағын көтерген драма театрлары қалыптасқан күнінен бастап өздерінің сахналық қабілетін түрлі жанрдағы күрделі қойылымдары арқылы байқатып келеді. Олардың барлығы дерлік спектакльдерінің көркемдік деңгейі әртүрлі болғанымен классикалық, тарихи, заманауи және аударма дүниелерді қоюда түрлі ізденістерге барып отыр. Еліміздегі сондай шығармашылық орданың бірі – Ұлытау облысына қарасты Жезқазған қаласындағы С.Қожамқұлов атындағы қазақ драма театры. Бұл ұжым мәдени ортадан шалғай жатса да репертуарлық саясатқа немқұрайды қараған емес. Тарихи даму жолында Ф.Эрвенің «Түлкі бикеш», Ү.Ғаджибековтың «Аршын – мал алан», Ж.Б.Мольердің «Әлін білмеген әлек», У.Шекспирдің «Ромео – Джульетта», Ш.Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұлты» тәрізді аударма шығармаларды сахналау арқылы мол тәжірибе жиған театрдың қазіргі уақытта «Войцек», «Макондо» («Жүз жылдық жалғыздық»), т.б. шетелдік күрделі туындыларға батыл баруын үлкен жетістік деп айта аламыз.

Жалпы аталған ұжым өздерінің көркемдік ізденісін тек дайын драмалық шығармалармен ғана емес, дәл қазіргі уақытта идеялық-мазмұндылығы жағынан сұранысқа ие романның сахналық жүйесін жасау арқылы да байқатуды мақсат етіпті. Тарихы жағынан қазақ театрында өткен ғасырда-ақ қалыптасқан мұндай шығармашылық үрдіс әрбір оқырманы мен көрерменіне прозалық туынды идеясының аса маңыздылығын айқындап береді. Киногерлер мен кескіндемешілердің, композиторлар мен мүсіншілердің шабытын арттырған «Үш ноян», «Граф Монте Кристо», «Қызыл мен қара», «Вий», «Шебер мен Маргарита», «Соғыс және бейбітшілік», «Он екі орындық», «Дон Кихот», т.б. романдар адамзаттың рухани талғамын да, рухын да арттыра алатын күдіретімен құнды болып табылады. Сол тұрғыдан алғанда Г.Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романының қазақ көрерменіне айтар ойы тереңде жатыр.

Негізінен «инсценировка» ұғымы қазақ оқырманы мен көрерменіне жат емес. Мұнда прозалық шығармадағы тұтас ойды немесе оқиғалар тізбегін бастан-аяқ сахнаға алып келу міндет саналмайды. Шығарманың құрылымы, ой-тұжырымы сахналық жүйе авторының өзіндік идеясына бағындырылады. Мұның нақты анықтамасын: «Инсценирование – это творческий процесс, который означает:

- придание литературному произведению или документальному материалу драматургической формы;
- перевод литературного произведения или документального материала в диалогическую форму, на язык действия.

Драматизация:

- перевод прозаического произведения на язык драматургии и театра;
- переделывание какого-либо повествовательного произведения, текста, исторических, документальных и других материалов в диалогическую форму – в действие через речь.

Драматизация как переделывание, «перевод» направлена на текстовую структуру: создание диалогов, драматического напряжения и конфликтов между персонажами, динамику действия, раскрытие основной мысли.

Значит, основной смысл драматизации (инсценирования) заключается в уподоблении прозаического или поэтического произведения драматическому. Это означает, что результатом «перевода» какого-либо литературного произведения должна стать другая литературная форма. И такой формой становится пьеса со всеми ее атрибутами (форма записи, архитектоника и композиционное построение), получившаяся на основе выбранного нами литературного первоисточника» (Семенов, 2014: 155) деген жолдардан біле аламыз. Яғни, бұл жерде жазушының прозалық туындысын драматургиялық қалыпқа салып, ондағы сюжеттік желіні пьесаның өзіндік құрылымына бағындыру тәсілі қолданылады.

Негізінен қазақ театр өнерінде «Прозаны пьесаға айналдырудың маңыздылығы, қажеттілігі әр кезде де байқалып отырды. Сахналық жүйе авторлары тек драматургтың жазбасымен ғана шектеліп қалмай, кең құлашты роман-повестердегі ой идея арқылы халықтың рухани эстетикалық талғамын қалыптастыруды, арттыруды көздеді. Әрине мұндай шығармашылық үрдіс нәтижесіз болған жоқ. Көркемдік тұрғыдан жасалған ізденістің нәтижесінде салмақты дүниелер сахнаға шықты» (Әкімбек, Исламбаева, Жұмаш, 2024: 294). «Макондо» да өзгеше көркемдік шешімімен, испандық шығарманың идеясы мен қазақ салтының арасындағы байланыстың айқындылығымен ұлттық сахналық өнерге жаңашыл тұжырым алып келген қойылым болды.

2. Материалдар мен әдістер

Ғылыми-зерттеу еңбекте Ұлытау облыстық С.Қожамқұлов атындағы қазақ драма театрында испан жазушысы Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романының негізінде сахналанған «Макондо» спектаклінің сахналық-көркемдік шешімдеріне баса назар аударылды. Бұл романның қазақ театрының сахнасына ең алғаш қойылуы айтарлықтай мәдени оқиға болып отыр. Режиссер Даниил Филипович пен пластика режиссері Вадим Дубовик, суретші Қуат Дүйсенбек үштігінің тандемі келісті үйлескен. Мақала авторлары: М.Е. Сарыбай, А.С. Еркебай, З.У. Исламбаева Г.Г. Маркес пен Д.Филиповичтің идеясын, ой-тұжырымын сараптап-талқылау мақсатында эмпирикалық-теориялық, индукциялық-дедукциялық талдау әдістерін қолданған. Зерттеу көзі болып табылған шығарма авторының «туысыңмен жақындаспа!» дейтін идеясының қазақ дәстүрімен сабақтастығына, философиялық мәніне назар аударған режиссердің метафоралық-символдық шешімдерінің маңыздылығы анықталған. Қойылым арқылы адамзаттық-әлеуметтік мәселелерді, батыс пен қазақ қоғамындағы ұқсастықтарды тану, сондай-ақ, қазақ

театрындағы аударма көркем шығармалардың сахналану барысын зерделеу ғылыми мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Күрделі шығарма негізінде сахналанған қойылымдағы режиссерлік әдіс-тәсілдерді, актерлік ізденістерді талқылау барысында әдебиетшілер мен философтардың, театртанушылар мен өнертанушылардың, кәсіби режиссерлердің тұжырымдары негізге алынды.

3. Талқылау

Колумбиялық жазушы Габриэль Гарсиа Маркестің әлемге әйгілі «Жүз жылдық жалғыздық» романы алғаш рет қазақ сахнасында көрермендермен қауышты. Бұл айтулы оқиға Ұлытау облыстық С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық драма театрының 53-ші маусымының шымылдығын ашып, жаңа шығармашылық ізденістің бастауына айналды. Театрдың әрқашан эксперименттер мен мәдени диалогқа ұмтылуы осы қойылымда ерекше көрініс тапқан. Белоруссиядан арнайы шақырылған режиссер Даниил Филиповичтің қатысуымен жүзеге асқан бұл спектакль ұлттық сахнаның шекарасын кеңейтіп, ғаламдық туынды арқылы қазақ халқының рухани әлемін тереңінен зерттеуге мүмкіндік берді.

Қойылымның семиотикалық шешімдері Маркестің магиялық реализмін ұлттық құндылықтармен ұштастыруынан байқалады. Спектакльде Буэндиа отбасының сан қырлы тағдыры арқылы жалпы адамзаттық моральдық мәселелер терең зерттеледі. Бұл тұжырымды ресейлік психолог Анна Пашкованың: «Содержание романа обширное, оно охватывает не просто жизнь одной семьи, а становление целого мира, в рамках одного поселения. Оно запутанно и сомнительно позволит уместить полный анализ в несколько предложений. Когда преодолевается не один горный перевал, цепочки повторяющихся имен, событий, грехов и открываются пружины действия, виднеется окончание книги, которое не только не озаряет, а скорее вконец выбивает из колеи. Маркес наполнил Макондо всевозможными одинаковыми элементами, что усложняет не общую картину, но понимание однозначно» (Пашкова, 2022) деген пікірі қуаттай түседі.

Магиялық реализмнің көркем элементтері сахналық шешімдерде маңызды роль атқарып, символикалық бейнелер арқылы адам өмірінің мәні мен шынайылығын айқындайды. Қойылымда режиссер дәстүрлі ұлттық театр мен психологиялық драманы байланыстырып, оқиға желісіндегі символдарды жаңа деңгейге көтерген. Мысалы, Буэндиа әулетінің қарғысқа ұшыраған ұрпағының тағдыры мен олардың қасіреті қан тазалығы туралы қазақы түсінікпен астасып, ұлттың этикалық кодексін бейнелейді. Бұл аспект, әсіресе, жеті атадан аспай қыз алыспау сияқты қазақ халқының дәстүрлі салттары арқылы көрсетіледі. Қойылымның негізгі идеясы – махаббат пен сатқындық, үміт пен түңілу, қарғыс пен болашақ ұрпақтың тағдыры сахналық бейнелерде нақты символдар арқылы беріледі. Қазақ көрермені үшін қан тазалығы, ұрпақтың келешегі сияқты мәселелер ұлттың мәдени жадында ерекше орын алатыны белгілі, ал Г.Г. Маркестің магиялық реализмі осы тақырыптарды жаңа қырынан ашуға мүмкіндік береді. Режиссердің семиотикалық шешімдері арқылы қазақ көрерменіне жақын әрі түсінікті мәселелер кең ауқымды философиялық және

мәдени контексте қайта интерпретацияланып, сахналық тәжірибенің тереңдігін айқындайды.

Г.Г. Маркес өзінің «Жүз жылдық жалғыздық» романында мистикалық, магиялық және мифологиялық элементтер арқылы адамзат болмысының ішкі қайшылықтары мен тағдырын тереңінен зерттеген. Романдағы Буэндиа әулетінің анасы Урсула ерекше символдық мәнге ие. Оның өмірлік басты ұстанымы – өз ұрпақтарының қан араластырып, қарғысқа ұшырауына жол бермеу. Урсуланың ең үлкен қорқынышы – торай құйымшақты баланың дүниеге келуі, яғни табиғат заңдылықтарының бұзылуы мен күнәнің салдары. Алайда, романда бұл қорқыныш шындыққа айналып, «пешенесіне жүз жылғы жалғыздық жазылған адамзат әулетіне екінші қайтара дүниеге келу жазбайды» (Маркес, 2020: 526). Бұл тек Буэндиа әулетінің емес, жалпы адамзаттың, күнәға батқан кез келген отбасы мен қоғамның қасіреті ретінде сипатталады.

Д. Филиппович осы идеяны сахнада шебер семиотикалық тәсілдермен жеткізеді. Оның басты ой-тұжырымы – адамның күнәдан құтылмауы, сол күнә жасау арқылы жалғыздыққа қол жеткізуі. Бұл жердегі «семиотика» ұғымын: «Своеобразие театральных знаков состоит в том, что они функционируют как знаки знаков, и это своеобразие они разделяют с другими эстетическими знаками, – такими, как поэтические знаки или знаки, использующиеся в живописи. Они понимаются не исключительно как знаки объектов, но одновременно и как знаки для обозначения этих объектов. Это своеобразие реализуется особым способом, который и отличает театральный знак от других знаков. Театральные знаки с точки зрения их материальности могут быть такими же знаками, как те, которые они обозначают: слово может означать слово, жест – жест, шляпа – шляпу, стул – стул и т. д. Каждый объект, функционирующий в культуре как знак, может функционировать без материальных изменений и как театральный знак для того знака, который он сам представляет. Наоборот, каждый знак культурной системы в театре может быть заменен знаком другой культурной системы: декорация — словами, реквизиты – жестами, жесты – шумами, освещение» (Э. Фишер-Лихте, А.А. Чепуров, 2004: 69) деген жолдармен түсіндіре аламыз. Яғни, бұл қарапайым тілмен айтқанда, сахна кеңістігін құрайтын астарлы белгілер болып табылады. Режиссер театрдың осындай семиотикалық тілін, символдық бейнелер мен метафоралық элементтерді ұтымды қолданып, күрделі әрі көп қабатты сахналық кеңістік құрайды. Бұған романдағы жалғыздық тақырыбының режиссердің шешімінде кеңейіп, метафоралық деңгейде көрсетілуі дәлел. Яғни, Буэндиа әулетінің әрбір мүшесі рухани жалғыздықта өмір сүреді, олар сезім мен махаббатты таба алғанымен, шынайы жақындыққа жете алмайды. Бұл туралы баспасөз бетінде: «...бір кездегі мал баққан қазақтың, талай білімділерінен айырылған қазақтың, аштықтан қырылған қазақтың, қазақты қазаққа айдап қойып сыртынан мәз болып отырғандардың, осы күнге дейін сақтап келген дәйім сақтала бермек жеті атадан қыз алмау дәстүрін бәрін бәрін осы роман арқылы сипаттап тұрғандай. ...Бірақ жазушы Гарсиа Маркес өзінің осы романы

арқылы кішкентай Макондоның оқиғасын ғана емес қай-қай адамның жалғыздығы туралы, ондағы қоғамның өзгелерден тысқары жалғыз қалып қойса не болатыны туралы сипаттап жеткізген» (Жақсылық, 2022) деп жазады. Бұл пікір режиссердің тұжырымында адамзаттың жалпы күйі ретінде интерпретацияланған.

Д.Филипповичтің сахналық шешімдері режиссерлік символизмнің жоғары деңгейіне жеткен. Ол кейіпкерлердің әрекеттері мен сахнадағы оқиғаларды семиотикалық белгілер арқылы күрделі бейнелік жүйеге айналдырады. Мысалы, торай құйымшақты баланың тууы көрерменге бір ғана әулеттің емес, адамзаттың табиғи заңдылықтардан ауытқуының нәтижесі ретінде ұсынылады. Бұл символ адамзаттың кінә мен күнә арқалап, жаратылыстың негізгі заңдарын бұзғаны үшін жазаланатынын көрсетеді. Осылайша, Г.Г.Маркестің магиялық реализмін сахнада жаңғырту арқылы режиссер шынайы өмірдің күрделі қабаттарын зерттеп, көрерменді терең философиялық және экзистенциалды ойларға жетелейді.

Қойылымдағы тағы бір маңызды элемент – уақыт пен кеңістік ұғымдарының өзара байланысы. Көшпелі тұрмыстың қыры мен сырына қанық қазақ халқы үшін осы уақыт пен кеңістіктің маңызы зор, мәні терең. Мұны ғылыми зерттеулерде: «Көшпелі дәстүрді ұстанған қазақ халқы ең алдымен уақыт пен кеңістікке қатысты таным түсініктерін қалыптастырып, өздерінің тіршілік болмысына арқау етіп, байланысын тапты. Көшпенді халықтың қозғалысы уақытпен үндес. Философияда уақыт дегеніміз – қозғалыс. Бұл қозғалыс – кеңістік ішінде жүйелі қайталанып отыратын қозғалыс... Уақыт дегеніміз заттар мен құбылыстардың өмір сүруінің ұзақтығын, олардың әртүрлі жағдайының ауысуын білдіреді. Бұл – оқиғалар ағымы. Платонның сөзімен айтсақ «мәңгіліктің қозғалу бейнесі». Әр түрлі материалдық объектінің өз уақыты бар, сондықтан физикалық, әлеуметтік уақыт болады. Философиялық талдауда уақыттың үш өлшемі бар: қазіргі, кешегі және болашақ. Уақыт ұдайы алға ұмтылады, ешнәрсе, ешкім оның объективті бағытын өзгерте алмайды. Оны тоқтатуға болмайды, тоқтату мүмкін емес.

Уақыт пен кеңістік мәселелері адамдарды тек рационалистік тұрғыда ғана емес, эмоционалдық деңгейде де үнемі қызықтырып отырады. Адамдар өздерінің өткеніне өкініп қана қоймайды, болашаққа күдікпен қарайды, өмір бар жерде өлімнің бар екенін біледі» (Жангалиева, Жаңабаев, 2023: 153-154) деп түсіндіреді. Ал, Г.Г.Маркестің шығармасы бойынша айтатын болсақ: «Magical realism in «One hundred years of solitude» serves as a bridge between the fantastical and the real, challenging reader's perceptions of time, space, and history through a uniquely Latin American lens» (Singh, 2022). Мамандар айтқан осы тұжырымдарға сәйкес режиссер де уақыттың циклдік табиғатын ерекше семиотикалық жүйеде көрсетіп, Буэндиа әулеті тағдырының қайталануы арқылы адамзаттың шексіз жалғыздығын бейнелейді. Оның шешімдері мен семиотикалық интерпретациялары спектакльдің көркемдік деңгейін айқындап, метафоралық бейнелері мен символдық кеңістігі көрерменді бір ғана оқиғаға емес, тұтас адамзаттық философияға жетелейді, терең эмоционалдық әсер мен эстетикалық тәжірибе сыйлайды. Д.Филипповичтің жұмысы арқылы романдағы магиялық

реализм тек сахналық бейнелер мен актерлік ойындарға ғана емес, символдық және метафоралық деңгейде жаңғырып, терең философиялық мағынаға ие болады.

Мысалы, Маркестің романында Макондо қаласына сығандар әкелген техникалық жаңалықтар жергілікті халық үшін керемет құбылыс ретінде көрініс табады. Ал, қазіргі заман көрерменінің мұндай жаңалықтарға таңдануы қиын болғандықтан, режиссер жаңашыл әрі символдық шешімдерді қолданған. Магнит, дүрбі, фотоаппарат секілді заттардың сахнада физикалық тұрғыда көрініс табуының орнына, олардың тақта бетіне салынған суреттері арқылы бейнеленуі ерекше тәсіл болды. Бұл қарапайым реквизиттерді қолданбай-ақ, көрерменнің қиялы мен актерлердің ойын шеберлігін айқындап, сахнадағы кейіпкерлердің таңданысын шынайы жеткізді. Магнит пен шегелердің суретін бір-біріне жақындату арқылы кейіпкерлердің таңқалуын көрсету сахналық семиотиканың тамаша үлгісі болған. Дүрбі мен айнаның тірілуі де терең семиотикалық шешімдердің бірі ретінде қабылданады. Бұл заттар алысты жақыннан көрсетіп қана қоймай, жалғыздықтың символын байқатады. Дәл солай, ағасының інісімен жастық арқылы сырласуы сияқты көріністер метафоралық сипат алып, жақындық пен алыстықтың арақатынасын көрсететін бейнелік жүйеге айналған. Жастықтың да жалғыздықтың символына айналуы режиссерлік шешімдердің көркемдік тереңдігін дәлелдейді. Бұл элементтер тек физикалық қатынас деңгейін емес, кейіпкерлердің эмоционалдық жақындығы мен рухани оқшаулануын көрсетеді.

Махаббат көріністері де ерекше режиссерлік тәсілдермен шешілген. Эмоцияның физикалық көрсетілімі символдық шарттылықпен беріліп, сахналық мәдениеттің биік деңгейіне жеткен. Әдетте анайы көрінетін көріністер символдық шешімдер арқылы эстетикалық тұрғыда өңделіп, сахна тіліне үйлесімді енгізілген. Сол сияқты махаббаттың рухани жағының тереңірек ашылуы қойылымның көркемдік деңгейін арттыра түседі.

Д. Филипповичтің заманауи бағытта жасаған сахналық жүйесі белгілі бір қалыпқа негізделмеген. Керісінше, ол шығарманың сахналық құрылымын роль орындаушылардың қарымына қарай бағыттапты. Өзінің айтар ойы да соған сыйғызылған. Оның прозалық шығарманы пьесаға айналдару үрдісі: «Современное инсценирование может и должно быть творческим процессом; для продуктивного художественного события инсценирования читателю необходимо продуктивно использовать тот или иной механизм интерпретирования, а также направить творческую энергию на процесс драматизации события изображения, иными словами, нарративного дискурса прозаического текста, поскольку сценический перевод фабулы или события изображенного требует, как правило, лишь технических, ремесленных навыков. Сама потребность театра инсценировать повествовательный текст обоснована в книге интересом режиссера именно к эстетическому событию, которое, в отличие от этического поступка, можно обнаружить лишь в недраматическом произведении. Таким образом, внимание инсценировщика к событию изображения является на сегодняшний день приоритетным. Эту задачу можно осуществить разными способами» (Скороход, 2010: 169) деп жазған ресейлік

театртанушы, драматург Наталья Скородохтың пікіріне сәйкес келген. Негізінен Г.Г. Маркес романының құрылымдық және баяндау тәсілі күрделі болғандықтан, оның сахнада бейнеленуі де қиындықтар туғызады. Әсіресе, кейіпкерлердің қайталанатын есімдері мен бір-бірімен тығыз байланысқан тағдырлары көркем интерпретация үшін сындарлы міндеттер қояды. Алайда режиссерлік шешімдер мен актерлік шеберлік осы қиындықтарды маңызды шығармашылық негізге айналдырып, көрерменге терең мағыналы сахналық бейнелерді ұсынды. Жезқазған театрының актерлері бірнеше рольді қатар орындауы арқылы Г.Г. Маркестің кейіпкерлерін тереңінен түсініп, әр рольге жеке мән-мағына беруге тырысқан. Бұл әдіс олардың сахналық жауапкершілігін арттырып, шығарманың идеялық құрылымын айқындауға мүмкіндік берді.

Нұржан Бейісбеков, Қанағат Бейсенбай, Нұрлыхан Файзиев, Айнұр Қабдырашева, Еркебұлан Жанатов, Мади Саденов, Гүлдер Алиева, Медет Сламғазы, Рауана Окшиева, Кенжетай Әбілдин және Е.Байдешев сияқты талантты актерлер роман кейіпкерлеріне жан бітіруге бар күш-жігерін жұмсап, оларды нақты әрі шынайы бейнелерге айналдырды. Олардың әрбір қимылы метафоралық сипат алып, романдағы кейіпкерлердің психологиялық күйін тереңінен ашып көрсетті. Бұл әсіресе, Г.Г. Маркес шығармасының көркемдік детальдары мен магиялық реализмнің символизмін сахнада жеткізуде үлкен роль атқарды. Д.Филипповичтің қойылымда қолданған семиотикалық шешімдері сахналық кеңістіктің тереңдігін арттырып, көркемдік шешімдер арқылы кейіпкерлердің ішкі дүниесін ерекше айқындады. Мәселен, Ребека мен Амаранта арасындағы бір жігітке ғашық болу сынды романтикалық тартыс Айнұр Қабдырашева мен Гүлдер Алиеваның бір дана бәтеңкеге таласуымен беріледі. Бұл символикалық метафора арқылы көрермен екі кейіпкердің ішкі конфликтісі мен эмоционалдық шиеленісін сезіп, араларындағы тартыстың табиғатын терең түсінуге мүмкіндік алады.

Сол сияқты, Аурелианоның (Мади Саденов) әпкесі Амаранта-Урсулаға (Гүлдер Алиева) деген сүйіспеншілігінің қайғылы көрінісі су шашу ойынымен бейнеленген. Сахнадағы хауыз (бассейн) бұл сәтте кейіпкерлердің ішкі күйзелісін ашуға мүмкіндік береді, ал су – сезімдердің күрделі қабаттарының символын көрсетеді. Бұл режиссерлік шешім арқылы романның оқиғалары тек вербальды ғана емес, визуалды-символикалық деңгейде де ашылады.

Ал, Пьетроға (Е. Жанатов) ғашық болған Ребека (А. Қабдырашова) мен Амаранта (Г. Алиева) арасындағы күрделі қарым-қатынас сахналық шешіммен нәзік әрі әсерлі бейнеленген. Беларусь елінен шақырылған пластикалық режиссер Вадим Дубовиктің шеберлігі осы үшеуінің ішкі сезімдерін пластикалық қозғалыстармен жеткізу арқылы ерекше көрініс тапты. Олардың қолдарына балериналардың пуанталарын кигізіп, махаббат пен қызғаныш арасындағы нәзік қақтығысты бейнелеген шешім көрерменге кейіпкерлердің сезімдік динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Сахналық қимыл мен би арқылы кейіпкерлер арасындағы сезімдердің күресі эстетикалық деңгейде бейнеленіп, Г.Г. Маркес романының көпқабатты символдық жүйесі терең философиялық әрі эмоционалдық мазмұнға ие болды.

Қойылымның алғашқы бөлімінде барлық кейіпкерлер автордың атынан сөйлеу арқылы ұжымдық баяндаудың ерекше тәсіліне жүгінеді. Әрбір дауыс біртұтас симфония секілді әсер беріп, сахналық мәтіннің құрылымын тек оқиғаны баяндауға емес, оның эмоционалдық толқынын дәл жеткізуге бағыттайды. Бұл оқиғаның біртұтас және үздіксіз ағымын қамтамасыз етіп, көрермендерді терең психологиялық күйге енгізеді. Дауыс пен қимылдың бірлігінде көрініс тапқан ұжымдық баяндау драмалық кернеуді күшейтеді. Алайда, екінші бөлімнен бастап, сахналық динамикаға елеулі өзгерістер енеді: автордың ролі авансценада сахнаның екі шетінде отырған Мелькиадес (Кенжетай Әбілдин) пен Урсулаға (Қанағат Бейсенбай) ауысады. Бұл режиссерлік шешім баяндаудың сипатын ұжымдықтан жеке дараға өзгертіп, оқиғаның құрылымына жаңа деңгейде жеке көзқарас енгізеді. Екі кейіпкердің бейнелі түрде сахнаның қарама-қарсы жақтарында орналасуы оқиғадағы күрделі қарым-қатынастар мен қарама-қайшылықтарды бейнелеу үшін қызмет етеді. Мұндай өзгеріс көрермендер үшін оқиғаның бөлшектенуін күшейтіп, динамикадағы ауытқуларды әр түрлі қабылдауға алып келеді, бұл сахналық эксперименттің көркемдік ықпалын айқын көрсетеді.

«Макондо» қойылымындағы қаланың атмосферасы мен мәнін ашып көрсетуге арналған сценография режиссерлік және суретшілік концепцияның үйлесімді туындысы болып саналады. Суретші Қ. Дүйсенбектің қолынан шыққан сахналық кеңістіктің шешімі ерекше семиотикалық деңгейге көтерілген. Спектакльде төрт-бұрышты мөлдір бөлме қабырғаларының қолданысы өте маңызды. Қабырғалар сахналық кеңістікті, оқиғалардың өтетін орнына сәйкес үнемі өзгертіп, кейіпкерлердің ішкі дүниесі мен психологиялық күйін ашып көрсетуге жағдай жасайды. Көрермендер кейіпкерлердің эмоцияларын, сезімдерін сырттай бақылап қана қоймай, оларды оқшауланған кеңістіктерде бейнелеу арқылы әрбірінің жеке әлеміне үңіле алады. Бұл махаббат пен жалғыздық, жақын бола тұра алыстап бара жатқан адамдар арасындағы күрделі қатынастарды жеткізуге бағытталған. Бір-бірінің жанынан табылатын кейіпкерлер бірін-бірі көре тұрып, бірақ сезімдерін толық түсінбеуі, бір-біріне жете алмауы семиотикалық элементтің терең мағынасын ашады. Мөлдір қабырғалардың қолданылуы олардың арасындағы шынайы қарым-қатынастың көрінбей қалған тұстарын да символдық тұрғыдан жеткізеді.

Спектакльдің екінші бөлімінде қабырғалар кеңістіктің метафоралық конфигурациясын өзгертіп, біртіндеп бір-бірінен алшақтайды. Бұл визуалды метафора қаладағы өзгерістерді көрсетіп, Макондоның эволюциясы мен трансформациясын білдіреді. Қабырғалардың сырғымалы қозғалысы тек кеңістіктерді ғана емес, кейіпкерлердің өміріндегі өзгерістер мен оқиғаның философиялық мағынасын да ашады. Осындай динамикалық сценография қаланың шежіресі мен кейіпкерлердің тағдырындағы күрделі трансформацияларды айқын көрсететін көркемдік элементке айналған.

Қара көлеңке сахнада Хосе Аркадио Буэндиа балаларының басы жоқ балықты сахна бойымен айналдыра алып жүруі – бірден көзге түсетін терең метафоралық шешім. Бұл бейне отбасындағы жетекшінің, қоғамды алға жетелейтін басшының

жоқтығын білдіреді, ал басы жоқ балық бүтін бір қоғамның рухани күйреуін айқындайтын символға айналады. Осы мизансцена арқылы тек бір ғана отбасының драмалық күйі емес, тұтас бір қоғамның құлдырауы бейнеленіп, өмір мен өлім, бар мен жоқ арасындағы трагедиялық шындық ашыла түседі.

«Макондо» қойылымында режиссер мен суретші сахналық кеңістікті эко-дизайн элементтерімен байыта отырып, табиғат пен қоғамның байланысын тереңнен көрсеткен. Себеттерге отырғызылған өсімдіктер Макондоның тығыз джунгли ішінде адасқан қала ретіндегі бейнесін күшейтіп, қаланың табиғатқа тәуелді екенін метафоралық тұрғыда білдіреді. Өсімдіктер сахналық кеңістікте табиғаттың тұрақты қатысуын сездіріп қана қоймай, кейіпкерлердің әлемі мен олардың айналасындағы шындықтың жойылып бара жатқанын бейнелейді. Осындай семиотикалық элементтер арқылы спектакльдегі кеңістік пен уақыттың үйлесімі күшейіп, көрермендерге табиғат пен адам арасындағы шексіз байланысты қайта сезінуге мүмкіндік береді.

Сол сияқты сахнаны біртіндеп қаптай түскен қалың түтін табиғаттың қаһарын еселей түскен және бұл визуалды 3D әсерін туындатады. Жарық пен түтіннің үйлесімі (жарық суретшісі Еламан Ахметов) көрермендерді Г.Г. Маркес шығармашылығына тән магиялық реализм әлеміне бойлатты. Бұл магиялық реализмнің визуалды шешімдері табиғаттың күш-қуатын, оның адамдарға тигізетін әсерін көрсетіп қана қоймай, уақыт пен кеңістіктің арасындағы шекараларды өшіріп, оқиғалардың үнемі шындық пен қиял, өмір мен өлім арасындағы күйде өрбитінін жеткізеді. Өсімдіктер мен түтіннің синтезі қала мен табиғаттың ажырамас байланысын көрнекі түрде көрсетіп, спектакльдің эстетикалық және семиотикалық шешімдерінің негізгі өзегіне айналған.

Қойылымның тағы бір көркемдік ерекшелігі – кейіпкерлердің сырт киімдері арқылы олардың ішкі өзгерістері мен эмоцияларының ашылуы. Барлық қыздардың ақ көйлектерінің үстінен киетін қызыл, көк, жасыл, күлгін және басқа да түрлі түсті шапандары олардың мінез-құлқы мен сезімдерін тереңірек ашады. Режиссер бұл костюмдер арқылы кейіпкерлердің ішкі трансформациясын, олардың сюжеттік және эмоционалдық эволюциясын көркемдікпен жеткізген. Киімнің түсі мен формасы арқылы әрбір қаһарманның драмалық тағдыры, ішкі дүниесіндегі арпалыс көрерменге айқын көрініп, олардың барлығы да жаңа мағыналық реңкке ие болады.

Дегенмен романдағы оқиғалардың нарративтік құрылымы сахнада екі-үш актердің кезек баяндауымен беріліп, олардың сөздерін әріптестерінің сахналық әрекетпен толықтыруы белгілі бір дәрежеде тиімділікке жете алмаған. Әрбір сөз бен сөйлемнің астарына терең үңілмей, паузаларсыз және интонациялық екпіндерсіз орындалған бұл тәсіл қойылымның эмоционалдық әсерін әлсіретіп, көрермендерге Г.Г. Маркес әлемінің мәнін жеткізуге кедергі жасады. Нарративтік әдіс қолданылғанымен оның семантикалық және философиялық тереңдігі актерлер тарапынан толық ашылмады, бұл көркемдік құрылымның маңызды қырларын көлегейлеп, оқиғаның ішкі мағынасына назар аударуға мүмкіндік бермеді.

Актерлердің бір уақытта бірнеше рольді сомдауы оларға бір образдан екіншісіне шеберлікпен ауысу міндетін қойды. Бұл әдіс бір жағынан спектакльге қарқынды

динамика енгізіп, Г.Г. Маркес әлемінің күрделі әрі көпқабатты құрылымын тереңдетуге тырысса, екінші жағынан актерлердің кәсіби ізденісін арттырмақ. Роль орындаушылар тек кейіпкерлердің сыртқы бейнесін ғана емес, сонымен қатар олардың ішкі әлеміндегі өзгерістерді, өзара қарым-қатынасын, сол қарым-қатынастың философиялық-психологиялық астарын дәл жеткізуі тиіс болды. Семиотикалық тұрғыдан алғанда бұл көрерменге кейіпкерлердің әртүрлі қырын біртұтас бейне ретінде көрсетуге мүмкіндік бергенімен кейбір тұстарда аталмыш идея толық жүзеге аспай қалды. Өкінішке орай, кейбір актерлерге осындай көпқырлы тапсырманы орындау қиындық тудырғаны анық сезілді. Олардың кейбірінің өз рольдеріне толық ене алмауы сахналық әрекеттерде шынайылықтың байқалмауынан және кейіпкерлер мотивацияларының анық болмауынан аңғарылды. Бұл актерлік ойынның ішкі мағыналық деңгейін ашып көрсетпеуге алып келді, сол себепті Г.Г. Маркестің шығармашылығына тән күрделі символика мен магиялық реализмнің терең философиялық астары көрерменге түсініксіз болып қалды.

Сондай-ақ, сахналық тілде тазалықтың болмауы актерлік құрамның басты әлсіз тұстарының бірі ретінде көрінді. Артистердің сөздері анық естілмей, интонациялық екпіндердің дұрыс қойылмауы оқиға барысындағы мағыналарды жоғалтып алуына алып келді. Бұл көрермен мен сахналық оқиға арасындағы эмоционалдық байланысты әлсіретіп, спектакльдің жалпы әсерін төмендетті. Ал, тілдік шеберліктің жетіспеуі кейіпкерлерінің толық мағынасын жеткізуде маңызды роль атқаратынан актерлер естен шығармауы керек. Қойылымның режиссерлік концепциясы мен оның семиотикалық шешімдерінің өршілдігіне карамастан, спектакльдің біртұтас әсерлілігін күшейту үшін актерлердің сөйлеу техникасы мен кейіпкерлердің ішкі болмысын тереңірек зерттеуге бағытталған қосымша жұмыстар қажет-ақ.

4. Нәтижелер

«Жүз жылдық жалғыздық» сынды әлемдік деңгейдегі күрделі әрі көлемді романды сахнаға шығару театр артистері үшін шығармашылық сынақ болды. Бұл қойылымда бір орындаушының бірнеше рольді сомдауы актерлік өнердің шеберлігін, терең психологиялық қабілетін және әрбір кейіпкердің көпқырлы болмысын дәл жеткізуді талап етеді. Бұл режиссерлік тәсіл тек актердің физикалық әрекетімен ғана шектелмей, әрбір рольдің ішкі мағыналық құрылымын зерттеуге негізделген. Ал, жалпы алғанда актерлік ансамбль бейнелердің сан алуандығын шеберлікпен аша отырып, өздерінің көпқырлы ізденістерін көрсетті. Орындаушылардың ішкі дүниетанымы мен сахналық динамикасы арқылы Г.Г. Маркес әлемінің магиялық реализмін визуалды және символикалық тұрғыда жеткізе білуі ерекше маңызға ие болды деп айта аламыз.

Қойылымның семиотикалық құрылымы мен символдар жүйесі сахнадағы әрекеттің үзіліссіз дамуын айқын көрсетті. Сол символдар мен әрекеттердің тығыз байланысы шығарманың терең философиялық мәнін сахналық тіл арқылы көрерменге жеткізуге септігін тигізді. Режиссердің бұл шешімі спектакльдің көркемдік мәнерін күшейтіп, оның мазмұндық құрылымына ерекше тереңдік қосқан. Және сахналық кеңістіктегі символдардың (өсімдіктер, жарық, түтін) өзара үйлесімі

қойылымның магиялық реализмінің өзіндік әлемін жасап, Г.Г. Маркес прозасының ішкі мағыналарын айқындай түскен. Шығармашылық топтың үзіліссіз ізденісі, әсіресе, семиотикалық шешімдерді табудағы батыл қадамдары спектакльдің өнер туындысы ретінде көтерілуіне ықпал етті.

Прозалық түпнұсқада Аурелиано мен Аркадио есімдеріне ие кейіпкерлердің ішкі мінездері мен жеке ерекшеліктері бар: біріншілері – батыл, қызуқанды, ерлікке толы болса, екіншілері – білімге құштар, жаңалық ашуға ұмтылады. Алайда сахналық интерпретацияда кейіпкерлердің сол мінездік ерекшеліктері толық ашылмай, бірсарынды ойындар арқылы берілгені байқалды. Режиссердің семиотикалық тұрғыдан шешім қабылдаудағы олқылығы кейіпкерлердің ішкі дүниесін жеткізуге қажетті символдық элементтер мен метафоралардың жеткіліксіз пайдаланылуында болды. Бұл тұрғыда жас актерлердің әлеуеті жоғары болғанымен, олардың кейіпкерлердің психологиялық табиғатын ашуында ізденіс қажеттігі айқын көрінеді.

Жезқазған театрының болашағынан мол үміт күттіретін жас ұжымы осы қойылым барысында актерлік шеберліктерін шындап, әрбір кейіпкердің шығармашылық табиғатына терең бойлау арқылы өздерін кәсіби тұрғыда жетілдіруі қажет. Сонымен қатар «Макондо» деп аталған қойылым атауы көрерменге бірден Габриэль Гарсиа Маркестің қиялындағы әйгілі Макондо қаласының тағдыры сахналық түрде ашылады деген үміт береді. Алайда спектакль негізінен Буэндия әулетінің мүшелерінің тағдырларын ашуға бағытталып, аталған романдағы негізгі тақырып – шексіз жалғыздық пен адам тағдырларының қайталанбалы цикліне басымдық береді. Әулет мүшелері арасындағы күрделі қарым-қатынастар мен трагедиялық оқиғалар арқылы бұл тақырып тереңдетіліп, адамзаттың рухани құлдырауы мен оқшаулануының ащы шындығы сахнада көрініс табады.

Шығармадағы Макондо қаласына ғалымдар: «The fictional town of Macondo represents a microcosm of Latin America's colonial past. Through cyclical narratives, Garcia Marquez critiques the exploitation and dependency perpetuated by both foreign and domestic powers» (Ahmad, 2021) деген анықтама береді. Мұны рухани тұрғыдан жалғыз қалған тіршілік иесінің тағдырдың тәлкегіне немесе қоғамның жат дағдыларына ішкі қарсылығын байқатуы, бодандық пен тәуелділіктен тыс өмірге ұмтылысы десек қателеспейміз. Осы Макондо қаласы, оның тарихы мен сол жерде орын алған көтерілістер, өндірістің дамуы мен құлдырауы сияқты әлеуметтік-саяси аспектілер сахналық интерпретацияда екінші планға ығысып, көлеңкеде қалған. Режиссердің шешімі Г.Г. Маркестің Макондо қаласының символдық мәнін негізгі оқиғалардан алшақтатып, назарды Буэндия әулетінің жалғыздыққа ұшырауымен шектегенін көрсетеді. Мұнда қаланың әлеуметтік тарихынан гөрі адам тағдырының символдық мәні алдыңғы қатарға шығып, жеке тұлғалардың ішкі драмалары басымдыққа ие болады.

Адамның рухани құлдырауын ашып көрсетуге бағытталған режиссердің семиотикалық шешімдері арқылы Д. Филиппович қоғамдағы моральдық азғындауын, құндылықтардың шайқалуын бейнелейді. Мәселен, Хосе Аркадио Буэндия (Н. Бейісбеков) мен Урсула (Қ. Бейсенбай) арасындағы қарапайым тұрмыстық әңгіме

сахнасындағы олардың балаларының үстел астында тығылып, темекі шегіп отырған көрінісін айтуға болады. Бұл эпизод тек бір отбасының емес, жалпы қоғамның рухани азғындауының, тәртіп пен құндылықтардың бұзылуының алғашқы нышандарын көрсетеді. Балалардың жасырын әрекеттері – символдық тұрғыдан буындар арасындағы құндылықтар алшақтығын және болашақтағы трагедиялық оқиғалардың бастауын айқындайды. Осы жерде режиссер адамзаттың рухани күйреуінің алғашқы белгілерін кішігірім сахналық шешімдер арқылы жеткізіп, көрерменді терең ойға жетелейді. Қойылымдағы бұл детальдар әрбір сахналық көріністі символдық қабаттармен байытып, трагедияның элеуметтік және философиялық астарын тереңдете түскен.

Спектакль «Макондо» деп аталғанымен, оның өзегінде бір әулеттің тағдыры мен олардың шексіз сезімдері, адамды құбыжыққа айналдыратын көзсіз құштарлық күші, нәтижесінде сол әулеттің құлдырауы жатыр. Қойылымның финалында айтылатын «Құдайға жақындап келемін деп ойлап едім, сөйтсем одан алыстай беріппін» деген сөздер арқылы қазіргі заманның рухани күйреуі айқын көрініс табады. Бұл сөздер көрерменге адамзаттың психологиялық күйзелісі мен рухани тоқырауын жеткізеді, ал оның негізгі түйіні Урсуланың «Жеті дүниеде жақын-жұрағатпен қан араластырмандар» деген ескертуіне келіп тіреледі.

Д. Филиппович қойылым финалында адамзаттың толық моральдық құлдырауының үрейлі символын шебер жеткізеді. Бұл сәтте сахнада «Құбыжық» деп жазылған тақтайша пайда болып, торай құйымшақты баланың дүниеге келгені туралы хабар беріледі. Осы көрініс романдағы ең күшті әрі қуатты метафоралардың бірі – адамзаттың рухани құлдырауы мен моральдық деградациясының ең жоғарғы нүктесін бейнелейді. Буэндиа әулетіндегі үнемі қайталанып отыратын қателіктер, кешірілмейтін күнелар мен рухани азғындау ақыры осындай қорқынышты көрініске алып келеді. Яғни, торай құйымшақты баланың дүниеге келуі – қоғамның адамдық қасиеттерінен ажырап, табиғатына жат әрекеттерге ұрынғанын айқын көрсететін метафора.

Қойылым бойында көрініс тапқан азғындық пен құлдыраудың элементтері финалдық сахнада шарықтау шегіне жетеді. Бұл сәт адамзат болашағының тұманға оранып, үмітсіздік пен мәнсіздікке батқанын көркемдік тілмен бейнелеп, көрерменді терең философиялық ойларға жетелейді. Режиссердің семиотикалық шешімдері арқылы қоғамның рухани деградациясы мен санасыздыққа батуы, қайталанып отыратын трагедияның мәңгілігі символдық түрде ашылады. Осы тұста режиссердің Г.Г. Маркес қаласының атауы берілген спектакльдің тақырыбын шығарманың түпнұсқа атауынан алшақтатып, оқиғаны тек бір әулеттің күйреуімен шектегенін айтқан абзал. «Макондо» аталған спектакльде сол қаланың тағдыры, оның құлдырауы берілуі керек еді, себебі торай құйымшақты баланың туылуы – тек бір отбасының емес, бүкіл Макондоның құлдырауын айқындайтын символдық элемент. Дегенмен театр ұжымы осындай батыл эксперименттер мен жаңа көркемдік шешімдер арқылы ұлттық сахна өнерін байытып, көрерменнің жоғары бағасын алды. Жезқазған театрының осындай күрделі шығарманы сахналаудағы батыл қадамы шығармашылық

еркіндік пен өнерге деген адалдықтың айқын көрінісіне айналды, ал қойылым нағыз мәдени құбылыс ретінде есте қалды.

5. Қорытынды

Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романын сахнаға бейімдеудің аса күрделі шығармашылық үдеріс ретінде режиссерлік және актерлік шеберлікті талап ететіні рас. Жезқазғандық өнер ұжымы сахналық интерпретацияда романның орталық тақырыптарын, әсіресе адамзаттың рухани деградациясы мен жалғыздық проблемасын алдыңғы орынға шығарғанымен, Макондо қаласының әлеуметтік және саяси тарихы екінші планға ығысып, негізгі екпін әулет тағдырына бағытталды. Қойылымда испан жазушысы романының философиялық және семиотикалық мазмұны сәтті интерпретацияланған. Д.Филипповичтің адамзаттың рухани құлдырауын бейнелеген сахналық шешімдері қазіргі қоғамдағы моральдық дағдарыстың көрінісіне айналған. Отбасы трагедиясы, шексіз қайталанатын қателіктер мен күнәлар, торай құйымшақты сәбидің дүниеге келуі арқылы адамзаттың рухани құндылықтардан ажырауы көркем түрде жеткізілген. Торай құйымшақты баланың образын қолдану адамның шектен тыс құмарлықтары мен бұрмаланған моральдық қағидаларының шарықтау шегіне жеткендігін метафоралық тұрғыда бейнелейді. Бұл метафоралар арқылы режиссер адамзаттың болашағына алаңдаушылық білдіріп, қазіргі заманның психологиялық күйзелістерін ашып көрсетеді.

3. B.Nurpeis, M.Dungeshov, Zh.Boldykov, Z.Islamnayeva and B.Nogerbek. (2018) «New Tendencies of Staging William Shakespeare's Tragedies». Anaisda Academia Brasileirade Ciencias 90 (3): 3245-3254 (Annalsof the Brazilian Academy of Sciences) Printed version ISSN 0001-3765 / Online version ISSN 1678-2690 http://scielo.br.com/en/scielo.php?script=sci_serial&pid=0001-765&nrm=iso www.scielo.br/aabc
4. Бартошевич А.В. «Мирозданию современный» Шекспир в театре XX века. – Мәскеу: ГИТИС, 2002. – 360 б.

5. Горький М. О пьесах: (Отрывок) // А. С. Грибоедов в русской критике: Сборник ст. / Сост., вступ. ст. и примеч. А.М. Гордина. – Мәскеу: Гослитиздат, 1958. – 322 с.
6. Дарханбаева М. Қазақ мюзиклінің серісі. URL: https://el.kz/kazak_romeosi_kim_26638/
7. Мұқышева А.: Махаббат мюзиклі. URL: <https://egemen.kz/article/154276-makhabbat-myuzikli>. // Егемен Қазақстан.
8. Нұрпейіс Б.К., Исламбаева З.У. (2018) «Шекспир трагедияларын сахналаудағы режиссерлік шешімдер». // Қазақстанның ғылымы мен өмірі», №2 (57).
9. Нұрпейіс Б. Қазақтың жастар мен балалар театры. – Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2006 – 190 б.
10. Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005): Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.
11. Пыжова О. Фрагменты театральной судьбы. – Мәскеу: Советская Россия, 1986. – 272 б.
12. Сығай Ә. «Қаллеки театры», М. Әбіл: «Нұркен - Гамлет», 2014 – 196 бет.
13. Тоқпанов А. Құраст.: К.Уәли, Е.Ералы, А.Құлбаев, Г.Ауғанбаева. – Алматы: Өнер, 2005 – 240 б.
14. Чущкин Н.Н. «Гамлет - Качалов». – Мәскеу: «Искусство», 1966.
15. Шапийан М. «Нұркен Өтеуілов: Өмірімдегі ең қуанған кезім - алғаш намазға тұрған сәтім шығар», URL: <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-qogam/nurken-oteuilov-omirimdegi-en-quangan-kezim-algash-namazga-turgan-satim-shygar-1451/#gsc.tab=0>

References:

1. Abulda Sh. «Hamlet is a special character that excites me». «Astana Akshamy» newspaper, No. 67 (2828). June 19, page 6. (in Kaz)
2. Aubakirova N. «Romeo and Juliet» spoke in Kazakh. URL: «Ромео мен Джульетта» қазақша сөйледі - Өнер|17 Маусым 2017, 20:32 (baq.kz) (in Kaz)
3. B.Nurpeis, M.Dungeshov, Zh.Boldykov, Z.Islamnayeveva and B.Nogerbek. (2018) «New Tendencies of Staging William Shakespeare's Tragedies». Anaisda Academia Brasileirade Ciencias 90 (3): 3245-3254 (Annalsof the Brazilian Academy of Sciences) Printed version ISSN 0001-3765 / Online version ISSN 1678-2690 http://scielo.br.com/en/scielo.php/script=sci_serial&pid=0001-765&nrm=iso www.scielo.br/aabc (in Eng)
4. Bartoshevich A.V. «The modern Universe» Shakespeare in the theater of the twentieth century. – Moscow: GITIS, 2002. – 360p. (in Russ)
5. Gorky M. About plays: (Excerpt) // A.S. Griboyedov in Russian criticism: A collection of articles / Comp., intro. art. and notes by A.M. Gordin. – Moskow: Goslitzdat, 1958. – 322 p. (in Russ)
6. Darkhanbayeva M. The sequel to the Kazakh musical. URL: https://el.kz/kazak_romeosi_kim_26638/ (in Kaz)
7. Mukisheva A. Love musical. URL: <https://egemen.kz/article/154276-makhabbat-myuzikli> (in Kaz)
8. Nurpeis B.K., Islambayeva Z.U. (2018) «Director's decisions in the staging of Shakespeare's tragedies». // Science and life of Kazakhstan, №2 (57) (in Kaz)
9. Nurpeis B. Kazakh theater of youth and children. – Almaty: LLP «Almaty publishing house», 2006 – 190 p. (in Kaz)
10. Nurpeyis B. Stages of formation and development of Kazakh theater direction (1915-2005): Monograph. – Almaty: «Karatau KB» LLP, «Dastur», 2014. – 520 p. (in Kaz)
11. Pyzhova O. Fragments of theatrical fate. – Moscow: Soviet Russia, 1986. – 272 p. (in Russ)
12. Sygay A. «Theater Kalleki», M. Abil: «Nurken - Hamlet», 2014, 196 p. (in Kaz)
13. Tokpanov A. Compiled by: K.Uali, E.Eraly, A.Kulbaev, G.Auganbaeva. – Almaty: Oner, 2005 – 240 p. (in Kaz)
14. Chushkin N.N. «Hamlet - Kachalov», – Moscow: Iskustvo, 1966. (in Russ)
15. Shapiyan M. «Nurken Uteuilov: perhaps the most joyful time in my life is the moment when I first stood for prayer», URL: <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-qogam/nurken-oteuilov-omirimdegi-en-quangan-kezim-algash-namazga-turgan-satim-shygar-1451/#gsc.tab=0> (in Kaz)

А.О. Кадыралиева

Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: k.aizat8@mail.ru,

ORCID: 0009-0008-9961-5289

ЕЛЕН ӘЛІМЖАННЫҢ «ТАҚТАЛАС» КОМЕДИЯСЫНДАҒЫ ҚОҒАМ КӨРІНІСІ (ТРАЙБАЛИЗМ МӘСЕЛЕСІ)

Аңдатпа. Бұл мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі драматургтеріміздің заман талабына сай жаңашылдыққа деген ұмтылысымен ерекшелініп отырғаны зерттелді. Қазақ әдебиеті мен театр өнеріне өткен ғасырдың 70-жылдары келген буынның көрнекті өкілдерінің бірі – жазушы-драматург Елен Әлімжан. Оның шығармаларында жаңа мен ескінің арасындағы айырмашылық қана емес, олардың өзара қақтығысы мен күресі барынша шыншылдықпен суреттеледі. Осындай дүниелерінің бірі – қазақ драматургиясын жаңа деңгейге көтеріп, сахналық едәуір серпіліс әкелген «Тақталас» комедиясы. Бұлай деуіміздің бір себебі – тап осы комедияда өмірде аз кездеспейтін трайбализм мәселесі ашық көтеріледі.

Қазақ қаламгерлерінде тәуелсіздік алғанға дейін трайбализм тақырыбын қозғауға мүмкіндік болған жоқ. Қозғалса да өткен дәуірлерді көрсеткен сахналық шығармаларда рулар арасындағы жер дауы, жесір дауы деңгейінде ғана көрініс тапты. Ал, Е.Әлімжанның «Тақталасы» еліміз тәуелсіздігінің алғашқы жылдары-ақ трайбализм тақырыбын алғаш рет ашық түрде әлеуметтік-саяси деңгейде көтерген тұңғыш комедия болды. Автор пьесасында қоғамдық бұл дертті тұрмыстық, отбасылық деңгейде қалдырмай, жоғарыда атағанымыздай, әлеуметтік-саяси сатира дәрежесіне көтерді. «Тақталаста» трайбализм дертінің асқынып кеткені соншалық - тіпті мемлекеттік басқару ісіне дейін қалай терең еніп кеткені ащы әжуамен ашылады. Ғылыми мақалада Е.Әлімжанның «Тақталас» пьесасының композициялық жүйесі, әр бөлімдегі көріністің шынайылығы қарастырылып, драматургтың шеберлік қырлары сарапталды. Пьесаның басты идеясына мән беріліп, барлық кейіпкерлерге кеңінен талдаулар жасалды. Қазақ драматургиясындағы комедия жанрының ерекшелігі, соның ішінде Е.Әлімжан көтерген тақырыптың ауқымы, көркемдік шешімі теориялық тұрғыда негізделді.

Кілт сөздер: драматургия, комедия жанры, кейіпкерлер, тақырып пен идея, тартыс, оқиға

А.О. Кадыралиева

Казахский национальный университет искусств, Астана, Казахстан

E-mail: k.aizat8@mail.ru

ORCID: 0009-0008-9961-5289

Изображение общества в комедии Елен Алимжана «Тақталас» (проблема трайбализма)

Аннотация. В статье исследована особенность творчества драматургов в период независимости – их стремление соответствовать требованиям времени, к новизне. Один из них - представитель ярко вошедшего в литературу и театральное искусство поколения 70-х прошлого столетия, писатель-драматург Елен Алимжан. В его произведениях с наибольшей правдивостью изображаются не только различия старого и нового, но и острый конфликт и борьба между ними. Это правдиво показано в его пьесе «Тақталас» («Борьба за трон»), в комедии, где поднимается очень актуальная тема и как бы закрытый до сих пор пласт проблем. И это, на наш взгляд, драматургия другого уровня и соответственно давший импульс сцене. Именно в этой комедии поднимается проблема трайбализма, к сожалению, ставшего частью жизни социума и общества.

До обретения независимости затронуть тему трайбализма у писателей не было возможности. Даже, если эта тема затрагивалась в драматических произведениях прошлых эпох, то это изображалось лишь на уровне социально-бытовых споров между родами. В первые годы независимости пьеса «Такталас» Е.Алимжана стала первой комедией в казахской драматургии, открыто поднимавший тему трайбализма в социально-политическом аспекте. Выводя ее с уровня быта, семьи и анти-традиций. В этой социально-политической сатире показано, что трайбализм настолько глубоко укоренилось в обществе, что начал эродировать даже на уровне государственного управления. В научной статье анализируются композиционный строй пьесы «Такталас» Е.Алимжана, правдивость сцен в каждой части, особенности мастерства драматурга. Акцент сделан на основной идее пьесы, подробно рассмотрены все персонажи. Теоретически обоснованы особенности жанра комедии в казахской драматургии, в том числе диапазон поднятой темы Е.Алимжаном и ее художественное решение.

Ключевые слова: драматургия, жанр комедии, персонажи, тема и идея, борьба, событие.

A.O. Kadyraliyeva

Kazakh National University of Arts, Astana, Kazakhstan

E-mail: k.aizat8@mail.ru

ORCID: 0009-0008-9961-5289

Portrayal of Society in Elen Alimzhan's Comedy «Taktalas» (The Problem of Tribalism)

Abstract. The article examines a particularly noticeable phenomenon of the era of the formation of drama in the modern period of independence – the desire of our playwrights to innovate in accordance with the requirements of the time. Writer-playwright Elen Alimzhan is one of the outstanding writers who came to Kazakh literature and theatrical art in the 1960s of the last century. The playwright boldly embraced the trend of depicting as honestly as possible not only the difference between the new and the old, but also their mutual conflict and struggle. E. Alimzhan's comedy "Taktalas" is one of the works that brought Kazakh drama to a new level and had a significant breakthrough. Before independence, Kazakh writers did not have the opportunity to discuss the topic of tribalism. Although this topic was touched upon, in stage works showing past eras, this phenomenon was reflected only at the level of land disputes between clans and widow disputes. The democratic movement that began in 1986 brought independence to our country in 1991. "Taktalas," written in the context of this freedom, became the first work to touch upon the theme of tribalism on the Kazakh stage. "Taktalas" by E. Alimzhan is the first comedy in Kazakh drama that raised tribalism to the socio-political level. At the same time, the author did not leave tribalism at the level of everyday life, family, customs, traditions, but elevated it to the level of socio-political satire. Through the comedy "Taktalas," E. Alimzhan reveals the most acute problem of the Kazakhs, explaining how tribalism has deeply penetrated not only life, but also society and even public administration. Therefore, the writing of his sharp comedies made a great contribution to the expansion of the theater's repertoire. The scientific article examined the compositional structure of the work, the authenticity of the scenes in each part, and seriously analyzed the playwright's skill. Great importance is attached to the main idea of E. Alimzhan's play "Taktalas" and all the characters are comprehensively analyzed. The originality of the comedy genre in the dramaturgy of Kazakh literature, including the scale of the topic raised by E. Alimzhan, theoretically justifies the artistic decision.

Keywords: drama, comedy, characters, theme and idea, conflict, story

1. Кіріспе

Қазақ драматургиясын қалыптастырған Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Ж.Шанин, Ж.Тілепбергенов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов және тағы басқалар замана зарына құлақ тосқан нағыз сөз шеберлері еді. Олар көтерген тақырыптар - қазан көтерілісі, әйел теңсіздігі, баянсыз махаббат, дін мен тіл, әдет-

ғұрып, салт-санаға байланысты жазылған үлкенді-кішілі пьесалар әр кездері жарық көрді. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары да ұлттық драматургияда өмірдің өзекті мәселелерін көтерген Ә.Тарази, А.Сүлейменов, Д.Исабеков, С.Балғабаев, Б.Мұқай, Т.Ахметжан, Ш.Мұртаза, Қ.Ысқақ, Р.Отарбаев, И.Сапарбай, Т.Әбдіков тағы басқа драматургтер бар. Аталған авторлар заман келбетін ашуға барынша тер төкті. Осы тұста Г.Орда ұжымдық монографияда: «...тәуелсіздік тұсындағы драматургия қалыптасқан дәстүрлі жолын жалғастырып келеді. Бұл жылдары қазақ сахнасы көптеген жаңа есімдермен толықты. Драматургтер сан ғасырлық тарих пен XX ғасырдағы түрлі оқиғаларға жан бітірді. Тарихи тақырыппен бірге бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғам шындығы да жеткілікті дәрежеде қамтылды» – деген ой түйеді (Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер, 2020: 11). Тәуелсіз отыз жылдың ішінде көптеген пьесалардың дүниеге келуі болашақ ұрпақ еншісіне саф алтындай сақтаған салт-санасын, ақыл-кеңесін мұра етеді. Сол арқылы оның өсіп-дамуына ықпал жасайды. Классикалық және тарихи уақиғаларда қалыптасқан дәстүрлі бейнелерді жасау мен ұлттық патриоттық сезімін оятудағы қымбат дүниелеріміздің драматургия саласында жиі қолға алынып жатуы үлкен олжа. Ендігі жерде, трагедия, драма жанрларымен ғана емес, комедиялық шығармаларымен де замандастарының бойындағы сан түрлі кемшіліктерді сын тезіне алуы көзделеді. «Soullessness, cruelty along with alcoholism, drug addiction and prostitution have become widespread vices.» (Mayemirov, et al., 2015) – деген пікірге қосылуға болады. Қазақ шығармаларының бірінде ұлттық тәрбие, отбасы құндылықтары қаралса, енді бірінде нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, жемқорлық тәрізді үлкен қоғамдық дертке айналған келеңсіз жағдайлар қарастырылып келеді. Драматургтеріміздің алдындағы бір жауапты сын – өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның бет-бейнесін ашатын әрі қайшылықтардан тұтанған күлкіге апаратын тың туындыларды жарыққа әкелу. Яғни, драматург өмірді жұрт қатарлы танумен бірге сол тіршілікте түрлі күйге түсетін адамзат қатынастарының хал-ахуалын, олардың оңай өмір сүріп, жеңіл байып, зор даңққа жету жолындағы айла-әрекеттерін, пейіл-мінезін, әдет-ырымдарымен түгел танысу керек. Қолына қалам ұстаушыларға қарата айтылған бұл қағида-ілімдер Елен Әлімжанның бойында бар қасиет деп айтуға толық негіз бар. Себебі, ол қоғам көрінісін көрсету мақсатында адами мінездердің әртүрлілігімен бірге, олардың бойындағы келеңсіз құбылыстарды барынша мазақ етіп масқаралайды. Оны жирене көрсетуге құлшынады. Кез келген өмір құбылысының қоғамдық-саяси маңыздылығын игеру жолындағы ізденісті Е.Әлімжанның «Тақталас» комедиясынан байқауға болады. «1946-1960 жылдардағы қазақ драматургиясы» атты мақалада: «Қай дәуірде жазылған пьесаны алып талдасақ та, оның көркемдік құндылығын, жазылу стилі мен ондағы қолданылған драматургиялық тәсілдерін анықтау үшін ондағы болып жатқан оқиғалардың шындыққа қаншалықты жанасымды екеніне көп назар аударуымыз керек. Себебі, пьесадағы конфликтінің шындыққа жақын, не алыс болуы көркем туындының идеялық көркемдік жағын талдауға мүмкіндік береді. Жасандылыққа жақындап кеткен конфликтілер көрермен сенімінен алыстап,

пьесаның, артынша спектакльдің құнын түсіреді, әдеби көркемдігінің әлсіздігін, тұрақсыздығын көрсетеді» дейді авторлар (Мұратқызы, Мұқан, Тәшімова: 2023, 300). Драматургиялық тәсілдерді оңтайлы қолданған Е.Әлімжанның «Тақталас» комедиясы да ұтымды шешімдерге құрылған.

Мақаланың негізгі мақсаты:

- Е.Әлімжанның суреткерлік көзқарасын, өзіне тән қолтаңбасын анықтау;
- жазушы-драматургтың «Тақталас» комедиясындағы руға, жүзге, жікке бөлінудің салдарын тілге тиек ете отырып, трайбализм мәселесін көтерудегі ізденістерін саралау.

Рушылдық, жүзшілдік жайлы мәселе тәуелсіздік алған уақыттан бері қаншама рет көтеріліп, оның жағымды және жағымсыз тұстары турасында бірқатар ой-толғамдар жазылса да осы мәселеге қатысты жайттар әлі де болса терең талдауды талап етеді. Сондықтан, бірнеше буын ғалымдардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде трайбализмге қатысты көптеген жағдайлар зерделеніп, зерттелуге тиісті келелі мәселелер нақтыланып белгіленді.

2. Әдістер мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеуде Елен Әлімжанның 2006 жылы «Сенім» баспасынан жарық көрген «Тақталас» жинағындағы «Тақталас» эксцентрикалық комедиясының мәтіні негізге алынды. Зерттеу нысанына қарай талданатын шығарманың жанрлық жүйесін анықтау мақсатында салыстырмалы және стилистикалық талдау әдістері қолданылды. Комедияның сюжеттік-композициялық құрылымын айта отырып, өмір құбылыстарын бейнелеген кейіпкерлер жағдайын ашуға және егемен еліміздің ішкі-сыртқы саясатын тануға назар аударылды. Комедияның тақырыптық-идеялық құндылығына көңіл бөле отырып, мансап үшін күрес, сатқындық пен екіжүзділік әрекеттер, пьесадағы жоғары орынға таласу мәселелері шынайы суреттеліп, шығарманың көркемдік деңгейі анықталды. Қоғамда болып жатқан күрделі оқиғалар тізбегін сатиралық тұрғыда шешкен драматургтың ұлттық дүниетаным көзқарастарына да баға берілді. Ең бастысы, Елен Әлімжанның талантты жазушы, білікті драматург, айтулы есімге айналуында қазақтың ұлттық құндылығының, ұлы Абай дәстүрінің ықпал-әсерін айқындауда ғылыми логикалық әдістер қолданылды. Кемеңгер Абай, Махамбет, Алаш арыстары ХІХ ғасырдың қазақ халқының салт-жоралғының, әділдіктің жоқшысы болса, Елен Әлімжан өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап еліміз тәуелсіздік алған кезеңде де терең ой иесі ғана емес, тың тақырыптарға барып, батыл қадамдар жасады. Сондықтан, Е.Әлімжанның шығармашылығының толыққанды зерттелуі үшін, оның «Тақталас» комедиясында қарастырған трайбализмнің қоғам дамуына кері әсер етуі жинақтау, талдау әдістері арқылы ғылыми дәйектелді.

2.2 Материалдарға сипаттама

Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде әдебиеттанушы, театртанушы ғалымдар: З.Қабдоловтың «Сөз өнері» (2002), Р.Нұрғалидың «Шығармалары, әдебиет теориясы. 7 том» (2013), М.Мырзахметұлының «Бүгінгі қазақ өмірінің шыншыл

суреткері» (2020), Е.Әлімжанның «Абайтанудың ар жағы мен бер жағы» (2023), К.Есмағамбетовтің «Қазақтар шет ел әдебиетінде» (1994), Ә.Бәкірұлының «Рушылдық қоғамдық дертке айналып барады» (2020), М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының бір топ ғалымдары шығарған «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991–2016 жж.)». Абайдың өлеңдері мен қара сөздері және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектеріндегі ой-тұжырымдарына сүйендік.

3. Талқылау

Елен Әлімжанның «Тақталас» комедиясының алғашқы премьерасы 1995 жылы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында қойылса (реж: О.Кенебаев), артынша осы жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында сахналанды (реж: Р.Сейтметов). Кейін, Ақтөбе облыстық қазақ драма (реж: М.Бақытжанов) мен Жамбыл облыстық орыс драма театрларында қойылып (реж: Ә.Әмзеұлы), репертуарларынан берік орын алды. Бірі комедияға ән, би, өлең қосып түрлендірсе, бірі сөзге айрықша мән беріп, эксцентрикалық іс-әрекеттерді ұтымды пайдаланды, енді бірі бірінші бөліміндегі саяси сатираны ұштай түсіп, көрермен назарын негізгі тартысқа аударды.

Бұл спектакльдер туралы баспасөзде көптеген көлемді мақалалар жарық көрді. Сол авторлардың қатарында көрнекті жазушы Шерхан Мұртаза, көрнекті абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы, театр сыншысы Қадірбек Уәлиев, жазушылар Әділ Дүйсенбек, Көсемәлі Сәттібайұлы және басқалар бар. Солардың ішінде Шерхан Мұртаза: «Мәселе жазушының шығарманы том-том етіп көпіртіп жазуында емес. Міне, «Тақталастай» өмірлік өзекті дүниенің жүгін көтеріп тұрған бір-ақ дүниемен де әдебиет әлемінен орын алуға болады» деп Елен Әлімжанның бұл комедиясының әдебиет әлемінде өзіндік орыны бар екенін қадап айтып көрсетеді.

Ал, Мекемтас Мырзахметұлы «Бүгінгі қазақ өмірінің шыншыл суреткері» деген мақаласында: «Бұл комедиясында Елен Әлімжан қазақ қаламгерлерінің ішінде тұңғыш рет Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың типтік көркем бейнесін жасады. Комедияның барлық кейіпкерлері жиынтық тұлғалар, әрекеттерінде символикалық шарттылықтар бар. Сөйте тұра олардың іс-әрекеті де, мінезі де нанымды, көкейге қонымды. Бірден қабылдайсың, күлесің, ыза боласың, артынан ауыр ойға қаласың. Өйткені, бұл комедияда қазақ қоғамының өзін көріп жүрген бет-бейнесі, психологиясы тұр» дей келе «Сірә, қазіргі қазақ қоғамының қыжылдарын «Тақталастай» терең беріп, өткір әжуалаған өзге шығарма бар ма екен? Ол жағын айта алмаймын. «Жар басындағы жантақты жанынан безген нар жейді» дегендей, бұндай шығарманы тудыру үшін өз қоғамын суда жүзген балықтай сезінетін біліктілік пен азаматтық әділдікті ту етіп көтерген суреткерлік шеберлік керек» деп ағынан жарылады (Мырзахметұлы, 2020). Өз ұлтының болашағы үшін қатты алаңдаушылықтан туған Елен Әлімжанның «Тақталасы» қазақ комедиясын жаңа деңгейге көтерді деген пікіріміздің дәлелі осы. Сонымен Шерхан Мұртаза да, Мекемтас Мырзахметұлы да бұл шығарманың тек қазақ драматургиясында ғана емес, жалпы әдебиеттегі орны ерекше деп есептейді.

«Тақталас» комедиясынан тақталастықтан бақталастық немесе бақталастықтан тақталастық туатынын байқайсың. Бұл өзі әлемдегі барлық елдерде, тіпті аса дамыды деген өркениетті халықтар өмірінде де орын алып отырған қоғамдық, әлеуметтік, саяси құбылыс. Әрине, сол елдердің әрқайсысында бұл құбылыс өздерінің ішкі-сыртқы қоғамдық даму ретінде, мемлекеттің ұлт болып қалыптасу барысында жүріп өткен тарихи жолына, саяси-мәдени тұрғыдан өсіп-өрбу дәрежесіне қарай әрқилы деңгейде көрініс беретіні белгілі. Сол тәрізді, қазақтың табиғаты да ешкімге ұқсамайтын өзгеше екенін бәріміз өте жақсы білеміз. Біздің түбімізге жетіп жүрген нәрсе – жүзшілдік, рушылдық, аталастық, жікшілдік, арызқойлық, етектен тартып еңсе көтертпеу секілді ұлттың ар-ұятына, намысына тиетін тым ұсақ мінез-құлықтар екен. Әрине, бұл – дерт! Ащы да болса, бұл – қазақтың өзіндік ұлттық дерті. Кезінде, Төле би бабамыз да «жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деп бекер айтпаса керек-ті. Әзірше жазыла қоймас осы аса ауыр науқасты Елен Әлімжан өз шығармасында жақсы қозғайды, бас кейіпкерлерінің есімдерінің өзі көп нәрсені айтып тұр. Қауғабай – ұлы жүздің өкілі, Дауғабай – орта жүз, Жауғабай – кіші жүз. Бұл есімдерді автор қазақтың әйгілі мақалынан алғаны көрініп тұр. Ол – «Ұлы жүзді қауға беріп малға қой, Орта жүзді қамшы беріп дауға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой» деген қазақтың сөзі бар. Автор мұны «Жазушы қоғамның көркем суретін салу керек» деген сұхбатында айтқан (2000). Бұл үш кейіпкерді осы мақалға сүйеніп даралағанын растайды, шынында да солай. Қауғабай өзге екеуінен жасы үлкен. Қарттыққа аяқ басқан адам. Есіп, көсіп сөйлемейтін, «нетіп, не ғой» деген қыстырмаларды әңгімесіне көп қыстыратын момын адам. Мәселен, оның сөз саптауы былай болып келеді:

Қауғабай: Жарайсыңдар, бауыр болсаң осындай бол. Ағасын малмен бірге құмға қуып тастап, өздері жұмсақ креслоны жағалап жүр, халқым-ау, бұл заманның жастары не боп барады, үлкендерді нетуден қалған ба? (Әлімжан, 2006: 50)

Ал, Дауғабай қалған екеуінен сауаттылау, сөйлесе сөзге шешен, есіп тұр. Тіпті, арыз жазып жіберуден де тайынбайды. Оның сөздері былай:

Дауғабай: (Жауғабайды енді танып) Жауғабаймысың, ей? Жар басындағы жапалақтай жарбиып неғып отырсың, мұнда?

Жауғабай: Немене, біз отырсақ жараспай ма?

Дауғабай: Жарасады ғой, жаным-ау, неге жараспасын жастарға. «Ағаштың көркі – жапырақ, әйелдің көркі – шүберек» дегендей, сұлтанның көркі – тақ қой бұл. Бірақ, «күбісіне қарай піспегі» деген тағы бар, адам артына қарап өлшер болар.

Жауғабай бәрінің ішіндегі жасы. Қызу қанды. Артын бақпай асырып айтып, арандап та қалады. Мәселен оның мінезін мына сөздерінен байқауға болады.

Жауғабай: Ата жолы, ата жолы деп мысымды құртып болдыңдар-ау. Кіші екенмін деп мансаптың ләззатын татпай-ақ өткенім бе өмірден. Атаңнан гөрі, айқасып өлемін аяғына дейін. Бұл заман күштінікі, мына қолда бес трактордың күші бар! – деп, басында бірін-бірі «ағалап, көкелеп» қатар жүріп өскен бір елдің бас көтерер ер азаматтары Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлар бір Бастықтың орны – Орынтақтың шеті қылтиып көрініп еді, бұрыңғы ағайындастық, бауырластық, «сіз, біз» дескен

сыйластықтың бәрі ұмыт болды. Орынтаққа жету үшін беттің арын белге түйіп қырық пышақ болып жамандасып, арыздасып, айтысып-тартысады. Көкейлерін тескен мансап – Орынтаққа отырудың әлегімен тақталас-бақталас бәсекесіне дейін барады. Мұнда автордың шешімі тым ауыр деуге болады, комедияда әркім өз есебін түгендеп жүргенде, ұлттық мүддеден есе жіберіп қояды деген астар атойлап тұр. Философ Әбдірашит Бәкірұлының «Рушылдық қоғамдық дертке айналып барады» деген сұхбатында: «Рушылдық қашанда ұлттық мүддеге қарсы құрал. Мәселен, биліктегі тұлғаларда мемлекетшілдік рух неғұрлым төмен болған сайын, қоғамның басты құндылықтарының мәні де жойыла береді. Таразы басында мемлекет пен жеке мүдде тұрғанда жеке мүдденің салмағы басып кетеді» (Бәкірұлы, 2020) деп «мемлекеттік мүдде» жай абстрактылы ұғым екенін, ал, «жеке мүдде» көзге көрінетін, қолға ұстайтын, дәмін тататын нақты нәрсе екенін айтып, екеуінің арасын ажыратып береді

Енді трайбализм туралы. Трайбализм қайдан шығады? Әрине, рулық жүйеден шығады. Көшіп-қонып жүрген елде басқаша жүйе болуы мүмкін емес. Олардың өмір сүру, еңбек ету жүйесі отырықшылардан бөлек. Жері болғанымен тұрақты мекені жоқ халықтың рулық жүйеден тыс өмір сүруі беймүмкін еді. Демек, рулық жүйе – мемлекеттік құрылым. Оның мынандай сатылары бар. Отбасы, әулет, ата, ру, тайпа, мемлекет. Тура алты саты. Бәлкім, қазақтың «алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген мақалындағы алтау осы шығар. Драматург Елен Әлімжан «Ұлт рухының жаршысы» деген мақаласында осындай болжам айтқан еді. Бірақ, біз негізгі тақырыптан ауытқып кетпес үшін ол жағына тереңдеп бармаймыз. Ал, бұл мысалды рулық, тайпалық басқару жүйесінің халқымыздың тарихында елді адастыру үшін емес, керісінше айрандай ұйытып біріктіру үшін қызмет еткенін баса көрсету негізінде келтіріп отырмыз. Тіпті, «қазақтың еншісі бөлінбеген» деген ұғымның өзі сол ұлтымыздың тұтастығына қызмет етеді. Сонымен бірге мемлекеттік мүддені көздейді. Мәселен, мемлекеттік тапсырма орындауға шыққан хан ордасының қызметкерлері немесе кез келген жолаушы қоналқаға қайда түнейді? Кім тамақтандырады? Олар кез келген үйге қонып, қонағасын, түстеніп сыбағасын жейді. Өйткені, еншісі бөлінбегендіктен қазақтар бір-біріне солай қызмет етуге міндетті. «Қыздың ең жаманы бір ат дорба жемге жарайды» деген мақал да содан шыққан. Алыс жолда келе жатқан жолаушы өз елінің қыздары ерге шыққан ауылды іздейді. Ол ауыл «құда» деп құрақ ұшып, барынша күтеді.

Міне, қазақтың рулық, тайпалық жүйесінің шын астары осында жатыр. Осындай далалық өмір қалыптастырған рулық жүйе қалай жаманатты болды? Әрине, халық болған соң арасында ойлау өрісі тар, бас пайдасын көбірек күйттейтін тобы болмай тұрмайды. Бірақ, олардың әрекеттері бұрын да көрініс бергенімен ұлттық мүддені биік қоя білетіндер оларға тосқауыл бола алған. Демек, өз кемшіліктерінің өріс алып кетуіне жол бермей өздері тыйып отырған. Бірақ, Тәуке хан өлгеннен кейін қазақ халқының бірнеше майда хандықтарға бөлініп кетуі соның салдарынан. Жоңғар хандығынан жеңілуі, ақыры келіп Ресей империясының қол астына кіруі қазақ халқына кері әсерін тигізді. Түбегейлі отарлау үшін Ресей патшалығы қазақ даласына өзінің елшілерін,

ғалым-этнографтарын, шенеуніктерін жіберіп жан-жақты зерттеді. Сөйтіп ділінің, дінінің, тұрмыс-салттарының басқару жүйесінің ең осал тұстарын анықтады. Сол осал тұстардың бірі – қазақ мемлекетінің рулық құрылымы еді. «Рушылдық және ұлттық сана-сезім» атты мақалада: «Олардың алақанындағы қуыршаққа айналған мамандар іріктелініп алынып, халық шаруашылығы саласындағы басшылық орындарға орналастырылды. Отаршыларға жергілікті халықты еркін билеп тұру үшін сондай адамдар керек болды. Оларды өздерінің қолайына жақпайтындарға қарсы шебер пайдаланатын. Әсіресе шен, атақ, әкімшілік орын үлестіру, жауласқан рулар мен тайпалар арасындағы алауыздықты өршіту үшін таптырмайтын құрал еді» (Лиясова, Алибаева, Жаканова, Оскенбай: 2013, 40) деген авторлардың сөздерін растай отырып, қазақ халқының арасында мансапқорлық, арызқойлық, атаққұмарлық сияқты отар елдің өкілдеріне тән мінездердің қалыптасуын қамтамасыз еткеніне куә боласың. Міне, сол елді біріктіріп отырған құрылымды отаршыл идеология елді ыдыратып, бөлшектеп алып билеу үшін пайдаланды. Үнемі рулық алауыздықты қолдап қоздырды. Бұл алауыздықты, әсіресе әкімшілік басшыларын – аға сұлтандарды, дуан-округ жойылған соң болыстарды, билерді, старшындарды сайлау кезінде қатты пайдаланды. Қазақтарды отарлауда ерекше көзге түскен патша шенеуніктерінің бірі М.М.Сперанский. Ол 1819 жылы Сібірдің генерал-губернаторы болып тағайындалғаннан кейін «Сібір қазақтары туралы жарғыны» (1822) жазды. Бұл жарғы қазақ халқының ел басқару жүйесін ысырып, Орта жүз қазақтарын Империяға біржола бұғаулап берді. Міне, сол М.М.Сперанскийдің Империя басшылығына жазған бір хатында қазақ даласында балталауға көнбейтін, тек бір-біріне соққанда ғана сынататын сексеуіл деген ерекше өсімдік өсетінін, қазақтарды да осы сексеуіл секілді бір-бірімен соғыстырып сындыруға болатындығын жазғанын тарихшылар қазір жиі мысалға келтіреді.

Халқымыздың бір жола отарланған заманын Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақтың ең азған заманы деп атауы тегін емес. Абайдың:

Болыс болдым, мінеки,

Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта жал,

Қалмады елге тығындап, дейтіні сол кез – XIX ғасыр. (Абай, 1995: I том, 102) Ол заманда қазақтың қол жеткізе алатын билігі осы – болыстық (волостной правитель). Ал, сол қазақтың сиқы осындай.

Оңашада оязға

Мақтамаймын елімді,

Өз еліме айтамын:

Бергенім жоқ, – деп, – белімді, (Абай, 1995: I том, 102) деп күпініп, бар есіл-дерті «ел не болса ол болсын, билікке қолым жетсе болды» деп жүрген біреу. Ақыры не болды дейсіз ғой:

Қазақты жеген қайратты «ер»

Ұрынды да берінді.

Әрлі-берлі тартысып,

Ісі арамй жеңілді (Абай, 1995: I том, 103).

Ең өкініштiсi осы тартысып, таласып жатқан қазақтардың «ісі арам». Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты осы өлеңі 1889 жылы жазылып, 1909 жылы тұңғыш рет жарық көріпті. Ал, Елен Әлімжанның «Тақталасы» 1991 жылы жазылып, 1995 жылы сахналанған. Аралығында ғасырдан астам уақыт жатыр. Бұл мерзімде қазақтар екі дүниежүзілік соғыстың зардабын көрді. Қазан төңкерісін бастан өткізіп, отырықшыланды. Едәуір бөлігі қалаға шоғырланды. Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы құрылып, өз елтаңбасы мен туына ие болып, әнұраны шырқалғанымен іс жүзінде тәуелсіздік ала алмай Мәскеуге бағынышты боданы күйінде қалды. Соның салдарынан азамат соғысынан соң ашаршылыққа, тәркілеуге, ұжымдастыруға, саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Әйтсе де, бұл кезеңде қазақ еуропаша жаппай сауаттанып, өркениеттің көшіне бет бұрған-ды. Бірақ, психологиясында көп өзгеріс болмағанын, қайта жүзшілдік, рушылдық дерті одан әрі асқына түскенін «Тақталас» комедиясы сахналық әрекеттер, өткір де шебер диалогтар арқылы көркем бейнелеп отыр. Қазақ әлі күнге дейін -

Өз қағазы өз көзін

Жоғалтуға жарайды.

Тауып алып жалғанын,

Қылмысыңды санайды – екен (Абай, 1995: I том, 105).

Енді соңғы ғасырлар және мыңжылдықтар тоғысындағы қазақтың таным-түйсігін «Тақталастың» авторы қалай сипаттағанын көрелік.

Сахнада бос тұрған орынтақ. Иесі орнынан алыныпты деген қауесет бар. Біреулер өсіп кетіпті дейді. Қауғабай, Дауғабай, Жауғабай сол бос орынтақты жағалайды. Хатшы қыздың шығып кеткенін пайдаланып, отырып көруден де дәмелі. Бірақ, бір-бірінен қызғанып алысып-жұлысып жүргенде орынтаққа басқа біреу жайғасады. Ол – жаңа Бастық.

Бастық: Жұмыс істеу керек жолдастар! (үшеуі үш жерден қалшыяды)

Қауғабай: (Сасыңқырап) Нетіп, істейін деп, істеп жатырмыз, Бәсеке.

Дауғабай: Біздің халық еңбекшіл халық.

Жауғабай: Жай, әншейін, былай жұмыс арасында көңіл көтеріп жатқанымыз ғой, әләулай.

Бастық: Тәртіптерің жоқ, жұмысты ұмытып әләулаймен кеткенсіңдер. Сендерді нағыз жатып ішер, нансоғар деуге толық негіз бар.

Қауғабай: Мен мал жағына жауап беремін. Етті де, сүтті де, жүнді де орындап тұрмыз. Нансоғар анау (Дауғабайды көрсетеді) Ал, анау әләуләйлім (Жауғабайды көрсетеді).

Жауғабай: (Қауғабайға) Ал, сен етсоғар.

Дауғабай: Иә, иә сен етсоғар. Ал, астықты осы өңірде ең көп жөнелткен мына мен.

Жауғабай: Мен осы өңірдің тауын талқандап тасыттым, құмын көсін алып, жерін үңгіп тесіп алып жөнелттім. Тіпті мұхиттың аржағындағы Америкаға жетіп қалдық-ау деймін.

Бастық: «Партиялық сана жоқ сендерде», – деп ұрысады. Сондағы үшеуінің жауабы:

Жауғабай: Менің атам байларды қамшыменен қойдай қуған!

Дауғабай: Менің атам халық жауларын әшкерелеген чекист.

Қауғабай: Менің атам колхозды өз қолымен құрған.

Одан ары партияға адалдығын айтып ант-су ішкен үшеуі жекеменшік мал үш күннің ішінде етке өткізілсін деген нұсқауды орындауға жұмыла кірісіп кетеді.

Ал, Хатшы қыз Бастығына ұлттық қазақи өрнегі бар қобди сыйлайды. Сөйтіп, Бастығының сынынан өткен Хатшы қыз әлгі үшеуінің отбасы, жора-жолдасы, қоршаған ортасы, мінез-құлқы, тұқым-тұқияны түгін қалдырмай баяндап тұруға тапсырма алады. Қауғабай, Дауғабай, Жауғабай да бір-бірінің кемшілігін іздеп, үстілерінен арыз айтып отыратын болады. Демек, бәрі Бастықтың қармағына ілінеді. Одан құтылудың жалғыз жолы – әлгі Хатшы қыз Бастыққа сыйлаған қобдига байғазы беру. Сөйтіп, бұл елде қобди жинау бастықтың хоббиіне, ал оған байғазы беру Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың хоббиіне айналып кетеді.

Бұл комедияның экспозициясы ғана. Одан әрі қобди мен хобби араласқан комедияның драмалық арқауы небір күлкілі ситуациялар арқылы жедел әрі ширақ дамиды. Бұл жерде Хатшы қыздың да ролі үлкен. Орталықпен байланысып, бастықтың директиваларын жазып, оларды Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың жүзеге асыруын бақылап отырған сол Хатшы қыз. Ол – Бастыққа қызмет көрсете жүріп, кезі келгенде оны бас пайдасына пайдалана қоятын, ал әлгі үш ағасын өз уысында ұстауға ұмтылатын әккі кейіпкер. Арасында оқиғаның қалай өрбитінін оқырмандарға хабарлап, сахнамен жанды байланысын Хатшы қыз қамтамасыз етіп отырады.

Сонымен енді экспозиция аяқталып комедияның нағыз драмасы басталып кетті. Үш кейіпкердің өзара бақталастығы, бірін бірі бастыққа жамандауы, Орталықтың асыра сілтеген тапсырмаларын орындауы арқылы комедияда кеңестік дәуірдегі қазақ қоғамының ең бір көрінбейтін қыртыс-қыртысына дейін ашылады. Жарамды деген жердің бәрін жыртып, егістік алқапты эрозияға ұшырату, Орталықты етпен қамтамасыз ету үшін шамадан тыс мал өсіріп жайылымдықты тоздыру, бұл шара аз болып, жекеменшік малды жинатып, даланың аң-құсын дайындап етке өткізу, небір қазба байлықтарды қазып, тау-тасты талқандау – Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың жарыса атқарған жұмысы. Оған қоса Орталықтың арқан салығы, қолда бар мылтықтарды жинап алуы, үйлеріне броньды есіктер салдыруы, тіпті шатырдағы кептерлерді жер аудару сияқты күлкілі директиваларды да жүзеге асыруға тура келеді. Неге шатырдағы кептерлерді жер аудару керек? Өйткені, оларға көршінің қызы жем шашқанда дүр көтерілген бейбітшіліктің бейкүнә құстарының қанаты шатыр-шұтыр етіп, автомат атылғандай әсер қалдырады екен. Сол кезде терроршылдар келіп қалды екен деп Бастықтың зәресі ұшады. Ал, арқанға салық салу себебі, қазақтың жігіттері арқанды лақтырып жүз құлаш жердегі асау жылқыны бұғалықтайды екен. Асау жылқыны бұғалықтап жүрген бұндай жігіттер адамды да бұғалықтап жүре ме деген қауіптен осындай күлкілі директива туған.

Комедиялық кейіпкерлер әрекеті сайлаудың жақындауымен одан әрі шиеленісе түседі. Үшеуі халық өкілдері Мауғабай мен Бақшагүлдің әрқайсысы өзіне дауыс беруі үшін әрекеттеніп бағады. Туысын, жекжатын, құдасын, күйеубаласы мен қызын іздеп небір қызық ситуацияларға ұшырайды. Олар тіпті таққа ешкімді жолатпау үшін айналдыра ор қазуға кіріседі. Бірінен бірі жасырын қазып жүріп, ақыры «біреуге ор қазба, өзін түсесің» деген мақалдың кері келіп, үшеуі де сол орға құлайды. Комедияның екінші бөліміндегі әрекеттер негізінен осы орда өтеді. Осы жолдардың авторымен сұхбатында Е.Әлімжан бұл комедияны жазуға белгілі анекдот түрткі болғанын айтып берді. «Тозақтың қазанына тоғытылған үш қазаққа қарауыл қойып керегі жоқ. Олар онсыз да бірін бірі шығармайды» деген анекдотты автор бүтін бір комедияға айналдырып жіберген.

Осы жерде Н.В.Гогольдің А.С.Пушкиннен «Рақым етіңізші, бір сюжет беріңізші маған, күлкілі ме, күлкісіз бе, әйтеуір бір таза орыс анекдотын айтып беріңізші» деп сұрағаны еске түседі. А.С.Пушкин: «орыс шенеунігі өзін ревизормын деп таныстырып деревняға барыпты» деп қысқаша жауап берген. Бұл жауап жазушының қаламынан әйгілі «Ревизор» комедиясының тууына себеп болған. «Тақталастың» орыстың ұлы комедиясымен ұқсастығы мұнымен бітпейді. «Ылғи жағымсыз жандар арасындағы тартысты бейнелеген кейбір комедияларда жағымды кейіпкер болмайды» (Нұрғали, 2013: 288) – деп академик Р.Нұрғали айтқандай, «Ревизордағы» сияқты «Тақталаста» да бір де бір жағымды кейіпкер жоқ. Неге олай? Осы жерде Бәйдібек бидің «Төрде отырып теріс сөйлегеннен без, есікте отырып керіс сөйлегеннен без» деген әйгілі нақыл сөзін келтіруге болады. Бұл мақалдың халық арасынан «төрде отырған теріс сөйлесе, есікте отырған керіс сөйлейді» деген нұсқасын да естіп жүрміз. Төрде отырған Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың сөзі де, ісі де теріс. Олар қазынаны тонап қана қоймай, бұқара халық өкілдерін қаламаған адамдарына дауыс беруге үгіттейді. Сатып алады. Сол әрекеттерімен Мауғабай мен Бақшагүлді де керіс сөйлеп, теріс іс істетуге мәжбүрлейді. Мауғабай Қауғабайдың құлынды биесін тайымен қоса өліп қалды деген сылтаумен бермей қояды. Қауғабай жазалаудың орнына «өлсе өле берсін (бұл сөзді алсаң ала бер деп ұғу керек) тек маған дауыс берсең болды» деп кешіреді. Ал, Бақшагүл төркіні Дауғабайдан ұзатылатын қызының жасауын түгендетіп алады. Заманның азғаны сонша адам баласының ең асыл сезімі махаббат та құндылық болудан қалған. Жайшылықта Жауғабай Хатшы қызға өз сезімін білдіріп жүреді. Мысалы, «Мына алтын білезікті саған арнап әдейі соқтырдым. Сенің жолыңда бәрі садақа! Сені ешкімге айырбастамаймын!» деп шірене қоразданып тұрған Жауғабайға Хатшы қыз: «Сен айтпақшы, Қауғабай мен Дауғабай мына тұрған Орынтақтың қамымен кеткенін білесің бе?» дегенде күллі сүйіспеншілік ықылас-пейілін ақтарып, айналып-толғанып тұрған дәудің: «Қап, құдайдың ұрғаны-ай! Мен мұнда неғып қай-қайдағыны езіп тұрмын!» деп тұра жүгіру – Жауғабайдың шын бет-бейнесін біржолата танытқандай. Яғни, «не тілесең соның бәрін орындаймын» деп ант-су ішкен Жауғабай, орынтақ мәселесіне келгенде ол уәдесінен тайқып шыға келеді. Демек, адами махаббаттан гөрі, билік пен байлықты артық көреді.

Бірақ, бір-біріне ор қазып омақаса құлап, сол ордан бірінің аяғынан екіншісі тартып шығармай жатқанда заман өзгереді, заманға сай кейбір құндылықтар да өзгеріске ұшырайды. Енді кедейдің, чекистің баласы болу құндылық болудан қалады. Сол кезде Қауғабай да, Дауғабай да, Жауғабай да күні үшін кедей, кеңесшіл жақындарының нәмін алған нағыз шынжыр балақ, шұбар төс байлардың, батырлардың тұқымы болып шыға келеді. Енді олар әрқайсысы ата-бабасының жатқан зираттарының орындарын куәлікке келтіріп жекеменшікке беріліп жатқан жерлердің шұрайлысын алып қалуға тырысады. Тіпті, Дауғабай ата-бабасының жері екенін архив құжаттары арқылы да дәлелдемек болады. Бірақ, бұл үшеуі бір-бірімен дауласып ордан шыға алмай жатқанда орынтаққа тағы басқа біреу отырып қояды. Ал, жер, қазба байлықтар өндіру құқы шет елдіктерге беріліп кетеді. Осы жерде КСРО құрамынан шыққан Балтық жағалауы елдерінде мүліктер бұрынғы иелеріне немесе олардың мұрагерлеріне қайтарылғаны еске түседі. Ал, Қазақстанда деколонизация шаралары жүргізілген емес. Қолындағы құжатын да, ата-бабасының зиратын да сұраған ешкім болмады.

Комедияның соңына кісі күлуден гөрі жылағысы келеді. Қауғабай, Дауғабай, Жауғабай өзара таластан ештеңе өндіре алмаған соң жаңа бастыққа жалынады.

Жауғабай: Кішкентай да болса орынтақ беріңіз.

Дауғабай: Мен де соны айтайын деп едім.

Қауғабай: Менің ұзақ жылғы еңбегімді нетіп, қызметсіз қалдырмайтын шығарсыз?

Бастық: Орынтақ біреу, қайсың аласың?

Үшеуі: Маған! Маған! Маған!

Бастық: Ендеше, отыра беріңдер қазған орларыңда. Катюша!

Хатшы қыз: Тындап тұрмын, Бәсеке (қолындағы қобдиды бастықтың алдына қояды).

Бастық: (бір қолымен қобдиды, бір қолымен Хатшы қызды сипалап отырып) Катюша, жаз, жаңа директива!

Ата-бабалары қалдырып кеткен жердің, қазба байлықтардың шетелдіктерге беріліп кеткені бүгінгі Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайларды еш қайғыртпайды. Олардың басты уайымы жерін сатса да, байлығын шашса да орынтаққа ие болу. Бұл жаңа бастыққа тиімді. Ол, енді Хатшы қызға жаңа директивалар жазуға бұйырады. Ол, директивалар бірлігі жоқ халықтың тағы қандай құндылықтарын арзандатып талан-таражға салады? Оқығанда күлкілі болғанымен артынан ойлағанда өте қорқынышты.

Болашақ үшін қорқынышты. Тіпті, мына түрімен қазақ өз алдына ел бола ала ма, жоқ па, деген ойға да жетелейді. Кейіпкерлердің жағымсыз жағын аяусыз әжуалап, өз ұлтын осылай «сүмірейтіп» жібергені үшін авторға кінә артқың да келеді. Бірақ, өз ұлтын шексіз сүйгеннен де осылай ауыр айтып отырғанын түсінесің. Гоголь де «Ревизорында» өз ұлтын сүйгендіктен де осылай аямай сынаған ғой. Қай халықта болсын мейлі, ел өміріндегі кемшін тұстарды ашық жазып, олардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізулері, өз ұлтын жек көргендігінен емес, осыдан жиреніңдер деп өсиет еткендігі деп түсіну керек.

Жалпы, қазақ халқының жақсы және жаман қасиеттері туралы ғылыми айналымда жүрген еңбектер баршылық. Олардың авторлары ерте замандардан бастап ұлы даланы кезіп, оның тұрғындары туралы жазбалар қалдырған көрші империялардың елшілері, ғалымдары, тыңшы-барлаушылары. Солардың ішінде орыс ғалымы А.Левшин қазақ халқының жаман қасиеттерін көп тізген. Ол «қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен суреттері» кітабындағы, «Нравы» деп аталатын тарауында (Левшин, 1996: 320-331) Қазақ халқына тән 29 кемшілікті атап өтіпті. Оның пікірінше қазақтар 1) адамгершіліктен ләззат алу дегенді білмейді; 2) өзінің физикалық қуатын арттырмайды; 3) жалқау, қысы-жазы жатады; 4) қамсыз, ештеңе ойламайды; 5) тамақсау; 6) мылжың; 7) жеңілтек, ұшқалақ; 8) сенгіш; 9) алдап кетеді, сөзде тұрмайды; 10) сараң; 11) қызғаншақ, болмашы нәрсені бөлісе алмай қырылысып қалады; 12) бірдеңе сұрасаң бағасын екі есе өсіріп жібереді; 13) сұраншақ; 14) шыдамсыз; 15) күштілердің алдында құрдай жорғалап, әлсіздерді құрдай жорғалатуға құмар; 16) ашуланшақ; 17) сезімсіз, әсіресе, кедей, байғұс отандастарының басына іс түскенде; 18) тұрпайы; 19) надан; 20) өз дегенін істейтін бейбастық; 21) жыртқыштықты ерлік деп біледі; 22) ең білімсіздерде болатын жаужүректік оларда мүлде жоқ; 23) сотқар, елірме; 24) пайдакүнем, қанағатсыз; 25) өз дінінен басқа діндегілерге қонақжай емес; 26) қазақ ордаларында жиһанкезге ешкім кепілдік бере алмайды; 27) мансапқор, атаққұмар әсіресе, биліктегілер; 28) кекшіл; 29) қанішкіш.

А.Левшиннің заманында, одан бұрын және кейін қазақ даласын талай саяхатшылар аралап халқымыз туралы өте тамаша пікірлер жазып қалдырған. Мәселен, поляк А.Янушкевич «Күнделіктері мен хаттары», Герн Фон В.К. «Характер и нравы Казахов». Сондай-ақ ғылыми айналымда 1914-1919 жылдары Орталық Қазақстанда жұмыс істеген ағылшын инженері Дж. Уорделлдің, АҚШ-тағы Колгейт университетінің профессоры М.Б.Олкоттың, АҚШ дипломаты Ю.Скайлердің және басқалардың қазақ халқының қонақжайлығы, бауырмалдығы, бала мінезділігі, балаларын шексіз сүйетіндігі, үлкенді құрметтейтіндігі, ата-анасын сыйлайтындығы, ержүректігі, еркіндікті сүйетінді және басқа толып жатқан жақсы қасиеттері жүр. К.Есмағамбетов «Қазақтар шет ел әдебиетінде» (Есмағамбетов, 232: 127). Сондықтан да А.Левшиннің пікірлерінде отарлаушы елдің көзқарасы жатқандығын байқау қиын емес. Бұл ғалым біздің «түгімізді қоймаса да», оның көп пікірлерін мойындауымыз да керек. Өйткені, қазақ халқының жағымсыз жақтарын көрсетуде өз халқымыздың ұлы перзенті Абай Левшиннен асып түспесе, кем түспеген. Оның көбінесе күйініп жазған әрбір қара сөздерінен байқау аса қиынға соқпайды. Бірақ, отарлаушы елдің арнайы тапсырмамен келген саяхатшысының жазбалары ұлтымыздың билеп-төстеу үшін жазылған болса, Абайдың «қара сөздері» ұлтымызды түзету мақсатында жазылған.

Қай сөзінің болмасын тағылымы үлкен. Десе де отыз тоғызыншы сөзін мысалға келтіруді жөн көріп отырмыз. Бұл сөзінде Хәкім Абай ата-бабаларымыздың «екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі

үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді» дейді. Абай жоғалтып алдық деп отырған екі мінезіміздің бірі – елді шын жанашырлықпен басқарған «ел басы», «топ басы» деген кісілер. Екіншісі – намысқорлық.

«Тақталастағы» ел басқарады деген кейіпкерлер осы екеуінен де жұрдай. Демек, арада қанша уақыт өтсе де қазақтың бұл кемшіліктері түзелмеген. Ал, сахнада автордың өткір сөздері, артистердің орындауымен одан әрі тереңдей түседі. Бұл жөнінде «Жазушы қоғамының көркем суретін салуы керек» деген сұхбатында Е.Әлімжан былай дейді: «Тақталасты» Жамбыл облыстық қазақ драма театрында алғаш сахналаған режиссер Оразхан Кенебаев кеңестік кезеңде айтылған «Партия туралы әнді» қосып халыққа дауыс беру жәшігіне бейне бір соқыр адамдарша жылжытып әкеледі. Партия туралы жырға елтіген халық қалай, кімге дауыс беріп жатқанын білмейтін сияқты. Бұл әнді әдетте кісінің делебесін қоздыратын марш ырғағымен еркек әншілер айтып жататын сияқты еді, ал Оразхан болса, кісінің буын-буынын алатын жұмсақ шарап сияқты нәзік әйел дауыспен беріп жатыр. «Мен өз халқымды жанымдай жақсы көремін!» деп қасымда отырған Оразханға қарап ышқына айқайлап жіберіппін. «Мен де жанымдай жақсы көремін» деп ол да саңқ етіп мен жаққа қарады.

Елен Әлімжанның өз ұлтын қалай сүйетіндігін, әсіресе, оның өз халқына тән ортақ мінезін анықтауға арналған «Қазақ қандай халық?» деген мақаласынан көруге болады. (Әлімжан, 2006: 221). Автор бұл мақаласында қазақ халқының басты қасиеті – Кісілігі деп дәлелдейді. Иә, «Тақталастағы» ащы шындықтар өз халқына деген махаббаттан туған. Сондықтан, оған ренжімейсің, ойланасың. Бәлкім, өзіңді өзің түзеуге бет бұрасың. Себебі, біз мұның залалы мен зардабын ғасырлар бойы көріп келеміз. «Талантты да еңбекшіл қазақ халқы да өз өмірінде қатал езгі мен жан түршігерлік әділетсіздікті көп көрген. Бірақ, ол қанша күйзеліп, қайғымен күнреніп жүрсе де күлкісі мен сықағынан қол үзбеген. Өзіне жаулық, жауыздық істеген таптар мен түрлі басқыншы, езушілерге қарсы сатира, юмор арқылы күресін тоқтатпаған» (Қожакеев, 1996: 453).

Жоғарыдағы сөзімізді нақтылар болсақ, қазақ қаламгерлері трайбализм тақырыбын жер дауы, жесір дауы деңгейінде ғана қозғады. Мәселен, ұлы жазушымыз М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Айман-Шолпан», Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек», «Ақан сері-Ақтоқты» тағы басқа драмаларындағы жер, жесір дауларында сөз болады. Ал, жазушылар жаппай тап күресін жырлаған коммунистік кеңестік дәуірде бұл тыйым тақырыптардың бірі болды. Есесіне іс-жүзінде билеушілер бодан елінің осы дертін одан әрі қоздырып, бөліп алып билей беру үшін тиімді пайдалана алды. Соның салдарынан кеңестік кезеңде қазақ комедиясының өрісі тым тар болып, тұрмыстық, отбасылық шеңберде қалып қойды.

Сатираның найзасы еңбек ұжымдарындағы жалқауларды, алаяқтарды, жалпы буржуазиялық психологияны әжуалады. Рас, 1956 жылы СОКП-ның XX съезінде Сталиннің жеке басына табынушылық әшкерелегеннен кейін қазақ жазушылары-

ның тынысы ашылып, өрісі кеңейді. Әсіресе, М.Әуезовтің «Абай жолы» романында қамтылған тарихымыздың XIX ғасырдың екінші жартысынан әрі жылжытқан көптеген тарихи романдар дүниеге келді. Сол сияқты, қазақ комедиясына да бір серпіліс келді. Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Қуырдақ дайын», «Құдағи келіпті», Қуандық Шаңғытбаев пен Қанабек Байсейітовтің «Беу, қыздар-ай!», «Ой, жігіттер-ай!» комедиялары осы кезеңде жазылды. Бірақ, цензорлық шектеу әлі де алынбаған болатын. Қалтай Мұхамеджанов «Бөлтірік бөрік астында» комедиясындағы бір кейіпкерін стилияға етіп көрсеткені үшін көп сын естігенін айтады. Содан соң ол ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке театрға келіп комедияны көруін өтінеді. Жазушы театрға Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің сол кездегі екінші хатшысы Фазыл Кәрібжановпен бірге келіп, спектакльді көреді. Партия хатшысы стилияның сөзінде, қимылында шектен шығып тұрған ештеңе жоқ екенін айтып, орынсыз сын содан кейін тоқталады.

4. Нәтижелер

«Тақталас» комедияның бірінші бөлігінде партияның, Мәскеудің басқаруындағы қазақтың халі көрсетіледі. Бастықтың өсіремін деген есек дәмесіне мәз Қауғабай, Дауғабай, Жауғабайлардың орынтақ үшін басқаның бәрін сатып жіберуге даяр болса, екінші бөлімінде олар бір-біріне ор қазып жүріп, ол құрдымға өздері құлайды. Онымен де тынбай, орда жатып айқасады. Бірі шықпақ болса, қалған екеуі тартып жібермейді. Кәдімгі «орға түскен үш қазаққа қарауылдың керегі жоқ, олар бір-бірін шығармайды» деген анекдоттың нақ өзі. Ақыры орынтаққа тағы да жоғарыдан басқа бастық келіп отырады. Драматург Е.Әлімжан бірінен-бірі өтіп жатқан күлкілі оқиғалар тізбегін эксцентрикалық тұрғыда шешкен. Автордың басты жетістігі – мәселеге әр заманның өңін беріп, шекпенін кигізуі. Жалпы, Е.Әлімжанның пьесаларына тән нәрсе ол бірінші бөлімді экспозиция ретінде пайдаланады. Алдағы оқиғаны шарықтау шегіне көрерменді дайындап әкеледі. «Тақталаста» да сондай.

Шығармада жағымды бейне жоқ, бәрі пенде. Олардың пендешілігі көп. Соның бәрі айта отырып, береке-бірлікке шақырады. Қазақстан тәуелсіз ел болды. Бірақ, өркениетті елдерге теңелу үшін ең алдымен бірлік керек екенін үндейді. Бірінді бірін аяқтан шалып орға жыға берсең, әлі де жатқа жем болуың мүмкін дегенді айтады автор. Десек те, Бастықтың жұмсақ орындығы үшін, сол жұмсақ орындықты сыйлайтын билік пен байлық, мансап пен мадақ үшін таласқан пенделердің сырт көзге байқалмайтын құпиясын әжуа-күлкі арқылы шебер әшкерелеп берді. Комедиядағы түрлі деңгейдегі әр кейіпкердің мінез-құлқындағы түрлі ерекшеліктеріне айрықша назар аударған. Сөз өнерін терең зерттеген Зейнолла Қабдоловтың: «Шындық құбылыстарды типтендіре жинақтау арқылы суреткер болашақ образдың немесе типтің жалпы бітімін, тұлғасын қалыптастырумен қатар оның ішкі ерекшелігін ашып, мінезін даралайды» (Қабдолов, 141) деген пікірі айтылған сөзімізге дәлел. Жалғанды жалпағынан басып жүрген Бастықта бір-ақ мақсат барын анық ұқтыруға күш салған. Ол – қазақ елі мен жерінің күллі байлығын – астығы мен кенін, еті мен майын Орталыққа уақытылы жіберіп отыру. Осы ойын жүзеге асыру үшін жергілікті

халықтың бас көтерер азаматтарын тізгіндеп тұқыртып ұстап, олардың бойындағы осал мінездерді шебер пайдаланып, астары терең көп қоғамдық, әлеуметтік ой-пікірлерді көркем жинап бере алған. Жалпы, Е.Әлімжанның комедиялары уақытпен үндестігі, өзектілігі тұрғысынан бағалы болып, театрлар репертуарынан лайықты орнын алып отырды, ал, «Тақталас» тақырып сонылығы, өткірлігімен ерекшеленеді.

5. Қорытынды

Күлдіре отырып ойландыратын, ойландыра отырып күлдіретін бұл эксцентрикалық комедияның талдауға алынуы тақырып тосындығында ғана емес автордың сахналық ситуацияларды ұтымды таба отырып, әр кейіпкердің мінез-құлқын да, тілін де даралай білуінде. XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында және тәуелсіздік жылдары қазақ драматургтері кейіпкерлерінің тілін даралауға мән бермейтін болған. Оны қазақтардың аралас-құраласы күшеюінен және әдеби тілдің қалыптасуынан деп қабылдап, театр да, сыншылар да мән беруді қойған. Бір сөзбен айтқанда бәрі бір қалыптан шыққандай сөйлейтін кейіпкерлер көбейіп кеткен. Ал, «Тақталастың» авторы тілге баса мән беріп, характер ашудың басты құралының бірі ретінде қарастырған. «Комедияның жанрлық ерекшелігі тартыста, сюжетте, қызықты ситуацияда ғана емес, тіл өрнегінде де жатыр. Дараланған, өзгелерге ұқсамайтын әрбір кейіпкердің тілі күлкі шақырса, сахналық туындының жаны кіре бастайды» - деп Р.Нұрғали өз шығармаларында терең зерттеген (Нұрғали, 2013: 288). Бір сөзбен айтқанда, комедия кейіпкерлерінің тілі олардың мінезіне сай. Оны бұл мысалдан ғана емес, аталмыш еңбектің жоғары жағында келтірілген үзінділерден де айқын аңғаруға болады. Автор «Тақталас» арқылы қазақ өмірінде орын алып отырған, басшылық қызмет-лауазымдағы қайсыбір азаматтарымыздың халық, қоғам тағдырын тереңнен ойлап, өзара ынтымақтастықпен қызмет атқару орнына, өздерінің жеке бастарының қамынан аса алмай, тақталастық-бақталастық жолына түсіп, билік таласы әуре-сарсаңымен кетсе түбінде осынау солақай, сорақы іс-әрекеттерінің «жемісін» осылай көреді деген астары терең арналы ойды оқырман, көрермен көкейіне шегелеп құяды. Сонымен қатар, рушылдық, жүзшілдіктің нақты себебі бүгінгі күнге дейін ара тұра жазылған болса да, оның көркем шығарма құрылымына енгізілуі драматургия саласындағы күрделі мәселе екендігі дәлелденді. Сондықтан, қазақ қоғамының қазіргі келбетін көркем әдебиетте өрнектеп қалуға барын салып жүрген жазушы-драматург Елен Әлімжанның «Тақталас» комедиясы соңғы жылдары ұлттық драматургияға келіп қосылған соны да шоқтығы биік дүние екенін нақты айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Абай. I том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 102 б.
2. Әлімжан Е. Тақталас. Пьесалар. – Тараз: Сенім, 2006. – 256 б.
3. Бәкірұлы Ә. Рушылдық қоғамдық дертке айналып барады. Durbi.kz – республикалық, қоғамдық, діни-танымдық сайт. – 6 қаңтар, 2020. <https://durbi.kz/2020/01/06/rushyldyq-qogamdyq-dertke-ainalyp-barady/>
4. Есмағамбетов К. Қазақтар шет ел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра 1994. – 232 б.
5. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: 2006 - 8 том. – 728 б.

6. Қабдолов З. Сөз өнері – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
7. Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991-2016 жж.) Ұжымдық монография. – Алматы: Brand book, 2020. – 444 б.
8. Қожакеев Т. Сатира негіздері. Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
9. Мырзахметұлы М. Бүгінгі қазақ өмірінің шыншыл суреткері. Қазақ әдебиеті. – 7 тамыз, 2020.
10. Мұратқызы А., Мұқан А.О., Тәшімова М.М. 1946-1960 жылдардағы қазақ драматургиясы (Ә. Тәжібаев пен Ғ. Мұстафин пьесалары негізінде) //«Keruen», №4, 81, 2023. 295- 305 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-24>.
11. Нұрғали Р. Шығармалары. Әдебиет теориясы. 7 том. – Астана: Фолиант, 2013. – 416 б.
12. Askhat Mayemirov, Kabyl Khalykov, Bakhyt Nurpeis (2015) Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence//doi:10.7592/FEJF2015.62.kazakh. <https://folklore.ee/folklore/dat/fl062FX000418.htm>
13. Лиясова А.А., Алибаева Р.Н., Жаканова Т.А., Оскенбай Ф.С. Рушылдық және ұлттық сана-сезім //Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2013. – № 2 (45). – 34-45 бб. <https://nabr.kz/kk/e-catalog?searchType=simple&field>

References:

1. Abai. (1995) Volume I. - Almaty: «Jazushi». – 102 p. (in Kaz)
2. Alimzhan E. (2006) Taktalas. Plays. - Taraz: «Senim» – 256 p. (in Kaz)
3. Bakiruly A. (2020) Tribalism is becoming a social disease. Durbi.kz. - January 6. <https://durbi.kz/2020/01/06/rushyldyq-qogamdyq-dertke-ainalyp-barady/>. (in Kaz)
4. Esmagambetov K. (1994) Kazakhs in foreign literature. - «Atamura». – 232 p. (in Kaz)
5. National Encyclopedia of Kazakhstan. (2006) Almaty - Volume 8. – 728 p.
6. Kabdolov Z. (2002) Art of words - Almaty: «Sanat» – 360 p. (in Kaz)
7. Innovative researches in modern Kazakh dramaturgy (2020) (1991-2016) Collective monograph. - Almaty: Brand book – 444 p. (in Kaz)
8. Kozhakeev T. (1996) Basics of satire. Textbook. - Almaty. «Category». – 464 p. (in Kaz)
9. Myrzakhetov M. (2020) An honest painter of today's Kazakh life. Kazakh literature. - August 7, (in Kaz)
10. Muratkovyna A., Mukan A.O., Tashimova M.M. (2023) Kazakh drama in 1946-1960 (based on the plays of A. Tazhibayev and G. Mustafin). «Keruen». No. 4, 81, – 295-305 p. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-24>. (in Kaz)
11. Nurgali R. (2013) Works. Theory of literature 7 volumes. - Astana: «Foliant». – 416 p. (in Kaz)
12. Askhat Mayemirov, Kabyl Khalykov, Bakhyt Nurpeis (2015) Ethnic and Cultural Aspects in the Development of Kazakh Theatres during the Independence Period: The Problems of Human Existence//doi:10.7592/FEJF2015.62.kazakh. <https://folklore.ee/folklore/dat/fl062FX000418.htm> (in Eng.)
13. Liasova A.A., Alibayeva R.N., Zhakanova T.A., Oskenbay F.S. (2013) Rushıldıq jane ulttıq sana-ssezim. //Al-Farabi KazNU Herald. Psychology and Sociology Series. - No. 2 (45). - 34-45 p. <https://nabr.kz/kk/e-catalog?searchType=simple&field> (in Kaz)

С.Ә. Бәкірова^{1*}, А.Е. Кусанова², Р.Б. Сабдалиева³

^{1,2,3} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹samikosh_92@mail.ru, ²a.kussanova@gmail.com, ³Sabdaliyeva1975@gmail.com
ORCID: ¹0000-0002-7862-3238, ²0000-0001-7353-5215, ³0000-0002-8593-9820

TIKTOK ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНІҢ ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Жаһандану процесінде ұлттық құндылықтарымызды, тарихымызды, тілімізді, өнерімізді сақтай отырып, жаңа дәуірге бейімделу қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Заманауи ортада адами қасиеттерді қалыптастыруға, білім алуға, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға және т.б. факторларға әлеуметтік желілердің, платформалардың әсері артып келеді. Өнер - әлемді көркем бейнелерде бейнелейтін және адамға эмоционалды әсер ететін рухани мәдениеттің бір түрі. Өнер адамның ойлау жүйесі мен сезімдерін қалыптастыра отырып, оның дамуына жан-жақты әсер етеді. Қазіргі таңда өнердің атқаратын функциялары қайта қарастырылып, қоғамдық сананы әлеуметтік желілермен қатар қалыптастыруда. Хореография өнерінің танымдық мүмкіндіктері шексіз және адамның рухани өмірінің басқа салаларымен алмастырылмайды. TikTok әлеуметтік желісі адамның өміріне еніп, қоғамның барлық салаларымен бірге дамып келеді. Сондықтанда, жан-жақты ғылымдардың ғылыми еңбектерін зерттеу барысы үш кезеңде жүргізілді. Шет елдік және отандық ғалымдардың талап етеді. Талдау, хореография өнері саласының мамандарымен сауалнама жүргізу, платформаны белсенді қолданатын хореографтармен сұхбат жүргізу. Зерттеу нәтижесінде TikTok платформасының хореограф мамандардың кәсіби қызметінің бір саласына айналғандығын көреміз. Сонымен қатар, хореография өнеріне тигізетін тиімді және тиімсіз тұстары анықталып, би өнерін әрі қарай дамыту үшін қолдануға ұсыныстар жасалды.

Кілт сөздер: Tiktok, хореография, би өнері, тренд, әлеуметтік желі.

С.А. Бакирова¹, А.Е. Кусанова², Р.Б. Сабдалиева³

^{1,2,3} Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
E-mail: ¹samikosh_92@mail.ru, ²a.kussanova@gmail.com, ³Sabdaliyeva1975@gmail.com
ORCID: ¹0000-0002-7862-3238, ²0000-0001-7353-5215, ³0000-0002-8593-9820

Влияние социальной сети TikTok на развитие хореографического искусства

Аннотация. В процессе глобализации одной из актуальных проблем общества является адаптация к новой эпохе при сохранении наших национальных ценностей, истории, языка и искусства. В современном мире усиливается влияние социальных сетей и платформ на формирование человеческих качеств, получение образования, организацию досуга и другие факторы. Искусство – это форма духовной культуры, которая отражает мир в художественных образах и оказывает эмоциональное воздействие на человека. Искусство, формируя мышление и чувства человека, всесторонне влияет на его развитие. В настоящее время функции искусства пересматриваются, и наряду с социальными сетями оно становится важным элементом формирования общественного сознания. Познавательные возможности хореографического искусства безграничны и не могут быть заменены другими сферами духовной жизни человека.

Социальная сеть TikTok вошла в жизнь людей и развивается вместе со всеми сферами общества, поэтому требует всесторонних междисциплинарных исследований. Исследование проводилось в три

этапа: анализ научных трудов зарубежных и отечественных ученых, анкетирование специалистов в области хореографического искусства, а также интервью с хореографами, активно использующими платформу. В результате исследования было выявлено, что платформа TikTok стала одной из сфер профессиональной деятельности хореографов. Кроме того, были определены положительные и отрицательные стороны влияния TikTok на хореографическое искусство, а также предложены рекомендации по его дальнейшему развитию.

Ключевые слова: TikTok, хореография, танцевальное искусство, тренд, социальная сеть.

S.A. Bakirova¹, A.Y. Kussanova², R.B. Sabdalieva³

^{1,2,3} Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹samikosh_92@mail.ru, ²a.kussanova@gmail.com, ³Sabdalieva1975@gmail.com

ORCID: ¹0000-0002-7862-3238, ²0000-0001-7353-5215, ³0000-0002-8593-9820

The Impact of the Social Network Tiktok on the Development of Choreographic Art

Abstract. In the process of globalization, one of the pressing issues for society is adapting to the new era while preserving our national values, history, language, and art. In the modern world, the influence of social networks and platforms on shaping human qualities, education, leisure organization, and other factors is increasing. Art is a form of spiritual culture that reflects the world through artistic images and has an emotional impact on people. Art, by shaping a person's thinking and emotions, has a comprehensive impact on their development. Today, the functions of art are being reconsidered, and along with social networks, it is becoming an essential element in shaping public consciousness. The cognitive potential of choreographic art is limitless and cannot be replaced by other areas of a person's spiritual life.

The social network TikTok has become an integral part of people's lives and is developing alongside all areas of society, necessitating comprehensive interdisciplinary research. The study was conducted in three stages: an analysis of scientific works by foreign and domestic researchers, a survey of specialists in the field of choreographic art, and interviews with choreographers who actively use the platform. The study revealed that the TikTok platform has become one of the professional spheres of activity for choreographers. Additionally, the study identified both the positive and negative impacts of TikTok on choreographic art and provided recommendations for its further development.

Keywords: TikTok, choreography, dance art, trend, social network.

1. Кіріспе

Би өнері тек қана кеңістікте және белгілі бір уақытта орындалатын өнердің түрі ғана емес, бірегей әлеуметтік-мәдени құбылыс болып табылады. Әрбір халықтың биінен мәдениеттің даму динамикасын көре аламыз. Хореографиялық бағыттар өзіндік тарихымен, эстетикалық ерекшеліктерімен, мәдени және әлеуметтік қырларымен, көркемдік критерийлерімен айқындалады. Би өнері өзінің тарихында елеулі өзгерістерге ұшырады: жаңа хореографиялық бағыттар пайда болды, би лексикасы эволюцияланды, жаңа элементтермен толықты, орындау техникасы жетіле түсті. Әртүрлі тарихи оқиғалар адамдардың тұрмыстық жағдайына айтарлықтай әсер етіп, би мәдениетінің трансформациясына әкелді.

Қазіргі цифрлық мәдениет хореография өнерінің дамуына үлес қосып, би өнерінің қолданысын кеңейте түсті. Би сахнада ғана орындалмай, бейнероликтер түрінде виртуалды кеңістікке, әлеуметтік желілер мен қосымшаларда, мысалы, Instagram

мен TikTok-қа енді. Бүгінде TikTok – әлемдегі ең ірі бейнеқосымшалардың бірі – заманауи би мәдениетінің синониміне айналды.

TikTok қосымшасын қолданушылар халық биін, классикалық, заманауи және спорттық бал билерімен қатар, кең таралмаған жаңа би жанрларында ұсынады. Мысалы, би челленджері (шақырулар), би қимылдарын үйрену мақсатында түсірілген бейнероликтер (dance tutorials), шаффл, тектоник стиліндегі билер және т.б. «TikTok-та билер аяқталған хореографиялық шығармалар ретінде емес, би комбинацияларының бейнежазбалары, қойылымдар немесе репетициялардың үзінділері түрінде ұсынылады. TikTok-тағы ең танымал би бағыттарының бірі – танымал музыканың ырғағымен орындалатын ритмдік би және аэробикалық қимылдардан тұратын би челленджері. Би челленджері бейнежазба түсірілетін музыкалық композицияның атауымен немесе оның сөзінің бірнеше жолымен аталады» (Забубенина, 2021: 91). Көбінесе вирустық билер деп аталатын би челленджері COVID-19 пандемиясындағы оқшаулану кезінде ерекше танымал болды. Осындай челленджер бос уақытты тиімді ұйымдастыруға және физикалық белсенділікті дамыту тәсіліне айналды. TikTok билері эмоционалдық жағдайды жақсартуға ықпал етіп, оқшауландудың теріс әсерлерін белгілі бір дәрежеде жеңілдетті.

«TikTok (Қытайда Douyin деп аталады) - қысқа бейнемазмұн жасауға арналған әлеуметтік желі, онда пайдаланушылар үш секундтан бір минутқа дейінгі бейнелерді жариялап, оларды көрермендер көре алады немесе ұзақ бейнемазмұнды тікелей эфирде көрсетіп, көрермендермен нақты уақыт режимінде қарым-қатынас жасай алады. TikTok - бұл 1,5 миллиардтан астам белсенді қолданушысы бар әлеуметтік желі (негізінен балалар мен жасөспірімдер) және әлемдегі ең тез дамып келе жатқан бейнемазмұн платформаларының бірі деп саналады» (Weimann және Masri, 2020: 1).

Қазіргі жылдам өзгертін әлеуметтік медиа қосымшаларының әлемінде қай қосымшалардың ұзақ уақыт сақталатынын болжау қиын. TikTok-ты пайдаланушылардың күн санап өсуі, платформаның ұзақ уақыт сақталатынын көрсетеді. Осы орайда, платформа мұқият зерттеуді талап етеді, себебі ол Z буынының айнасы іспетті. Алдағы уақытта Z буыны әлем халқының үштен бірінен астамын құрайтындықтан, олардың ортасын және әдеттерін түсіну немесе, ең болмағанда, олармен танысу өте маңызды.

«TikTok мазмұн жасауды демократияландырып, қоғамдық нормаларға ықпал етіп, коммуникацияның жаңа үлгілерін енгізу арқылы ғаламдық мәдени динамиканы түбегейлі өзгертті. Платформаның алгоритмі пайдаланушыларға қысқа бейнероликтер жасап, оларды өңдеу құралдары, музыкалық интеграция және визуалдық эффектілерді қолдана отырып бөлісу мүмкіндігін береді. Визуалдық коммуникацияны қайта қарауға және сандық өзара әрекеттестіктің жаңа формаларының пайда болуына ықпал етті, нәтижесінде TikTok сандық мәдениетті қалыптастырудағы негізгі ойыншыға айналды» (Kulaga, 2024: 1). «TikTok шығармашылықты арттырғанымен, оның психикалық денсаулық пен әлеуметтік қатынастарға әсері туралы алаңдаушылықтар да бар. Зерттеулер TikTok-тың алгоритмі мен мазмұн тұтыну үлгілері назарды

шоғырландыру қабілетін төмендетіп, импульсивтілікті күшейтіп, тәуелділікке әкелетінін көрсетті. Нейропсихологиялық зерттеулер бұл әсерлерді мидың аммигдала және гиппокамп сияқты аймақтарының өзгерістерімен байланыстырады, бұл платформа когнитивті функция мен шешім қабылдауға қалай ықпал ететінін көрсетеді» (Wicaksono және басқалар, 2024: 504).

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеудің бірінші кезеңінде TikTok пен хореографияның өзара байланысы туралы ғылыми мақалалар, әлеуметтік медианың би өнерін дамытуға әсерін талдаған еңбектерге сараптама жасалынды. Сараптама нәтижесінде зерттеудің теориялық базасы қалыптасты. Зерттеудің екінші кезеңінде google forms платформасында сұрақтар әзірленіп, хореограф мамандармен және осы салада білім алушылармен сауалнама жүргізілді. Зерттеудің үшінші кезеңінде платформаның белсенді қолданушысы ретінде Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 3-курс докторанты Кукетов Берік Алпыспаевичпен және TikTok әлеуметтік желісіндегі трендтерді бақылау арқылы Қазақ ұлттық хореография академиясының 2-курс магистранты Смағұлова Гаухардың акаунтының ұлттық би өнерінің дамуына үлес қосуға бағытталғандығын анықтап, жас хореографпен сұхбат жүргізілді.

2.2 Материалға сипаттама

Сауалнамаға барлығы 174 респондент қатысып, tiktok әлеуметтік желісінің хореография өнерімен байланысы жайлы өздерінің пікірлерін білдіреді. Респонденттердің аты-жөндері көрсетілмейді. Сауалнама барысында отандық хореография өнері саласында қызмет ететін мамандар мен білім алушылардың пікірлері сараланды. Осы орайда, TikTok әлеуметтік желісінің би трендерінің танымалдылығына әсері, оны қолдану жиілігі мен би бейнероликтерін қарау деңгейі талданды. Сонымен қатар, TikTok платформасының хореография өнерінің дамуына ықпалы, би өнерін үйретудегі тиімділігі және әр елдің бишілерін байланыстырушы ретінде атқаратын функциясы зерттелді. TikTok-тың заманауи хореография өнерінің болашағына әсері жөнінде қатысушылардың пікірлері жинақталып, ғылыми тұжырымдар жасалды.

3. Талқылау

TikTok әлемдік платформа болғандықтан, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сараптама жасай отырып, ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары оның әлеуметтік және мәдени әсерін, білім беру және коммуникациядағы рөлін, маркетинг пен бренд стратегияларын, психологиялық және тұлғалық дамуға әсерін, семиотика және мазмұнды талдауды, қауіпсіздік және этика мәселелерін қамтитындығын көреміз. Ғылыми зерттеулер TikTok-тың жастардың әлеуметтік қарым-қатынасына, мәдени нормалар мен құндылықтарға ықпалын, білім беру құралы ретінде ақпаратты қысқаша әрі визуалды жеткізу мүмкіндіктерін, вирустық маркетинг құралы ретіндегі әлеуетін, балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі қабылдауы мен психологиялық денсаулығына әсерін қарастырады. Сонымен қатар, платформаның деректер

құпиялылығы, этикалық мәселелер, фейк ақпараттардың таралуы және алгоритмдік жұмыс принциптері зерттеледі.

Отандық ғалымдардың еңбектері арқылы әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсері «Әлеуметтік медиа тақырыбы – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі өзекті мәселе. Оның қалыптасуынан бастап, даму жолы, түрлі үдеріске қарай бейімделу, құбылу, жаңару механизмдері тек медиа өкілдерінің зерттеуіне ғана арналған тар ұғымшенберінде қалған жоқ. Себебі қазір әлеуметтік медиа саласын зерттеуге әлеуметтанушылар, психологтар, мәдениеттанушылар, заңгерлер мен мемлекеттік органдар, тіпті медицина және биология саласының ғалымдары да, мамандары да атсалысуда» (Өшірбекова және т.б., 2024: 9), және интернет қолданушыларының TikTok әлеуметтік желісіне деген эмоционалды қатынасы анықталады «Жаңа әлеуметтік желілер арасында көшбасшы орынға ие болған TikTok әрі қарай ілгерілетуге қызығушылық тудырады. Алайда, пайдаланушылардың бұл қосымшаға деген эмоциялық қабылдауы мен көзқарасы да TikTok-тың дамуына әсер етуі мүмкін. Қазіргі уақытта TikTok-қа деген көзқарас оң болып табылады, өйткені ол өз әлеуетін ашуға және табыс табуға мүмкіндік беретін әлеуметтік желі ретінде қабылданады» (Оразбаева, Гитихмаева, 2023: 263).

«Қазіргі таңда TikTok тек көңіл көтеру платформасы ретінде ғана емес, күрделі әлеуметтік, мәдени және технологиялық құбылыс ретінде қарастырылады. COVID-19 пандемиясы кезінде TikTok платформасы белсенді виртуалды кеңістікке айналды. Зерттеушілер жас бишілердің жаһандық аудиторияда әртүрлі мәдениетті көрсете отырып, өздерінің хореографиялары мен шығармашылығын бөлісу үшін қолданбаға қосылғандығын айтады» (O'Leary, 2024: 246). Индонезиялық ғалымдар TikTok-тың Индонезия мәдениетіне әсерін зерттейді. «Зерттеу нәтижесінде ең танымал әлеуметтік медиа платформаларының бірі TikTok-тың пайдаланушыларға жергілікті өнер, дәстүрлер, тілдер және мәдени мұраларды насихаттау үшін шығармашылық кеңістік ұсынады. Сонымен қатар, Индонезия мәдениетін жаһандық аудиторияға таныстыруды қолдайды, жастар арасында жергілікті мәдениеттің маңыздылығын арттырады. Дегенмен де, TikTok платформасында жаһандық трендтердің басымдылығы салдарынан мәдени гомогенизация, дәстүрлі мәдени элементтердің бұрмалануы және жергілікті құндылықтардың құлдырауы сияқты қиындықтар туындайды» (Panayitsa, Al Falah, 2025: 75)

Joel de Jesus Junior «TikTok-тың көпмодальды семиотикасын талдайды және лайктар, пікірлер немесе бейнелердің вирустық таралуы жасаушыларға өз таңдау/дизайнын сақтап қалу немесе оларды қайта түсіндіріп, өздерін контент жасауға ынталандыратын коммуникациялық мақсаттарды орындау үшін бейімдеу қажеттігін көрсетеді. Дәстүрлі би формалары ұзақ уақыт бойы көрсетілім арқылы таралып сақталса, TikTok бұл процесті цифрлық кеңістікте қайта қалыптастырады» деп санайды (de Jesus Junior, 2024: 179).

«TikTok-та музыка және қолданушылардың онымен әрекеттесуі басты ерекшеліктердің бірі болып табылады. Хореографияның әртүрлі қимылдардан тұратын би туындысы екенін ескере отырып, бидің TikTok-та кең таралғанын айта аламыз.

Көптеген видеолардың басты тақырыбы би болса, кейбір видеоларда қосалқы рөл атқарады. TikTok көп жағдайда хореография қолданушылардың өздерін көрсету немесе саяси және әлеуметтік мәселелерді көтеру тәсіліне айналады» (Cervi, 2021: 200).

Вирустық сипатқа ие TikTok билерін, мысалы, Renegade, Cannibal, Say So, Hit Every Beat және т.б. талдай отырып, олардың барлығы эстетикалық сипаттамалардың бірдей үлгісіне сәйкес келетінін байқаймыз және мынадай ерекшеліктерді анықтаймыз: аяқ қимылдары көрсетілмейді; бет пен мимика негізгі роль атқарады. Бақылау нәтижесінде қосымшаның жас әуесқой бишілер үшін жаттығу алаңына айналғанын және басқаларға еліктейтіндігін көреміз. Сонымен қатар, TikTok бишілері тек хореография құрумен ғана шектелмейді, олар өз қойылымдарын режиссерлейді, түсіреді және өндеуден өткізеді. Сондықтан да, мұндай тәжірибе өз денелері мен технологияларды қолдану арқылы жаңа орындаушылық білімді меңгеруге ықпал етеді және жоғары деңгейдегі аудиовизуалды білімді дамытады.

Майамиден келген 29 жастағы кәсіби хореограф Салли бұл платформаны өз студенттерінің (6-12 жас аралығындағы қыздар) ықпалымен қолдана бастағанын түсіндіріп, TikTok-тың жастар мәдениетімен байланысудың тамаша құралы екенін атап өтті. Оның вирустық видеолары би сабақтарының артықшылықтарын көрсету арқылы студиясын жарнамалаудың тамаша құралы болған: «Би қимылдары мен техникасы әрдайым кеңістік пен уақыт шектеулеріне тәуелді болды. Балетте сахнаның формасы хореографиялық үлгілерді анықтап, би суреттемесі, жарықтың орналасуы сияқты элементтер ескерілсе, TikTok-та барлық қозғалыс технологиялық мүмкіндіктер мен қойылымның логикасына байланысты өзгеріп отырады. Кейде мен вирустық вариацияны қайталап, белгілі бір қозғалыстардың дұрыс дайындықсыз орындау қауіпті екенін көрсетемін, бұл маған көптеген жаңа студенттер әкелді» - деп өзінің тәжірибесімен бөліседі (Cervi, 2021: 202).

Қытайлық Tuomeisiren Heyang және норвегиялық Rose Martin дуэтнографиялық зерттеулерінде TikTok-ты Қытай мен Норвегиядағы жоғары би білімінде қолданған педагогикалық тәсілдерімен бөліседі. Нәтижесінде TikTok сияқты платформаның жоғары білім беру саласында өз орнын табатындығын және онлайн оқыту кезінде сапалы эксперименттер жасауға мүмкіндік беретіндігін анықтайды. «TikTok әлеуметтік медиа платформасы жоғары білімге қолжетімділік шекарасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Онлайн платформалар бастапқыда білім беру мақсатында жасалмаған, олардың негізінде әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қызығушылықты арттыру жатыр. Сондықтан, оларды жоғары білім беру саласында қалай қолдану керектігін зерттеу қажет. Тәжірибе барысында TikTok сияқты платформаның жоғары білім беру жүйесінде өз орнын таба алатыны анықталды» (Heyang, Martin, 2024: 355).

«Хореография поп-мәдениеттің маңызды бөлігіне айналып келеді, себебі бейнебаяндар біздің дәуірімізде негізгі байланыс құралы ретінде орнығуда. Көптеген танымал билер брендтер мен жарнамаларда қолданылып, платформаның коммерциялық пайдасына айналады. Дегенменде, олардың авторлары көбінесе

ешқандай өтемақы алмайды. Авторлар билерді авторлық құқық аясында қарастырудың және оларды қорғаудың жаңа жолдарын іздеудің маңыздылығын атап өтеді» (Johnson, 2021: 1225).

4. Зерттеу нәтижесі

TikTok-тың хореография өнерінің дамуына әсерін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамаға 174 респондент қатысты. Сауалнамаға жауап берушілердің жас ерекшеліктері: 69,4 % 18-24 жас аралығындағы білім алушылар, 7, 1% 25-34 жастағы жастар, 10, 6% 35-44 аралығындағы орта жастағылар, 12, 9% 45 жастан жоғары респонденттер. Сонымен қатар жыныстық ерекшеліктеріне байланысты 96, 5% әйелдер, 3, 5 % ерлер құрады. Респонденттердің 56, 1% - хореографтар, 5, 8 % - кәсіби бишілер, 38, 1 % - студенттер.

Қаншалықты TikTok әлеуметтік желісін қолданасыз? деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 56, 1 % - күнделікті, 9, 4% - аптасына бірнеше рет, 19, 9 % - арасында, 14, 6 % - ешқашан деп жауап берген. Көрсеткіштердің нәтижесінде TikTok-тың хореографтар арасында кең таралғанын және өз тәжірибелеріне енгізгенін, күнделікті қолданатындардың үлесінің (56, 1%) жоғарылығы платформаның би өнеріне айтарлықтай әсер еткендігін көрсетеді.

Респонденттердің 42, 4 % күнделікті, 29, 4 % арасында, 15, 9 % аптасына бір екі рет, 10 % ешқашан, 2, 3 % айына бірнеше рет TikTok-та би бейнероликтерін қараймын деп жауап береді. TikTok-тың хореографтар үшін би мәдениетін дамыту және насихаттау платформасына айналғандығын, дегенменде қолдану деңгейінің әртүрлілігін, барлық хореографтардың негізгі ресурс ретінде көрмейтіндігі анықталды. Көрсеткіштер TikTok-тың хореография өнеріне әсері болғанымен, жалғыз шешуші фактор еместігін айқындайды.

Би трендерінің танымалдылығын арттыруға TikTok әлеуметтік желісінің әсері туралы респонденттердің жауабын төмендегі кестеден көре аламыз.

Кесте 1. Би трендерінің танымалдылығын арттыруға tiktok әлеуметтік желісінің әсері.

Әсер деңгейі	Пайыздық көрсеткіш (%)
Өте күшті	32,2
Күшті	30,4
Бірқалыпты	27,5
Төмен	5,0
Әсері жоқ	4,9

Нәтижелер TikTok-тың хореографтарға айтарлықтай ықпал ететінін көрсетеді. Респонденттердің 62, 6% (өте күшті және күшті деп жауап бергендер) платформаның кәсіби және шығармашылық қызметіне әсер ететінін мойындайды. 27, 5% оны бірқалыпты деп бағалаған, яғни олардың тәжірибесінде TikTok-тың белгілі бір

дәрежеде маңызды екенін білдіреді. Ал 9, 9% (төмен және әсері жоқ деп санағандар) TikTok-тың өз жұмыстарына айтарлықтай ықпал етпейтінін көрсетеді.

TikTok әлеуметтік желісін қолдану нәтижесінде өзіңіздің хореографияңызда өзгерістер байқадыңыз ба? деген сұраққа респонденттердің 39, 2 % иә, айтарлықтай, 40, 4 % иә, аздап, 20, 5 % жоқ, байқалмады деп жауап берген. Респонденттердің 79, 6%-ы (айтарлықтай және аздап өзгеріс байқағандар) платформаның олардың хореографиялық стиліне ықпал еткенін көрсетеді. Көрсеткіштер TikTok трендтері мен жаңа қозғалыстардың кәсіби және әуесқой бишілерге әсер ететінін көрсетеді. Ал 20, 5%-ы ешқандай өзгеріс байқамаған, нәтижелер респонденттердің жеке стилінің тұрақты екенін немесе TikTok контентін аз тұтынатынын білдіруі мүмкін.

Респонденттердің 59, 4% TikTok-ты би өнерін үйретуде пайдалы құрал деп санайды. Нәтижелерден платформаның визуалды оқытуға ыңғайлы, қолжетімді және трендтер арқылы жаңа қозғалыстарды үйренуге ықпал ететіндігін көреміз. 24,1%-ы бейтарап позицияда, яғни TikTok-тың тиімділігі олардың тәжірибесіне байланысты өзгеруі мүмкін. 16,5%-ы (қатты пайдалы емес және мүлдем пайдалы емес) би үйрену үшін тиімсіз деп санайды, яғни платформаның құрылымдық сабақтарға жарамсыздығын немесе кәсіби оқыту үшін шектеулерін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылар 64,3%-ы TikTok-ты әртүрлі елдерден шыққан бишілерді байланыстыратын жаһандық платформа ретінде санайды. Нәтижелерден TikTok-тың мәдени алмасуға ықпал ететінін, әртүрлі стильдер мен техникаларды біріктіретінін көреміз. 18,7%-ы бейтарап көзқараста, яғни олар үшін TikTok-тың ұлтаралық байланыс орнатудағы ролі маңызды емес. Ал 17%-ы жоқ деп жауап берген, платформаның бишілер арасындағы байланыстырушы рөліне күмәнмен қарайды.

Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің басым бөлігі (64,9%) TikTok-тың заманауи хореография өнерінің дамуына оң ықпал ететінін атап өткен. Бұл TikTok-тың жаңа би трендтерін қалыптастырудағы, әртүрлі стильдерді танымал етудегі және хореографтарға шығармашылық мүмкіндіктер ұсынудағы рөлін көрсетеді. 30,4%-ы бейтарап пікір білдірсе, бұл топ TikTok-тың ықпалы бар екенін мойындағанымен, оны шешуші фактор деп санамайды. Ал 4,7%-ы теріс пікір білдірген.

Заманауи хореография өнеріне TikTok әлеуметтік желісінің әсеріне өзіңіздің пікіріңіз деген бөлімде респонденттердің 90 % қысқа жауаптар берген. Жауаптар: керемет, қажетті платформа, платформаны қолданбаймын т.б.

Өз ойымен бір ғана респондент бөліседі: «TikTok – хореография өнеріне жағымды және жағымсыз әсер етуі мүмкін жастардың әлеуметтік желісі. Хореографтар өздерінің шығармашылығын әлеуметтік желілер арқылы насихаттап, еліктеуге жол бермеулері қажет. Сонымен қатар, TikTok хореографтың шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға жол ашады» - деген пікір қалдырған.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 3-курс докторанты Кукетов Берік Алпыспаевич (@jaka_kz): «TikTok платформасын 3 жылдан бері әлемде жаңа тренд болып жатқан би қимылдарынан хабардар болу үшін қолданамын

және би трендтеріне қатысамын. Трендтегі билерді үйренуге уақыт бөлемін, себебі би қимылдары орындау шеберлігін қажет етеді. TikTok платформасы заманауи би өнерін дамытуға әсер етеді. Мысалы жеке би студияларында хореографтар сабақтың бір бөлімінде оқушылардың көңіл күйін көтеру мақсатында трендтегі билерді үйренумен айналысады. Қоғам заманның ағымына сай дамып жатқандықтан, би өнері де жаңа технологиялармен шығармашылықты байланыстыруы қажет деп түсінемін» (Кусанова, 2025: 1).

Қазақ ұлттық хореография академиясының 2-курс магистранты Смағұлова Гаухар (@qazaqqyzy_gaukhartas): «2023 жылдан бастап TikTok әлеуметтік желісін белсенді түрде жүргізіп, қазақ биінің танымалдылығын арттыру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізіп келемін. Күн сайын би қимылдарын музыкалық сүйемелдеумен орындап, олардың атауларын белгілеп, жүйелі түрде видеоларды жүктеу нәтижесінде қолданушылардың қызығушылығы арта түсті. Ауылдық жерлердегі хореографтардан видеолардың шеберлік сабақтарын алмастыра алатыны жөнінде пікірлердің түсуі TikTok-тың би үйретудегі маңыздылығын айқындайды. Ұлттық музыканы трендке шығару мақсатында домбырашылармен бірлескен жобалар жүзеге асырылып, желі қолданушылары тарапынан жоғары бағаланды. TikTok-тың алгоритмдік ерекшеліктері бишілердің орындаушылық деңгейлерін көтеруге әсер әсер етпегенімен, ұлттық би өнерін дәріптеуде маңызы зор. Сонымен қатар, шетелдік көрермендердің қазақ биіне деген қызығушылығы бұл платформаның мәдени байланыстарды нығайтудағы рөлін көрсетеді. TikTok-та табысты болу үшін бидің түпнұсқалылығы, вербалды емес жеткізу тәсілі, би қимылдарының атауларын көрсету және жаңа комбинациялар құрастыру сынды факторлар маңызды» - деп өзінің тәжірибесімен бөліседі (Бәкірова, 2025: 1).

«Өнер әрқашанда да өмір жырын жырлаушы, халықтың рухын қолдаушысы болды. Қоғамның өзгеруіне байланысты, халықтың өмірі мен дәстүрі де өзгеріп отыратыны белгілі. Міне, осыған орай өнердің де өзгеріске ұшырайтыны сөзсіз. Оның тақырыптық идеясы, мазмұны да өзгеріске ұшырап отырады. Халық шығармашылығынан нәр алған қазақ би өнері де осылай өсіп-өркендеуде» (Ізім және т.б., 2021: 139). Зерттеушілермен келісе отырып, қазіргі таңдағы жаһандану процесінің би өнерінің даму бағытына да ықпал еткендігін көреміз. «Би артық ойлардан, артық салмақтан босатады, адамның рухани «көзінің» ашылуына көмектеседі. Қазіргі жаңа технологиялардың, жаңа медианың мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы үгіт-насихат жұмыстарын қарқынды жүргізу, үздік жетістігімен көзге көрінген бишілердің имиджін қалыптастыру арқылы қоғаммен байланыс жасау. Осы ретте әлеуметтік желілердің маңызы зор. Әсіресе, «Фейсбук», «Инстаграм», «Ютуб» сияқты салмақты, халық жиі қолданатын желілерді көбірек қолдану, оларда арнайы парақшалар ашу арқылы жүйелі жұмыс жүргізуге болады. (Шамшиев, Жумасейтова, 2023: 20).

«Халық биі – қоғамның көркемдік мәдениетінің бір қыры, сонымен қатар ол жас ұрпақтың этнокөркемдік санасына айналды. Қай халықтың болмасын қасиеті ана

тілінде, дінінде, тарихында, мәдениеті мен өнерінде, салт-дәстүрінде. Олай болса осы құндылықтардың бірі өнер тілі – өткір тіл, шын мәніндегі халық өнерінде шекара, жатырқау деген болған емес. Халықтың рухани өмірінің бір бөлігіне айналған би өнері қоғамның саяси-әлеуметтік, діндік, философиялық, көркем-эстетикалық идеалы бола білді. Ол адамның қоғамға деген көзқарасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Қазақ халқының дәстүрлі өнері әр дәуірде, әр уақытта қолданыста болған, өнер түрлері бір-бірімен тығыз байланыста дамыды» (Жалғасбаева, Кусанова, 2023: 221). Осы орайда, TikTok әлеуметтік желісінің би өнерін дамытуға оң әсер етуі үшін:

- қысқа видео сабақтар арқылы би қимылдарын үйрету, би техникасы мен стильдері туралы ақпарат беру;
- көрермендерді жаңа қозғалыстарды орындауға ынталандыратын би челленджерін ұйымдастыру;
- TikTok блогерлерімен, музыканттармен және би топтарымен бірлесіп контент жасау;
- би мектебін, хореографтарды немесе талантты бишілерді кеңінен таныту үшін TikTok-ты маркетингтік құрал ретінде пайдалану;
- көрермендермен тікелей байланыс орнатып, би сабақтарын тікелей эфирде жүргізуді ұсынамыз.

5. Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, TikTok әлеуметтік желісінің хореография өнерінің дамуына ықпал етіп отырғандығын көреміз. Платформаның қолжетімділігі мен кең таралуы кәсіби және әуесқой бишілерге өздерінің өнерін көрсетуге, жаңа би қимылдарын меңгеруге және шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. TikTok платформасында пайда болған трендтер әлемдік би мәдениетінің дамуына әсер етіп, заманауи би стильдерін байланыстырады. Сонымен қатар, TikTok жастар арасында биді танымал ету арқылы дененің белсенділігін арттыруға және көркемдік қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды.

Дегенменде, TikTok-тың хореография өнеріне кері әсерін де ескеру қажет. Қысқа уақыттық шектеулер би қимылдарының нақытылғы мен күрделілігін шектейді, вирустық трендтер ұлттық би өнерінің кейбір аспектілерін толық көрсетпейді. Сонымен қатар, TikTok-тың ықпалы жаңа хореографиялық бағыттардың пайда болуына және би мәдениетінің жаһандануына әсер ететінін атап өткен жөн.

Қорыта айтқанда, TikTok мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы би өнерін жаңа деңгейге көтеруге болады. Болашақта TikTok және басқа да әлеуметтік желілер хореографиядағы инновациялар мен шығармашылық идеялардың алмасу алаңы ретінде өз маңыздылығын сақтап қалатыны сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Өшірбекова Г., Берекетова А., Жақсылық А. Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсері. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. №2 (147) 2024. – Б. 8-24. <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-8-24>

2. Бәкірова С. Tiktok әлеуметтік желісінің хореография өнерінің дамуына әсері. Г. Смағұловамен сұхбат. 2025 жыл.
3. de Jesus Junior J. (2024) Um olhar semiótico multimodal do aplicativo Tik Tok: da noção de design à projeção de identidades //Kiri-Kerê-Pesquisa em Ensino, 20 (1). – P. 161-181.
4. Weimann, G., & Masri, N. (2023) Research note: Spreading hate on TikTok //Studies in conflict & terrorism, 46(5). – P. 752-765. <https://doi.org/10.1080/1057610x.2020.1780027>
5. Жалғасбаева К.Б., Кусанова А.Е. «Серілер салтанаты» хореографиялық қойылымындағы ұлттық-әдеби көріністің бейнеленуі // Керуен. № 3 (80) 2023. Б. 210-222. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-19>
6. Johnson A. (2021) Copyrighting tiktok dances: choreography in the internet age // Wash. L. Rev. 1(96). – P. 1225-1250. <https://digitalcommons.law.uw.edu/wlr/vol96/iss3/12>
7. Забубенина И.К. Танец TikTok как феномен современной танцевальной культуры // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. № 4 (102) 2021. С. 90-98. <https://doi.org/10.24412/1997-0803-2021-4102-90-98>
8. Kułaga W. (2024) Revolutionizing Visual Communication and Digital Creative Engagement: The Game-Changing Impact of TikTok // Przegląd Socjologii Jakościowej, 3 (20). – P. 212-235. <https://doi.org/10.18778/1733-8069.20.3.10>
9. Кусанова А.Е. Tiktok әлеуметтік желісінің хореография өнерінің дамуына әсері. Б.А. Кукетовпен сұхбат. 2025 жыл.
10. Laura Cervi (2021) Tik Tok and generation Z // Theatre, Dance and Performance Training, 12(2).– P. 198-204. <https://doi.org/10.1080/19443927.2021.1915617>
11. Оразбаева А., Гитихмаева Л. Исследование эмоционального отношения пользователей к социальной сети TikTok // Вестник. Серия «Психология». № 2 (75) 2023. С. 90-98. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2023.75.2.030>
12. O'Leary E. (2024) Irish dance and identity politics on TikTok //Irish Studies Review, 2 (32). – P. 246-261. <https://doi.org/10.1080/09670882.2024.2339431>
13. Panayitsa A.L., Al Falah P. (2025) Dampak Aplikasi Tiktok Terhadap Kebudayaan Indonesia //Filosofi: Publikasi Ilmu Komunikasi, Desain, Seni Budaya, 1(2). – P. 75-88. <https://doi.org/10.62383/filosofi.v2i1.468>
14. Heyang T., Martin R. (2024) Teaching through TikTok: a duoethnographic exploration of pedagogical approaches using TikTok in higher dance education in China and Norway during a global pandemic // Research in Dance Education, 3 (25). – P. 343-358. <https://doi.org/10.1080/14647893.2022.2114446>
15. Шамшиев А.Ш., Жумаситова Г.Т. The problem of the development of kazakh men's dance //Arts Academy. № 2(6) 2023. – Б. 5-21. <https://doi.org/10.56032/2523-4684.2023.2.6.5>
16. Ізім Т.О., Қайыр Ж.Ү., Күлбекова Ә.К. Қазақ халқының дәстүрлі би өнерінің болмысы //Central Asian Journal of Art Studies. №. 2 (6) 2021. Б.122-139 <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i2.442>
17. Wicaksono W., Fajar D.A. (2024) Paradox of final assessment in indonesian schools represented in tiktok content creators'perspective // Prosiding Konferensi Ilmiah Pendidikan, №5. – P. 503-506. <https://proceeding.unikal.ac.id/index.php/kip/article/view/2192>

References:

1. Ashirbekova, G., Bereketova, A., Zhaksylyk, A. The influence of social networks on public consciousness // Bulletin of LN Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series. №2 (147) 2024. – P. 8-24. <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-8-24> (in Kaz)
2. Bakirova S. The impact of the social network TikTok on the development of choreographic art. Interview with G. Smagulova. 2025. (in Kaz)
3. de Jesus Junior, J. (2024) Um olhar semiótico multimodal do aplicativo Tik Tok: da noção de design à projeção de identidades //Kiri-Kerê-Pesquisa em Ensino, 20 (1). – P. 161-181. <https://doi.org/10.47456/krkr.v1i20.44023> (in Portug)
4. Weimann, G., & Masri, N. (2023) Research note: Spreading hate on TikTok //Studies in conflict & terrorism, 46(5). – P. 752-765. <https://doi.org/10.1080/1057610x.2020.1780027> (in Eng)
5. Zhalgasbaeva, K. B., Kussanova, A. E. Introducing the national literary scene in the choreographic performance «Seriler Saltanatı» // Keruen. № 3 (80) 2023. P. 210-222. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-19> (in Kaz)

6. Johnson, A. (2021) Copyrighting tiktok dances: choreography in the internet age //Wash. L. Rev. 1(96). – P. 1225-1250. <https://digitalcommons.law.uw.edu/wlr/vol96/iss3/12> (in Eng)
7. Zabubenina, I.K. TikTok dance as a phenomenon of modern dance culture // Bulletin of the Moscow State University of Culture and Arts. № 4 (102) 2021. P. 90-98. <https://doi.org/10.24412/1997-0803-2021-4102-90-98> (in Russ)
8. Kulaga, W. (2024) Revolutionizing Visual Communication and Digital Creative Engagement: The Game-Changing Impact of TikTok //Przegląd Socjologii Jakościowej, 3 (20). – P. 212-235. <https://doi.org/10.18778/1733-8069.20.3.10> (in Eng)
9. Kussanova A. The impact of the social network TikTok on the development of choreographic art. Interview with B. Kuketov. 2025. (in Kaz)
10. Cervi, L. (2021) Tik Tok and generation Z // Theatre, Dance and Performance Training, 12(2).– P. 198-204, <https://doi.org/10.1080/19443927.2021.1915617> (in Eng)
11. Orazbaeva, A., Gitikhmaeva, L. Study of the emotional attitude of users to the social network TikTok // Bulletin. Series «Psychology». № 2 (75) 2023. P. 90-98. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2023.75.2.030> (in Russ)
12. O'Leary, E. (2024) Irish dance and identity politics on TikTok //Irish Studies Review, 2 (32). – P. 246-261. <https://doi.org/10.1080/09670882.2024.2339431> (in Eng)
13. Panayitsa, A.L., Al Falah, P. (2025) Dampak Aplikasi Tiktok Terhadap Kebudayaan Indonesia //Filosofi: Publikasi Ilmu Komunikasi, Desain, Seni Budaya, 1(2). – P. 75-88. <https://doi.org/10.62383/filosofi.v2i1.468> (in Indon)
14. Heyang, T., Martin, R. (2024) Teaching through TikTok: a duoethnographic exploration of pedagogical approaches using TikTok in higher dance education in China and Norway during a global pandemic //Research in Dance Education, 3 (25). – P. 343-358. <https://doi.org/10.1080/14647893.2022.2114446> (in Eng)
15. Shamshiev, A.Sh., Zhumaseitova, G.T. The problem of the development of kazakh men's dance//Arts Academy. № 2(6) 2023. – P. 5-21. <https://doi.org/10.56032/2523-4684.2023.2.6.5> (in Kaz)
16. Toigan, I., Kair, Zh., Kulbekova, A. The evolution of traditional dance arts of the kazakh people // Central Asian Journal of Art Studies. №. 2 (6) 2021. P.122-139 <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i2.442> (in Kaz)
17. Wicaksono, W., Fajar, D. A. (2024) Paradox of final assessment in indonesian schools represented in tiktok content creators'perspective // Prosiding Konferensi Ilmiah Pendidikan, 5. – P. 503-506. <https://proceeding.unikal.ac.id/index.php/kip/article/view/2192> (in Eng)

Журнал 24.03.2005 жылы
Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік N 5844-Ж.

Журнал зарегистрирован 24.03.2005 года
в Комитете информации и архива Министерства культуры,
информации и спорта Республики Казахстан.
Свидетельство №5844-Ж по регистрации средства массовой информации

The journal was registered on March 24, 2005
in the Information and Archives Committee of the Ministry of Culture,
Information and Sports of the Republic of Kazakhstan.
Certificate No. 5844-Ж for registration of mass media

Дизайн және беттеу: **Ж. Рахметова**

Басуға 24.03.2025 ж. қол қойылды.
Көлемі 70х100¹/₆. Офсеттік басылым.
16,37 баспа табақ. Таралымы 500 дана.